



Орынтай ОШАНОВА

# СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ, НЕГІЗДЕРІ

Оқу құралы



Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі

**ОШАНОВА ОРЫНТАЙ ЖАҢАБАЙҚЫЗЫ**

**СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗДЕРІ**

Оқу құралы

TÜRKİYE 2025



ASES KONGRE ORGANİZASYON VE YAYINCILIK  
Kanununun hükümlerine göre kitabı yayınlanan yayınevinin izni  
olmaksızın elektronik, mekanik, fotokopi veya herhangi bir kayıt sistemi  
ile çoğaltılamaz, kısmen veya tamamen  
Yayımlanamaz, depolanamaz.  
Basım Tarihi: 26.12.2025  
**ISBN: 978-625-93467-3-1**

**ОШАНОВА ОРЫНТАЙ ЖАҢАБАЙҚЫЗЫ**

**СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗДЕРІ**

Оқу құралы

Baskı, Yayım ve Dağıtım  
ASES KONGRE ORGANİZASYON YAYINCILIK  
Hamidiye Mah. İnönü Cad. Helvacı İş Mrk. No: 43/19 Battalgazi/  
MALATYA  
Tel: 0850 474 30 06 - [www.asescongress.com.tr](http://www.asescongress.com.tr) - e posta:  
[asescongress@gmail.com](mailto:asescongress@gmail.com)  
Sertifika No: 63715

## КІРІСПЕ

Суырыпсалма шешендердің, отты ауызды жыраулардың бір ауыз сөзі арқылы тарихтың шешуші кезеңдерінде талай қақтығыстардың, қанқұйлы соғыстардың алды алынып, бетқаратпас талай батырлар мен ел билеушілердің арындары басылған. Бұл жерде сөзімізге дәлел ретінде Қаз дауысты Қазыбек бидің қалмақ ханы Қоңтажымен қазақтың ұлы мен қызының ар-намысы үшін сөз қағыстырып, айбарлы ханның мысын бір ауыз сөзбен басқанын айтсақ та болады. Демек, жүйелі, отты сөз қай уақытта болмасын, адамзат қоғамының даму тарихында көпшілік қауымға, олардың көзқарастарына, сенімдеріне, іс-әрекеттеріне үлкен ықпал жасап келеді. Жалпы халықтың құрметіне бөленген шешендердің әрбір сөзі елдің көкейіне қонып, жұрт болып жұмылып жұмыс жасауға итермелеп отырған.

Бұл туралы ғалым Б.Ө. Жақып былайша түйеді: «Қазақ би-шешендерінің сөздері өз заманында маңызды қоғамдық рөл атқарған. Көне Қазақ мемлекетінің қалыптасып дамуында сөз құдіретінің орны зор болған. Бір мезгілде қалың қауымға әсер етіп және оларды бірігіп іс-қимылға көшуге шешім қабылдауға сендіру, иландыру, керек жерінде ояту дәл сол кезеңде ауызша сөз айту пәрмені арқылы ғана жүзеге асатын еді. Ал қазақ қоғамындағы шешендік сөзге, билік шешімге жүгінудің орны орасан зор болатын. Өйткені қазақ даласындағы басқару ісі ауызша сөз арқылы жүзеге асты. Қазақ хандары да, билері де, елшілері мен батырлары да алмас сөздің қадірін біліп, әр сөзге мән беріп сөйлеген. Айтылған сөзді – атылған оққа теңеген. Ел мен елдің арасындағы көптеген дау-жанжал, түсінбестіктерді ақылмен, парасатпен, жарасымды, жігін тауып айтылған сөз арқылы тігісін жатқызып шешіп отырған. Сөз – қан төгуді болдырмаған. Сөз – бейбіт өмірдің берекесін кіргізген. Сөз – тәрбие құралы болған. Сөз – қазақтың ынтымақты бірлігінің шырайын кіргізген» (1, 102 б.).

«Арабтардың жалаң аяқ, жалаң бас балаларына дейін өзіне қойылған сауалға көркем өлеңмен жауап бере алатыны жайында Арабстанның шөлін кешіп, аптабына күйіп, көшпенділердің шатырында түнеген Еуропа саяхатшыларының қайсысы болмасын таңырқай баяндайды, біздің қазақтардың да ақындығы осы дәрежеде», – дейді Шоқан Уәлиханов.

Халқымыздың сөз өнеріне деген ерекше құрметін, жалпы суырыпсалмалық қабілетінің жоғарылығын Шоқанмен бірге елімізде болған орыс зерттеушілері осыдан бір жарым ғасыр бұрын мойындап кеткен. Мәселен, В. Радлов: «Қазақтар нақысты сөйлеуді бар өнердің алды деп біледі, сондықтан олардың поэзиясы дамудың жоғарғы сатысына жеткен», – десе, ал А. Брем: «Қазақтар сөз өнеріне жетік келеді. Бұл жұрттың бәріне: оқыған адамдарға да, әліпті таяқ деп білмейтіндерге де, байға да, жарлыға да тән қасиет», – деген салмақты ой білдіреді.

Қазақтардың сөз өнеріне деген қабілеттілігі халқымыздың «Өнер алды – қызыл тіл» деген ұстанымды берік ұстануында жатса керек.

Сонымен қатар сөз өнерінің қиындығын да, қадірін де халқымыз жете түсінген. Бұл туралы дуалы ауызды Бұқар жыраудың өзі былайша толғанған:

Ел бастау қиын емес,  
Қонатын жерден көл табылады;  
Қол бастау қиын емес,  
Шабатын жерден ел табылады;  
Шаршы топта сөз бастаудан  
Қиынды көргенім жоқ (2, 150 б.).

Жалпы, әрбір қазақ баласы, сонымен қоса әр журналист үшін, әсіресе телерадиода жұмыс істейтін әріптестеріміз үшін сөйлеу мәдениетінің заңдылықтарын білу – ең басты шарттардың бірі. Телевизияда жүргізушінің сыртқы келбеті бірінші кезекте бағаланады, ал радиода ең бастысы жағымды үн, мәнерлі дауыс қажет десек те, екі жағдайда да журналист сауатты сөйлей білмесе, өз ойын мәнерлеп жеткізе алмаса көпшіліктің көңілінен шығып, кәсіби шеберлікке қол жеткізем деу бос әурешілік. Сондықтан сөйлеудің қарапайым заңдылықтарын білу журналистерге қойылар басты талап болмақ.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Туған елім – тірегім» атты еңбегінде: «... Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен!?» – деп толғаныпты (3, 38 б.).

Шынында да, әр қазақ үшін өз ана тілінен қасиетті не бар дейсің, ал осынау табиғат берген қабілеттің қадіріне біздер жете алып жүрміз бе, көмейден шыққан есті, ойлы сөздің парқын түсінеміз бе? Бұл жауабы қиын, бірақ әрқайысымызды ойландыра сұрақтар.

Біздің заманымыз белсенді, іскер, өмір ағымына бейімделгіш адамдардың өмірден өз орнын ойып тұрып алатын уақыты екені жасырын емес. Ал адамдарға тән жоғары деңгейдегі қабілеттердің алдыңғы санатына жататын сауатты сөйлеу, кез келген адаммен тіл табыса білу өнері жоғарыда аталған жандардың алдыңғы кезектегі қаруы десек қателеспеспіз.

Қоғамымызда шығармашылық белсенділіктің дамуына барлық мүмкіндіктер жасалған және алуан түрлі көзқарастарды білдіруге, пікірталастыруға және өмірде болып жатқан оқиғаларға қатысты әртүрлі тұжырымдар жасауға, өзіндік бағалар беруге шексіз мінберлер ұсынылған. Ал мұның бәрі қазіргі заман адамының коммуникативтік мүмкіндіктерін дамытуды қажет етеді.

Қазіргі кезде коммуникативтілік деген сөздің мағынасы әр салада өзінше жеке сипаттарда қолданыла бастады. Тілдік қатынасқа орайластырып айтар болсақ, бұл жерде ғалым Фаузия Оразбаеваның төмендегідей анықтамасы дәлірек болар еді: «Коммуникативтік» термині қоғамдық әлеуметтік мәні бар тілдік қатынас деген ұғымды білдіреді.

Қоғамнан тыс адам болмайтыны сияқты, адамнан тыс тіл де болмайды. Бірақ ол тіл жеке адамның тілі емес, белгілі бір қоғамда өмір сүруші адамдардың өзара түсінісу, сөйлесу құралы. Сондықтан тіл әрі қоғамдық, әрі коммуникативтік қасиетке ие болады.

«Коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді.

Осыдан барып «коммуникабельді» тез тіл табысатын, түсінісуге, сөйлесуге бейім, «коммуникабельдік» түсінушілік, т.б. деген сияқты сөздер пайда бола бастады» (4, 39 б.).

Коммуникацияның маңызды құралы – сөз болып табылады.

«Жанның терең түкпірінде жатқан ойларды, жүректің жетпіс қабат астында жатқан ыстық сырларды ашып, шешіп беретін адам сөзінен дүниеде қымбат не нәрсе бар?» – деп Мағжан Жұмабаев (5, 41 б.) сөздің шын болмысын дәл ашып берген.

«Ойдың тілі – сөз» десек, кез келген адам айтар ойын тыңдаушыға дұрыс жеткізу мақсатын көздейді, яғни сөз қолданады. Біз күнделікті өмірімізде қолданатын сөздерімізге көп жағдайда жете мән бермейміз, ал көпшілік алдына шығып ой айтарда, өз пікіріңді жария етерде немесе өз ой-тұжырымдарыңды, көзқарасыңды біреулерге мойындатар сәтте тіл қатысу процесінің өз өміріңізде қандай маңызды рөл атқаратынын және таныс емес адамдардың сізді «шекпеніңізге қарап қарсы алып, сөзіңізге қарап шығарып салатынына» шын мәнінде көз жеткізесіз. Табиғат адамға сөйлеу қабілеті сияқты тамаша сый тарту еткенін сол мезетте ғана мойындайсыз. Ал өмірімізде болып жатқан көптеген түсініспеушіліктердің, қақтығыстардың, келеңсіз жайттардың түптөркіні бір ауыз сөзде жатқанын ескере бермейміз.

Адам тіл қатысу арқылы келесі адамға ақпарат жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар өз сезімімен, көңілкүйімен бөліседі. Яғни, Мағжан Жұмабаев айтқандай, «Тіл – адам жанының тілмашы, тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар арқасында жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаларға ұқтыра алса, адамның не арманы бар!» (5, 72 б.).

Риторикалық әдет-дағдыларды игерген адам тұрмыстық, әлеуметтік, іскерлік және кәсіби деңгейдегі жүздесулерде болатын әртүрлі жағдайларда өздерін сенімді сезінеді. Мұндай адамға танымайтын адамдармен тиімді байланыс орнату, туғандарымен, достарымен, бөтен және таныс адамдармен, басшылықпен, бағынышты адамдармен тіл табысу жеңілрек болады. Ал бұл кез келген істе сәттілікке қол жеткізуге қажетті басты шарт.

XX ғасырда ақпарат теориясы қарқынды дамыған Шығыс Жапония мен Батыста риторика қайта даму кезеңін бастан өткерді. Себебі бұл

кезеңге дейін адамдардың санасын жаулаған математикалық әдістер мен ойлау жүйесі көпшілікті қажыта бастады, яғни олардың бұқаралық сипаттағы біріктіруші күшке ие, ерекше гуманитарлық саналық қисынға деген сұраныстары артты. Тіл мамандарының тілдесудің ауызекі түріне деген қызығушылықтары қайта оянды. Бұл уақытта риторика ауызекі сөйлеу тілін құрастыру теориясын қарастыратын сала деп мойындалып, ғылыми ізденістен шығып қалған болатын, ал филологтар болса жазбаша мәтінді талдау бағытынан бас көтере алмай жатқан еді. Өткен ғасырдың басында риторика ескірген әрі ықпалдылығы төмен сөйлеу құралы ретінде танылды.

Ғалымдар риториканың түпнегізіне бойлай келе, адамдар санасына деген ықпалдылығын мойындады, сонымен қатар оның көптеген ғылыми бағыттардың бастауы болғанына көз жеткізді. Мәселен, белгілі француз әдебиеттанушысы Ролан Барт өзінің «Ғылымнан әдебиетке дейін» деген еңбегінде риторикаға былайша баға береді: «У литературного структурализма есть славный родоначальник, чью историческую роль обычно недооценивают и очерняют по мотивам идеологического характера, риторика, эта впечатляющая попытка целой культуры проанализировать и упорядочить формы речи, сделать мир языка понятным для ума» (6, 89 б.).

Қазіргі таңда АҚШ-та гуманитарлық пәндер арасында риторика ерекше орынды иеленеді. Теориялық гуманитарлық білім беру саласында және негізгі пәндерді оқыту жүйесінде де мектептен бастап университетке дейін риторикаға басты орын берілген. Бүгінгі күнде әлем бойынша америкалық риторика қоғамдық сананы жаулаудың ең жетілген құралы деп мойындалып отыр. Ол бұқаралық ақпарат және көпшілік коммуникация мәдениетінде, масс-медиа әлемінде өте қажетті және «білім пирамидасында» ең жоғарғы биікті иеленеді. АҚШ-та риторика жай ғана ғылым емес, ол мемлекеттік идеологияның негізгі құралы деп мойындалған, сол себепті терең негізде оқытылады әрі қорғалады.

Дамыған Жапонияның риторикалық мәдениеті де өзінше қызық, жапон халқының сөйлеу әдебінің ең басты ерекшелігі – сұхбаттасып тұрған адамыңа ерекше ықылас танытып және ілтипат көрсету болып табылады. Бұл ұстанымды олар болашақтағы тілдесімнің негізін қалауға қызмет етеді деп таниды. Бұл туралы Жапония университетінің профессорлары Осаму және Нобуко Мицутани былай пікір білдіреді: «Внимание к другим будет важнейшим фактором коммуникации будущего, а речевая вежливость в Японии, по сути, является именно выражением такого внимания» (7, 3 б.).

Жапониялықтар тілдік қарым-қатынасты жақсарту қоғамның дамуының және жетілуінің маңызды құралы болады дегенге қатты сенеді. Сол себепті бүгінде «жапониялық неориторика» тілдік қарым-қатынас теориясы көпшіліктің сұранысына ие.

Міне, жоғарыда айтылып өткендей, әлем елдері шешен сөйлеудің негіздеріне қатты ден қойып, жас ұрпақты мектеп қабырғасынан сауатты сөйлеуге машықтандырудың үлгісін көрсетуде. Ал біздің елімізде бұл

аталған мәселенің өз деңгейінде қарастырылмай, тіпті көпшіліктің назарынан тыс қалып отырғандығы таңқалдырады.

Бүгінгі күнде көркемдеп, әсерлеп сөйлеу жалғандықтың белгісі ретінде қабылданатыны жасырын емес, әдемі сөйлеу дегеніміз өзінің алдына қойған міндетіне жету үдесінен шыға білу шеберлігі болып танылып отыр. Н.Ф. Кошанский (Пушкиннің ұстазы): «Грамматика сөз табиғатын ашумен ғана айналысса, ал риторика ой құдіретін таныту құралы», – деп айтып кеткен болатын. Шынында да, неше ғасырлық тарихы бар шешендік теориясындағы басты қағида, ол «риторика – ең алдымен, ойлау мектебі, содан кейін барып қана сөз мектебі».

Шешен сөйлеу дегеніміз жүйелі ойлана білудің жемісі, яғни мағынасы дәл сөздерді дұрыс таңдап алып, қисынды ой айту шеберлігі.

Біз осы оқу құралын жазғанда адамдар тіл қатысуға қажетті әдет-дағдыларды игеруге қол жеткізсе және оны қалыптастырудың қарапайым заңдылықтарын білсе деген мақсатты ұстандық.

Бұл кітапта қазіргі заманғы риториканың барлық бөлімдері қамтылды, яғни оқу құралы төмендегідей тараулардан тұрады: тіл қатысудың мәдениеті мен этикасы, сөйлеу мәдениетінің негіздері, шешендік өнердің негіздері, дыбысталған сөз және оның ерекшеліктері, полемикалық шеберліктің негіздері.

Әрбір тарауда теориялық материалдармен қоса, тәжірибелік кеңестер, қорытынды жасауға қажетті мәтіндер, берілген тақырыпты пысықтауға арналған тапсырмалар, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге ықпал ететін жаттығулар, сонымен қатар қажетті әдебиеттер тізімі берілген.

\

# 1-ТАРАУ. ТІЛ ҚАТЫСУДЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ЭТИКАСЫ

## 1.1. Сөз өнері және журналист

Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ.  
Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзден ауыр нәрсе  
де жоқ. Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет.  
Ақылыңды, сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға  
айт. Не сөйлейтініңді біл. Кімге сөйлейтініңді  
біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қай кезде  
сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл.

Белтірік шешен

Тіл саласының білгірі К. Аханов «Тіл білімінің негіздері» атты кітабында (8, 17 б.): «Адам баласының сөйлеуі неліктен?» деген мәселе әлеуметтік проблема ғана емес, сонымен бірге физиологиялық проблема ретінде де қаралады. Сөйлеу, әдетте, тіл дыбыстарынсыз және олардың айтылу, қабылдау процестерінен тыс болуы мүмкін емес. Бұл процестерді артикуляция (сөйлеу аппараттарында тіл дыбыстарының жасалуы) жағынан да, сөйленген сөзді есту мүшесі арқылы қабылдау жағынан да физиология зерттейді. Осыған орай, физиология лингвистиканың тіл дыбыстарын зерттейтін саласы – фонетикамен байланысқа түседі», – дей келіп, сөйлеу қабілетінің жан-жақтылығын көрсетеді.

Тілдің шығуы туралы дұрыс қағида деп атақты физиолог И.П. Павловтың екінші сигнал жүйесі туралы ілімін алға тартады, ғалымның пікірі бойынша, бізді қоршаған дүниедегі құбылыстардың тікелей әсерінен болатын түйсіктер мен елестер бірінші сигнал жүйесін құрайды. Бірінші сигнал жүйесі адамдарға да, жануарларға да тән. Бұл сигнал жүйесі шартты рефлексдердің әрекеті арқылы пайда болады. Шартты рефлексдер дегеніміз – сырттан болатын тітіркендіруге организмнің одан әсер ала отырып, қайта жауап қайыруы. «Адамның сөзі (речь) шындық болмыстың осы аталған тікелей сигналдарының негізінде пайда болады, оның өзі (сөз) осы бірінші сигналдың сигналдарының жүйесі болып саналады. Егер, мысалы, күйіп қалудың түйсігі адамды немесе жануарды оттан сақтандыратын сигнал болып табылса, «От!», «Ыстық!», «Оттан сақтан!», «Күйіп қалма!» және т.б. сөздер күйіп қалу түйсігінің сигналы (сигналдың сигналы) болып табылады» (9, 8 б.).

Екінші сигнал жүйесін сипаттай келіп, И.П. Павлов былай жазды: «Егер біздің айналадағы дүниеге қатысты түйсіктеріміз бен елестеріміз біз үшін шындық болмыстың бірінші сигналдары, нақты сигналдар болып табылса, онда сөз сөйлеу органдарынан мидың қабына баратын ... кинэстетикалық тітіркенулер, екінші сигналдар, сигналдардың сигналы болып саналады» (10, 232 б.).

И.П. Павловтың пікірі бойынша, екінші сигнал жүйесінің физиологиялық механизмі сөйлеу органдарынан мидың қабығына баратын кинэстетикалық тітіркенулерге байланысты болып, соған негізделеді.

Демек, дыбыстардың жасалуы кезіндегі сөйлеу мүшелерінің қимылы екінші сигнал жүйесі үшін қажетті шарт болып саналады.

Сигнал жүйелерінің екеуі бір-бірінен бөлек, жеке-дара күйінде емес, бірге әрекет етеді. Бірінші сигнал жүйесін сезіммен қабылдау жаңа (екінші) сигнал сөзбен беріледі де, саналы түрде ұғынылады.

Сөйлеу процесінде жоғары жүйке жүйесі де, сезім мүшелері мен дыбыстау мүшелері де бірдей қатысады. Бұлардың сөйлеу процесіндегі және сөзді қабылдау кезіндегі әрқайсысының әрекеті бір-біріне байланыссыз, жеке-дара күйінде болмайды, қайта олардың бірі екіншісімен өзара іліктеседі де, барлығы жиналып келіп, бірлесе қызмет атқарады. Сөйлеу жоғары нерв жүйесінің қызметімен байланысты болса, адамдарда болатын афазия (тілдің күрмелуі) ауруы мидың зақымдалуымен байланысты. Афазияны зерттеу сөйлеу орталығының (речевой центр) мида орналасуын айқындауға мүмкіндік берді.

«Адамның қабылдайтын сигналдарының ішіндегі ең басты, ең маңызды сигнал – сөз.

... адам информацияны хабарлайтын сигналдарды, яғни «кіруші сигналдар» (входные сигналы) деп аталатын сигналдарды өзінің сезім мүшелері арқылы қабылдайды. Олар нерв каналдары арқылы миға жетеді де, адамның жадында сақталады; одан әрі қарай олар мида қорытылады да, адам соған сай белгілі әрекет жасайды немесе одан басқа бір жаңа информация қорытылып жасалады. Осының нәтижесінде «кіруші сигналдар» қайта өзгеріп, «шығарушы сигналдар» («выходные сигналы») деп аталатын сигналдарға айналады» (8, 31 б.).

Сөздің екі жағы бар: оның бірі – сөздің дыбысталу жағы, екіншісі – сөздің мағыналық жағы. Сөз – дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұратын тілдік дербес бірлік.

Бізді қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстар адам санасында бейнеленеді. Сол арқылы нақты бір зат туралы ұғым пайда болады. Ұғым – заттың немесе құбылыстың жай ғана бейнесі емес, олардың басты белгілерінің ойда қорытылып, топшыландырылған бейнесі. Ұғым тілде сөз арқылы айтылады. Осы жағдайда сөз шындық болмысты бейнелейді.

Сөздің табиғатын жете түсіну үшін, онымен аталатын зат пен оның білдіретін ұғымының (немесе мағынасының) және оның дыбыстық жағының бір-бірімен ара қатынасын айқындап алу қажет. Бұлардың ара қатысын былайша көрсетуге болады: зат (нәрсе) – ой (мысль) немесе мән-мағына (смысл) – дыбыс (немесе дыбыстардың тіркесі).

Сөз – адамдардың тіл қатысуында қолданылатын негізгі өнім. Мағжан Жұмабаев бұл жөнінде төмендегідей ой түйеді: «Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз һәм басқа адамдардың ойларын біле аламыз. Сөз болмаса, адамда білім болмас еді. Атын атап, сөзбен бекітіп тастамасақ, жанда суреттер, ұғымдар тұрмас еді. Сөз болмаса, сөзбен адамзаттың бір-бірімен ұғысуы болмаса, жер жүзіндегі осы күнгі адамзат тұрмысы деген тұрмыс та болмас еді. Қысқасы, жан көріністерінің ең қымбаты – ой. Ой тілі – сөз» (5, 71-72 б.).

Ал Ахмет Байтұрсыновтың қағидасына сүйенсек «бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады» (11, 348 б.). Яғни, Мағжанша айтсақ, адамдардың ішкі жан дүниесіндегі толғаныстарды жеткізудің негізгі құралы, сонымен қатар ойдың тілі – сөз болса, ал Ахметше көңіл түкпіріндегі өзгерістерді, құбылыстарды жай тілмен емес, көркем, қисыны келіскен сөзбен кестелеп, жүйелеп жеткізу әр азамат үшін парыз болмақ. Ал сөз қадірін бірінші кезекте бағалайтын журналистер үшін Ахмет Байтұрсыновтың бұл талабы негізгі қағида болуы тиіс.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев сөзді көңіл кенінің жарияшысы, адам жанының ізгілігінің көрсеткіші дей келіп, былайша анықтама береді: «Сөз – адамның өнері. Өнер алды – қызыл тіл деген. Адамның ғазизлігі... сөзбен болады. Хайуан сөз өнері болмағаннан хайуан болды. Көңіл бір жатқан кеннің дариясы. Сонан шыққан сөз жауһар. Ауыздан шыққан сөз - көмір. Тіл - бір болаттан жасалған өткір қанжар. Оның майдалап, уақтап жасап шығарып жатқанының бәрі інжу. Көп адамның бір жерге бас қосқаны – бау-бақша жасалған сияқты. Соның ішінде сөз жеміс сықылды. Бұ дүние бір қараңғылықтай нәрсе. Оны жанды қылатұғын нәрсе ақиқат сөз. Сөз өліп қалған көңілді тірілтеді. Сөздің ізетінен адамның жаны рақат алар» (12, 145 б.).

Ең алдымен, сөзбен жұмыс істегенде журналистің алдында тұратын үш міндетті жүйелеп өтейік:

Біріншісі: журналист көңіл қойып, назар аударған оқиғаны және оның барлық болмысын сөзбен дәл әрі нақты мазмұнда суреттеп тыңдаушыға жеткізе білуі қажет.

«Айтушы өз ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі тиіс. Яғни, әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білуі тиіс.

Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз» (11, 349 б.). Бұдан шығатын тұжырым – сөзді дұрыс тауып қана қоймай, оны оқиғаның бар болмысын, негізгі мән-мазмұнын шынайы етіп суреттейтіндей дәрежеде қолдану керектігі.

Екінші міндет – сөздің оқу мақамын дәл табу, кез келген мәтінді нақышына келтіріп оқи білу шеберлігі. Бернард Шоу айтқандай, «иә» немесе «жоқ» сөздерін жазудың бір ғана тәсілі бар, ал айтудың 50 түрі бар, көп жағдайда кері мағынада, яғни айтылу мақамын таппасаңыз кез келген сөздің өзіндік мәні, берер мазмұны жойылады.

Жазбаша түрде немесе ауызша айтылған сөз нақты бір мағынаны білдіретін болса, адамның елестету қабілетіне тиімді түрде әсер ете алды, радиожурналист материалының көп бөлігі, әсіресе ақпараттық бағыттағы хабарлары аудиторияға осы жолмен жетіп жатады.

Сөз әдебиетте де, журналистикада да мазмұнды жеткізуші құрал болғандықтан адамның эмоциясына, кез келген айтылған, көзбен көрген жайтты ойша бейнелей білетін елестету қабілетіне бағытталады. Адам санасында қалыптасқан бейне табиғатынан күрделі, яғни ол мәндік, эмоционалдық, рационалдық әсерлермен және түйсікпен сезінудің қосындыларының жиынтығы.

Кез келген мәтіндегі әрбір сөзді нақышына келтіріп айтып, оқу мақамына салып, жан-тәніңмен тебірене отырып оқысаң, баяндалған оқиғаның болмысын өзіндік бояуымен әсерлі етіп жеткізе білсең, тыңдаушыға әсер етпей қоймайды. Кез келген мәтінді – ауарайы болжамынан бастап қайғылы жайттар, елең еткізер оқиғаларға дейін ресми түрде немесе селқос баяндауға болады, сонымен қатар тыңдаушыны толғандырып, селт еткізердей етіп жеткізуге де болады. Бұл үшін журналист шығармашылық адамы болуы тиіс, мәтінді ішкі түйсікпен терең сезініп, тақырып мазмұнына қарай дауысын құбылтып отыруы керек.

«Біз басқаларды тыңдағанда олардың айтқандарын құлақпен қабылдаймыз, содан кейін барып тыңдағанымызды көзбен көреміз» (К.С. Станиславский), яғни айтылғанды көзбен көру тыңдау болса, ал сөйлеу ойша елестетіп, бейнелеп тұрған ұғымдарды сөзбен сомдау болмақ.

Үшінші міндет: журналист логикалық және экспрессивті акценттерді, екпіндерді іздеуі қажет.

Сөздің әсер ету күші, сөздің әсерлі әрі бейнелі шығуы үшін журналист дауыстың күшіне емес, оқу мақамының (интонация) деңгейіне (жоғарылату немесе төмендету), екпіндердің дұрыс қойылуына (фонетикалық акценттер), тыныс алудың реттілігіне көңіл қоюы керек. Дауыс күшімен әсер етемін деу қате, бұл жағдайда қажетті көңілкүй туғызу қиын болмақ, бұл тәжірибеде дәлелденген қағида.

Екпін – сөз мәнінің, сөздегі ой дәлдігінің көрсеткіші. Екпінді дұрыс қолдану дегеніміз – оны қай сөзге қою керектігін таба білу ғана емес, оны қай сөздің арасында қолданбау керек екенін сезіну.

Ахмет Байтұрсынұлы «буын екпіні мен сөз екпінінің қолайлы орналасуы сөйлеу әуезділігін тудырады» дейді (11, 372 б.). Ауызекі сөйлегенде түрлі сөздердің үндері орайласып, ұнамды құралуын, құлаққа жағымды болып естілуін сөйлеу әуезділігі десек, онда екпіннің айтар ойды жеткізудегі рөлін бағамдауға болады, яғни екпінді дұрыс қолдану сөздің кестесін келтіріп айтудың негізгі шарты.

Журналистің тілге қатысты міндеттерінің әлеуметтік мәні, профессор Рабиға Сыздықова атап көрсеткендей, «Дикторлар мен комментаторлар теледидардан тек алуан хабар берушілер ғана емес, сонымен қатар сөзді дұрыс айта білуді, дұрыс дыбыстай білуді үйрететін ұстаздар болуға тиіс» (13, 15 б.).

Шын мәнінде, журналистер бүгінгі күнде ана тіліміздің бағын жандырушы қоғамдағы ықпалды күшке айналуы тиіс. Телерадиожурналистерге бұл жағынан қойылар талап әрқашан да жоғары болмақ. Ал тіл мәдениеті дегеніміз «мәдениет деген сөздің өзі айтып

тұрғандай, ол тілдің дұрыстығы, сындарлығы, әсемдігі деген ұғымды береді. Нақтылай түссек, тіл мәдениеті – алдымен, сөз мәдениеті, яғни сөздердің мағыналарын дәл түсініп, орнымен қолдану, оқырман мен тыңдаушыларға түсінікті де әсерлі етіп жазу немесе сөйлеу, сөздерді қиюластырып, үндестіріп, дұрыс айту, қатесіз сауатты жазу». Осы аталған талап үдесінен шыға білу кез келген журналист үшін кәсіби негізгі талап болмақ.

Журналистің сөз өнерін игеруінде ескеретін басты қағидаларының бірі – Бөлтірік шешен айтқандай, «Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет». Бұл жөнінде Ақан сері Қорамсаұлы: «Мидан шыққан сөзіңе тіл себепкер», – дейді, шындығында, табиғат адамға сөйлеу қабілеті сияқты тамаша сый берді десек те, ал оны қолдануды, өмірлік қажетіне жаратуды әр адамның өз ақыл-ойына салған. Көкіректен шыққан ойдың көрікті немесе көріксіз болуына тіл алғышарт болады десек те, сөздің көркем болмағы ойдан екенін де жоққа шығара алмаймыз. Адамның сөзіне қарап оның ой-өрісін, жалпы білім деңгейін бағалау тәжірибесі өмірімізде кең етек алған, көкірегіңізде сайрап тұрған әдемі ойды жеткізетін тіл болмаса дүниенің азабы сол болмақ. Қазақ мұндай жандарды «қойнынан бөзі түсіп, аузынан сөзі түсіп» деп келемеждеген. Сондықтан да адам үшін ішкі рухани жан байлығын жетілдірумен қатар, сауатты сөйлеу шарттарын білу, сөйлеу әдебін игеру басты қажеттіліктер болмақ. Сөйлегенде ойланып, айтар ойыңды жүйелеп алып тіл қатқан дұрыс, бұл жерде «ойнап сөйлесең де ойлап сөйле» деген тағылым сөз еске түседі.

Журналистер қоғам өмірінде маңызды рөл атқарады дейміз, яғни олар ұлт мүддесі үшін күресе жүріп өздерін айналасындағыларға, жалпы халыққа мойындатулары керек емес пе? Ал бұл оңай шаруа емес! Ендеше мұндай ұлы мұрат жолында оларға қандай қасиеттер мен қабілеттер керек? Бұл сауалдарға жауапты алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың ізгі ойларынан сұрыптап алдық. Ең алдымен мына пікіріне құлақ салайық: «Заманына қарай амалы» деген. Бұл заманда жылап мұратқа жетемін деу аш түйенің күйсеуі болады. Атқыштық асығы түгел деген. Талас-тартыс, ақылмен, шешен сөзбен, көлденең келген көк атты құлағына тағарлық дәлелмен. Жарыс, күрес байымы – бәйге, мұның гүлі – хұқ. Хұқ құрдастығын алатын өзге жол жоқ» (14, 155 б.).

Қазіргідей еліміздің ақпарат кеңістігінде әртүрлі идеологияның қақтығысы, мүдделер қайшылығы толассыз жүріп жатқан кезде күресу керек. Амалымыз білім мен білік болу керек. Құр айғаймен, бос байбаламмен ештеңе істей алмаймыз, «талас-тартыс, ақылмен, шешен сөзбен, көлденең келген көк атты құлағына тағарлық дәлелмен» ұпайымызды түгелдеуіміз керек.

Білім мен білікті қару етіп, бәсекеге түсетіндей қабілеттілік пен намысты, мінезді бойымызға жинап, өмір бәйгесіне түсу керек, сол кезде ғана өз ұлтымыздың құқығын өзгелерге мойындата аламыз.

Алаш көсемі сөз азабы, көкіректе сайрап жатқан ойыңды ауызекі тілде жеткізудің қиындығы туралы былай дейді: «Адам баласы қылып

жүрген іс, ой-ақыл болып басталады, адамды бала тапқан қатындай қинап сөз болып сөйленеді, ия жазылады, ақыл-сөз сонан соң барып, іске айналады. Не жұмыс қылсақ осы үш: **ақыл, сөз, іс** сана талқысынан өтпей жұмысқа айналмайды.

Бұл ақыл, сөз, іс үшеуінің қиындығын «Көпті көрген білер, алысты жүрген білер» дегендей ойлаған, сөйлеген, жазған, жұмыс қылған білер, «Көкіректе сайрап тұр, тілді құдай байлап тұр» деген, ойын, ақылын сөз қылып сөйлей алмаған бишаралардан қалған. Ақылды сөз қылу сондай қиын. Лев Николаевич Толстой жазған хатында өзі ғұмырында риза болмай өлді, адамзатта мұнан жүйрік жоқ десе кінә болмас. Орыс жұртының жұрттан асқан ақыны Пушкин бір хатын отыз қайтара түзетіп басушы еді. Ал сөз сөйленді, сөз жазылды, бұл іс бола қоя ма? Адам баласы сөзін жазып, тасқа басып сақтағаннан бері түзулік, әділдік, жақсылық жол айтқан кітаптар жазылған; қані бұл кітаптардың сөзі іс бола қойғаны!? Бұл кітаптар шкафта шаң болып жатқан жоқ па? Дүниядә не болса бірте-бірте аздап ілгері басып болады. Жас баланың һәм шаш, сақалы өскені мысалды. **Ақылды сөз қылмақ қиын, сөзді іс қылмақ мұнан неше есе қиын»** (14, 117 б).

Әлихан Бөкейханов ағамыз айтқандай, қазіргі таңдағы қазақ журналистерінің ең басты міндеті – **ақылды сөз қылмақ**, яғни ел құлақ асарлық, ел ойланарлық көсемсөзді қару ету. Ал ойлы сөзді бұқаралық ақпарат арқылы тарата отырып, оны іс жүзіне асыруға, жүйелі сөзге елді ұйытып, құлақ асуға оның пәрменділігі мен қауқары жетсе, журналист кәсібінің шынайы болмысы сонда танылады.

Журналистің жеке басына тән қасиеттерді төмендегідей жіктеуге болады, яғни ең бірінші адамға ақыл керек, сол ақылыңды сауатты етіп жеткізетін тіл керек, сонымен қоса ұлт мүддесі үшін күресетін рух керек, рухың биік болса, өмірлік мұраттарыңды іс жүзінде орнықтыруға қайратың жетеді, ал осы тізбектеген адамға керек қабілеттердің барлығы санаңда сүзгіден өтіп, ой талқысына түсуі керек, сонда ғана өзіңнің елің үшін жасаған қызметіңмен мақтануға болады. Демек, журналистиканы да, әдебиет сияқты «ар ісі» деп тануға болады. Бұл жерде профессор Н. Омашевтың төмендегідей пікірі ойымызды толықтыра түседі: «Қазіргідей капитал мен олигарх топтарға тәуелділігі арта түскен БАҚ-тарда қызмет ету, ондағы журналистерге ар-ождан кодексін сақтай білу үлкен сын болып тұр. Бізге, қалам қайраткерлеріне, осылардың бәрінен биік тұратын ұстаным керек! Өткінші саяси ойындардың ықпалынсыз, елшіл, отаншыл рухта жазылған дүниелер ғана оқырманға ұсынылмағы лазым!» (15, 17 б.).

Қазіргі заман талабына сай қазақ журналистеріне керек қасиеттерді ғалым Н. Омашев былайша жіктейді: «...Ең әуелі алдындағы ақ қағазға, қаламға адалдық керек: қарақан бастың қамынан гөрі ел мүддесі, халық тағдыры, Отанның бүгіні мен келешегі қашанда бірінші орында тұруы – басты талап. Ондай журналистер қатары көптеп саналары да құпия емес. Ел-жұрттың жайын өткір, шыншылдықпен айта білу де жетімсіз, тәуелсіз мемлекетіміздің алғы күнге озған мүддесін әркім-әркім-ақ білетін шығар,

дегенмен ол да журналистің қайығын жағаға жеткізе қояды деу ұшқарылық: білім, өмір тәжірибесі, ең бастысы дарын керек. Осының бәрі бір арнаға тоғысқанда ғана журналистің жазғаны жұрт назарына еріксіз шалынады, оқылады» (15, 138 б.). Яғни, ғалымның айтуынша бүгінгі қалам қайраткерлеріне қойылар басты талап – ел мүддесіне қызмет ету, содан кейін дарын, білім, өмір тәжірибесі мен өткір тілдің бірлігі керек.

Бірде Абылай: «Қазына қайда?» – деп сұрағанда Бұқар жырау: «Басы жеткен жігіттің екі езуі қазына: бір езуі – алтын, бір езуі – күміс, аузы – қазына», – депті. Жыраудың айтпағы өз қадірін білген адам үшін бар қазына оның екі езуінде, адам сөз қадіріне жетіп те қадірлі, сыйлы бола алады деген тұжырым. Қазына дегені – сөз өнері, ал оны меңгеру оңай шаруа емес.

Адам өмірінде сөздің алатын орнын бар болмыс бітімімен тану үшін Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабын парақтап көрелік.

Өмірде сөзге құлақ түрмейтін, жүйелі сөзге тоқтамайтын адам сирек болады. Бұл туралы «Құтты білікте» былай делінеді:

Сөйлеп кетсең, шырын тамсың тіліңнен,  
Бек, ұлық, құл бәрі сөзге жүгінген! (16, 224 б.)

Адамның көңіл күйін танытушы құрал – тіл десек, жақсы сөздің тек адал жүректен шығатыны да ақиқат нәрсе, бұл туралы төмендегідей ой түйілген:

Тіл, жүрегің шырын болсын қайда да,  
Сөз бен есті тектен текке лайлама! (16, 270 б.)  
Яғни, лас, жүйесіз сөз айтып елдің ойын бұзба дегенді меңзейді.

Көпшілікке есті сөзді айтып, олардың көңілдерін табу да оңай шаруа емес, бұл туралы кітапта мынадай өсиет жолдары бар:

Көп сөйлесең «Езбесің» – деп жек көрер,  
Сөйлемесең, «Мылқау» – екен, деп сөгер!

Бұдан көңілге түйетініміз, адамдарға сөйлесең де, сөйлемесең де жақпайсың, ал көпшіліктің көңілінен шығу үшін айтар ойыңды нақты әрі қысқа етіп жеткізе білу шарт, яғни:

Бұлай болса, тең ортасы – керегің,  
Тілге ұстамды болсаң, өсер беделің! (16, 65 б.)  
Жинақтағы тәлім алар ойлардың бірі:  
Қос нәрсені шалмас қарттық құрығы:  
Бірі – ізгі сөз, бірі – ізгі құлығы. (16, 66 б.)

Ақылды адам үнемі көп оқып, жүйелі сөзді көп тындап, жан-жақты ізденіп, рухани білімін жетілдіріп отыруы керек, бұл туралы мынадай өсиет сөздер бар:

Тән семіртер – нәр ауыздан кіреді,  
Жан семіртер – сөз құлақтан кіреді (16, 135 б.).

Шынында да, халқымыз «сөз атасы – құлақ» деп бекер айтпайды, яғни, адам жақсы, есті, тәлім берер өсиет сөздерді естіп, көңілге түйіп рухани нәр алады.

Ал білімді, есті жанның «екі ерек» белгісі болады, бұл туралы Ж.Баласағұн былайша толғайды:

Тіл мен нәпсі, тия алған бұл екеуін,  
Қолын алар қазынаның жетеуін (16, 136 б.).  
Білікті жан билер тіл мен құлқынын,  
Бұл екеуін тиған, құлы жұртының.  
Жүсіп Баласағұнның сөзге анықтама беруі де ерекше сипатта:  
Сөз – сыр, сиқыр, жүгін, ер!  
Ойға – оны, тілге бірі ілінер!  
Бірін айт та, тый тоғызын, қашпайды:  
Қажетсіз сөз қажеттісін ластайды (16, 136 б.).

Шын мәнінде де, адам сырының жариялаушысы – сөз, сөзбен адамды елжіретуге, еліктіруге, арбауға да болады. Көңіл қақпасының кілті – сөз арқылы көкірегімізді кернеп тұрған сансыз ойдың бәрін сана сүзгісінен өткізіп, тек бірін ғана тілмен жария етеміз. Ал бұл оңай жұмыс емес, қажеттісін айту үшін оралымды тіл, толғамды ой керек. Яғни:

Айтар сөзді сыйлап алғын ақылмен,  
Жауабың дөп, қатар түссін нақылмен (16, 137 б.).

Көкірегі ояу адамды ойлантатын толғамды сөзді Жүсіп Баласағұн былайша жырлайды:

Екі нәрсе тірі адамға керегі –  
Бірі – көңіл, бірі – тілдің желегі.  
Көңіл – тілдің иесі, сүйенеді сөз тілге,  
Сөз – күйресе, күйгені көңіл мен тіл, көркің де (16, 138 б.).  
Сөз құдіретін бұдан артық таныту мүмкін емес болар!  
Адамның құрметке лайықтылары:  
Қадірлісі – тіліне ұят сіңгендер,  
Жүрек сөзін жүрегімен білгендер! (16, 139 б.)

Жүсіп Баласағұн айтқандай, журналистер де айтар сөзін ақылмен сайлап алып, жүрек қалауымен тіл қатып, “тіліне ұят сіңген” жандардың қатарынан орын алулары керек, сол кезде ғана нағыз абырой мен беделге қол жеткізеді. Журналистер халық атынан сөйлеу құқығын иеленген маман иелері болғандықтан да, бұл қағидаларды үнемі жадыларында ұстаулары керек.

«Жерің қандай кең болса, соған жетер айғайың мен айбының болсын» депті жазушы Ғабит Мүсірепов, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратындай» бірлікке шақыратын табанды саясаттың, «досың сүйсініп, дұшпаның күйінетіндей» ұжымшылдықтың және рухы биік, қаймағы бұзылмайтын ұлттықтың іргесін сөгілтпеудің негізгі дәнекершісі – ІРГЕЛІ СӨЗ болмақ! Шынында да өз ұлтыңды, еліңді жүйелі сөзге ұйытып, осындай қабырғалы өзектен құралған айбарыңмен басқа елдерді мойындатсаң ғана тіршілік етесің.

## 1.2. Тіл қатысу және оның құрылымы

Тіл қатысу – адамдар үшін ең басты қажеттілік, адамдар ауасыз қалай тіршілік ете алмаса, сол сияқты бір-бірімен сөйлеспей, тіл қатыспай тұра алмайды.

Тіл қатынасынсыз адамның жеке тұлғасының қалыптасуы, оны тәрбиелеу, ой өрісінің дамуы мүмкін емес нәрсе. Тіл қатысу өнерін меңгеру, сөз өнерін игеру, ауызекі және жазба тіл мәдениетін білу – кез келген адам үшін қажетті нәрсе.

Сөйлей білу қабілеті – адам мүмкіндіктерінің ең тамашасы және таңғалатын жайт. Табиғаттың осынау ерекше сыйына бой үйреткеніміз сонша, оның құдіреттілігіне, күрделілігіне, сырлылығына да мән бермейміз. Адам басында бір ой туады, оны келесі адамға жекізу үшін сөз қолданамыз. Адам дауысынан туындаған акустикалық толқын адам ойының, сезімінің бар бояуын келесі адамға жеткізеді, міне, осы арада бірінші адамның ойы, сезімі келесі адамға жария болады да, ол адам өзге ойдың мәні мен мағынасын түсінуге қол жеткізеді. Бұл тіл қатысу процесі деп аталады.

Тіл қатысу процесіне қажетті шарттар:

Бірінші, әңгімеге екі адамнан кем емес адамдар қатысуы тиіс.

(субъект) S -----А (адресат)

Екінші, екі адамның бірінің басында нақты ой туып, санасында әңгіме өзегі туындап және талқылануға тиіс тақырып пайда болуы шарт.

(субъект) S -----А (адресат)

∧

әңгіме өзегі немесе тақырып

Үшінші, сөйлесіп тұрған тіліңізді жетік білуіңіз керек.

Тіл

∧

(субъект) S -----А (адресат)

∨

әңгіме өзегі немесе тақырып

Бір сөзбен айтсақ, сөйлесуге субъект, адресат, тіл табысатын ортақ тіл, тақырып керек. Бірақ бұл аталған шарттар сәтті тіл қатысуға толық кепілдік бола алмайды.

Белгілі ғалым Ф. Оразбаева бұл туралы былайша тұжырым жасайды: «Тілдік қатынас сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу, қарым-қатынас жасау дегенді білдіре келіп, адамның екінші біреуге жеткізейін деген ойын жарыққа шығаруды көздейтін; қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді.

Тілдік қатынас ойлау мен сөйлеудің бірлігінен тұрады. Тілдік қатынас – адамдарға тән ойлау мен сөйлесім үрдісінің белгілі бір қоғамдық қатынаста тіл арқылы жарыққа шыққан көрінісі.

Біріншіден, қандай болсын тілдік қатынасқа кем дегенде екі байланысшы қатысады. Олардың біреуі хабарлайды, екіншісі қабылдайды».

Екіншіден, ТҚ адамдардың қарым-қатынас құралы тіл арқылы жүзеге аса келіп, бір адамға ғана емес, жалпы адамзатқа, қоғамға қызмет етеді, яғни, ол қоғамның өзі туғызған, оның әлеуметтік қажеттігін өтейтін күрделі құбылыс.

Үшіншіден, тілдік қатынас адамның қоғамдағы орнын бекітеді. Ол қоғамдық қарым-қатынастың негізін сала келіп, адамның әлеуметтік рөлін кеңейтеді және қ.ә. пікірлесудің дамуына жол ашады.

Төртіншіден, тілдік қарым-қатынас – адамзатпен қатар пайда болған табиғи процесс. Себебі адам тілді тікелей өзі өзгерте алмайды, өзі қолдан жасай алмайды, адам тек тілдік заңдылықтарды зерттей алады.

Бесіншіден, тіл – бүкіл қоғамдық әлеуметтік құбылыстардың ең күрделісі, ол кішіден бастап үлкенге дейінгі, ұсақтан бастап іріге дейінгі әрекеттердің жүзеге асуын қамтамасыз ететін құрал. Осы қоғамдық қатынастарды тіл жүзеге асырып қана қоймайды, оған бағыт сілтейді, жол ашады. Сондықтан да ол барлық қоғамдық үрдістердің іске асу көзі болып табылады.

Алтыншыдан, тілдік қатынас әлеуметтік идеялардың жүзеге асуына әсер ете келіп, бүтіндей қоғамның қалыптасуына қызмет етеді. Ол барлық саяси топтардың байланыстырушы құралы бола отырып, өзі де қоғамдық әлеуметтік құбылысқа жатады» (4, 49-50 б.).

Тіл қатысудың тиімділігін арттыру үшін екі жақтың адамдары қандай ережелерді қатаң сақтау керектігін білуі керек. Ең бастысы, тіл қатысу кезіндегі адамдардың іс-әрекетінің ерекшелігі, әртүрлі әдістер мен тәсілдер қолдану, сөйлесу құралдарын пайдалану көп жағдайда нақты бір оқиға кезіндегі тіл қатысудың түрлеріне байланысты анықталады. Тіл қатысудың екі түрі бар: күнделікті (тұрмыстық) және іскерлік.

Тұрмыстық және іскерлік тіл қатысудың әртүрлі ерекшеліктеріне қарамастан оларды төмендегідей ортақ түрлерге бөлеміз:

– қашықтық байланысқа негізделген (тіл қатысушылардың кеңістік пен уақытқа қатынасына байланысты анықталады);

– шартты қажеттіліктен туындаған (табыстырушы ортақ “аппараттың” болу немесе болмауына байланысты);

– ауызша- жазбаша (тіл қоланудың формаларына бөліп қарастырудан туады);

– диалогтік-монологтік (тұрақты және құбылмалы позицияға байланысты: мен – сөйлеуші, сен – тыңдаушы);

– жеке сипаттағы және бұқаралық (қатысушылардың санына байланысты).

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Тіл қатысу дегеніміз не?
2. Тіл қатысу процесіне қажетті шарттарды атаңыз.
3. Тұрмыстық және іскерлік тіл қатысудың қандай ортақ түрлері бар?

### **1.3. Тұрмыстық тіл қатысу**

Тұрмыстық тіл қатысу барлық адамның өмірінен басым орын алады. Үй тұрмысында, отбасында, көшеде, қоғамдық орындарда бейтаныс жандармен, достарыңмен, туған-туысқандарыңмен тіл қатынасу осы түрге жатады.

Үйде, түзде жүргенде, қоғамдық көлікте, әсіресе ұзақ жолға шыққанда маңайымыздағы адамдармен бір нәрсені сұрап білу үшін, кеңесу үшін немесе жай ғана көңілде кептеліп қалған жайттарды айтып, жеңілдеп қалу үшін, әрі кеткенде жай ғана уақыттан ұтып, жол қысқарту үшін тіл қатысамыз. Міне, осындай жағдайларда біз дұрыс сөйлесе білеміз бе?

Көп жағдайда біз тіл қатысудың қарапайым ережелерін біле бермейміз, сол себепті табысты нәтижеге қол жеткізе алмаймыз.

#### **Тиімді әңгімелесудің шарттары**

**Біріншіден,** әңгімелесуге деген шынайы ниеттің екіжақты болуы. Көп жағдайда әңгімелесушілердің бір-бірімен сөйлесуге деген құлқы тең дәрежеде бола бермейді. Бұған себеп әртүрлі, кейде адамдардың көңілкүйі болмауы мүмкін, шаршап отыруы мүмкін, басқа мәселені ойлап, бас қатырып жүруі мүмкін, осылайша кете береді. Мұндай жағдайда сөйлесу мәдениетін есіңізге түсіріп, сөйлесуге құлқы жоқ адамды өз әңгіменізбен мезі қылмай, мазаламағаныңыз жөн. Кездесуші адамыңыздың әңгімелесуге деген ниетінің жоқтығын сезсеңіз, сөйлесуді қойып, оның бойында әңгімелесуге деген қажеттіліктің тууын күтіңіз.

**Екіншіден,** тақырыпты сәтті таңдау. Тіл қатысу процесінің тиімді өтуі әңгіме тақырыбының сәтті таңдап алынуына тікелей байланысты. Ең алдымен, тақырып кездесушіні қызықтыра ма, өзінің өзектілігімен, қажеттілігімен қызықты ой айтуға жетелей ме, қатысушылар бұл талқыланатын тақырыпты қаншалықты деңгейде жетік біледі. Міне, осы сұрақтарға жауап беріп алған жөн, тек осы жағдайда ғана табысқа қол жеткізесіз.

**Үшіншіден,** ортақ тіл табысу. Жалпы, халықтық қазақ тілі – өте күрделі құбылыс, оның жоғарғы формасы – әдеби тіл. Әдеби тіл нормасын игерген адамдармен қатар, қарапайым әрі жергілікті тіл нормасында сөйлейтін тұрғындардың кездесетіні табиғи құбылыс. Әдеби тіл диалектика, қарабайыр ауызекі тілмен қатар, кәсіби жаргондар, жастардың жаргондары болады. Мәселен, “Мен не деймін, домбырам не дейді” дегенді қазақтар ортақ тіл таба алмаған, бірін-бірі түсінбеген жағдайда айтады. Сондықтан да ортақ тілде әңгімелесіп, тіл табысу үшін сөйлесетін

адамдарыңыздың әлеуметтік мінездемесін терең ашып алып, олардың ерекшеліктерін, дәстүрлерін, мінез-құлықтарын жақсылап біліп алған жөн. Тіл қатысу туралы халқымыздың ұлағатты сөздері көп, әсіресе мақал-мәтелдер. Мәселен, “Ойнап сөйлесең де ойланып сөйле”, “Айтылған сөз, атылған оқ”, “Басқа пәле тілден”, “Жан жарасы жазылады, сөз жарасы жазылмайды”, “Үндемеген үйдей пәледен құтылады”.

Тіл қатысу процесінде мынадай ортақ жайттарды ескеру керек:

- ақпаратты алу мен беруде ортақ қажеттілік пен қызығушылық ниет болуы керек;
- әңгіменің ортақ тақырыбы;
- ортақ дыбыстар мен белгілердің жүйесіне негізделген ортақ тіл және адамның сезімдері мен ойларының көзге көрінбес бояуларын жеткізетін ерекше дауыс.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Тұрмыстық тіл қатысу дегеніміз не?
2. Тиімді әңгімелесудің шарттарын атаңыз.
3. Тіл қатысу процесінде қандай жайттарды ескеру керек?

#### **1.4. Іскерлік тіл қатысу**

Іскерлік мәндегі тіл қатысу адамдардың өмірінде айтарлықтай деңгейде орын алады. Өйткені күнделікті өмірде ұйымдастыру жұмыстарына қатысты, еңбек ұжымдарының өмірлеріне, қызметке қатысты міндеттерді орындауға байланысты, кәсіпкерлікке қатысты жұмыстарды атқаруға орай мәселелерді талқылап шешуге және әртүрлі мақсат-міндеттерді көздейтін келісім-шарттарды жасауға, қажетті шешімдерді қабылдауға, тиісті құжаттарды толтыруға тура келеді. Іскерлік кездесуді өз мәнінде өткізу журналистің тиімді, табысты жұмысының кепілі бола алады. Олай болса іскерлік әңгімелесудің ерекшеліктеріне тоқталып өтейік:

**Бірінші – әріптестік қарым-қатынас.** Іскерлік кездесу әріптестік бастамаға құрылып, қатынасушы адамдардың екіжақты сұраныстары мен қажеттіліктерін ескеріп, басты көзделген мүдде үдесінен шығу мақсаты алға қойылады. Түсінісудің және екіжақты табысты қарым-қатынастың принциптеріне құрылған іскерлік әңгімелесу адамдардың іскерлік және шығармашылық белсенділіктерін арттырады, ұйымдастырудың технологиялық процесінің маңызды факторы болып табылады.

**Екінші – уақытқа сыйымдылық.** Іскерлік кездесудің өзіндік ерекшелігі белгіленген қатаң ережелер мен шектеулер заңдылығына бағынатын регламенттік болып табылады. Бұл ережелер мен заңдылықтар іскерлік кездесудің түріне және оның ресмилігіне, нақты мақсаты мен міндетіне байланысты, сонымен қатар халықтың ұлттық, мәдени дәстүрлерімен сабақтас болады. Іскерлік кездесудің регламенттігі оның нақты бір уақыт өлшемімен шектелетіндігін де көрсетеді. Іскер адамдар уақытты бағалай біледі. Сондықтан да кездесуге бөлінген арнайы уақытты

тиімді пайдалану үшін кездесуге өте мұқият дайындалып, талқыланатын мәселелерді анықтап, нақтылап алу маңызды.

**Үшінші – іскерлік этикет.** Арнайы бір әлеуметтік топтың адамгершілік, сыйластық немесе қайырымдылық жөніндегі түсініктері мен талғамдары және жинақталған тәжірибенің көрсеткіші болып табылатын заңдылықтар. Іскерлік этикетке қонақтармен, әріптестермен сәлемдесу, таныстыру ережелері жатады, сонымен қатар презентация, қабылдау кезіндегі, үстел басындағы адамдардың өз-өзін ұстау тәртіптері, ережелері кіреді. Естелік заттарды тарту ету, қабылдау, іскерлік сәлемдемелермен алмасу жолдарын да білу қажет. Этикетте іскер адамдардың сыртқы түріне, әсіресе киіміне үлкен көңіл аударылады, сонымен қатар адамның сөйлеу мәнеріне, жағымды, жағымсыз эмоцияларды басқарып, тежеп ұстау қабілетіне баса назар аударылады. Іскерлік этикет ережелерін білу адамның кез келген ортада ашық-жарқын, еркін жүріп-тұруына, өз-өзіне сенімді болуына мүмкіндік береді, аяқасты, кездейсоқ күлкілі жайттарға ұшырап, дұрыс әрекет жасамаған жағдайда да өз-өзін тез игеріп, саналы түрде қимылдауға үйретеді. Этикет нормаларын бұзу тіл қатысу процесін қиындатып, адамның қиын жағдайда қалуына әкеп соқтыруы мүмкін. Регламенттік шарты кездесуші адамдардың сөздік құралдарды сауатты әрі дұрыс қолдануларына үлкен көңіл бөледі. Іскерлік әңгімелесу кезінде дөрекі сөздерді, жағымсыз мағынадағы сөз тіркестерін, қарабайыр сөздерді қолдануға тыйым салынады. Кәсіби, диалектикалық, жаргон сөздерді әңгімеге қыстыру жөн деп табылмайды, сонымен қатар шет тіліндегі сөздерді, терминдерді шектен тыс орынсыз, жөн-жосықсыз қолдану да дұрыс емес. Әдеби тіл нормасын бұзу, сөзді өз орнында қолданбау, тіл түсініксіздігі, көпсөзділік сияқты кемшіліктер әріптестеріңізге журналист жайлы жағымды ой тудырмайды. Мұның бәрі журналистің сөйлеу мәдениетінің төмендігін көрсетеді, әріптес, серіктес адамдардың журналистке деген сенімін жоғалтады.

**Төртінші – сөйлеу әдебі** дегеніміз – қоғам қалыптастырған сөйлеу әрекетінің ережелері және тіл қатысудағы қалыпты сөйлеу тәртібінің жүйесі. Шын мәнінде, әртүрлі оқиға кезінде нақты бір сөйлеу айналымдарын қолдану қажеттігі кездеседі. Мәселен, танысу кезінде қолданылатын қалыптасқан сөз жүйелері:

- Қане, танысайық...
- Танысуға рұқсат етіңіз...
- Сізді таныстыруға рұқсат етіңіз...

Әрине, бұл сөздерді құр жаттап алып, кез келген жағдайда айта беруге болмайды. Ең бастысы, сөйлеу этикетінің қай формуласын қандай жағдайда қолдану керектігін жақсы сезіне білу керек.

**Бесінші – тиімді тыңдау принциптерін сақтау.** Тыңдай білу қабілеті өте сирек кездесетін мінез және жоғары бағаланатын қабілет. Былай қарасаңыз адамдарды тыңдай білуде тұрған ештеңе жоқ сияқты, есту қабілетіне ие жандардың бәрі бір-бірін ести алады, әңгімелеседі, сөйлеседі. Алайда тыңдау мен есту екі түрлі қабілет, өзіндік айырмашылықтары бар.

Есту – дыбысты физикалық тұрғыдан қабылдау, ал тыңдау – есту қабілетінді нақты бір нәрсеге бағыттап қана қоймай, қабылдап тұрған дыбыстарға көңіл қойып, олардың мағынасын түсіну қажеттігі. Ғалымдардың зерттеуінше, адамдардың көп бөлігі, егер сөздер олардың шынайы мүдделеріне сәйкес келмесе басқа жандардың сөздерін өте нашар тыңдайды. Зерттеулер қорытындысы бойынша кездесуші адамның сөзін тыныш отырып, мұқият тыңдап, сөздердің мағынасына терең ден қою қабілетіне ие адамдардың жалпы жиынтығы 10 пайызды ғана құрайды.

Біз адаммен сөйлесіп тұрып, онымен ойша келіспейтін болсақ, оны тыңдауды қойып, іштей дәлелдер мен деректер жинап, қажетті пікірімізді, жауабымызды айтудың кезегін күтіп тұрамыз. Ал пікірталастырап болсақ, өз көзқарасымызды қайтсем дәлелдеймін деп әуреге түсіп тұрып, қарсы адамды тыңдамаймыз, ол сізді тыңдата алмай әуре болады. Міне, бұл екі мысалдан-ақ адам сөзін, ойын мұқият тыңдаудың оңай шаруа емес екендігіне көз жеткізуге болады.

Ал нақтылап айтар болсақ, оппоненттің позициясын дұрыс түсінудің, екіарадағы келіспеушілікті, көзқарас қайшылығын дұрыс бағалаудың, тиімді әрі сәтті кездесу жасаудың, келісім жүргізудің негізгі қажетті шарты және іскерлік кездесу мәдениетінің басты элементі тыңдай білу қабілеті болып табылады.

Осы жерде Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» шығармасынан төмендегідей үзінді келтіруге болады:

« – Ал, өз қалдарың қалай? Денсаулық жақсы ма?

– Шүкір, Бауке.

– Маған не шаруамен келдің?

– Сіздің алпыс жылдығыңызға байланысты «Жұлдыз» журналының тапсырмасымен келдім.

– Сенің бойыңдағы ең жақсы қасиетің не? – деп сұрады ол менің сөзімді тыңдап болғаннан кейін.

– Жанымдағы адамның сөзін жалықпай тыңдау, Бауке.

– Жүр, онда ана бөлмеге барып сөйлесейік, – деді Бауыржан бұған сенерін де, сенбесін де білмегендей маған тесірейе қарап.

Үндемеу үлкен тактика екенін мен осы арада ұқтым. Бауыржан маған ақыра бастаса, менің оған қарсы қолданар негізгі тактикам осы болуы керек деп қорыттым» (17, 17-18 б.).

Қазақтың шебер журналисі Әзілхан Нұршайықовтың ұлтымыздың біртуар батыры Бауыржан Момышұлымен сұхбаттасқанда қолданған бұл тәсілі үлгі боларлық өнеге және біреудің сөзін тыңдай білу де адам бойына табиғатпен берілетін тамаша қабілет екенін танытатын тамаша үлгі.

Бұл жерден адам үшін сөйлей білу өнерімен қатар тыңдай білу өнерін меңгеру, қарсы отырған адамды мұқият әрі шынайы ниетпен тыңдай білуге машықтану қажеттігін тануға болады.

Енді тыңдай білу қабілетін психологиялық көзқарас тұрғысынан талдап, жақсы тыңдауға қажетті шарттар мен негізгі принциптерге тоқталып өтейік.

Тыңдау төмендегідей үш процестен құралады:

- 1) адамның сөзін қабылдау;
- 2) іштей қорыту;
- 3) түсіну.

Бұл сөйлеуші адамның сөзіне көңіл қоюға, оны түсінуге мүмкіндік береді және тыңдаушының оның сөзінен идеяларды, ойларды, эмоцияларды бөліп алып қарастыру қабілетін танытады және сөйлеушінің тыңдаушыға деген қатынасын бағалауға жол ашады. Бұл басқа адаммен байланысуға деген психологиялық дайындықтың негізгі шарты. Психологтардың айтуынша, тыңдай білу қабілеті немесе адам сөзін тыңдау – өте ауыр еңбек, бірақ сөйлеуші адамға деген тыңдаушының сыйға тартқан керемет тартуы.

Тыңдау мәнері, басқаша айтқанда тыңдау стилі кездесушілердің жеке тұлғаларына, тыңдаушылардың мінездері мен мүдделеріне, жынысына, жасына, қызметіне, атақ-дәрежесіне де байланысты болатындығын ескерген жөн. Мысалы, бағынушы адамдар бастықтармен сөйлескенде сөзге өте мұқият болады және зор көңіл қойып тыңдайды, сөйлеу барысында оппоненттің сөзін бөліп, пікірсайыста оны тежеуге батылдары жете бермейтіндігі шындық жайт.

Психологтар әйелдер мен ер адамдардың сөйлесу кезіндегі іс-әрекетінде де айтарлықтай ерекшеліктердің болатындығына көз жеткізген. Әңгіме барысында ерлер әйелдердің сөзін екі есе дәрежеде бөле береді. Әңгіменің үштен бір бөлігінде әйелдер өз ойларын жинақтап, үзіліп кеткен әңгімені жалғастырудың амалын жасап бағады. Ерлер көп жағдайда әңгіменің мазмұнына ден қояды, ал әйелдер сөйлесу процесінің өзіне баса көңіл аударады. Ерлер өздерін тыңдағанды жақсы көреді, олар кездесуші адамға сұрақ қоймай әрі оның айтар ойын аяғына дейін тыңдамай, шұғыл түрде дайын жауап беруге бейім болады.

**Тыңдаудың түрлері.** Тыңдаудың екі түрі бар. Бірінші түрі – **шартты емес**, яғни қарсы отырған адамды мұқият тыңдап, өзінің ескертпелерімен сөзге араласпай, үндемей тыңдау. Бір қарағанда тыңдаудың бұл түрі әрекетсіз сипатта болып көрінуі мүмкін, бірақ бұл адамнан физикалық және психологиялық күш-қуатты талап етеді, адамның бірқалыпта қимыл-қозғалыссыз отыруы үлкен ерік-жігерді қажет етеді. Адамның өзінің іс-әрекетін бақылап, реттеуі – үлкен қайраттың жемісі.

Тыңдаудың шартты емес түрі кездесуші екі адамның бірі қатты тебіреніс пен толқу сезімінде болып, бір оқиғаға деген өзінің қатынасын айтқысы келген жағдайда, өзінің жанын ауыртып, көңілінде жүрген жайттарды сыртқа шығарудың амалын таппай тығырықта жүрген кезде қолданылады. Бірақ үндемей тыңдаудың орынсыз болатын тұстары да кездесетінін есте ұстаған жөн. Мысалы, үндемеген жағдайда оппонент сізді өзімен келісіп отыр деп ұғынуы мүмкін, ол менің ұсынысымды қабылдады деген ой түюі мүмкін. Сондықтан келіспейтін жеріңізде өз ойыңызды бірден айтып, алда болатын түсініспеушіліктің алдын алған дұрыс болады.

Тыңдаудың екінші түрі – **шартты**, яғни сөйлеуші адамның ой-пікірін құптап, оның өз ой-сезімдерін дұрыс жеткізуіне қолдау көрсету, сөйлесуге дұрыс жағдай тудыру, екі адамның бір-бірін дұрыс әрі дәл түсінуіне жол ашу.

### **Тиімді тыңдауға қажетті шарттар**

Ең бірінші шарт – көзбен ұғынысу. “Көз – адам жанының айнасы” деп тегін айтылмаса керек. Сіз әңгімелесіп отырғанда көзіңізді қайда бағыттап отыратындығыңызға жете мән беріп көрдіңіз бе, ал әңгімеге қатысушылардың көздері қайда қарап отыр? Сөйлеу этикетінің нормасы бойынша адамдар бір-біріне қарап отырулары керек, ең бастысы мұқият, әрі қызығушылық танытатын кейіпте қараған жөн.

Егер қарсы отырған адамның көзі ойнап, алақ-жұлақ етіп отырса, сізге ол адам ашық әңгіме айтудан қашып тұрғандай әсер қалдырады. Ал егер сіздің көзіңізге тіке қарамай, көзін алып қаша берсе, бір нәрсені айтпай жасырып, шынайылық танытпай отырғандай болып көрінуі мүмкін. Сондықтан әңгіме барысында көзқарасыңызға да жете мән беріп, реттегеніңіз жөн.

Екінші шарт – әңгімелесушілердің сөйлеу барысындағы қимыл-әрекеттері, өз-өздерін ұстауы. Олардың іс-қимылдарының өзі көп жағдайдан хабар береді. Әсіресе сөйлеп тұрған адамды тыңдаушылардың тыңдауға деген ниеттері бар ма, нәтижелі, табысты әңгімелесуге деген құлықтары бар ма, соны тез аңғаруға болады. Мәселен, сіздің кездесіп отырған адамыңыз сізге қарай сәл еңкейіп, әңгімеңізді бар ынтышынтысымен тыңдап, бас изеп, сөзіңізді құптап отыр, бұл қолайлы жағдай тудырады. Керісінше, кездесуші адам артқа шегініп, шалқалап алды, қимылсыз, сөйлеушіге қарамайды, яғни ол өзінің іс-қимылымен талқыланып жатқан мәселеге араласқысы келмейтіндігін көрсетеді.

Сөйлесу кезінде әңгімелесуші адамдардың арақатынасына, олардың кеңістіктегі орындарына, бір-бірімен арақашықтығына, бір-бірінен қаншалықты дәрежеде алшақ және жақын отырғандықтарына да мән беру қажет, бұл да тиімді әңгімелесуге қажетті шарттардың бірі. Зерттеушілер адамдардың әңгімелесу кезіндегі бір-бірімен арақашықтығының мөлшерлі деңгейін былайша көрсетеді:

Жақын аралық (достардың, жақын адамдардың әңгімелесуі) – 0,5-1,2 метр; әлеуметтік аралық (еркін-әлеуметтік және іскерлік байланыстарға арналған) – 1,2-3,7 метр; көпшілік аралық – 3,7 метрден жоғары. Қолайлы байланыс орнатуға қажетті және өзара тең дәрежеде ықпал ету түріне орай жоғарыдағы аралық түрлерінің бірі таңдап алынады. Кездесуші адамыңды толық дәрежеде түсіну үшін, оның мимикасына, жестілеріне, интонациясына үлкен көңіл бөлген жөн. Бұл іс-әрекеттер адамың ішкі жан дүниесіндегі өзгерістерден, сіздің сөзіңіздің қабылдану деңгейінен, жалпы сөз болып отырған тақырыпқа деген адамның қатынасынан қосымша ақпараттар береді. Сондықтан да сізбен әңгімелесіп отырған адамға бар

назарыңызды аударып, оның тек сөзіне ғана емес, дауысына, сөйлеу мәнеріне, мимикасына, позасына, жестіне де көңіл бөліңіз.

Ықыласпен тыңдаудың маңызды қырын психологтар былайша көрсетеді: “Сөйлеуші адамға оны мұқият тыңдап, қажетті деңгейде түсініп отырғаныңды көрсете біл”. Бұл принципті жүзеге асыру үшін шартты түрде тыңдаудың бірнеше тәсілдерін қолдану керек.

Мәселен, сөйлеуші адамға өз ойын нақтылай түсуін өтіну мақсатында көрсетілген сөз тіркестерін сөз арасында қолдану: “Түсінбей қалдым”, “Қайталап жібермейсіз бе...”, “Сонда нені меңзеп отырсыз?”.

Сөйлеушінің ойын түсіну үшін оның пікірін өзіңізше топшылап айтып көру, мәселен: “Менің сізді түсінуімше, сіз бұл жайында былай ойлайсыз ғой...”, “Сіздің ойыңызша”, “Түйіндеп айтсақ, сіз бұл туралы мынадай істер атқару керек деп есептейсіз ғой...”.

Кей жағдайда сөйлеуші адамның көңілкүйін түсініп, сыртқа шығарып, жария етуіне мүмкіндік жасаған жөн: “Менің ойымша сіз өзіңізді жайсыз сезініп отырған сияқтысыз...”, “Көңіл күйіңіз болмай отыр ма?” деген сауалдар қойған жөн.

Академик Д.С. Лихачев “Письмо о добром и прекрасном” деген кітабында пікірталастырушы адам өзінің қарсыласын мұқият тыңдау арқылы, қайталап сұрау, пысықтау арқылы, оның позициясын нақтылап білу арқылы үш мақсатқа жетеді дейді: бірінші, қарсыласыңыз “мені дұрыс түсінбедіңдер”, “мен олай айтқан жоқпын” деп дау тудыра алмайы. Екіншіден, пікірталастырушы адам қарсыласының пікірін мұқият тыңдап, көңіл қою әрекетімен пікірталасты сырттай бақылап отырғандардың көңілінен шығады, үшіншіден, сайысқа қатысушы қарсыласын тыңдау арқылы, қайталап сұрау арқылы уақыттан ұтады, яғни оның келіспейтін тұстарды іштей пысықтап алуына мүмкіндігі бар, ал бұл пікірсайыстың ұтымды тәсілі.

Өкінішке орай, бұл айтылған принциптер көп жағдайда ескерілмейді. Адамдар оппоненттің сөзін тыңдамай, позициясын анықтамайды, айтып отырған мәліметтерін ой таразысынан өткізбейді, басқаша түсінеді, қарсыласының емес, өзінің ойында отырған сұрақтарға жауап береді. Мұндай жағдайда оппонент өз ой тұжырымдарын қайта айтуға мәжбүр болады.

Ықыласпен тыңдаудың маңызды қыры – «біреуге ақыл айтпа, біреудің ісіне баға берме».

Психологтардың тұжырымдауынша, шынайы ниетпен айтылған кеңестер мен бағалаулар еркін пікірлердің айтылуын шектейді. Ал бұл диалогқа қатысушылардың белсенділігін төмендетіп, олардың пікірлерін еркін айтуына шектеу қойып, мәселені тиімді талқылауға кедергі келтіруі мүмкін.

Журналист үшін іскерлік тіл қатысу ерекшеліктерін білу табысты шығармашылық жұмысының басты алғышарты болып табылады. Қажетті адаммен дұрыс сәлемдесуден бастап, көпшілікті толғандыратын мәселелерге орай қажет деген ақпаратты алып, өз сауалдарына сауатты

жауап алу үшін де жоғарыдағы сөйлеу мәдениетінің қарапайым заңдылықтарын білу қажет.

### Іскерлік кездесудің түрлері

Іскерлік әңгімелесу – нақты бір мәселені шешуге бағытталған, көзбе-көз отырып пікірлермен, ақпараттармен, алуан түрлі ойлармен бөлісуге, өзара пікірталасу мақсатына негізделген екіжақты қатынастың түрі.

Іскерлік әңгімелесудің ерекшеліктері:

- әңгіменің тиімділігін, екеуара немесе екіжақты пайдасын ескеру;
- өтінішті, ұсынысты сауатты түрде жеткізу тәсілдерін ойластыру;
- үгіттеудің ығына жығылып кетпеу;
- кездесуші адамыңыздың өз ойын толық жеткізуіне мүмкіндік беріңіз;
- кездесуші жақтың адамдарын өзіңізбен келісуге мәжбүр етіңіз;
- оларды қызықтыратын әңгімені ғана айтыңыз;
- кездесуші адамнан көбірек ақпарат алуға тырысыңыз;
- тиімді кездесу жасаудың алғышарты болатын сұрақтар дайындап алыңыз, мысалы, “қабылдауыңызға жазылсам бола ма?” деген күмәнді сауалдың орнына “Қабылдауыңызға қашан жазылсам?” деген бұлтартпас сұрақ қойсаңыз ұтасыз.

Іскерлік кездесудің құрылымы:

1. Әңгіменің басы (байланыс орнату, әңгімелесуге жақсы, жайлы орта қалыптастыру);

2. Өз позицияңызды баяндау және негіздеу;

3. Кездесуші адамның позициясын айқындау;

4. Мәселені бірлесіп талқылау – кездесуші адамның күдігін сейілту, ескертпелеріне орынды жауап беру, сұрақтарды шешудің жолдарын бірлесіп іздестіру;

5. Нақты шешімдер қабылдау.

Кездесу кезінде адамдар төмендегідей қателіктерді көбірек жібереді:

– Әңгімеде басымдылық танытқысы келеді және басқаларды пікірімен санаспайды;

– Кездесіп отырған адамының өз-өзін ұстау мәнеріне көңіл аудармайды;

– Ол адамның айтып отырған мәселелеріне қызығушылық танытпайды;

– Ден қойып тыңдамайды;

– Сөйлеп отырған адамның сөзін бөле береді;

– Қарсы жақтың өзінің сөзін тыңдап отырғанына сенімді болмаса да сөйлей береді;

– Ұзақ сөйлеу;

– Сөздік қоры аз.

Іскерлік келіссөздер – нақты бір мәселе жөнінде белгілі бір адамдар тобымен ортақ келісім жасау мақсатында екіжақты талқылау жасау. Бұл іскерлік әңгімелесудің маңызды түріне кіреді. Келіссөздер арқылы іскерлік қатынастар орнығып, келісімшарттар жасалады, маңызды шешімдер

қабылданады, жауапкершілігі үлкен құжаттарға қол қойылады, әртүрлі бағытта жұмыс істейтін фирмалармен, кәсіпорындармен, мекемелермен бірлесіп қызмет атқаруларына жол ашылады.

Келіссөздер – шешімін таппаған сұрақтарды, қақтығыстарды, келіспеушіліктерді, пікір қайшылықтарын шешудің, бір бағытта үндестірудің тиімді жолы әрі табысты байланыс, жақсы ниетте қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Бір ескеретін нәрсе, келіссөздер – пікірталастардың жарысы емес, соғыс алаңы емес, әскери қимылдар ұйымдастыратын театр емес екендігін әрқашан есте ұстау керек, сондықтан да келіссөздер жүргізу үстелінде бас қосқанда “қарсыласымды қайткенде жеңем” деген ниетпен отыруға жол беруге болмайды.

Келіссөздер бірлесіп шешімдер қабылдау үшін жүргізіледі, ал сәтті келіссөздер жасау өзара бірлесіп жұмыс жасаудың алғышарты, қызмет аясын кеңейтудің кепілдігі және болашақтағы дамудың негізгі көрсеткіші.

Іскерлік келіссөздерді сәтті жүргізудің маңызды қырлары:

- 1) қажетті ақпаратты игеру;
- 2) дұрыс жоспар құру;
- 3) шеберлік.

Кез келген келіссөздердің құнды жақтарының әрі тиімді құралдарының бірі – қажетті ақпаратты толық дәрежеде игеріп келу. Келіссөздің өзара тиімділігі екі жақтың талқыланғалы тұрған мәселені жан-жақты зерттеп, ол жөнінде жүйелі ақпараттарды жинақтап келуімен тікелей байланысты. Жинақталған ақпараттардың шындықпен сәйкес келуі және біржақты болмауы маңызды рөл атқарады.

Келіссөзге қатысушыларға қажетті ақпаратты жинақтау үшін біраз еңбектенуге тура келеді, дегенмен бір мәселеге орай жан-жақты әрі маңызды деген ақпараттарды көбірек жинаған топтың кездесу барысында өз-өздерін сенімдірек сезініп, батыл қимылдар жасауға мүмкіндіктері бар екенін естен шығармаған жөн.

Сәтті келіссөз жүргізудің келесі тәсілі – шебер жасалған жоспар. Сондықтан іскерлік келіссөздерге өте мұқият дайындалып, уақытты аямау керек, алдында тұрған талқылаудың әр бөлігін, нәзік әрі қайшылықты тұстарына дейін ойластырып, өз позицияңды негіздеуге қажетті деректерді, дәлелдемелерді жинастырып, оппонентке ықпал етудің тәсілдерін тиімді қолданудың жолдарын алдынала қарастырған жөн.

Ең бастысы, келіссөздерде жақсы, тиянақты дайындығы, тәжірибесі бар, жазбаша және ауызша сөйлеудің мәдениетін игерген, іскерлік этикет ережелерін білетін, бір сөзбен айтқанда “шеберлікті игерген” адамдар тобының жеңіске жететіні даусыз.

Келіссөздер жүргізудің маңызды қырларының бірі – екі жақтың мүддесін тең дәрежеде ескеру. Кездесуде оппоненттердің позициясын талқылау қажетті әрі маңызды болғанымен, ең бастысы – кездесуші топтардың мүдделерін тең дәрежеде қарастыру, яғни бірінші орында мүдделерді теңестіру жолдарын іздестіру және оларды бірлесіп қарастыру. Демек, мүдделер қайшылығын жоюдың тәсілдерін тауып, оларға екі жаққа

да тиімді болатын ортақ шешім табуға көмектесу. Бұл жерде сөзіміз түсінікті болу үшін төмендегідей мысал келтіріп көрейік: *апалы-сіңілілі екі қыз апельсинді бөлісе алмай әлек болады. Олардың әрқайсысы жемісті тұтас алмаса да, жартысын алуға болатынын айтып, өз сөздерін дәлелдеп бағады. Ең соңында екеуі жемісті қақ ортасынан бөліп алуға келіседі. Сырттай қарағанда шешім әділ сияқты, бірақ соңынан мәлім болғанындай, апалы-сіңілілі қыздардың біреуі апельсинді жемек болады, келесісіне торт жасау үшін жемістің тек қабығы керек болған.*

Бұл мысалдан нені көруге болады, яғни екі жақ өз позицияларын ұзақ әрі табанды түрде талқылағанмен, оларға мұның не қажеттігі бар екендігі туралы сұрақ қозғалмай, олар бұл жөнінде ойланбастан шешім шығарады. Бұл жерде екеуі бір-бірінің мүдделерін ескермейді, әрқайсысы өзіне не қажеттігін ашып айтпайды. Екеуі мақсатсыз дауласа бермей, бірін-бірі тыңдап, әрқайсысы өзіне не қажеттігін айтқанда, екі жаққа да тиімді ортақ шешім жасалар еді.

Келіссөздер жүргізгенде ең бастысы – біздің позициямызды бекітіп, мақұлдату емес, мүдделерімізді қанағаттандыру. Келіссөздерге дайындалғанда кімдердің қатысатынын, арнаулы топты кімнің басқаратынын білу және топ мүшелерінің әрқайсысының атқаратын міндеттерін есептеп алу керек. Кездесудің болатын жерін, уақытын айқындау, келіссөздің бағдарламасын құру, жұмыс регламентін нақтылау, кездесуге қызмет көрсететін адамдардың нақты тапсырмаларын жүктеу, т.б.

Алда болатын кездесудің мазмұнына үлкен көңіл бөлу, яғни, мәселені толықтай сараптап әрі мәселенің мәнісін түгелдей зерттеп алу, келіссөздерің мақсаты мен міндеттерін айқындау, делегацияның жалпы позициясын анықтау, өзіндік ұстанымдарды бекітіп алу, нанымды дәйектер мен деректерді жинақтау, мәселені шешудің мүмкін деген нұсқаларын табу, өз ұсыныстарын дайындау, қажетті құжаттарды дайындау, т.б.

Келіссөз жүргізудің қажетті үлгісі немесе негізгі құрылымдық элементтері:

Бірінші – келіссөзге қатынасушыларды қарсы алу, сәлемдесу, бір-біріне таныстыру;

Екінші – келіссөздің мақсатын және талқыланатын мәселені мазмұндау;

Үшінші – позицияларды нақтылауды, талқылауды, өзара келісуді және екіжақты мүддені айқындауды көздейтін қатынастардың диалогі;

Төртінші – қорытынды жасау және шешімдер қабылдау;

Бесінші – келіссөзді аяқтау, қорытындылау. Келіссөз өткеннен кейін оның жетістіктерін, жалпы қорытындыларын сараптау.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Искерлік тіл қатысу дегеніміз не?
2. Искерлік тіл қатысудың ерекшеліктерін атаңыз.

3. Тиімді тыңдаудың түрлері мен принциптері.
4. Тыңдау процесі дегеніміз не?
5. Іскерлік әңгімелесудің түрлері.
6. Іскерлік кездесу, іскерлік келіссөз және телефонмен сөйлесудің өздеріне тән ерекшеліктерін атаңыз.
7. Іскерлік кездесудің құрылымы.
8. Келіссөз жүргізудің қандай құрылымдық элементтері бар?
9. Кездесу кезінде адамдар қандай қателіктерді көбірек жібереді?
10. Сөйлеу әдебі дегеніміз не?

### **1.5. Адамның сөйлеу кезіндегі іс-әрекеті.**

#### **Тіл қатысу процесіндегі қимыл-қозғалыстар жүйесі**

Тіл қатысу тиімділігі әңгімелесіп тұрған адамыңыздың сөзін түсінумен ғана шектелмейді, сіз сөйлеп тұрған адамдардың қимыл-қозғалыстарын, сөйлеу кезіндегі іс-әрекетін дұрыс бағалай білуіңіз керек. Яғни, олардың мимикасын, қозғалысын, көзқарасын жіті бақылай білу қажет.

Тіл қатысу процесіндегі қимыл-қозғалыстар сөйлеушінің өзінің сезімін толықтай білдіруіне мүмкіндік береді, диалогке қатысушылардың өз-өздерін қаншалықты дәрежеде игергендіктерін, дұрыс ұстауларын бағалауға көмектеседі, сонымен қатар олардың шын мәнінде бір-біріне деген қарым-қатынастарын айқындап береді. Мысалы, сөйлесіп тұрғанда қарсы тұрған адамның жақтырмаған әрі мысқылдаған көзқарасын танысаңыз, сөйлей алмай, тұтығып қалуыңыз мүмкін. Егер де адамның бет әлпетінде жек көретінін танытатын мысқыл күлкі болса, сіздің ол адамға ішкі сырыңызды ақтармақ түгілі, әңгімелесуге деген ниетіңіздің жоғалып кететіні сөзсіз. Егер де сөйлесуші адам сізге қызығушылық танытып, мақұлдаған әрі түсіністік ниеттегі көзқараспен қараса, ол адам сіздің сеніміңізге кіріп, ашық әңгіме айтуға жетелейді. Әңгімелесу барысында кездесіп тұрған адамыңыз қолын сілтеп, көзін басқа жаққа тайдырып әкетсе, сіз ол адамның сізге сенбейтінін және әрі қарай әңгіме айтуға құлықсыз екенін танысыз. Кез келген адам сөйлеу кезіндегі іс-әрекетін қанша бақылаймын, мимикам мен қозғалыстарымды реттеймін дегенімен, бұл оңай бола қоятын жұмыс емес. Тіл қатысу процесіндегі қимыл-қозғалыстар көп жағдайда сөйлеушінің шынайы бет-бейнесін ашып қояды, немесе керісінше, шынайы айтқан сөзге күдік келтіретіндей жағдайда қалдыруы мүмкін. Сондықтан да тіл қатысу кезіндегі қимыл-қозғалыстарды дұрыс түсінуге машықтану керек. Тіл қатысу процесінде қандай қимыл-қозғалыстарға көңіл бөлу керек?

Бірінші, мимика – адамның сөйлеу кезінде бетжүзінің құбылуы. Адамның ішкі сезімдерін, жан толқыныстарын бет-әлпетінен айқын тануға болады. Адамның дауысының құбылуы, ішкі жан дүниесіндегі толқыныстары, ерік-жігері сөйлеушінің дене мүшелерінің қимыл-қозғалыстарымен құпия байланыста болады.

Тіл дегеніміз – «жанның жайын жарыққа шығару жолы. Жанның жайын жарыққа шығару үшін, жанның сырын сыртқа білдіру үшін

адамның екі құралы бар: біреуі – мимика, біреуі – сөз. Мимика дегеніміз – жанның сырының дене арқылы сыртқа білінуі (бас изеу, күлу, жылау сықылды). Ым тілін әркім-ақ ұғады. Бірақ ыммен бар нәрсені ұқтырып болмайды. Ым – ішкі сезім тілі. Ым арқылы ойды жарыққа шығару мүмкін емес. Ойдың тілі – сөз», – дейді Мағжан Жұмабаев (5, 71 б.) Бұл жерде ақын мимиканы “жанның сырын сыртқа білдіру құралы” деп бағалайды, шынында да, адам көп жағдайда тілдің орнына қимылды да пайдаланып, өзінің айтар сөзін ыммен, ишаратпен жеткізіп жатады. Бірақ ыммен адам айтар ойын сыртқа шығара алмайды, яғни мимика сөздің баламасы бола алмайды, дегенмен де белгілі бір мөлшерде адамның ішкі сезімін білдірудің құралы болып танылады.

Адамның көзі “жан дүниесінің айнасы” деп бекер айтылмаса керек. Мимика оппонентті дұрыс тануға мүмкіндік береді және оның қандай сезімде тұрғанын айыруға көмектеседі. Мәселен, адам қасын көтеріп, көзін бадырайтып, ернінің ұштары төмен түссе, аузын сәл ашса, бұл оның таңданған кейпін танытады, ал қабағын түйіп, маңдайы тырысса, қабағы катуланса, ернін жымқырып, тістерін қайрап тұрса, бұл ашуланған адамның сипатын береді.

Әйгілі шешен Цицерон «жан дүниенің қозғалыстары дене қимылымен ұштасуы керек, мұндағы қимыл сахналық болмау керек, ойды, пікірді, сөзді мазмұн жағынан ишаратпен, тұспалмен түсіндіріп, толықтыру қажет» – дейді. «Мәселенің мәселесі адамның жүзінде. Барша қуаттың ұясы – көз. Орындаудың қозғаушы күші – жан дүниесі болса, жанның бейнесі – бет, оның ішінде ерекшесі – көз.

Көз – көңілкүй толқындарын, өзгерістерін, елеусіз реңктерін мейлінше толық, жетік, жан-жақты жеткізетін құдіретті мүше».

Адам көзқарасының алуан түрлі сипаты туралы Жүсіпбек Аймауытов «Психология» еңбегінде былайша ой түйеді: «Жіті, тез қарас найзағай сықылды, сынық сызықтармен жүрген іспетті болып тұрады. Мұндай қарас кәдімгі қарас емес, бұл қан қозғанның, көңіл қозғанның белгісі, әсіресе, жалт-жұлт еткен қарас – жеңістікті, түсінуді, махаббатты, ашуды... көрсетеді. Болмаса бір нәрсеге төнудің белгісі (әсіресе, көз ойнақшығанда, адамды ашу-ыза, күншілдік кернейді...). Көздің қаралуына қарай көзқарас орнықты, қыдырма болуға мүмкін. Орнықты қарас бір деректі нәрсеге, не ойға қадалғанда болады. Көздің қыдыруы керенаулықты я қажығандықты көрсетеді. Көбірек байқап, сыналған: орнықты, берік көзқарас – белгілі мүддесі бар, табанды адамдарда болады. Қыдырма қарас – жеңіл мінезді, жеңіл ойлы адамдардікі» (18, 109 б.).

Кездесуге қатысушы топтың адамдары үшін қарсы жақтың адамдарының мимикаларын түсініп, оны оқи білу сауаттылығы артықтық етпейді, мұнымен қоса әр адам өзінің мимикасын қаншалықты дәрежеде игергенін және оның айқындылығы қандай деңгейде екенін білу қажет. Ол үшін бет әлпетіңіздегі құбылыстарды реттеуді қолға алып, бар мәселе сіздің жандүниеніңізден тебіреніп шығып жатқан әр сөздің айтылу деңгейі ғана емес, соны жеткізіп тұрған сәттегі бетжүзіңіздегі өзгерістердің ішкі

сезімдеріңізбен үндесіп, дәл сол ішкі тебіреністеріңізді сыртқа дұрыс танытып тұруында екенін ұмытпағаныңыз жөн.

Екінші – жестикуляция. Адамдар сөйлеген кезде дене мүшелерімен, әсіресе қолдарымен, баспен әртүрлі қимылдар жасайды. Бір қызығы, адамдарды тіл білуге, сөйлеуге жас кезінен үйретеді, ал жестерді олар табиғи жолмен игеріп алады, жестердің мағынасын алдынала ешкім түсіндірмесе де, сөйлеушілер оларды дұрыс қолданады әрі дұрыс түсінеді.

Мұның құпиясы жестердің жеке-дара құбылыс емес, олар сөздерді түсіндірудегі қосымша, адам ойын іс-әрекет арқылы нақтылаушы құрал болғандығында жатса керек. «Мысық мұнда отыр» деген сөзді жестсіз түсіне алмайсыз. «Қайда отыр?» деп қосымша сұрайсыз, содан кейін барып, оның бұрышта әлде үстелдің астында, телевизордың қасында отырғанын анықтайсыз, яғни мысалда айтылған сілтеу есімдігі түсіндіруді талап етеді. Ал егер сөйлеуші өз сөзін жестпен көрсетсе, яғни қолмен нұсқаса, оның сөзі түсінікті болады.

Кез келген тілде нақты бір жестерді білдіретін тұрақты тіркестер болады, олар сөздерді еркін құрастыру негізінде пайда болған. Тұрақты тіркестер адамның көңіл күйін білдіреді, оның таңқалғаны, қуанғаны, күйінгені, көңілінің толмағандығы, бейқамдығы, реніші және т.б. сезімдері, сонымен қатар әртүрлі қимылдар. Мысалы, басын төмен түсірді, басын шайқады, қолын сілтеді, қолын жүрегіне қойды, сұқ саусағымен нұқыды, мұрнын көрсетті және т.б.

Ежелгі дәуірдің атақты ораторларының бірі Демосфен «Жақсы ораторға не керек?» деген сұраққа, «Жестер, жестер және жестер!» деп жауап берген екен. Сөйлеу кезіндегі қимылдардың өзіндік мағынасы бар, яғни ойды нақтылай түседі, оны жандандырады, сөзбен астасып келіп оның эмоциялық дыбысталуын күшейтеді, сонымен қатар сөзді дұрыс қабылдауға ықпал етеді. Сөйлеушінің қимылы жеке сөздің немесе сөз тіркесінің мағынасымен, мәнімен үндесіп, бірін-бірі толықтырып тұрғаны жөн. Ал сөйлеу кезінде артық қимылдар жасау дұрыс емес, өйткені механикалық жестер тыңдаушылардың көңілін бөледі, адам назары айтылып жатқан сөздің мағынасынан қимылдарға ауып кетеді және сөзді қабылдауға кедергі келтіреді. Бір ескеретін нәрсе, орынсыз, артық қимылдар сөйлеушінің толқып, өз-өзіне іштей сенбей тұрғанының да көрсеткіші болып табылатындығы, сондықтан да сөйлеуші әр қимылына сақ болғаны дұрыс.

Қимылдың түрлері:

1. Бірғақты қимыл сөйлеу ырғағымен тікелей байланысты. Логикалық екпінді, дауыстың құбылуын, сөз арасындағы кідірістерді, сөздердің дыбысталуын, бір сөзбен айтқанда интонацияны айшықтай түседі;

2. Эмоциялық қимылдар. Біздің сөйлеген сөздеріміз көп жағдайда эмоциялы сипатта болады, толқу, қуаныш, шаттану, жеккөру, көңілі қалу, бей-жай күй кешу сияқты көңілдің алуан түрлі күйлері тек сөзімізден ғана көрініс таппайды, сонымен қатар интонациямыздан, жасаған

қимылдарымыздан да анық танылып жатады. Сезімнің, көңілдің әр алуан күйлерін, бояуларын беретін қимылдарды эмоциялық жестер деп атаймыз. Мысалы, кеудені екі қолмен ұрғылау, үстелді жұдырықпен бір қою, маңдайды алақанмен шарт еткізу, теріс қарап кету, иығыңды қозғау, т.б.

3. Сілтеу немесе нұсқау қимылдары. Адамдар көп жағдайда сөйлеу кезінде сілтеу есімдіктерін қолданады, яғни нақты бір затты көзбен, қолмен нұсқап, атын атамай, бір іс-әрекетті жасауға итермелейді. Мысалы, “ана есікті ашшы”, “ол кітапты емес, ана кітапты әперіп жіберші”, т.б.

Осы жерде бұл сөздерді қимылсыз түсіндіру мүмкін емес, көзбен, иекпен, қолмен, сұқ саусақпен, бас бармақпен, аяқпен, денені бұру арқылы нұсқаулар жасауға болады.

Кейбір нұсқау қимылдары шартты мағына беруі мүмкін, мысалы сөйлеуші адам сол жақ кеудесін (жүрек тұсын) басып тұрып: “Оның (қимыл) мына тұсында түк жоқ”, – десе, біз ол адамның қатал, жүрек жылуы жоқ адам туралы әңгіме айтып тұрғанын бірден түсінеміз.

Қимылдарды болып жатқан оқиғаның мәніне қарай анықтап алуға болатын жайттар көп кездеседі. Мысалы, дәріс өтіп жатыр. Бір тыңдаушы екіншісімен көз қағыстырып қалып, сағат тағатын қолының білегін саусағымен көрсетеді. Ол оның уақыттың қанша болғандығын сұрап отырғанын бірден түсінеді.

4. Бейнелеуші қимылдар. Кейбір жағдайда адамдар заттардың болмысын сөзбен түсіндіре алмай, нақты бір қимылдар арқылы суреттеп беріп жатады. Мысалы, сізден біреу “Толқын деген не?” деп сұраса, сіз бірден жауап таба алмай, “судың бетіндегі иірімдер ше” деп толқынды қолмен бейнелеп көрсетесіз. Ал шын мәнінде, “толқын дегеніміз – су бетіндегі тербелістер”. Бұл сұрақты кімге қойсаңыз да, олар қолмен қимыл жасамай түсіндіріп бере алмайды. Бұл жерден бейнелеуші қимылдың сол сөзді айқынырақ сомдап, айшықты етіп бейнелейтінін көреміз.

Бейнелеуші жестер мынадай жағдайларда пайда болады:

– бір затты бейнелеп беруге сөзіңіз жетпесе;

– белгілі бір себептерге байланысты бір сөзбен айтып беру жеткіліксіз болған жағдайда, мәселен сөйлеуші қатты толқып тұрса, өз-өзіне есеп бермей тұрса, жүйкесі жұқарып тұрса, оппоненттің өзінің сөзін түсініп тұрғанына күдік келтірген жағдайда;

– егер тыңдаушыға қосымша және нақтырақ түсіндіріп, оның алар әсерін күшейту кезінде.

Символикалық жестер – адамдардың өздеріне деген ыстық ықыласқа, шынайы ниеттерге деген белгілі бір қимыл-әрекеттермен берген өзіндік жауабы. Мәселен, театрларда актерлердің, концерттерде әртістердің қойылым біткеннен кейін қоштасар сәтте түрлі қимылдар жасайтынын жақсы білеміз. Жиі қолданылатындары көпшілік қауым өнерлерін жақсы қабылдап, құрмет-қошамет көрсеткендеріне алғыс ретінде еңкейіп, бүгіліп, өз рақметтерін білдіретін қимылдар. Немесе сахнада тұрып актер екі қолын екі жаққа жайып, көрермендерді өз құшағына алып, қысқандай ниет танытады, сонымен қатар оң қолын жүрек тұсына қойып, тізесін бүгіп,

еңкею қимылдары да жиі кездеседі, бұл қимылдар актердің көрермендерге деген ыстық ықыласын бейнелейді.

Айтыстарда, өнер сайыстарында, әртүрлі жарыстарда қазылар алқасымен таныстырғанда, олар көпшілікпен түрлі қимылдар жасап, өздерінің сәлемдескен кейіптерін танытып жатады. Мысалы, біреуі орнынан тұрып, көрермендерге бұрылып басын иеді, келесісі екі қолын жоғары көтеріп, алақандарын түйістіріп, қолдарын сілкиді, үшіншісі еңкейіп сәлемдеседі. Міне, бұл аталған қимылдардың бәрі символикалық жестер деп аталады.

Ең ерекше жест тыңдаушыға білінбейтін, сөзбен астасып, бітісіп кететін және сөздің әсер ету күшін ұлғайтатын қимылдар деп бағаланады.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Тіл қатысу кезінде қандай қимыл қозғалыстарға көңіл бөлу керек?
2. Тіл қатысу процесінде қимыл қозғалыстар қандай рөл атқарады?
3. Қимылдың түрлерін атаңыз.
4. Бейнелеуші және символикалық жестер.
5. Мимика және жестикуляция.

## 2-ТАРАУ. СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

### 2.1. Сөйлеу мәдениеті дегеніміз не?

Нақты бір жағдайда және алға қойған мақсатқа жетуді көздеп, сол жолда дұрыс тіл табысып, адресатқа жақсы әсер етуге қажетті мінездер жиынтығын **сөйлеу мәдениетіне** жатқызамыз. Олар:

- 1) Сөздік қордың молдығы әрі әр алуандығы;
- 2) Тіл тазалығы;
- 3) Тіл көркемдігі немесе айшықтылығы;
- 4) Тіл түсініктілігі немесе айқындылығы;
- 5) Тіл дәлдігі мен дұрыстығы;
- 6) Сөз дұрыстығы;
- 7) Сөз мағыналылығы мен әсерлілігі;
- 8) Сөзді сәтімен айта білу қабілеті.

Сөйлеу мәдениетін жетілдіргісі келген әр адам:

– Ұлттық ана тілі дегеніміз не?

– Өмірде ана тілі қандай түрлерде қолданылады?

– Ауызекі тілден жазбаша тілдің айырмашылығы қандай?

– Ауызша тілдің негізгі заңдылықтары қандай?

– Функционалдық стиль дегеніміз не?

– Неге тілде грамматикалық, фонетикалық, лексикалық варианттар болады?

– Олардың айырмашылықтары неде? – деген сұрақтарға жауап беріп, әдеби тіл нормасын игеріп, тіл қатысу процесінде сөздерді дұрыс пайдаланып және таңдай білуге үнемі жаттығып, әрі тілдік қорды дамытып отыру керектігін естен шығармауы қажет.

### 2.2. Сөйлеудің негізгі сапалық ерекшеліктері

**1) Сөздік қордың молдығы және әр алуандығы.** Бір адамның сөздік қорында қанша сөз болуы керек? Кейбір зерттеушілер 7-9 мың сөз десе, келесілері 11-13 мың сөз болуы керек дейді. Мәселен, жазушы М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясында 16 мың 983 сөз пайдаланған, 8698-і тек бір не екі рет қана келтірілген екен. Ал орыстың әйгілі жазушыларына келсек, А.С. Пушкин шығармалары мен хаттарында 21 мың сөз, бір сөзді екі-ақ рет пайдаланған, ал Есенинде 18890 сөз, Гоголь «Мертвые души» шығармасында 10 мың сөз қолданған. Міне, бұл деректерге қарап, жазушылардың сөздік қорларының қаншалықты бай екендігіне көз жеткізуге болады.

Кез келген тілдің байлығы оның сөздік қорының молдығымен бағаланады, сонымен қатар сөздің мағыналық түрленуі мен әрлілігі де тіл байлығының көрсеткіші болып табылады, ал сөздің мағынасының түрленуі көпмағыналылықтан, омонимдерден, синонимдерден, фразеологиялық тіркестерден, мақал-мәтелдерден құралып, пайда болады. Ал бұлар

адамның сөзін түрлендіріп, көркемдеп жеткізуге, өз ойын бейнелеп білдіруге мүмкіндік береді, сөз қайталауларын болдырмайды.

Қазақ тілі әлемдегі дамыған тілдердің бірінен саналады. Ш.Уәлиханов «Түркі тілдерінің ішіндегі ең тамашасы – қазақ тілі» деп ана тілімізге жоғары баға берген, ал лингвист-ғалым А.Байтұрсынов тіл мүмкіндігі туралы былайша ой түйіндеген: «Тілдің міндеті ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек.

Өлеңге әркімнің де бар таласы,

Сонда да солардың бар таңдамасы.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,

Қазақтың келістірер қай баласы? –

деп Абай айтқандай, “сөз шығаратындар көп, бірақ келістіретіндер аз болады» (11, 343 б.). Бұл пікірден ойға түйетініміз, ана тіліміздің сөз байлығы өте мол, адамның көңілдегісін, қиялдағысын, жүректегі тебіренісін, ақылға түйгенін сөзбен өрнектеуге, кестелеуге мүмкіндігі зор, бірақ тілді өз деңгейінде қолдану адамның тек өзіне қатысты жұмыс. Барлығымыз сөйлей білгенімізбен, ойымызды жүйелі сөзбен жеткізуге келгенде тілге шорқақ болып қалатынымыз бар. Ахмет айтқандай тілді өз орнымен жұмсай білетін, сөзді келістіріп сөйлейтін жандар сирек болады.

Сөйлеуші адамға өзінің ойын анық әрі түсінікті етіп жеткізу үшін жеткілікті дәрежеде сөздік қоры болуы керек. Ең маңыздысы адам сөздік қорын үнемі жетілдіріп, өз ана тілінің байлығын барынша пайдаланып, күнделікті тұрмыста қолдануға тырысуы керек.

Сөйлеудегі жаттандылықтан қашыңыз, ол сөзді жұтаң және нәрсіз етіп көрсетеді. Жаттанды сөздер – күнделікті қолданыстағы құлаққа жауыр болған сөздер, тіркестер, олар қалай пайда болады? Ең алдымен, арнайы іскерлік стильдегі сөздердің, қайырымдардың таралуынан пайда болады. Сонымен қатар поэтикалық тіл, образды сөз де жаттандылықтың көзі, егер кез келген сөзді жиі қолдансақ, ол шаблонға айналып кетеді, эмоция тудырмайды, тыңдаушыға әсер етпейді.

Тіл жұтандығы мен сөз жаттандылығы ойдың жұтандығын көрсететінін естен шығармаңыз.

**2) Сөйлеу мәдениетіне қажетті шарттардың бірі – тіл тазалығы.** Бұл дегеніміз сөйлеуші адамның сөзінде артық сөздердің, паразит әрі балдыр сөздердің болмауы. Ал бұл сөздерді өз орнында қолданбаудың немесе қажетсіз сөздерді орынсыз жерге кірістірудің және кейбір сөздерді жиі қолданудың нәтижесінде пайда болады. Мысалға алсақ, адамдар сөз арасында не ғой, не ше, солай, былай айтқанда, анау ше деген қажетсіз сөздерді жиі қолданады.

Паразит сөздер, балдыр сөздер ешқандай ақпараттық сипат, мағыналық көрсеткіш болып табылмайды. Олар тек сөз арасын былғайды, оның қабылдануын ауырлатады, айтылған ойдың мағынасын түсінуге қиындық тудырып, тыңдаушының көңілін бөледі, тыңдаушыларға психологиялық жағынан кері әсер етеді. Онда неге қолданамыз? Сөз алғанда қатты толқығандықтан, көпшілік алдында ойлана алмаудан, өз ойыңды көркемдеп жеткізу үшін керекті сөздерді тандап ала алмау, ең бастысы сөйлеушінің жеке сөздік қорының жұтаңдығы. Адамның тіл тазалығын сақтауға тырысуы сапалы, мәнді сөйлеуге деген талпынысы болып есептеледі.

Ахмет Байтұрсынов тіл тазалығын «ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу» деп көрсетеді.

**3) Тіл көркемдігі.** Сөйлеуші тыңдаушының ойына ғана емес, сезіміне, елестету қабілетіне әсер етуі керек. Сөздің бейнелілігі, эмоциялылығы оның әсер ету тиімділігін арттырады, түсінуге ықпал етеді, жақсы қабылдауға, есте сақтауға әсер етеді әрі эстетикалық ләззат береді. Бұл жөнінде Ахмет Байтұрсынов былай дейді: «Сөздің дұрыс, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Сол сияқты өң берілген сөздер көрнекі делінеді. Тіл көрнекі болуы үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана саңлауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек. Мысалы, шолақ ақыл, күн күркіреу, қазанның құлағы, т.б.».

**4) Тіл түсініктілігі.** «Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтіндей болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек. Адам анық танитын нәрсесін ашық айтады. Сондықтан біреудің айтқан сөзін анық түсінеміз де, біреудің сөзін анық түсінбей, жорамалдап жорып, ұйғарып қана қоямыз. Лебіз анық болуына мынадай орындарда кемшілік келмек:

- Лебіз мағынасы екіұшты ұғарлық болып айтылғанда;
- Сөйлемдердің шұбалаңқы айтылуы;
- Сөздер өз мағынасында жұмсалмаса;
- Адас синоним сөздерді аңдап айтпаса, мәселен «Сол елдің адамының бәрі азулы» азып тозу немесе мықты;
- Сөз өктейсіз орынға қойылса» (А.Байтұрсынов).

Мұнымен қоса тіл анықтығы дегеніміз – сөз мағынасының түсінікті болуы, ол үшін терминдер, шет тіліндегі сөздер, диалектикалық сөздер, жаргондар, архаизмдер, кәсіби сөздерді өз жөнімен қолдану, ретсіз сөз арасын былғамау.

Сөз түсінікті болмаса, адамның ойын түсіну қиынға соғады.

**5) Тіл дәлдігі** деп «ойлаған ұғымға сөз мағынасының сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келуі үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек. Тіл дәлдігін бұзатын көбінесе әуендес сөздер.

Әуендес сөз деп мағынасы жақын сөздер айтылады. Мәселен, батырлық, ерлік, батылдық, өткірлік, өжеттік деген сияқты сөздер. Мұның бәрі жүректілікті көрсеткенмен, әрқайсысы өз алдына өңі бар.

Тіл дәлдігіне мынадай орындарда кемшілік келеді:

– сөйлем ішіне орын алып, оралғы болуда басқа қажеті жоқ сөздер кірсе;

– ойы қарайлас сөйлемдер қатар айтылғанда» (А. Байтұрсынов).

Сонымен қатар тіл дәлдігі дегеніміз тіл заңдылықтарын жақсы білу, нақты, әрі айқын ойлай білу, сөздерді дұрыс қолдана білу. Көпмағыналы сөздерді, омоним, синоним, антонимдерді дұрыс пайдалану. Лексикалық құралдарды іріктегенде төмендегідей шарттарды ескеру:

– сөз мағынасы;

– көпмағыналылығы;

– басқа сөздермен байланысы;

– эмоциялы-экспрессивті бояуы;

– стилистикалық мінездемесі;

– қолданылу аясы;

– грамматикалық көркемделуі, бейнелілігі.

Лексикалық құралдарды іріктегенде негізгі шарттарды орындамау сөзді дұрыс қолданбауға әкеліп соқтырады. Мәселен, сөзді өз мағынасында қолданбау, екіұшты мағына беру, жаттандылыққа соқтыру, сөз байланысындағы қателіктерге әкелу, сөздерді стилистикалық бағалаудағы қателіктерге ұрындыру.

**б) Сөз дұрыстығы** – әдеби тілдің қалыптасқан нормасын сақтау, оның ішінде сөздің дұрыс айтылу заңдылықтарын орындау. «Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Олай болуы үшін:

– Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнында тұтыну;

– Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;

– Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру» керек (А. Байтұрсынов).

Әр журналист үшін сөйлеу мәдениетінің заңдылықтарын білу – ең басты шарттардың бірі, әсіресе телерадиода жұмыс істейтін әріптестеріміз үшін аса қажет. Телевизияда жүргізушінің сыртқы келбеті бірінші кезекте бағаланады, ал радиода ең бастысы жағымды үн, мәнерлі дауыс қажет десек те, екі жағдайда да журналист сауатты сөйлей білмесе, өз ойын мәнерлеп жеткізе алмаса көпшіліктің көңілінен шығып, кәсіби шеберлікке қол жеткізу мүмкін емес. Сондықтан сөйлеудің біз жоғарыда атап өткен қарапайым заңдылықтарын білу журналистерге қойылар басты талап болмақ.

**7) Сөз мағыналылығы мен әсерлілігі.** Бұл жерде Ғ. Мұстафиннің мына пікірі орынды болмақ: «Сөзге әсер бере білген, жаңа мағына сала

білген, сезім мөлшерін ұмытпаған жазушы әрдайым ұтады... Поэзия ұғымды болуымен қоса, әсерлі болсын. Өйткені, ұғымдының бәрі әсерлі бола бермейді. Әсердің өзі әр қилы. Бір әсер – өмір бойы ойыңнан кетпейді, бір әсер сол арада қалып қояды» (19, 105 б.). Жазушының поэзияның тілі әсерлі болсын деген талабы журналистің сөзіне де қатысты, өйткені әсерлі сөйлеп, көпшіліктің сезімін қозғай білу шеберлігі шығармашылық адамдары үшін аса қажет қабілеттердің бірі.

**8) Сөзді сәтімен айта білу қабілеті.** «Кезін тауып айтсаң, көкейге қона қалады әрбір сөз» деген жазушы Ғ.Мұстафиннің қанатты сөзі әр журналисті ойландырып, сөзді өз орнымен әрі дәл қажетті жерінде айта білуге машықтануға итермелейтіні сөзсіз.

Журналист шығармашылық адамы болғандықтан, оның сөз өнерін меңгеруіне қажетті қабілеттерді төмендегідей саралауға болады:

- 1) өз ісіне деген құмарлық керек;
- 2) ұқыптылық керек;
- 3) төзімділік керек;
- 4) тапқыр ой керек;
- 5) ойды жеткізетін ұтқыр, әрі алғыр тіл керек;

б)өзінді қоршаған адамдармен етене араласып, шынайы өмірді жан-тәніңмен сезіне білу қабілеті керек, яғни мына пікірді көңілге түйіп алу қажет: «Өмір ешкімді сыйламайды, тосып тұрмайды – толқып жатқан мылқау мұхит. Сол мұхитпен алыса, арбаса жүріп әркім өз әлінше керегін алады. Демек, жастар жалаң талантқа, кітап біліміне сеніп қалмасын. Оларды өмірмен суара білсін. Суару үшін өмірдің бетінде қалқу жетімсіз, сүңгу керек. Сонда ғана бүкіл денең сезінеді» (19, 156 б.).

- 7) сезімталдық керек;

8) заман ағымын сезіне білу. «Әр заманның, әр қауымның өзіне тән жаңа ойы, ойын жұртқа жаятын сөзі бар. Сол сөзді кім бұрын тауып айтса, бақыт құсы соның басына қонады» (19, 241 б.).

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Сөйлеу мәдениеті дегеніміз не?
2. Сөйлеудің негізгі сапалық ерекшеліктері.
3. Ғалым А.Байтұрсыновтың тіл қисыны туралы қағидаларын атаңыз.
4. Паразит сөздер мен балдыр сөздер.
5. Лебіз анықтығы дегеніміз не?

### **2.3. Сөйлеу мәдениетінің негізі – әдеби тіл**

Сөйлеу мәдениетінің негізі әдеби тіл болып табылады. Ол ұлттық ана тілдің ең жоғарғы көрсеткішін құрайды. Бұл – мәдениеттің, әдебиеттің, білім берудің, бұқаралық ақпарат құралдарының тілі.

Әдеби тіл адамдар қызметінің әртүрлі саласында қызмет көрсетеді. Ең негізгілеріне тоқталсақ, олар – саясат, ғылым, мәдениет, сөз өнері, білім беру, заң шығару орындары, ресми-іскерлік қарым-қатынас, тұрмыстық тіл қатысу, ұлтаралық қарым-қатынас, баспасөз, радио, телевизия.

Ұлттық тілдің әр алуан түрлерін, мәселен қарапайым ауызекі сөйлеу тілі, аймақтық және әлеуметтік диалектика, жаргондарды салыстырсақ, әрине әдеби тіл басты рөл атқарады. Әдеби тіл ой-түсініктер мен атаулардың мағынасын танытуда, эмоция мен ойды білдіруде ең ұтымды тәсілдерге құрылған немесе бойына жинақтаған.

Әдеби тіл мен тілдің әдеби нормаға жатпайтын түрлерінің арасында өзара ықпал ету процестері үздіксіз болып жатады, әсіресе ауызекі сөйлеу стилінде көбірек байқалады.

Ғылыми лингвистикалық әдебиетте әдеби тілдің негізгі белгілері былайша көрсетілген:

Бірінші – сұрыпталған, яғни М.Горькийше айтсақ, әдеби тіл – жазушылар, ақындар, ғалымдар, қоғам қайраткерлері сияқты сөз шеберлері сұрыптаған, жетілдірген тіл;

Екінші – тұрақтылық;

Үшінші – тілді қолданушылар мен жеткізушілердің барлығына жүктелген міндеттеме;

Төртінші – жүйелілік;

Бесінші – функционалды стильдердің болуы.

### **Ауызша және жазбаша тіл**

Әдеби тіл екі формада өмір сүреді: ауызша және жазбаша. Әрқайсысы өзіндік қырларымен ерекшеленеді.

Ауызша тіл:

1) дыбысталып айтылатын тіл және бұл жерде ой білдірудің құралдары мен фонетикалық жүйесі қолданылады;

2) ауызша тіл сөйлеу процесінде пайда болады;

3) ауызша тілге сөзді суырып салу, табанасты айту шеберлігі мен тілдік ерекшеліктері тән, мысалы лексиканы таңдаудағы еріктілік, қарапайым сөйлемдерді қолдану, әр текті сұраулы, лепті, жай сөйлем түрлерін пайдалану, қайталаулар, ойды қысқа түрде, толық мәнде жеткізбеуге болатындығы.

Жазбаша тіл:

– бұл нақты бекітілген тіл;

– жазбаша тіл алдынала ойластырылған және түзетілген болуы мүмкін;

– жазбаша тілге бірқатар тілдік ерекшеліктер тән: кітаби лексиканы меңгеру, құрылымдық жүйелерді білу, тіл нормасын қатаң сақтау, тілге жат элементтердің қолданылмауы, т.б.

Ауызша тіл жазбаша тілден адресат мінездемесімен де ерекшеленеді. Жазбаша тіл шартты түрдегі адамдарға арналып жазылады, жазып отырған адам өзінің оқырманын көрмейді, тек оны ойша елестетеді. Жазбаша тілге оны оқып отырған жандардың реакциялары әсер етпейді. Ал ауызша тіл, керісінше тыңдаушылардың болғанын қалайды. Сөйлеуші мен тыңдаушы бірін-бірі естіп қана қоймайды, бірін-бірі көріп отырады, сондықтан да ауызша тіл айтылған ойдың қалай қабылдануына тікелей тәуелді болады.

Құптау немесе құптамау сияқты тыңдаушылардың реакциялары, сөз арасында сөйлеушінің сөзін бөліп жіберіп отырулары, мұның бәрі сөздің сипаттамасын айқындап отырады және өзгеруіне, басқа сипат алуына әсер етеді.

Сөйлеуші өз сөзін табанасты құрап, ойын жүйелеп жеткізуі тиіс. Ол бірмезетте сөздің мағынасымен де, формасымен де жұмыс істейді. Ал жазушының жазылған мәтінді жетілдіруге, яғни оны қайта қарап, өзгертуге, түзетуге мүмкіндігі бар.

Ауызша және жазбаша тілдің қабылдану мінездемесінде де айтарлықтай өзгешеліктер бар. Жазбаша тіл адамдардың көзбен қабылдау қабілетіне негізделген. Оқу барысында түсінбеген жерлерін бірнеше рет қайтара оқып шығуға, ұнаған жерлерінен үзінді жазып алуға, жекелеген сөздердің мағынасын толық түсінуге, терминдердің мәнін дұрыс қабылдау үшін сөздіктермен салыстыруға мүмкіндік берілген. Ал ауызша сөйлеу тілі есту мүшелерімен қабылданады, оны қайта тыңдау үшін арнайы техникалық құралдардың көмегін пайдалану керек. Осы себепті ауызша сөйлеу тілінің құрылымы сауатты түзілген болуы керек, айтылған ойдың мағынасы қарапайым әрі қысқа тілде беріліп тыңдармандардың тез, әрі оңай қабылдауларына мүмкіндік жасалуы тиіс.

Ауызша сөйлеу тілінің екі түрі бар:

- 1) ауызекі сөйлеу немесе әңгімелесу;
- 2) жүйеленген тіл қатысу.

Әңгімелесу тілі тіл қатысудың мынадай аумақтарын қамтиды: еркін әңгімелесу, дайындықсыз сұхбаттасу, ауызша формада өз-өзіңізді таныту, коммуникативтіліктің ауызша емес құралдарын қолдану. Әңгімелесу кезінде вербальды және вербальды емес тіл қатысу құралдарын қолдануды еркін таңдауға мүмкіндік бар және еркін түрде, тікелей байланысу белгілері үлкен ықпал етеді. Сауал беруші адамның сұрағына сөзбен жауап бермей, қолмен белгі беруге, бет-әлпеттің қимылдарымен түсіндіруге болады.

Жүйеленген тіл қатысу қарым-қатынастың ресми түрлерінде қолданылады, мәселен симпозиумдар, съездер, мәжілістер, жиналыстар, конференциялар, т.б. Жүйеленген тіл қатысудың мәтіні алдынала жазылып, дайындалып қойылады, мәселен дәріс оқу, баяндама жасау, ақпарат немесе хабарлама айту, есеп беру. Бұл сөйлеу түріне қатынасудың вербальды емес құралдарын шектеп пайдалану тәсілі тән.

### **Әдеби тіл нормасы**

Әдеби тілдің маңызды белгісі, оның қалыптасқан нормалар жүйесі жазбаша және ауызша формада да көрініс тапқан. Норма – тіл элементтерінің (сөздер, сөздік құрылымдар, сөйлемдер) бірізге түсіп қалыптасқан, ерекше деп танылған, жалпы деңгейде мойындалған формада қолдану, сонымен қатар әдеби тілдің нақты бір даму кезеңінде тіл құралдарын қолдану ережелері. Әдеби тіл нормасының ерекше белгілері:

- салыстырмалы тұрақтылық;

- таралу ауқымының кең болуы;
- қолдану аясының ауқымдылығы;
- жалпыға міндеттілігі;
- тіл жүйесінің қолданылуына, мүмкіндіктеріне, қалыптасқан заңдылықтармен сәйкестігі.

Тіл нормаларын ғалымдар ойлап шығармайды. Олар тілдік жүйеде болып жатқан заңды процестер мен құбылыстардың негізінде пайда болып, сөйлеу тілінің тәжірибесімен ұштастырыла дамиды. Тіл нормасының негізгі қайнар көздеріне классик-жазушылардың және жаңа заман жазушыларының шығармаларын, БАҚ тіліне жасалған талдаулар, жалпыға бірдей тілдің күнделікті қолданысы, тіл мамандары мен ғалымдардың ғылыми зерттеулерін жатқызуға болады.

Норма әдеби тілдің біртұтастығын және жалпыға түсінікті болу қабілетін сақтауға көмектеседі. Ол әдеби тілді диалектикалық сөздердің ағымдарынан, әлеуметтік және кәсіби, қарабайыр сөздердің жаулап алуынан қорғайды, соған тосқауыл болады. Бұл әдеби тілге өзінің негізгі мәдени қызметін атқаруға мүмкіндік береді. Әдеби норма тілді қолдану жағдайларына тәуелді. Тұрмысты байланысқа қолайлы тіл құралдары келесі бір жағдайда, мәселен іскерлік кездесу кезінде қажетсіз әрі орынсыз болуы мүмкін. Норма тіл құралдарын жақсы немесе жаман деп бөлмейді, тек коммуникативті мақсаттылыққа бағыттайды.

Әдеби тіл нормасының өзгеруіне бастама болатын шарттар әртүрлі: күнделікті сөйлеу тілі, жергілікті сөздер, қарабайыр сөздер, кәсіби жаргондар, басқа шет тілдердің ықпалы.

Әдеби тіл нормасының тарихи өзгеріске түсуі – заңды құбылыс. Ол тілді жекелей қолданушылардың еріктері мен қажеттіліктеріне тәуелді емес. Қоғамның дамуы, өмірдің әлеуметтік деңгейінің өзгеруі, жаңа салттардың пайда болуы, адамдардың бір-бірімен байланысының, қарым-қатынастарының жетілуі, әдебиеттің, өнердің дамуы әдеби тіл мен нормалардың үздіксіз жаңарып отыруына әкеліп соғады.

Қандай тілдік нормаларды білу қажет?

Сөйлеу барысында грамматикалық, лексикалық, орфоэпиялық және акцентологиялық нормаларды сақтау маңыздылығын ұмытпау керек. Грамматикалық норма – сөйлеу барысында сөздерді қолдану ережелері, яғни сөзді тек өз мағынасында қолдану. Лексикалық нормаларды бұзу адам ойының дұрыс түсінілмеуі жағдайына әкеліп, теріс мағына береді.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Әдеби тіл дегеніміз не?
2. Әдеби тілдің негізгі белгілері қандай?
3. Ауызша және жазбаша тіл.
4. Әдеби тіл нормасының негізгі ерекшеліктері.
5. Қандай тілдік нормалар бар?

## 2.4. Тартымды, көркем сөйлеу тәсілдері

М.В. Ломоносов: “Шешендік дегеніміз – кез келген материя туралы әсерлі, бейнелі баяндау, сол арқылы өз пікіріңе басқаларды ұйыта білу қабілеті”, – деген болатын.

Көркем тілде сөйлеу әңгімеңіздің тиімділігін арттырады, айшықты сөз тыңдаушылардың қызығушылығын және тақырыпқа деген адамның ықыласын оятады, адамның ойына ғана емес, сезіміне, көзге ойша елестету қабілетіне әсер етеді.

Көркем, бейнелі, айшықты тілмен тыңдаушылардың ықыласын игеріп, оларға белгілі бір дәрежеде ықпал ете білу өз сөзіңізге ұйыту мақсатынан туындайды. Айшықты, мәнерлі, көркем тілде сөйлеу сіздің сөзіңіздің тиімділігін арттырады, тыңдаушылардың қызығушылығын тудырады, әңгіме өзегі болып табылатын мәселе төңірегінде барлық адамдардың ықыласын топтастырып, олардың санасына, сезіміне, елестету қабілетіне әсер етеді.

Ғылымда айқын сөйлеу, айшықты сөйлеу деген ұғымның бір ізге түскен анықтамасы жоқ, ғалымдар барлық деңгейдегі тіл құралдарының көмегімен тіл анықтығы пайда болады дейді.

Б. Головин деген орыс ғалымы жекелеген адамның сөйлеу тілінің айшықты болуы төмендегідей шарттарға байланысты болады дейді:

- сөйлеуші адам санасы қызметінің, ойлау қабілетінің ерікті болуы;
- сөйлеуші адамның өзі айтып немесе жазып жүрген мәселесіне деген қызығушылық сезімінің болуы, сонымен қатар кімдерге арнап сөйлеп және жазғанын сезінуі керек;
- тілді және оның көркемдеу тәсілдерін жетік білу;
- тіл стильдерінің ерекшеліктері мен құрылымдарын жақсы білу;
- дұрыс сөйлеуге, әдеттеріне жүйелі және саналы түрде жаттығып отыру;
- өз сөзіңді бақылай білу қабілеті, сөздік қорыңда құрғақ қарабайыр сөздер кездесе ме немесе сөзіңнің көркемдік деңгейі қандай, осыларды ескеріп отыру;
- сөйлеушінің көркем, көрнекті тілде сөйлеуге немесе жазуға саналы түрде икемделуі, ниеттің, құлшыныстың болуы және соған деген психологиялық негізделген шарттар немесе талаптарды орындау.

Сөйлеуші адамға өз сөзін бейнелі, әсерлі етіп шығару үшін көркем тәсілдер, тілдің бейнелеу және көркемдеу құралдары, яғни троптар, фигуралар, мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер, канатты сөздер көмекке келеді.

Тілдің көркемдік құралдарын талдамас бұрын, сөйлеушінің басты қаруы, негізгі пайдаланушы құрал – сөздің ерекшеліктері және оның мүмкіндіктеріне бір сәтке тоқталып көрейік.

Адамды қоршаған заттардың, құбылыстардың, қимыл-әрекеттердің бәрінің атауы сөзден тұрады. Сондай-ақ сөз эстетикалық функцияны да атқарады, ол тек қана затты, қимылды, сапаны атау мүмкіндігімен қоса,

көз алдыңызға олардың бейнесін ойша сомдап бере алады. Сөз бейнелілігі деген түсінік көпмағыналылық деген сипатпен тікелей байланысты. Мәселен, нақты бір затты атаған сөз бірмағыналы (троллейбус, машина, қант, т.б.), ал бірнеше заттардың, шындықтың құбылыстарын білдіретін сөз көпмағыналы сөздер деп аталады. Белгілі бір дәрежеде көпмағыналылық шынайы өмірде бар күрделі қатынастарды білдіреді. Егер заттардың сыртқы бейнелерінде ұқсастық немесе жасырын ортақ белгілер болса, бір нәрсеге тең дәрежеде деңгейлес болса, бұл жерде бір заттың атауы екінші заттың атауына сәйкес келуі мүмкін. Мәселен: ине – тігу машинасының құралы, ине – кірпікшешеннің инесі, т.б.

Алғашқы кезде тілде пайда болған сөз мағынасы тікелей, ал қалғандары жанама деп аталады. Жанама мағыналы сөздер көбіне бейнелік көркемдік дәрежеде қолданылады. Жанама мағыналы сөздерді қолдану метафора, метонимия, синекдоха сияқты ауызекі тілде пайдаланылатын көркемдік тәсілдерге тікелей байланысты.

Сөздің реңін кіргізу, әдеби тілмен ажарлау жайлы сөз еткенде тілді көркемдеудің тәсілі ретінде ең алдымен **эпитет** ауызға оралады. Эпитет дегеніміз – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз.

Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі – **теңеу**. Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді.

Әдеби тілді құбылта да білу керек. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлілігі үшін де орасан қажет тәсіл – **құбылту, яғни троп (грекше tropos – иін, иірім)** сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті өңін айналдырып айту.

Құбылтудың түрлері көп. Әдеби тілдегі ең басты құбылтулардың бірі – **ауыстыру, яғни метафора (грекше metaphora – көшіру)** – сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау.

Ауыстыру жеке сөздерде немесе сөйлем ішінде ғана ұлғаюмен тынбай, кейде бүкіл шығарманың өн бойындағы бейнелеу тәсіліне көшуі мүмкін, мұны **кейіптеу (грекше prosopoeia)** деп атаймыз.

Троптың бір түрі – **астарлау, яғни символ (грекше symbolon – шартты белгі)** – бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды да ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру.

Троптың келесі бір түрі – **алмастыру, яғни метонимия (грекше metonymia – қайтадан атау)** – өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің

орнына бірін қолдану. Мұның да әдеби тілде атқарар қызметі әжептәуір: кейде ой ықшамдығы үшін, кейде образ нұсқалылығы үшін қажет.

Әдеби тілді ажарлаумен, құбылтумен қатар, керек жағдайда айшықтай білген жөн. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлілігі үшін де әжептәуір қажет тәсіл – **айшықтау, яғни фигура (латынша figura – келбет, бейне)** – сөз тіркестерін дағдылы синтаксистік қалыптан гөрі өзгешелеу ораммен, айрықша айшықпен құру.

Айшықтаудың (фигураның) бір түрі – қайталау, сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды айшықтай түсу.

Фигураның бір түрі – **шендестіру, яғни антитеза (грекше antitesis – қарама-қарсылық)** – бір-біріне кереғар құбылыстарды, мән-мағынасы әр тарап ұғымдарды, түр-түсі әр бөлек нәрселерді өзара бетпе-бет қою арқылы бұлардан мүлде басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суретін, сыр-сипатын, кескін-кейпін анықтау.

Фигураның бір түрі **анафора (грекше anaphora – биікке шығару)** - өлеңнің әр жолы немесе әр ой ағымы бір сөзден басталып отырады.

Сөздің эмоциялық бояуын, айшықтылығын, бейнелілігін арттырып, жандандыру үшін стилистикалық, синтаксистік тәсілдерді қолданады, яғни антитеза, инверсия, қайталау және т.б. Мысалы, Марк Туллий Цицерон билікті тұрпайы түрде тартып алу үшін жасырын әрекеттер жасаушылардың басшысы Луций Сергииге қарсы былай деп сөйлеген:

“...На нашей стороне сражается чувство чести, на той наглость; здесь – стыдливость, там – разврат; здесь – верность, там – обман; здесь – доблесть, там – преступление; здесь – непоколебимость, там – неистовство...”.

Бұл жерде қарама-қарсы түсініктер салыстырмалы түрде алынған, мұндай шындықты көлеңкелі жайттармен қарсы қою арқылы ой сабақтау тыңдаушылардың санасына қатты әсер етеді, мұндай қарама-қарсы келетін құбылыстар мен белгілерді жұптастыру антитеза деп аталады.

Сөз көркемдігін арттырушы бағалы тәсілдердің бірі – **инверсия**, яғни мағыналық және стилистикалық мақсатпен сөйлемдегі сөздердің қалыптасқан орналасу ретін бұзу.

### **Бөтен сөздерді қолдану**

Төл сөзді, егер ол сөйлеушінің сөзінде қолданылса, оны көркемдік тәсілге жатқызуға болады. Бұл сөз дәл немесе жанама, тіптен ойдан құрастырып қолданылуы мүмкін. Егер біреудің сөзін дәл сол күйінде, еш өзгеріссіз сөз арасында қолдансаңыз, ол дәйексөз деп аталады. Былай алып қарасаңыз, дәйексөз аса бір шеберлікті қажет етпейтін сияқты, алайда қолданудың ерекшеліктері, жағымды және жағымсыз тұстары болатынын ескерген жөн. Мәселен, кейбір адамдар өз сөздерін бір ғана дәйексөзге құрып шығады, бұл тыңдаушылар тарапынан түсініспеушілік тудырады, олар автордың жеке пікірін, бақылауларының нәтижелерін білгілері келеді.

Сонымен қатар дәйексөздің толассыз айтылуы адамдарды жалықтырады, өйткені сөзді естіп отырғанда оның қайсысы автордың сөзі, қайсысы төлеу сөз екенін олар аңдай алмай, тыңдаудан тез жалығады.

Сондықтан да сөйлеуге таңдалып алынған дәйексөздердің ішінен ең қызықтысын, мазмұндысын, таңдаулысын, қажетті дегенін, көпке белгілісін іріктеп алу керек. Көп жағдайда сөйлеушілер дәйексөздерді шебер пайдаланбайды, оның адамның есту мүшелеріне қалай әсер ететінін, сөздің естілу, қабылдану деңгейін ескермейді. Дәйексөзді бергенде оның басы мен аяғы қайда екенін тыңдаушы тез аңғаратындай дәрежеде беру керек. Дәйексөз авторының ойын өзгертуге болмайды, яғни контекстен жеке алып қарағанда кейбір сөздердің басқа мағына беретіндігін ескерген жөн, сондықтан да пікірді тұтастай алу қажет.

Мәтінді шартты түрде өзгертуге болмайды, яғни сөз қосу, сөзді келесі сөзбен алмастыру, сөздің грамматикалық пішінін өзгерту.

Дәйексөз дәл ұсынылуы керек. Оның кімдікі екенін, қандай ақпарат көзінен алынғанын нақты білген жөн және көрсеткен дұрыс.

Тәжірибелі ораторлар мәтінге төл сөзді кіріктіре отырып, оған қосымша түсініктеме береді, оған деген өз көзқарасын білдіреді, кей кезде дәйексөздердің авторларымен пікірсайысқа түседі.

Сөйлеу барысында бөтен адамның пікірін беру үшін төлеу сөз де қолданылады, яғни біреудің сөзін үшінші жақтан ұсыну.

Сөзіңіздің тиімділігін арттыру үшін төл сөз бен төлеу сөзді шебер үйлестіріп пайдалану керек. Бір жағынан бұл дәйексөздердің толассыз келтірілуінен құтқарады, келесі кезекте ойды жан-жақты әрі айшықты етіп көрсетеді.

### **Мақал-мәтелдер**

Шешен адам үшін нағыз таусылмас кеннің көзі – мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер ойдың мағынасын бейнелі, өте қысқа пішінде білдіруге мүмкіндік береді. Көп жағдайда сөзді бастаудың көзі ретінде тақырыпты дамыту әрі айтылған ойды жетілдіру үшін, жағдайды толыққанды ашып, қорытынды жасаудың, шешім айтудың соңғы нүктесін қою үшін пайдаланылады.

Мақал-мәтелдер айтылған ойға иллюстрация, бейнелі параллельдер ретінде келтіріледі, бұл ойды айшықты, сенімді айтуға мүмкіндік береді. Бейнелі иллюстрациялар тыңдаушылардың есінде көпке дейін сақталады. Мақал-мәтелдер сөзді жандандырады, тыңдаушылардың ықыласын аударады, нақты бір психологиялық ахуал қалыптастырады, кей кезде сөзге ойнақы әрі мысқыл бояу беру үшін пайда болады.

Мақал-мәтелдердің сәтті қолданылуы олардың сөйлеушінің ойымен дәл үндес келіп, нақты үйлесім табуында жатыр.

Қанатты сөздер де сөзге көркемдік пен айшықтылық береді. Бұлар өте дәл, өткір, бейнелі айтылған сөздер және халықтың арасына кең тарап, жалпыхалықтық қолданысқа түскен сөздер.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Көркем және айшықты тілде сөйлеу дегеніміз не?
2. Тілді көркемдеудің қандай тәсілдері бар?
3. Айшықты тілде сөйлеу үшін қандай шарттар қажет?
4. Метафора, метонимия, синекдоха, салыстыру, теңеу сияқты тілді көркемдеудің тәсілдеріне анықтама беріңіз.
5. Сөйлеу кезінде мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, фразеологиялық тіркестер не үшін қолданылады?
6. Сөйлеу кезінде бөтен сөздер қандай мақсатпен қолданылады?

### 3-ТАРАУ. ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ НЕГІЗДЕРІ

#### 3.1. Риторикалық әдет-дағдылар мен шеберлік

Көпшіліктің алдында сөйлеу үшін шешенге арнайы әдет-дағдыларды игеру шеберлігімен қатар, ептілік және іскерлік қабілет қажет. Психологтардың айтуынша, дағды дегеніміз – нақты бір жұмысты жоғарғы деңгейде ұйымдастыра білу қабілеттілігі. Шешеннің негізгі әдет-дағдыларына тоқталсақ:

Бірінші – қажетті әдебиетті таңдай алу дағдысы;

Екінші – жинақталған материалдарды толықтай игере білу әдеті;

Үшінші – жоспар құра білу әдеті;

Төртінші – сөйлейтін сөзіңіздің мәтінін жаза білу әдеті;

Бесінші – аудитория алдында өз-өзінді ұстай білу әдеті;

Алтыншы - уақытты ұтымды, әрі нақты пайдалану дағдысы.

Осы жинақталған әдет-дағдылар негізінде шешеннің іскерлігі құралады. Олар:

– сөйлейтін сөзіне сауатты түрде әзірлене білуге қабілетті болу;

– материалды ептілікпен және нанымды түрде тыңдаушыларға жеткізе білу шеберлігі;

– тыңдаушылардың сұрақтарына сауатты жауап беруге қабілетті болу;

– аудиториямен дұрыс байланыс орната білу шеберлігі;

– техникалық құралдарды, көрнекілік заттарды орынды қолдану машығы.

Қандай да бір дағдылар мен қабілеттілік, іскерлік сөйлеушінің бойында болмаса, оның аудиториямен тіл қатысуының тиімділігі төмендейді. Мысалы, сіз мәтінді жақсы жазғаныңызбен, оны көпшілік алдында қарапайым және түсінікті тілде айтып бере алмауыңыз мүмкін. Сіз өз сөзіңізбен аудиторияны қызықтырғаныңызбен, қалыптасқан дағды жоқтығынан, берілген уақытта негізгі айтар ойыңызды айтып үлгере алмай қалдыңыз немесе тыңдаушылардың сұрағына жауап бергенде абдырап қалдыңыз. Мұның бәрі сіздің сөзіңіздің құнын түсіреді.

Көпшілік алдында сөйлеудің табысты болуы сөйлеушінің өзі баяндап тұрған тақырыпты жетік білуіне байланысты болады. Тек төмендегідей жағдайларды ескергенде ғана тыңдаушылардың көңілінен шығуға сенім артуға болады: өз тақырыбыңды жетік білу, аудиторияға беймәлім қызықты, жаңа көптеген деректерді баяндап беру, өз әңгімесіне қатысты туындаған сұрақтарға сауатты, әрі нанымды түрде жауап беру.

Шешен көп оқыған, жан-жақты білетін, әдебиет, өнер, ғылым, техника саласындағы соңғы жаңалықтардан хабардар адам болуы шарт.

Шешен сөзді құрастырушы ғана емес, ол сол сөзді баяндаушы, тыңдаушыға жеткізуші адам. Сондықтан да мазмұны қызықты мәтінді әзірлеу жеткіліксіз, оны ауызша пішінде жеткізу үшін ауызекі тілдің заңдылықтарын жақсы біліп, шешендік өнердің әдістемесін меңгерген болуы керек. Бұл жерде дауыс деңгейі, интонация, сөйлеу мәнері мен ырғағы, кідірістер, жестер мен мимикалар, трибунадағы тұрыс, өз-өзін

ұстау дағдысы маңызды болып табылады. Егер бір шешен екі рет мазмұны бір, орындалу деңгейі екі бөлек сөз сөйлесе, тыңдаушылар ол адамды екі түрлі бағытта бағалайды.

Аудиторияны өз-өзіне деген сенімділігімен, кішіпейілдігімен, тартымды дауысымен, әдемі жымыысымен тартып алған оратор тыңдаушылар тарапынан табысқа жетеді, керісінше сөйлеуші өз-өзіне сенімсіз болса, тақырыбын селқос әңгімелесе, дауысында жігер болмаса, тыңдаушылар қабылдамайды.

Шешендердің екі түрі бар:

- 1) шешендік өнердің негізгі құралы – кез келген мәселені талқылай білуге, өзіндік ой қорыта білуге қабілетті жандар;
- 2) тыңдаушыларға эмоциялық тұрғыдан әсер ете білетіндер.

Ғалымдар өз еңбектерінде адамда жоғарғы жүйке қызметінің екі түрі болады деп көрсетеді: көркемдік және ойлай білу. Осы түрдің қайсысына жатуына байланысты, адам әр түрлі сөйлейді, осыған байланысты шешендердің түрлері бар. Сонымен қатар шебер сөйлеушілердің түрлерін айтқанда, оның сөзінің эмоциялық немесе логикалық жағының қайсысы басымырақ екенін де ескерген жөн. Бірақ сөздің эмоциялық бояуы қанық және ойға сыйымды болуы керек, олай болмаған жағдайда, оған қоса талқылау логикасы кездеспесе сөз тартымсыз болмақ.

Кез келген адам жақсы оратор бола ала ма?

Пікірлер әр түрлі, біреулер адам табиғатынан оратор болып жаратылуы тиіс десе, келесілері жақсы оратор болу қабілетін адам игеруі керек, дамыту керек және тәрбиелеу керек деген тұжырым жасайды.

Ежелгі Римнің белгілі ораторы, шешендік өнердің теоретигі Марк Туллий Цицерон бұл жөнінде: «Ақын болып туады, сөйлеу шеберлігін игеру арқылы шешен болуға болады» деген ой айтады.

Шын мәнінде, жақсы шешен болам деп талаптанған, өз-өзімен жұмыс істей білетін кез келген адам шешен бола алады. Әрине, табиғаттың берген ерекше қабілеті жоғарғы табыстарға қол жеткізуге көмектеседі, дегенмен өз алдына жеке табыс кілті болып табылмайды.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Оратордың негізгі әдет-дағдылары.
2. Оратордың іскерлігі немесе оратор нені білуі керек?
3. Кез келген адам жақсы оратор бола ала ма?
4. Цицеронның «Ақын болып туады, сөйлеу шеберлігін игеру арқылы шешен болуға болады» деген пікірімен келісуге бола ма?

### 3.2. Көпшілік алдына шығып сөйлеуге қалай дайындалу керек?

**Сөйлеу алдындағы сенімсіздік пен үрей.** Көп жағдайда адамдар сөйлеуге шығар алдында қатты толқып, сенімсіздік бойын билеп, тыңдаушылармен кездесуге жүрексінеді. Бұл адамның физикалық жағдайынан да көрініс табады: біреулер қалшылдап, дірілдей бастайды, біреулер қызарады, бозарады, келесілердің дауысы дірілдейді, тұтығып қалады, шықпай қалады. Бұның себебі неде?

Ең біріншіден, адам қатты уайымға беріледі, негізінен бар көңіліңізді сөзіңіздің мазмұнына аудару қажет;

Екіншіден, өз-өзіне сенбейді, өзінің мүмкіндіктерін дұрыс бағаламайды, негізінде адам өзін жақсы деңгейде дайындалдым деп іштей сендіріп, өзінің тыңдаушыларына маңызды, қажетті деген сипаттағы әңгіме айта алатындығына сенімді болу керек;

Үшіншіден, кейде сөйлеуші адам өзінің сәтсіздікке ұшыраған сәттерін еске түсіріп, үнемі іштей қысылып жүреді, мұндай жағдайда көпшіліктің алдындағы сөздердің кейбіреулері табысты болмауы мүмкін деген оймен келіп, ондай болған жағдайда сабырлы әрі саналы түрде әрекет ету керек деген қағиданы үнемі есте ұстау керек.

Төртіншіден, сөйлеушінің қобалжуының себебі – кездесуге өз деңгейінде дайындалмағандықтан да болуы мүмкін. Сондықтан жақсылап дайындалып, еңбектену керек, алдынала дайындық, еңбектену – сенімділіктің негізі болып табылатынын есте ұстау қажет.

Психологиялық жағынан сөйлеуші дайындалу керек, алдынала өзін-өзі жақсы нәтижеге қол жеткізетініне іштей сендіріп, өзінің сезімдері мен көңілкүйін басқаруға үйренуі қажет.

**Көпшілік алдында сөйлеуге күнделікті дайындық.** Көпшілік алдына шығып сөйлеуге дайындық дегенді екі бағытта қарастырған дұрыс, яғни күнделікті және нақты бір кездесуге дайындық.

#### **Күнделікті дайындық дегеніміз не?**

Бірінші – өз біліміңді жетілдіру, яғни жаңа білім жинақтау, ғылым мен техникалық әр түрлі салалардағы соңғы өзгерістерден хабардар болу, қажетті мәліметтерді жинау, мерзімді басылымдарды, телерадиохабарлардан ақпараттар алу, ғылыми, публицистикалық, көркем әдебиеттер оқу.

Шешенге ең бастысы көп оқу керек, жай ғана оқымай, оқығанды көңілге түйіп, ойланып, зейін салып оқу, талдау жасау, ойландырып толғандырған мәселелерді білетін адамдармен талқылау. Сонымен қатар адамдардың бәріне тән жалпы мәдениеттіліктің заңдылықтарын білу қажеттілігі алға тартылады, шет тілін білу, ежелгі мәдениет тарихын, әлем әдебиетін жақсы білу. Жаңаны білуге үнемі құмартып, күнделікті ізденісте болу, біліміңді ұдайы жетілдіріп отыру – тек осы әрекеттер ғана адамды табысқа жеткізеді.

Екіншіден, өз мұрағатыңды жасап-жабдықтау. Көпшілік алдында үнемі сөйлеуші адамға өзін қоршаған заттардың барлығына жіті мән беріп, оқиғалардан, өзгерістерден, жаңалықтардан хабардар болып отыру, өзін қызықтырған жайттарды жазып алып, көңілге түйіп жүру қабілеті керек. Оқыған, естіген мысалдарды, дәйексөздерді, қанатты сөздерді, естеліктерді өз сөздерінде қолдану жөнінде де ойланған дұрыс. Газет-журналдардың қиындыларын жинап, оқыған кітаптардан, әдебиеттерден үзінділер жазып алу керек, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, афоризмдер жинау, тыңдаушылардың кездесу барысында қойған сұрақтарын жазып алуға кеңес беріледі. Мұның бәрі мұрағат жасақтауға алғышарт болады.

Белгілі орыстың лектор әдіскері Е.А. Адамова: «мұрағатсыз лектор инструменті жоқ музыкант, лектор мұрағаты шығармашылық биография, оның үлкен, қажырлы еңбегінің үндемес куәгері» деп баға береді. Сонымен қатар мына сөзді де есте ұстаған жөн: «Қаламмен қажырлы еңбек еткен сайын, ауызекі тілмен сөйлеу жеңілдей түседі».

Әрине өмірдің кез келген кездейсоқ қозғалатын мәселесіне қажетті материалдар жинау мүмкін емес, дегенмен өзіңіз шығармашылық бағытта, кәсіби өмірде жиі кездесетін мәселелердің шеңберін нақты белгілеп, анықтап алған жағдайда жүйелі түрде материалдар жинақтау, бір жағынан уақыт үнемдеуге мүмкіндік берсе, келесі кезекте дайындық жұмыстарын жеңілдетеді. Сонымен қатар мұрағат «қиын сәттерде», мәселен дайындалуға қажетті уақыт болмағанда, кітапханаға барып, тиісті әдебиеттерді оқуға мүмкіндік болмағанда бағасыз қызмет көрсетеді. Сондықтан жинақтаудың, жинаудың және материалдарды жүйелеудің әдіс-тәсілдерін меңгеріп, өзіңнің жеке мұрағатыңды құрауға кеңес беріледі.

**Сөйлеу техникасын меңгеру.** Бұл үшін шешен күнделікті дайындалуы қажет. Сөйлеу техникасының негізгі элементтері: фонациялық тыныс алу, дауыс (дауыс мәнерін дұрыс қалыптастыруға қажетті дағдылар, әдеттер) және дикция (сөздерді, дыбыстарды, буындарды айтудың айқындылық деңгейі). Дұрыс қойылған дауыс, сөйлеп тұрған сәттегі жүйелі тыныстау, анық дикция, таза, айқын сөйлеу шешенге аудиторияның көңілін аударып, айтып тұрған сөз мазмұнын жоғарғы деңгейде тыңдаушыларға жеткізіп, олардың санасына, елестету қабілеттеріне, ерік-жігерлеріне әсер етуге көмектеседі.

Сөйлеу аппараттарын жұмыс тәртібінде ұстау үшін мамандар ұсынған жаттығуларды жүйелі түрде жасап тұру қажет.

**Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін жетілдіру.** Ең бастысы тұрмыстағы сөйлеу қатынасына ерекше көңіл бөлу қажет. Әрқашанда дұрыс, дәл, айқын, түсінікті сөйлеу маңызды, сонымен қатар ойды нақты жеткізе білу және сөйлеу объектісіне деген қатынасыңды бейнелі және эмоциялық бояумен білдіру.

«Ауру қалса да, әдет қалмайды» дегендей, күнделікті өмірде қате сөйлеуге үйреніп алсаңыз, қанша дайындалып, ескергеніңізбен көпшілік алдына шыққанда сол әдетіңізді қоя алмайсыз. Сондықтан күнделікті тұрмыстағы сөйлеу мәнеріңізге қатты көңіл аударыңыз.

Іскерлік әңгімелесулерге, кездесулерге, достарыңның арасында болатын әртүрлі мәселелерді талқылайтын пікірталастарға, сөзсайыстарына белсенді түрде қатысуға кеңес беріледі. Бұл адамның сөйлеу шеберлігін дамытып, дұрыс сөйлеуге қажетті машықтарды үйренуге, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Бүгінгі күнде қолданылу аясы тарылып бара жатқан эпистолярлық жанр да сөйлеу мәдениетін жетілдірудің тиімді құралы екенін естен шығаруға болмайды. Қазіргі таңда телефон, телеграф, факс, электрондық пошта хат жазу ісін кері итеріп тастады, байланыстың бұл түрлері іскер әріптестермен, жақындарыңмен, туған-туысқандарыңмен шұғыл хабарласып, мәселелерді шешуге мүмкіндік беріп отыр. Ал шын мәнінде, хат жазу ісі шешен үшін жақсы тәрбиелеу мектебі болмақ, яғни өз ойыңды дұрыс жүйелеуге, қажетті сөздерді табуға, өз орнында қолдануға, сол арқылы өзіндік сөйлеу стилін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Хат жазу барысында ескерілетін нәрсе, тек тұрмыстық, күнделікті жаңалықтарды жазып қана қоймай, әлеуметтік мәні бар мәселелердің талқыланғаны дұрыс. Әрине, мұндай мәндегі хаттарды жазу оңай жұмыс емес, ең бастысы уақыт, ниет және ерік-жігер керек. Сол себепті Цицеронның «Перо лучший и превосходнейший творец и наставник красноречия», – деген сөзін естен шығармаған дұрыс.

**Сөйленген сөздерге сыни тұрғыда талдау жасау.** Бұл тәсіл де шешеннің шеберлігін жетілдіруге көмектеседі. Жиналыстарға, мәжілістерге, конференцияларға, көпшілікке арналған дәрістерге қатысып, телевизия мен радиода сөйлеп жатқан ораторларды тыңдай отырып, сөйленген сөздің мазмұнымен қоса, материалды ұсынудың пішіндеріне, тіл шеберлігіне, ораторлық әдіс-тәсілдерге назар аудару қажет.

Өзің үшін төмендегідей мәселелерді нақтылап алу: сөйлеушінің сөзі несімен ұнайды, қандай жайттар кері реакция тудырады, сөйлеушінің ұтымды сөйлеуіне қандай іс-әрекеттер, әдіс-тәсілдер, сөздер, сөз оралымдары ықпал етті, керісінше, қандай жайттар оған сәтсіздік әкелді. Сонымен қатар оратордың аудиториямен жұмыс істеу тәсіліне, тыңдаушылармен байланыс орнату әдістеріне баса көңіл аудару және оның аяқасты туындаған оқыс оқиғаларда өз-өзін ұстау мәнеріне де ден қойыңыз.

Жылдар өткен сайын адам тәжірибе жинақтайды, әдет-дағдылары жетіледі, сол кезде өзінің сөздерін де талдап, оның жетістігі мен кемшілігін анықтауға қол жеткізеді.

Шешен өзінің мықты және әлсіз, осал тұстарын анықтау қажет, осындай талдау негізінде өз мүмкіндіктерін жоғары деңгейде пайдалануға жол ашатын сөйлеу стилін қалыптастыруға және жетілдіруге мүмкіндік туады.

**Көпшілік алдында сөйлеудің әдістемесін меңгеру.** Күнделікті дайындықтың қатарынан ораторлық өнердің теориялық және әдістемелік тәсілдерін меңгеру бағыты да орын алады. Шешен қызметінің қандай кезеңдерден тұратынын, тыңдаушылармен кездесуге қалай дайындалу

керектегін, сөзінді құрай білу жолдарын, аудиторияны басқарудың қандай тәсілдерін қолдану қажеттігін білу маңызды мәселе. Бұл жайттардың барлығы шешендік өнер мен сөйлеу мәдениеті жайлы оқулықтар мен әдебиеттерде баяндалады.

Шешендік өнер туралы кітаптардан шешендердің өз беттерінше көп еңбектенгендеріне, әр кездесуге мұқият дайындалғандарына көз жеткізуге болады.

### 3.3. Нақты кездесуге дайындалу

Бұл дайындық шешендік сөздің түрімен, оның жеке өзіндік ерекшеліктеріне, аудиторияның құрамына қарай анықталады, сөз алған адамның алдында тұрған мақсат міндеттеріне және тақырыпқа тікелей байланысты. Дегенмен көпшілік алдында сөйлегенде жалпы әдістемелік шарттарды да ескерген жөн. Енді шешендік сөздерді дайындаудың негізгі кезеңдеріне тоқталайық.

**Тақырыпты айқындау.** Кез келген сөзге дайындық тақырыпты айқындаудан басталады, яғни бұл жерде де әртүрлі оқиғалар орын алуы мүмкін, мәселен кей кезде ораторлар нақты бір тақырыпта сөйлеуді ұсынады, арнайы тапсырма беріледі. Бұл жағдайда сөйлеушіге тақырыпты нақтылап, қосымша түсініктеме алу керек. Бірақ көп жағдайда сөйлейтін сөзіннің тақырыбын өзіңе таңдауға тура келеді. Тақырыпта қалай таңдау керек?

Ең бастысы өзіңнің тәжірибеңе сүйенуің керек және сол тақырып жөнінде білетінің, оқығаның қандай деңгейде екенін ескерген жөн. Сонымен қатар тақырып сізді және тыңдаушыларды қызықтыруы қажет.

**Тақырыптың атауы.** Тақырып таңдағаннан кейін оны нақтылау қажет, яғни сөйленетін сөздің атауы анық, түсінікті, мүмкіндігінше қысқа болуы керек. Тақырып сөздің мазмұнын толық ашып тұруы керек және міндетті түрде тыңдаушылардың назарын аударуы керек. Сәтті қойылған тақырып белгілі бір мөлшерде аудиторияның ықыласын аударады.

Тақырыптың ұзынсонар болуы, түсініксіз сөздердің кездесуі, тыңдаушыларды кері итереді, онымен қоса олардың тарапынан жағымсыз реакцияның болуына жол ашады.

Жалпылама тақырыптарды қоюдан да қашу керек, мұндай жағдай көптеген сұрақтардың тууына әкеліп соғады, тақырыптан нақты қандай мәселе туралы әңгіме болатыны көрініп тұруы тиіс.

**Мақсатыңды нақтылау.** Сөз сөйлеуге дайындалғанда мақсатыңды анықтап алу қажет. Сөйлеуші не үшін, не мақсатпен сөйлейтінін нақты білуі керек және тыңдаушылардың тарапынан қандай реакция болатынын да алдынала болжауы керек.

Шешен сөз сөйлеуге дайындалғанда сөздің мазмұны мен пішінінен мақсаттың басымдылығы айқынырақ болуы керек екенін ескеруі қажет. Егер сөйлеуші адам сөзінің негізгі бағыты жөнінде ойланбаса, ол дайындық кезінде де, сөз алған кезде де табысқа қол жеткізе алмайды.

Мәселен, бір лектор аудиторияға «Темекі шегудің зияны жөнінде» дәріс оқиды, оның арнаулы медициналық білімі болады, бұл тақырыпта үнемі тұрғындардың алдында әңгіме айтып жүрген маман. Дәріс біткенде оған тыңдаушылар «Бұның бәрін бізге не үшін оқыдыңыз?» деген сұрақ қойған, сөйтсе көпшіліктің жүз пайызы темекі тартпайтын болып шыққан, бір баса айтатын жайт, бұл жөнінде лектор да хабардар болған. Лектор сауалға жауап бере алмаған. Бұл дегеніміз ол адамның бұл тақырыппен осы аудиторияға арнап дәріс оқымауы керек дегенді білдірмейді. Ең басты қажеттілік – басынан бастап лектор не үшін осы аудиторияда темекі шегудің зияндылығы туралы әңгіме айтатынын анықтап алуы қажет еді, яғни бұл жерде ол өзінің мақсатын айқындамаған. Мақсатын нақтылап алып, соған орай әңгіме айтуы керек еді, сол кезде тыңдаушыларда жоғарыдағыдай сұрақ тумас еді.

Оратор өз сөзінің тәжірибелік пайдасы жөнінде ойлануы керек. Тағы бір ескеретін нәрсе, лекторға өз сөзінің мақсатын айқындап, нақтылау тек өзі үшін ғана емес, тыңдаушылар үшін де қажет, нақты айқындалған мақсат сөздің қабылдануын жеңілдетеді, тыңдаушылардың ықыласын дұрыс бағытта жұмылдырады.

**Өз-өзінді бақылау үшін қойылатын сұрақтар.** Тақырып таңдау үдерісінде және мақсатын анықтау үшін төмендегідей сұрақтарды шешен адам өз-өзіне қоюы керек:

Бірінші, бұл тақырып шын мәнінде мені қызықтыра ма немесе мен үшін қызықты тақырып бола ала ма?

Екінші, бұл мәселе жөнінде жеткілікті дәрежеде білем бе және қажетті деректер ұсына алам ба?

Үшінші, белгіленген уақытта өз сөзімді аяқтай алам ба?

Төртінші, егер өзім тыңдаушыларды нақты бір айтылған ойға сендіріп, ұйытқым келсе, ең алдымен бұл шындыққа өзім сенем бе?

Бесінші, менің тақырыбым мен мақсатым тыңдаушылардың мүдделеріне, білім деңгейлеріне сәйкес келе ме?

Бұл жүйеленген сұрақтарға орынды жауап бере алсаңыз, онда батыл түрде жұмысқа кірісе беруіңізге болады.

**Материалдарды жинақтау.** Дайындықтың келесі сатысы – қажетті материалдарды жинау.

Әдістемелік әдебиеттерде жаңа идеялар, қызықты мәліметтер, деректер, мысалдар, иллюстрациялар алудың негізі көздері анықталған, мысалы:

- Ресми құжаттар;
- Ғылыми, ғылыми көпшілік әдебиеттер;
- Анықтамалық әдебиеттер, энциклопедиялар, энциклопедиялық сөздіктер, салалық сөздіктер, лингвистикалық сөздіктер (түсіндірме сөздіктер, шетел тілдерінің сөздіктері, орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктер, синонимдер және т.б.), статистикалық жинақтар, библиографиялық көрсеткіштер;
- Көркем әдебиеттер;

- Газет-журналдардағы мақалалар;
- Телерадиохабарлар;
- Әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелері;
- Өзіндік жинақтаған білім мен тәжірибе;
- Жеке байланыстар, таныстықтар, кездесулер, сұхбаттар;
- Өзіндік тұжырымдар мен бақылаулар.

Сөзіңіз мазмұнды болуы үшін бір емес, бірнеше ақпараттық көздер пайдалану керек. Сонымен қатар жергілікті материалдарды да қолдану керектігін ұмытпау қажет, олар тыңдаушылардың өміріне тікелей байланысты болғандықтан да құнды болмақ.

**Дағды қалыптастыру.** Дайындықтың бұл кезеңінде ораторға қажетті әдебиетті таңдай білу әдеті қалыптасуы қажет. Бұл дағдыны қалыптастыруға қандай іс-әрекеттер әсер ететінін ғалымдар анықтаған, оның реті мынадай:

- Сөйлейтін тақырыбың туралы бұрынырақ оқыған әдебиеттеріңді еске түсіру;
- Жеке кітапханаң мен каталогыңды қарау;
- Кітапханалардағы каталогтарды қарау;
- Журналдың соңғы нөмірін алып, жыл бойына жарияланған мақалалардың тізіміне көз жүгірту;
- Библиографиялық басылымдарды қарау (кітап, журналдардың жылнамалары, т.б.);
- Анықтамаларды қарастыру.

Түрлі мазмұндағы сөз сөйлеуге дайындалғанда осы іс-әрекеттерді жүйелі түрде қайталау шешеннің әдебиетті таңдау әдетін қалыптастырады, осылайша дайындық процесін жеделдетуге мүмкіндік алады.

Сонымен қатар бұл дайындық кезеңі шешеннің кітапханадағы жұмысымен тығыз байланысты. Ол каталогтың барлық түрін (әріптік, жүйелі, тақырыптық-пәндік), библиографиялық басылымдарды, анықтамалық әдебиеттерді дұрыс қолдана білуі қажет.

Бұл туралы П.Сопер: “Егер сіз кітапхана жүйесін қолданудың әдіс-тәсілдерін меңгерсеңіз, онда сіз өзіңіздің қызықтырған сұрақтарға жауап тапсам деген ниетіңізге қол жеткіздіңіз әрі ізденушіліктің әдет-дағдыларын игердіңіз. Мұнымен тоқтап қалмаңыз, әрі қарай еңбектеніңіз, өйткені сіздің қажырлы талпынысыңыз арқылы қол жеткізген деректеріңіз сөзіңіздің мазмұндылығы мен сенімділігі үшін өте қажетті құралдар”, – деген.

**Іріктеп алған әдебиетті мұқият қарастыру.** Бұл маңызды кезеңдердің бірі. Оратор әдебиеттердің ішінен өз сөзінде қолданатындарын іріктеп алып, керекті бөлімдерді оқып, қажетті жерлерін жазып алып, материалдарды жүйелеуі қажет.

Кітаппен жұмыс істегенде ең алдымен мақсатыңды анықтап, өзіңе қажетті шарттарды белгілеп алу керек. Кітапты оқып отырғанда өзіңе қандай міндеттерді жүктеуге болады? Әрине, әртүрлі. Шешен сөйлейтін сөзіне қажетті мәселені жан-жақты ашу үшін, біріншіден, кітаптан нақты сұрақтарға жауап табу мақсатын алға қоюы мүмкін, екіншіден –

басылымның мазмұнын сыни көзқараспен талдау міндеті болуы мүмкін, үшіншіден – нақты бір мәселеге қатысты оның көзқарасы кітаптың авторының, беделді адамдардың ой-пікірлерімен сәйкес келе ме, соны анықтау үшін, төртіншіден – өз сөзіне нақты деректер мен мысалдарды, қызықты дәйектемелерді таңдап алу мақсаты болуы мүмкін. Мұндай нақтылық шешенге кітаппен мақсатты түрде жұмыс істеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар оқудың түрін анықтауға жол ашады: толықтай, таңдамалы, жүйелі, аралас түрде. Толықтай – кітапты бастан-аяқ түгелдей оқып шығу, кей кезде кітапты түгелдей оқымай-ақ, қажетті деген бөлімдерді, тарауларды қарап шығу қажеттілігі туады, мұны таңдап оқуға жатқызамыз, ал аралас – бір бөлімдерді толықтай оқу, келесілерін таңдап, қажетті деген жерлерін ғана қарастыру.

Кітаппен жұмыс істегенде онымен алдынала танысып алу қажет. Бұл не деген сөз? Ең алдымен кітаптың сыртқы мұқабасы, аты-жөні оқылады. Ал онда көрсетілген классификациялық сипаттама (оқулық, оқу құралы, анықтамалық құрал, анықтамалық сөздік, роман, повесть, т.б.) кітаптың бағытын, маңыздылығын анықтауға мүмкіндік береді. Басылымның қай жылы басылғанына да назар аударыңыз, мысалы сіз 60-70 жылдары шығарылған ғылыми-көпшілік брошюраны оқысаңыз, ондағы мәліметтер ескіргенін есте ұстауыңыз керек, сондықтан сізді қызықтырған мәселеге орай жаңа әдебиеттермен танысқаныңыз дұрыс.

Басылымның мазмұнына көңіл қойыңыз, ол жерде кітапта қозғалған негізгі мәселелер туралы ақпарат беріледі, суреттер, кестелерге, сызбаларға назар аударыңыз, аннотация да сізге қосымша ақпарат береді, онда кітаптың мазмұны, оның мақсаты мен бағыты жөнінде, автор туралы әңгімеленеді. Кітаптың алғысөзі мен қорытындысын да оқуға кеңес беріледі.

Ағылшынның белгілі философы Ф.Бэконның: “Кейбір кітаптардың дәмін татып көруге болады, келесілерін бастан-аяқ оқып, онай жұта салуға болады, тек санаулы дегендерін ғана, толықтай қорытып, көңіл тұшытуға болады», – деген пікірінің жаны бар.

**Оқып шыққан жайттарды көңілге түйю немесе тоқу.** Оқу барысында оқыған нәрселеріңді ой елегінен өткізе білу, оны бұрын алдын-ала алған біліміңмен сабақтастыру керек. Бұл материалды талдауға, жүйелеуге және қажетті түйіндер жасауға көмектеседі.

Оқығаныңызды дұрыс көңілге тоқып, түсінгеніңіздің негізгі белгісі – оның мазмұнын өз сөзіңмен айта білу қабілеті. Мұндай әдет-дағды өзінің білетінімен аудиториямен үнемі ой бөлісіп отыратын және оқыған кітаптарды, мақалаларды жадында сақтап, керек кезінде қолдана білетін шешенге өте қажет. Оқығаныңды айта білу – сөйлеушіге қажетті қабілет, өйткені соның нәтижесінде оның сөздік қоры молаяды әрі дәріс оқу шеберлігі жетіледі.

**Оқығаныңды қағазға түсіру.** Көпшілік алдында сөйлеуге дайындалғанда оқығаныңызды қағазға түсіріп отыру керек. Д.И.

Менделеевше айтсақ: «Табылған, бірақ қағазға түсірілмеген ой, табылған бірақ жоғалған қазына».

Өзіңе керекті деген мәліметтерді қағазға түсіріп алу, оны орынды қолдана білу де машақатты жұмыс. Көп жағдайда бұл үдеріс дұрыс орындалмайды. Мәселен, жазу барысында дәптердің бір бетінің екі жағы да пайдаланылады, әрине, бұл үнемді, қағаз аз кетеді, бірақ бұл қолайлы емес. Мәселен, парақтың бір жағында баяндаманың басында қолданылатын дәйексөз жазылған, ал екінші бетінде сөз ортасында келтірілетін мәлімет берілген, бұл жағдайда не істейсіз? Әрине, оның біреуін басқа бетке көшіріп жазасыз, қосымша жұмыс жасайсыз. Немесе жазылған пікірге тағы да қажетті ой қосқыңыз келеді, ал бет бос емес, сондықтан да жазбаны парақтың бір жағына ғана түсірген жөн болады.

Көп жағдайда адамдар қажетті материалдардың қайдан жазып алынғандығы, авторы кім екендігі туралы нұсқауларды келтіруді қажет деп таппайды. Мұндай мәліметтерді алда қолдана алмайсыз, өйткені деректің алынған көзі ұмытылады, қажет жағдайда мәтінді нақтылай алмайсыз. Сондықтан жазбаның қайдан алынғандығы, автор, кітаптың атауы, шыққан жылы, баспа туралы ақпаратты мұқият қағазға түсіріп алу керек.

Кітапты, әдебиетті оқығанда қызықты деген мәліметтердің бәрін жазып алуды әдетке айналдыруға болмайды, бұған біріншіден – көп уақыт кетеді, екіншіден – жазбалар қажетсіз болғандықтан қолданылмай қалады.

Сөйлейтін сөзіңнің тақырыбына қатысты әдебиеттерді оқу, қызықты ой-пікірілер, мысалдар, дәйексөз, статистикалық мәліметтер жазылған карточкаларды жинақтау – көпшілік алдында сөйлеуге дайындалудың қиын кезеңі әрі көп уақытты қажет етеді. Бірақ дәл осы кезең сіздің сөзіңіздің табысты шығуына себепкер болады: шешен өз білімін толықтырады, нақты бір бағытта жетілдіреді, материалды көңілге тоқып, сыни көзқараспен талдайды, нақты тақырыпты қарастыру барысында негізгі мәселелерді анықтайды.

**Өзіндік позициянды анықтап нақтылау.** Әдебиеттерді оқу барысында салыстырулар, ассоциациялар пайда болады, өмірдегі нақты құбылыстармен астастыра қарастыру қажеттігі туады, ойды ой қозғайды, жаңа тұжырымдар туындайды. Сондықтан да оқыған жайттарыңды көңілге тоқып, ол туралы авторлармен пікір алмасып, оқығаныңды күнделікті оқиғалармен сабақтастыра қарастыруға бола ма, соны түсінуге тырысу, оны қалай және қашан қолдануға болатындығы жөнінде ойланып-толғану керек, оны көшіріп алып, сол күйінде қолдана салу дұрыс емес.

Көпшілік алдында сөйлеуге дайындалудың маңыздылығы – сөз болатын тақырыпқа өзіндік қарым-қатынасыңды анықтау, нақты мәселе туралы өз ойларыңды қалыптастыру, аудиторияның позициясын ескере отырып, өз идеяларыңды талдау, өзіндік тұжырымдар жасау.

### 3.4. Дайындықтың түрлері

**Сөйлейтін сөзіңді жазып алу қажет пе, әлде...**

Римдік шешен Квинтилиан: “Жазу дағдысын игеру арқылы ғана түсінікті тілде сөйлеу шеберлігіне қол жеткізуге болады», – деп айтып кеткен, бұл пікірдің жаны бар.

Әрине, сөйлейтін сөзіңді алдынала жазып алу оңай жұмыс емес, сондықтан да көп адамдар еріншектік танытып, өз-өздерін қағазға түскен ойдан, ауызша пішінде жеткізетін ой жақсы дегенге сендіреді. Ал негізінен ойыңды жазбаша түрде қағазға түсірудің көптеген артықшылықтары бар: жазылған сөзді тексеруге, түзетуге мүмкіндік мол, мәтінді білетін адамдарға, жақындарыңа, арнайы мамандарға көрсетіп, оның мазмұндалу барысын, мазмұны мен пішінін жетілдіруге мүмкіндік аласың, егер керісінше, сөзіңді ауызша айта салам десең, мұндай нәтижеге қол жеткізе алмайсың.

Ауызша айтатын сөзіңді қағазға түсіріп алсаң, ол есте тез әрі жеңіл сақталады және жадында көпке дейін ұмытылмайды, сонымен қатар ойды қағазға түсіру шешенді жүйелі тәртіпке салады, ол сөз қайталауларға жол бермейді, артық сөздерді, жүйесіз ойларды айтуға тосқауыл болады, бұл үдеріс сөйлеушінің сөзін сенімді етіп шығарады.

Сөйлейтін сөзіңді алдынала жазып алу қажет дейтін мамандардың пікіріне құлақ түріп, өз сөзіңізді бастан-аяқ әдеби өңделген пішінде жазып алыңыз. Бас кезінде ойды қысқа түрде қағазға түсіріп алған жөн, оның стилистикалық қателіктеріне көңіл қоймаңыз, ойларыңызды сауатты, мағыналы түрде жеткізуге көшіңіз, артық жерлерін алып тастаңыз, көмескі тұстарын нақтылаңыз, т.б. Парақтың бір бетіне ғана жазыңыз, жеке-жеке парақты пайдаланыңыз.

### **Мәтінге сүйеніп сөйлеу**

Тәжірибелі шешендер мәтінге сүйеніп сөйлеуге кеңес береді. Бұл дегеніміз – жазылған мәтінді жақсылап түсіну, мәселені жан-жақты талдау, негізгі ой айтылатын тұстарды белгілеу, бір ойдан келесісіне көшкенде сабақтастықтың болуын ескеру, мәтінді бірнеше қайтара оқып шығу, дауыстап оқу, мазмұн мен жоспарды ойға түйіп алу деген сөз.

Мәтінді сөйлеу ретімен қойып, негізгі ойлардың астын сызып қою, көтерілетін мәселелерді нөмірлеп қою, адамдардың аты-жөндерін, атауларды, статистикалық көрсеткіштерді, дәйексөздердің басы мен аяғын, көрнекті деген мысалдарды бөлектеп қою.

Нақтылап және бөлектеп ерекшелену, айқындау жүйесі әртүрлі болуы қажет, мәселен түрлі-түсті сия пайдалану, түзу, ирек сызықтармен белгілеу, түрлі-нүсті қарындаш пен фломастер қолдану, римдік, арабтық сандарды пайдалану. Мұндай тәсілдермен айшықталған мәтінді сөйлеу процесі кезінде қолдану оңай. Қағаз бетіне көз жүгірту арқылы қажетті мазмұндағы ойды еске түсіріп, керекті мәліметтерді тауып аласыз. Мәтінге сүйеніп сөйлеу ораторға тыңдаушылармен сенімді түрде байланыс орнатуға мүмкіндік береді, сөйлеушінің тақырыпты еркін меңгергеніне көрсеткіш бола алады.

### **Мәтінсіз, ешқандай жазбасыз сөйлеу**

Көптеген шешендердің арманы – тыңдаушылардың алдында ешқандай жазбасыз сөйлей білу шеберлігін меңгеру. Бұл оңай шаруа емес, бұған тәжірибе мен кәсіби машық керек.

Негізінен алғаш бастағанда толық көлемде жазылған мәтінге сүйену керек, не айтқыңыз келеді бәрін қағазға түсіру. Оратор көпшіліктің алдында сөйлеуге машықтанып, кездейсоқ жағдайларға қарамастан өз ойын жүйелі түрде айта білуге қол жеткізсе, міне осы кезде ғана конспектіге көшуге болады. Оның мәтіннен айырмашылығы, онда сөйленетін сөзіңіз бастан-аяқ сөзбе-сөз берілмейді.

Конспектінің құрылымын былайша көрсетуге болады.

1. Бірінші, екінші, үшінші кезектегі сөз тіркестері;
2. Соңы (2-3 жол);
3. Сөзіңізге ерекше маңыздылық беретін ой-пікірлерді іріктеп алу;
4. Дәйексөздер, сандық көрсеткіштер, атаулар, есімдер, т.б.

Бірте-бірте конспекіден жоспарға көшуге болады. Оның басты айырмашылығы – сөздің мазмұндық негізгі ойлары көрсетілмейді, тек сол мазмұнды дәл көрсететін бағдарлар жүйесі беріледі. Жоспардың бөліктері шешенге нақты әрі айқын ойлардың көрсеткіші болуы қажет.

Сөйлеу барысында қолданылатын жұмыс істеудің негізгі пішіндерін атап өтейік:

- Толық мәтін (оқу үшін емес, өз сөзіңмен баяндап айту үшін);
- Негізгі маңызды ой-пікірлердің, дәйексөздердің, сандардың, атаулар мен есімдердің жиынтығынан түзілген конспект;
- Шағын конспект – блоктан блокқа өту барысы көрсетілген, дәйексөздер берілген;
- Дәйексөздерден түзілген конспект;
- Жазбасыз сөйлеу.

### **Эспромт жағдайында сөйлеу**

Сөйлеушінің алдынала мүқият дайындықпен сөйлеуге деген мүмкіндігі көп жағдайда бола бермеуі де мүмкін. Кей кездері жиналыстарда, мәжілістерде, әртүрлі кездесулерде эспромтты түрде, яғни аяқасты сөйлеуге тура келеді, яғни сөйлеп тұрып айтар ой-пікіріңді құрастырып, жүйелеу қажеттігі туады. Бұл жағдайда күш-қуатыңды, еркінді, ең бастысы, еске түсіру қабілетіңді бір бағытта топтастырып, жиі аяқтауға тура келеді. Суырып салып, аяқасты айтылған сөзді аудитория жақсы қабылдайды, тыңдаушылармен жанды, тікелей байланыс орнатылады. Дегенмен шешен алдынала дайындалмағандықтан берілген уақытта айтар ойын айта алмай қалуы мүмкін, кейбір мәселелер қозғалмай, қажет деген пікірлері атүсті айтылып кетуі мүмкін, ойы шашырап, сөз құрастыруында нақтылық болмай, қателіктер жіберуі мүмкін, осы себепті француздардың мына сөзімен келісуге болады: “лучший эспромт тот, который хорошо подготовлен”.

Суырып салу – үлкен білімділік пен біліктіліктің негізінде мүмкін болатын шеберліктің бір қыры. Бұл үшін адам риторикалық әдет-

дағыларды, ептілікті меңгерген, терең біліммен қаруланған жан болуы керек.

Мәселен, орыс халқының талантты лекторы, шешені А.В. Луначарскийге: «Көптеген нақты деректерге сүйене тұрып, қалай жеңіл әрі түсінікті тілде сөйлейсіз?» – деген сұрақ қойғанда, «Мен бұған өмір бойы дайындалып келемін», – деп жауап берген.

Осы сөзде шындық бар, яғни адам бірден шебер сөйлеп кетпейді, оған күш-жігер, еңбек, көп ізденіс, талап керек. Бұл тәлім алатын қанатты сөз!

Экспромт, импровизация дегеніміз – шешеннің күнделікті жанқиярлық ізденісінің жемісі, көп ойланудың қорытындысы, көпжылдық қажырлы еңбектің өтелімі.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Көпшілік алдында сөйлегенде бойынды билеген үрей мен сенімсіздіктен қалай құтылуға болады?
2. Көпшілік алдында сөйлеу үшін күнделікті дайындық қажет пе?
3. Күнделікті дайындықтың қандай шарттары бар?
4. Ораторлық сөзге тән дайындықтың негізгі кезеңдерін атап беріңіз.
5. Дайындықтың түрлері.
6. Экспромт және импровизация.

### **3.5. Өз сөзінді қалай құрастыру қажет?**

Көпшілік алдында сәтті сөйлеу үшін белгіленген тақырып бойынша әдебиеттерді оқу, қызықты деректер жинау, тұжырымды дәйектер, статистикалық мәліметтер қарастыру жеткіліксіз. Осы жинақталған материалдарды жүйелеп қолданудың және ретпен жариялаудың жолдарын іздестіру қажет. Шешеннің алдында көптеген сұрақтар туындайды, яғни сөзінді қалай бастау керек, қалай ойынды сабақтау, немен аяқтау, тыңдаушылардың назарын қалай аудару керек және оны сөз соңына дейін қалыпты деңгейде ұстаудың жолдары қайсы. Міне, осы себепті сөйленетін сөздің құрылымына ерекше мән беру қажет.

#### **Сөйленетін сөздің құрылымы дегеніміз не?**

Композиция дегеніміз латын тілінен алғанда *compositio* «құрылым, шығарма» деген мағынаны білдіреді, бір сөзбен айтқанда – сөздер мен сөз бөліктерінің құрылымы немесе олардың өзара сабақтаса байланысуы. Шешендік өнерде сөйленетін сөздің құрылымы дегенде, сөздің дұрыс құрылуын, олардың жеке бөліктерінің байланысын және әр бөліктің бір нақты идеяға жұмылуын, үйлестірілуін айтамыз. Ауызша сөйлеу барысында материалдарды дұрыс пайдалану, сөздің барлық бөліктерін жүйелі орналастыру тікелей шешеннің ойымен және сөздің мазмұнымен анықталады. Егер де сөз бөліктерінің байланыс үндестігі бұзылса, онда сөздің тиімділігі төмендейді.

Мәселен, шешен «Қысқы олимпиадалық ойындар» атты тақырыпта ақпараттық хабарлама жасауы керек. Аудитория міндетті түрде өтіп

жатқан олимпиадалық ойындардың барысы туралы, соңғы жарыстардың нәтижелері туралы, жаңа жеңімпаздардың есімдері жайлы білгісі келеді. Алайда олар күткендей болмай, керісінше сөйлеуші адам Олимпиадалық ойындардың тарихы туралы айтып, қажетті ақпаратты өте қысқа баяндай салды. Міне, бұл жағдайда оратор өз сөзін қызықты етіп баяндаған күнде де тыңдаушылардың көңілі толмай қалды, олардың күткеніндей болмады. Бұл жерде шешен сөздің құрылымын дұрыс құрмай, сонымен қатар өзінің алдына қойған мақсатын орындаған жоқ.

### **Жоспар – композицияның негізі**

Сөйленетін сөздің құрылымын түзбес бұрын, ең алдымен жинақталған материалдарды жариялаудың ретін анықтап алу керек, яғни жоспар жасау. Жоспар дегеніміз – қандай да бір баяндаудың қысқаша бағдарламасы және бөліктердің үндесе орналасуы.

Алдынала жоспар құрмай сөйлеу көп жағдайда қателіктерге ұрындырады. Ең бастысы, шешен негізгі тақырыптан ауытқып кетеді немесе бөлінген уақытта өз ойын айтып үлгере алмай қалады.

Белгілі орыстың заңгері және қоғам қайраткері А.Ф. Кони бұл туралы: «Сәтті сөйлеуге қол жеткізу үшін сөйлеуші өзінің ой сабақтауына мән беруі керек. Егер ойыңыз шашырап, бір мәселеден екінші сұраққа көшіп, негізгі ой желісін үзіп алсаңыз, сіздің сөзіңізді дұрыс тыңдау мүмкін емес», – дейді. Шын мәнінде, шешен адам сөйленетін сөздегі ой сабақтастығын үзбеудің жолдарын алдынала ойластырып алуы керек.

#### **Алдынала жасалатын жоспар**

Көпшілік алдында сөйлеу үшін дайындықтың бірнеше кезеңінен өтуге тура келеді және мақсаты мен бағытына қарай әр түрлі жоспарлар жасалады. Тақырыпты таңдағаннан кейін сөйленетін сөздің алғашқы нұсқалы жоспарын жасауға кеңес беріледі. Бұл не үшін қажет? Мысалы, қоршаған ортаны қорғау туралы тақырыпта сөз сөйлеу қажет, яғни бұл жерде ауаның, өзендердің, теңіздердің, су қоймаларының ластануы, орман-тоғайлардың, өсімдіктердің жойылу қаупі туралы, жан-жануарлар әлемін қорғау сияқты бірнеше бағытта әңгіме қозғауға болады. Бір тақырыптың бірнеше тармағы бар. Осы себепті қандай нақты мәселелер туралы сөз ететіндігіңізді анықтап алу қажет. Міне, осы мәселелерді санамалап алу алғашқы нұсқадағы жоспар деп аталады, бұл қажетті әдебиеттерді мақсатты түрде таңдауға және сөйлеуге керекті материалдарды жинақтауға көмектеседі. Әрине, әдебиеттерді оқып, іздену барысында, жинақталған материалдарды қорыту кезінде жоспар өзгеруі мүмкін, дегенмен сіздің мақсатты түрде жұмыс істеуіңізге негіз болады.

Алғашқы нұсқадағы жоспар шешеннің тақырыпты таңдаудағы еркін шешімін және оның нақты бір проблемаға деген жеке қадамын танытады.

## **Жұмыс жоспары**

Әдебиеттер оқылып, тақырып ойластырылып, керекті деректер жинақталғаннан кейін жұмыс жоспары құрылады.

Жоспарды жазу барысында таңдап алған тақырыпқа байланысты мәселелерді нақтылап алумен қоса, олардың ішінен негізгі әрі қажетті дегендерін іріктеп алу керек және олардың қандай ретпен баяндалатынын анықтау қажет. Жұмыс жоспарына кейбір жайттарға қатысты ой оралымдары кіреді, сонымен қатар сөйлеу барысында қолданылатын дәйектер, статистикалық мәліметтер санамалап көрсетіледі.

Жұмыс жоспарын құру сөйленетін сөздің құрылымын дұрыс құрастыруға көмектеседі. Мұндай жоспар жасалғаннан кейін қандай бөліктердің материалдары артық екені, керісінше, қайсысы олқы болып тұр, қандай басы артық жайттар бар, қандай қажетті деректерді қосу керек деген мәселелер анықталады.

Жұмыс жоспары сөйленетін сөздің мазмұны туралы пікір айтуға мүмкіндік береді. Жұмыс жоспарының негізгі артықшылығы – ол тек шешен үшін бағалы болып табылады, осы себепті жеке бөліктерінде аяқталмаған сөйлемдер, қысқа ойлар, сөз тіркестері, жеке сөздер де кездесе береді.

## **Негізгі жоспар**

Жұмыс жоспарының негізінде негізгі жоспар жасауға кеңес беріледі. Сөйленетін сөзде көтерілетін мәселелер нақты көрсетіледі. Ол сөйлеуші үшін жазылмайды, керісінше, тыңдаушылар үшін сөздің қабылдану деңгейін жеңілдету мақсатында көрсетіледі.

Негізгі жоспардың тарауларының атаулары анық және түсінікті етіп құрылуы керек. Бұл жоспар тыңдаушыларға сөйленетін сөздің тақырыбы анықталғаннан кейін немесе сөздің мақсатын ашу барысында жария етіледі.

Бірақ көп жағдайда жоспарды жария ету шешеннің міндетіне жатпайды. Бұл сөйленетін сөздің түріне, аудиторияның құрамы мен көңілкүйіне байланысты анықталады. Негізінде, жоспар дәріс оқу барысында, баяндамалар, ғылыми хабарламалар жасау барысында жарияланады. Мұндай жағдайларда тыңдаушылар керекті мәліметтерді өздерінің қойын дәптерлеріне түсіріп отырады, сол кезде жоспар материалдың баяндалу кезеңіне ілесуге көмектеседі.

Құрылымына қарай жоспарлар қарапайым және күрделі болып келеді. Қарапайым түрі тақырыпты баяндаудың негізгі бөлігіне қатысты бірнеше тараулардан тұрады. Бұл жоспарда тарауларды бөлімшелерге бөліп, күрделі жоспарға айналдыруға болады.

Күрделі жоспарды кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды деп бірнеше бөліктерге бөледі. Жоспарды құрғанда негізгі талапты ескеру қажет, яғни ол логикалық жағынан сауатты құрылған, бір-бірімен сабақтас және жүйелі болып келуі қажет.

## **Композицияның құрамдас элементтері**

Жоспарды жазып алғаннан кейін өз сөзіңнің жеке тарауларын құрастыруға кірісу керек. Ауызша сөйлеудің ежелден қалыптасқан құрылымы үш бөліктен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды. Әр бөліктің өзіндік ерекшеліктері болады, дайындық кезінде осыны ескеру керек. Бұл шарттардың болу себебі – ауызекі сөздің қабылдану деңгейінен келіп туындайды. Мәселен, зерттеушілердің айтуынша хабарламаның бас кезінде және соңында айтылған жайттар адамның есінде ерекше сақталады. Бұл психологияда алдыңғы және соңғы кезектегі заңдылықтың орындалуымен түсіндіріледі. Сондықтан сөздің басталуы мен аяқталуы, яғни кіріспе мен қорытынды сөйлеушінің басты назарында болуы керек.

Міне, осы композицияның құрамдас элементтеріне тоқталайық.

### **Кіріспе**

Шешеннің сөзді бастау сәті және сол мезетте тыңдаушылардың ықыласын өзіне аударуы – бұл табысты сөйлеудің басты алғышарттары болып есептеледі. Сөзіңізді сәтсіз бастасаңыз тыңдаушылардың қозғалатын тақырыпқа деген қызығушылықтары төмендеп, олардың көңіліне кірбің ұялатады. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі айқындалып, оның аудиторияға деген мән-мағынасының деңгейі, қажеттілік сипаты сарапталады, сөйлеудің мақсаты нақтыланады, мәселенің тарихы қысқаша түрде айтылып өтеді.

Сөйлемес бұрын шешенге маңызды психологиялық міндетті шешу қажеттілігі туындайды, яғни нақты қозғалатын тақырыпты қабылдауға тыңдаушыларды даярлау. Тыңдаушылар кездесуге келгенде әртүрлі мақсатпен келеді, осы себепті олардың сөзді тыңдауға деген құлшынысы мен ниеті де алуан түрлі болады. Мысалы, біреулер тақырыпқа қызығып келеді, келесілері өз білімдерін жетілдіріп, толықтыру үшін, қызықтыратын сауалдарға жауап алу үшін, ал енді біреулері өз еркінен тыс, қысастықпен қатынасады. Бірінші топтағылар басынан шешенді ықыласпен тыңдауға ниетті болса, соңғы кезектегілер тыңдауға емес, өздерінің «жеке істерімен шұғылдануға» бейім болады (газет-журнал оқу, кроссворд шешу, т.б.). Осындай қиындықтарға қарамастан шешенге барлық жиналған адамдардың ықыласын жаулап алу қажеттігі туындайды. Бұл қиын, әрі жауапты жұмыс. Осы себепті сөздің басталуына, алғашқы сөз тіркестеріне қатты көңіл бөлу қажет.

Тәжірибелі шешендер сөзді қызықты мысалдан, мақал-мәтелден, қанатты сөзден, әзіл ескертпеден бастау керек деп кеңес береді.

Шешен өз сөзін тыңдаушыларды ойландыратындай, оларға ерекше, күтпеген ой тастайтындай дәйексөзден бастау керек. Тыңдаушылардың ықыласын жаулаудың тиімді тәсілі – аудиторияға сауал тастау. Бұл арқылы сөйлеуші көпшіліктің белсенді ой қызметіне араласуына мүмкіндік жасайды.

А.Ф. Кони дәріс берушілерді оқытқанда, алғашқы сөз өте қарапайым, түсінікті, қызықты болып, сол арқылы тыңдаушылардың назарын аударуға болады деп есептейді. Өзінің «Лекторларға кеңес» деген кітабында тосын

ойға қалдыратын, ерекше деген бірнеше мысалдар ұсынады. Мысалы Ломоносов туралы әңгімелегенде жас баланың Мәскеуге қашуын қысқа, бірақ айшықты түрде әдемілеп суреттеп алып, содан кейін бірнеше жыл өткеннен кейін Петербург қаласында, Петр біріншінің кезінен қалған ескі үйде, физикалық приборлар орнатылған, кітаптар, сызбалар, қолжазбалар шашылып жатқан кабинеттің ішінде басына ақ парик киген, мундирлі киімдегі адамның үстелдің қасында тұрып, Екінші Екатеринаға электрлендіруге қатысты жаңа тәжірибелер туралы баяндап тұр. Бұл адам сол баяғы қараңғы түнде өз туған үйінен Мәскеуге қашқан жас бала екенін айтып өтіңіз.

Бұл жерде тыңдаушылардың көңілін Ломоносовқа қатысы жоқтай көрінетін өте қарапайым дерек аударарды және олар бір-біріне өте қайшы келетін жайттар. Міне, осылайша назарды өзіңе аударып алып, Ломоносов туралы, оның ақындық, ғалымдық қырлары жөнінде көптеген әңгімелер айтуға болады.

Келесі бір қызықты мысал: *әлемге әйгілі тартылыс заңы туралы. «1642 жылдың жаңа жылды қарсы алу кешінде Англияда орташа жаздайдағы фермердің отбасында үлкен қарбалас болды. Дүниеге ұл бала келді, оның кішкентайлығы соншалық оны сыраның саптыаяғында жуындыруға болатындай еді». Осылай деп бастап алып ұлдың өмірі, білім алуы, студенттік жылдары, оның корольдік қоғамның мүшелігіне қабылдануы туралы баяндап келіп, ең соңында бұның атақты Ньютон екендігін жария ету. Әрі қарай тартылыс заңы туралы әңгімелеп кету. «Сыра саптыаяғы» туралы әңгіме бұл жерде тыңдаушылардың назарын бірден аударудың тәсілі ғана. Мұндай қызықты деректі қайдан алуға болады? Бұл туралы қайдан білуге болады? Ол үшін Ньютонның биографиясын мұқият оқып, көп ізденіп, дайындалу керек.*

Тағы бір қызықты бастама – өз сөзінде қарама-қарсы пікірлерді тоғыстырып пайдалану, сол арқылы аудиторияны сөз болатын тақырыпты жеңіл қабылдауға дайындау және өз идеяларының дұрыс жетуіне алғышарт жасау. Лектор аудиториямен сәлемдесіп алып төмендегідей дәйексөздерді оқыған:

*1. Наша молодежь любит роскошь, она дурно воспитана, она насмехается над начальством и нисколько не уважает стариков.*

*2. Я утратил всякие надежды относительно будущего нашей страны, если сегодняшняя молодежь завтра возьмет в свои руки бразды правления, ибо эта молодежь невыносима, невыдержанна, просто ужасна.*

*3. Наш мир достиг критической стадии. Дети больше уже не слушают своих родителей. Видимо, конец мира уже не очень далек.*

*4. Эта молодежь растленна до глубины души. Молодые люди злокозненны и нерадивы. Никогда они не будут походить на молодежь былых времен. Младое поколение сегодняшнего дня не сумеет сохранить нашу культуру.*

Тыңдаушылардың басым бөлігі жоғарыда айтылған пікірлерді қызу түрде қолдап, олардың жастар туралы өздерінің көзқарастарымен сәйкес келетіндіктеріне риза болған. *Лектор содан кейін бұл дәйексөздердің авторларын атаған: біріншісі Сократқа ( б.з.д. 470-399 ж.ж.) тиесілі, екіншісі Гесиодадан (б.з.д. 720 ж.) алынған, үшіншісі біздің ғасырымызға дейінгі 2000 жылы өмір сүрген египеттік ғұламаның сөзі, төртіншісі саздан жасалған ыдыстың сыртындағы сөз, бұл ыдысқа 3000 жыл және ол Вавилон қаласының үйіндісінен табылған.*

Сөйлеу барысында ескеретін нәрсе – тыңдаушылардың сіздің сөзіңізге құлақ салмас бұрын жеке басыңызға зер салып, сырт келбетіңіз, киген киіміңіз, тұрған тұрысыңыз жөнінде бір-екі сыни пікір айтып, оны жанындағылармен бөлісетінін ұмытпаңыз. Ең бастысы, сөзіңізді қызықты, өзіндік ерекше пішінде бастауды ұмытпаңыз, ол үшін көп еңбектеніп, ойланып, ізденуге тура келеді. Сонымен қатар әр тақырыпқа жеке қырынан келу керек, аудиторияның құрамын, оның білім деңгейін ескеруді де ұмытпаңыз.

### **Қорытынды**

Кез келген сөйленетін сөздің маңызды құрылымы қорытынды болып табылады, яғни «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айту керек. Нанымды және айшықты қорытынды тыңдаушылардың есінде қалады және жақсы әсер қалдырады. Керісінше, кей жағдайда сәтсіз айтылған қорытынды сөз басында айтылған жақсы сөзді жоққа шығарады.

Көп жағдайда адамдар берілген уақытқа өз айтар ойларын сыйдыра алмай, қорытынды жасап үлгермейді, кейбіреулері сөз соңында өз дәрежесінде дайындала алмағандарын, маңызды, қызықты жайттарды айтпағандарын, босқа уақыттарын алғанын алға тартып, көпшіліктен кешірім сұрап жатады. Мұндай әрекетті жасаудан қашыңыз, өз-өзіңізді ақтаудың қажеті жоқ.

Қорытынды қандай болу керек дегенде А.Ф. Конидің сөзін алға тартуға болады: «Конец разрешение всей речи (как в музыке последний аккорд разрешение предыдущего; кто имеет музыкальное чутье, тот всегда может сказать, не зная пьесы, судя только по аккорду, что пьеса кончилась); конец должен быть таким, чтобы слушатели почувствовали (и не только в тоне лектора, эта обязательно), что дальше говорить нечего».

Қорытындыда негізгі ойды қайталап, сөз барысындағы маңызды жайттарды санамалап берген дұрыс. Сол арқылы сөздің мазмұнынан туындайтын басты деген тұжырымдар жасалып, нақты шешімдер көрсетіледі, тыңдаушылардың алдына нақты міндеттер қойылады, қажетті ұсыныстар айтылады.

Қорытындыны дайындағанда ең соңғы сөзге баса көңіл аударыңыз, егер де сөз басындағы алғашқы сөз тыңдаушылардың назарын аудару керек болса, ал соңғы сөз сіздің айтқан ойларыңыздың тиімділігін арттырып, алған әсерді күшейтуі керек.

## **Негізгі бөлім**

Жақсы ойластырылған бастапқы сөз бен айырықша қорытынды сөйленетін сөздің табыстылығына кепілдік бола алмайды. Мәселен, шешен өз сөзін ерекше оймен бастап, тыңдаушыларды елең еткізді дейік, бірақ әрі қарай олардың сөз тыңдауға деген ықыластары әлсіреп, соңында тіптен жойылып кетуі мүмкін. Сөз сөйлеуші адамның алдында өте маңызды міндет бар, ол – бір дегеннен тыңдаушылардың көңілін жаулап алып қана қоймай, соны сөз соңына дейін сақтап қалу. Осы себепті ең жауапты кезең – негізгі бөлім болып табылады.

Бұл жерде негізгі материал баяндалып, алға тартылған мәселелер сатылап әрі жүйеленіп баяндалады, олардың дұрыстығы дәлелденеді, тыңдаушыларды қажетті ой қорытуға жетелеп отыру тәсілдері қолданылады. Жазушы К. Федин «Композиция дегеніміз – тақырыпты дамытудың жүйелілігі», – деп бекер айтпаған. Демек, егер сөйленетін сөзде логика болмаса, ойды дамытудың реттілігі болмаса, онда сөздің мазмұнын түсіну, шешеннің ой, пікір тую ретіне ілесу, естігенінді есте сақтау мүмкін емес. Сондықтан да негізгі бөлімде композицияның басты ережесін сақтау керек, яғни қисынды реттілік пен материалды баяндаудың жүйелілігі. Айтылған ойлар негізгі бір басты идеяға жұмылдырылып, бір-бірімен ажырамастай үндесіп әрі бір-бірін толықтырып тұруы қажет.

Негізгі бөлімнің құрылымын ойластырғанда сөйлеуші адам өз материалдарын қандай тәсілмен баяндайды, айтылатын мәселелерді дәлелдеу үшін қандай дәйектер келтіреді, тыңдаушылардың ықыласын аудару үшін қандай әдістер қолданады деген жайттарды анықтап алуы керек.

Шешеннің міндеті – осы бөліктердің барлығын шебер қиюластырып, аудиторияға өзіне қажетті деңгейде ықпал ете білу дағдысын қалыптастыру.

### **Материалды баяндаудың әдістері**

Сөйлеудің құрылымы шешеннің материалды ұсынудың әдістерін таңдауына тікелей байланысты. Бұл әдістер бірнеше ғасырлар бойы шешендердің тәжірибесі негізінде қалыптасқан және бүгінгі күнде белсенді түрде қолданылады. Қысқаша түрде бірнеше маңызды дегендеріне тоқталып өтейік.

### **Материалды мазмұндаудың әдістері:**

**Индукция әдісі** – материалды жалқыдан жалпыға қарай мазмұндау. Сөйлеуші өз сөзін жеке оқиғадан бастап, содан кейін тыңдаушыларды жалпы ой түюге, тұжырым жасауға итермелейді. Бұл әдіс үгітттеу мақсатындағы сөздерде көп қолданылады.

**Дедукция әдісі** – материалды жалпыдан жалқыға қарай мазмұндау. Оратор сөз басында жалпы мәселелерді талқылауды алға тартып, содан кейін олардың мән-мазмұнын нақты мысалдар мен дәйектер негізінде түсіндіреді. Бұл әдіс насихаттық қызметтерде жиі пайдаланылады.

**Аналогия әдісі** (ұқсастық, үйлестік) – әртүрлі құбылыстарды, оқиғаларды, деректерді салыстыру. Көп жағдайда қатарластыра салыстыру

тыңдаушыларға таныс деректер негізінде жүргізіледі. Бұл баяндалатын материалдардың дұрыс қабылдануына, басты идеяларды нақты түсінуге, аудиторияға тиімді әсер етуге ықпал етеді.

**Жинақтау немесе топтау әдісі** – көтеріп отырған басты мәселенің айналасында материалдарды топтастыру. Сөйлеуші негізгі мәселені жалпылай қарастыра келіп, оған нақты әрі терең сипатта талдау жасайды.

**Сатылы әдіс** – бір мәселеден кейін екіншісіне, одан кейін үшіншісіне бірізділікпен, бір жүйемен мазмұндай отырып көшу. Бір мәселені қарастырып біткеннен кейін, ол мәселеге қайтып айналып соқпау.

**Тарихи әдіс** – материалдарды хронологиялық жүйелілікпен мазмұндау, уақыт ағымына қатысты болған өзгерістерді талдау.

Материалды мазмұндаудың түрлі әдістерін қолдану негізгі бөлімнің құрылысын айырықша етіп құрастыруға мүмкіндік береді. Шешен қандай тәсілді қолданса да оның сөзі дәйекті, тұжырымдары мен ойлары сенімді болуы керек.

Шешенге аудиторияны бір мәселеге қатысты нақты бір пікірге сендіру, иландыру мақсаты жүктеледі, сонымен қоса адамдардың өзіндік түйген ойларына әсер ету, кері байланыс тудыру, нақты белгіленген бағытта ерекше ықпал ете білу қабілеті қажет. Осы себепті композициямен жұмыс істегенде сөз арасында келтіретін дәйектердің, айғақтардың логикалық және психологиялық жүйесін дұрыс құрастыруды ойластыру керек. Логикалық дәйектемелер тыңдаушылардың ақыл-ойына, психологиялық айғақтар сезімдеріне бағытталуы қажет.

Шешен өз сөзінде дәйектерді қолданудың жүйесін жасай отырып, композицияны күшейту принципін ұмытпауы керек, яғни келтіретін деректердің маңыздылығы, салмағы, нанымдылығы бірте-бірте күшейіп, ең ықпалдылығы жоғары айғақтар сөз соңында қолданылады.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Сөйлеу композициясы дегеніміз не?
2. Сөзге дайындалу кезеңдерінде жасалатын жоспар түрлері.
3. Жоспардың түрлерін атаңыз.
4. Композицияның негізгі элементтеріне анықтама беріңіз, яғни кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.
5. Материалды мазмұндаудың әдістерін атаңыз.
6. Көпшіліктің ықыласын аударудың қандай тәсілдерін білесіз?
7. Сөз құрылымындағы қандай кемшіліктер оның қабылдану тиімділігін төмендетеді?

### 3.6. Аудиторияның ықыласын аударудың тәсілдері

Көпшілік алдында сөйлеудің өзіндік ерекшеліктері бар, оларды композицияның негізгі бөлімін құрастырғанда ескеру қажет. Кез келген шешендік сөз аудиторияның қызығушылығын әрі олардың бойында қозғалатын тақырыпты тереңірек білуге деген құлшынысын тудыруы керек. Тек қызықты, мазмұнды дәрістер, баяндамалар үлкен ықыласпен тыңдалады. «Никогда, никакими словами вы не заставите читателя познавать мир через скуку», – деп А.Толстой тегін жазбаған, бұл қанатты сөзді шешен әрқашанда есте ұстауы қажет.

Дәріс қанша жерден қызықты болса да, тыңдаушылардың көңілі басқа жаққа ауады және адамдар тыңдауын тоқтатады, бұған кез келген адам өз тәжірибесі арқылы көз жеткізуіне болады.

Тыңдаушылардың құлықсыздығымен күресу – оратордың маңызды міндеті. Сондықтан да **сөйлеуші тыңдаушылардың ықыласын аударып, оны қалыпты деңгейде ұстап тұрудың бірнеше тәсілдерін білуі керек.** Ол қандай тәсілдер?

Біріншісі – **тыңдаушылардың назар аударуларын талап ету**, оларға тосын сұрақтар қою, сонымен қатар сөзінді бөліп, ара-арасында кідірістер жасау.

Келесі қызықты тәсілдердің бірі – **еліктіру**, яғни тыңдаушыларды қызықтырудың, ынтасын оятудың жолы – нақты не мәселе жөнінде әңгіме болып тұрғанын бірден ашып айтпау.

Үшінші арнаулы тәсіл – **сұрақ-жауап тәсілі**. Шешен талқыланатын мәселені тыңдаушылармен бірлесе отырып, жария түрде ойластырады. Аудиторияға сұрақ қоя отырып, оған өзі жауап береді, өзінің мүмкін деген куәдіктерін және келіспейтін тұстарын жария етеді, бірлесе талқылайды және нақты тұжырымдар мен шешімдер жасайды. Бұл сәтті әрі қолайлы тәсіл, өйткені тыңдаушылардың тыңдауға деген құлшынысы оянады, қызу пікірталас жасауға итермелеп, қайткенде де ортақтасуға мәжбүр етеді.

Төртінші тәсіл – **көркем әдебиеттерден мысалдар келтіру, мақал-мәтелдер, қанатты сөздерді қолдану**.

Бесінші тәсіл – **сөз арасында әзіл-қалжыңдарды орынды қолдана білу**.

Композицияда кездесетін кемшіліктер:

1. Материалды мазмұндағанда логикалы жүйеліліктің болмауы;
2. Мәтінде теориялық тұжырымдамалардың көп болуы, негізгі мәселелерге қатысты нақты дәлелдердің болмауы;
3. Көп мәселені сөз етуге тырысу;
4. Сөздің жаттандылыққа, көпсөзділікке құрылуы.

Бұл тұрасында ғалым А.Ф. Кони: “Краткость речи состоит не в краткости времени, в течение которого она произносится, а в отсутствии всего лишнего”, – деп дұрыс айтып кеткен.

Жоспар құру, композицияны құрастыру – бұл шығармашылық жұмыс. Кез келген дәріс, сөз қажырлы еңбектің, ұзақ ойланудың, жан-жақты ізденудің нәтижесінде ғана табысқа жетеді.

### **Кез келген сөйлеушінің асқақ арманы**

Ауызша сөйлеудің шеберлігін танытудың жолы әрі сөйлеушінің сөзінің тиімділігінің маңызды шарты – тыңдаушылармен байланыс орнату. Шынында да, сөз тыңдау үшін, дұрыс қабылдану үшін, әсерлілігімен есте қалу үшін айтылады. Сөйлеушіні тыңдамаса, әркім өз ісімен шұғылданып отырса, онда оның еңбегі зая, сөздің тиімділігі нөлге тең.

Аудиториямен байланыс орнату дегеніміз не?

Психологтардың айтуынша байланыс дегеніміз шешен мен аудиторияның психологиялық жағдайының ортақтығы немесе жалпылығы, бұл сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы өзара түсіністік. Ортақтық қандай жағдайда пайда болады? Ең алдымен бірлескен ой қызметінің негізінде, яғни сөйлеуші мен тыңдаушының ортақ мәселені шешулері әрі біртекті сұрақтарды талқылаулары керек. Шешен тақырыпты мазмұндап түсіндірсе, тыңдаушылар оның ой сабақтауының желісімен ілесіп отырады. Егер шешен бір нәрсе туралы айтып тұрса, тыңдаушылар басқа мәселе туралы ойлап отырса, онда өзара байланыс жоқ. Аудитория мен сөйлеушінің бірлескен ой қызметін ғалымдар зияткерлік ой тілектестігі деп атайды. Халықта «сөз жартылай сөйлеушінің иелігінде, жартылай тыңдаушының құзырында» – деп тегін айтылмаса керек.

Өзара ортақ байланыс туу үшін эмоциялық тілектестіктің рөлі де маңызды, яғни шешен мен тыңдаушылар бірдей сезімді бастан кешулері керек. Қозғалып отырған тақырыпқа деген сөйлеушінің қатынасы, оның қызығушылығы, сенімділігі тыңдаушыларға беріледі және кері байланыс тудырады, яғни шешен мен аудиторияның арасындағы байланыс егер екі жақ та бірдей ой қызметімен шұғылданып, бірдей сезімді бастан кешірген жағдайда ғана туады деген сөз.

Психологтардың айтуынша шешен мен аудитория арасындағы тығыз байланыс тудырудың қажетті алғышарты, ол – сөйлеушінің тыңдаушыларға деген шынайы, нағыз сыйластық сезімі мен оларды тең дәрежеде ой бөлісетін әріптес, жолдас деп мойындауы.

Байланыстың орнағаны немесе орнамағанын қалай анықтау керек? Шешеннің және аудиторияның іс-қимылынан сырттайғы байланыс деңгейі көрінеді. Сөйлеуші адам сөйлеп тұрған сәтте көп жағдайда залда тыныштық орнайды, бірақ үнсіздік әртүрлі болады. Кейбір шешендерді тыңдаушылар демін ішке тартып, бір сөзін жіберместен мұқият тыңдайды. Сөйлеушінің әзіл-қалжыңдары залда қозғалыс, күлкі, жымыс тудырғанымен, шешен сөзін қайта жалғағанда кілт тиылады. Келесі бір шешендер сөз алғанда тыңдаушылар үндемей отырады, бірақ оның әр сөзін қағып алып отырғаннан емес, тек оған кедергі келтірмеу үшін, бұл “сыпайы” үнсіздік деп аталады. Тыңдаушылар отыруы отырады, тәртіп бұзбайды, өзара сөйлеспейді, күбірлеспейді, бірақ тыңдамайды, шешенмен

бірлесіп жұмыс істемейді, олар ойша басқа нәрсені ойлап отырады, сондықтан да бұл тыныштық сөйлеуші аудиториямен байланыс орнатты дегенді білдірмейді.

Сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы өзара түсіністіктің басты көрсеткіші – сөйлеушінің сөзіне деген дұрыс реакция, тыңдаушылардың сырттайғы іс-қимылынан сөзді тыңдауға деген ниеттің байқалуы (отырыстары, ойлы көзқарас, сөзді бас изеп құптап отыру, күлкі, қол соғу), бұл залдағы ынтымақтастықтың көрінісі.

Егер байланыс орнаса немесе орнамаса оны шешеннің іс-әрекеттерінен де көруге болады. Сөйлеуші сенімді сөйлесе, өзін табиғи қалыпта ұстаса, тыңдаушыларға жиі сұрақ қойса, барлық залды көз аясына сыйдыра білсе, демек ол аудиториямен тіл табысты деген сөз. Аудиториямен байланыс орната білмейтін адам тұтығып, анық сөйлемейді, көз алдында отырған тыңдаушыларды көрмейді, олардың іс-қимылдарына мән бермейді.

Дұрыс байланыс орнату үшін сөйлеуші төмендегідей жайттарды ескеру керек:

- талқыланатын мәселенің өзектілігі;
- мәселені жаңа қырынан көтеру;
- қызықты мазмұнда баяндай білу;

– сөз бен істің бірлігі, яғни аудиториямен байланыс орнататын шешеннің жеке басына қатысты жайт, яғни оның беделі, ол туралы қалыптасқан қоғамдық пікір ықпал етеді. Сөйлеуші білімдар, білікті, ұстанымы берік, сөзі мен ісі қабысып жататын, айтқан сөзінде тұратын жан болса, онда ол адамға деген аудиторияның сенімі жоғары болады.

Сөз бен істің бірлігі – оратор қызметінің адамгершілік қағидасы, әдептілік пен сыпайылықтың межесі, бұл өзара түсіністіктің маңызды шарты, оған қойылатын басты талап:

– аудиторияның ерекшелігін ескеру, яғни өзіңіз алдына шығып сөз сөйлейтін тыңдаушылардың өзіндік болмысын ескеру маңызды нәрсе. Ең бастысы – аудитория құрамының біртекті немесе әртүрлі екенін біліп алу. Біртекті дегеніміз – тыңдаушылардың жасы, жынысы, ұлты, білім деңгейі, кәсіби мүдделері, көңілкүйлері деңгейлес болып келуі. Аудиторияның біртекті болуы олардың реакцияларының бірдей деңгейде болып және сөйлеуші сөзінің жеңіл қабылданатындығына кепілдік береді. Ал егер аудиторияның құрамы әртүрлі болса, онда шешеннің қосымша күш-жігер жұмсауына, тер төгуіне тура келеді.

Аудиторияның басты белгісі – сапалық құрамы. Негізінен алғанда көпшіліктің немесе аз адамның алдында сөйлесең де тақырыбыңды жақсы біліп, меңгерген болуың керек. Қағаздан оқып тұру – жақсы пікір тудырмайды, шешенге аудиторияның көңілкүйін басқаруды үйреніп, егер қажет болса өзгерте де білу қажет.

– Тыңдаушылардың психологиясын білу. Шешен мен аудиторияның арасындағы байланыстың орнауына тыңдаушылардың кейбір психологиялық ерекшеліктері де әсер етеді. Тыңдаушылар сөйлеушіге

басты талаптарын қояды, яғни олар тіл қатысу процесінде басты рөлді сөйлеушіге береді, ал ол өз кезегінде олар артқан үмітті ақтауы керек. Тыңдаушылар шешеннің іс-қимылынан сенімділікті, бет-әлпетінен сабырлылық пен ізеттілікті, дауысынан шешімділік пен қатаңдықты сезінулері керек.

Шешеннің көпшілік алдында пайда болуының өзі аудиторияға психологиялық тұрғыдан әсер етеді. Жүріс-тұрысы, өз-өзін ұстауы сөйлеушінің табысты сөз сөйлейтінінен хабар беріп тұруы тиіс, бірде-бір адамның ойында сәтсіздік туралы ой қыла бермеуі керек. Сөйлеудің алдында сөйлеуші келеңсіз оқиғаға ұшырауы, күтпеген қиындыққа кезігуі, тіптен өз-өзін дұрыс сезінбеуі мүмкін. Бірақ аудиторияны оның жеке басының мәселелері қызықтырмайды, яғни шешен шынайы көңілкүйін жасырып, бәрін ұмытып, бар ынта-ықыласын сөйлейтін сөзіне аударуы қажет.

Белгілі орыс педагогы А.С.Макаренко бала тәрбиелеушілерді: “Көңіл күйіңіз қандай жағдайда болмасын, дауысыңыз әрқашанда шынайы, сенімді, тартымды болуы керек. Көңіл күйіңіз сіздің дауысыңызға әсер етпеуі керек. Сол себепті кей жағдайларда физиономияңыз, көзіңіз, дауысыңыз бір-біріне бағынышты болмай, жеке дара әрекет етуі керек», - деп оқытқан.

Аудиторияның психологиялық ерекшелігі – тыңдаушылардың бір мезетте көрермен болуы. Шешен трибунада пайда болысымен, тыңдаушылар оны сынап, бағалай бастайды, бір-бірімен пікір алмасады. Ең бірінші кезекте тыңдаушылар сөйлеушінің сыртқы келбетіне назар салады.

Шешеннің киген киімі жағдайға, ортаға сәйкес болуы керек. А.Ф. Кони бұл туралы: “Қарапайым, әрі ыңғайлы киіну керек. Киіміңіз көзге оғаш көрініп, жарасымсыз болып тұрмауы қажет. Лектор көпшіліктің алдына шыққанда ең бірінші тыңдаушыларға оның сөзі маңызды емес, киген киімі алғашқы кезекте психологиялық тұрғыдан әсер етеді», – дейді.

Аудитория шешеннің сөйлеп тұрған сәттегі іс-қимылдарын да қалт жібермей бақылап отырады. Лектордың артық, әдетке айналған қимылдары тыңдаушылардың көңілін бөледі, олардың талқылауларына ұшырайды. Сөйлеушінің тұрысына да мән беріледі, сондықтан жарасымсыз қимылдарды жасамауға тырысу керек, бұл тыңдаушыларға жағымсыз әсер ететінін ұмытпаған жөн.

Тыңдаушыларды сөйлеушінің қайда қарап тұрғаны да бей-жай қалдырмайды. Сөз сөйлегенде біреулер терезеге, келесісі төбеге, біреуі еденге көз тоқтатып, тыңдаушыларға қарамайтын болады. Бұдан да сорақы жайттар кезігеді, яғни сөз сөйлеуші адам аудиторияға тұманды, бұлдыр, ешқандай мән-мағынасыз көзқараспен қарайды. Мұндай жағдайда шешен мен аудиторияның өзара түсіністігі туралы сөз қозғауға болмайды. Әрине, әрқашанда әр тыңдаушыға жеке-жеке көз тоқтатып, барлық адамдарды назарда ұстау керек деген талап жоқ, дегенмен сөйлеу барысында

аудиторияның бір бөлігінен екінші бөлігіне көзді жай аударып қараған дұрыс, сонда жақсы байланыс орнатуға болады.

### **Материалды ұсынудың жолдары**

Көпшіліктің алдына шыққанда жазып немесе дайындап алған мәтінді оқу дұрыс емес, шешенге тыңдаушыларға шынайы әңгіме айтуға үйрену қажет. Қағаздан оқығанша, оны келістіріп айтып беруге машықтану керек.

### **Сөздің композициялық құрылымы**

<b>Сөз сөйлеудің кезеңдері</b>	<b>Көңіл аударудың тәсілдері</b>
<p>1. Кіріспе Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– сөз болатын тақырыпқа тыңдаушылардың қызығушылығын ояту;</li> <li>– байланыс орнату;</li> <li>– тыңдаушыларды өз сөзіңізді тыңдатуға дайындау;</li> <li>– мәселенің алға тартылуын негіздеу.</li> </ul> <p>Негізгі шарт – қысқа әрі анық сөйлеу.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– сөз бастау;</li> <li>– мақсатыңды баяндау, тақырыптың негізгі тарауларына шолу жасау;</li> <li>– бірлесе көңіл қоюдың тәсілі;</li> <li>– қайшылықты оқиғаларды баяндау;</li> <li>– аудиторияның мүддесімен келіспеу (көзқарас қайшылығы);</li> <li>– бірлесе ортақтасып мәселені шешу тәсілдерін қолдану;</li> <li>– оқиғаның шешімімен келіспеу;</li> <li>– жағрафиялық және ауарайы жағдайымен келіспеу;</li> <li>– алдында сөз сөйлеген шешендердің пікірлерімен келіспеу;</li> <li>– беделді, танымал адамдардың ой-тұжырымдарымен және белгілі ақпарат көздерінде келтірілген деректермен келіспеу;</li> <li>– шешеннің жеке басына тән кемшіліктерді көрсету.</li> </ul>
<p>2. Негізгі бөлім Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– көтеріліп отырған мәселелерді бірізділікпен түсіндіру;</li> <li>– олардың дұрыстығын дәлелдеу;</li> <li>– қажетті деген шешімдер мен тұжырымдарды тыңдаушылардың өз еріктерімен жасауына мүмкіндік жасау, соған алғышарт</li> </ul>	

жасау.	
3. Қорытынды Міндеттері: – айтылған мәселелерді жүйелеу; – талқыланатын мәселеге деген қызығушылықты арттыру; – нақты міндеттер қою; – ортақтасуға шақыру.	– әзіл-қалжың түріндегі ескертпелер; – аудиторияға сұрақ қою.

### Тақырыпқа қосымша материалдар

С.Ф.Иванов “Специфика публичной речи” кітабында (Москва, 1978 ж.) айырықша сөйлеудің түрлеріне төмендегідей мінездеме береді:

**1) Рационалды-логикалық түрі.** Бұл топқа көңілкүйлерін маңайындағыларға білдірмейтін, сырт көзге салмақты болып көрінетін адамдар жатады, бірақ олардың ұстамдылығы эмоцияларының жоқтығын білдірмейді. Олар көргендерін талдауға бейім болады, өзінің және басқалардың іс-әрекеттерін қатаң түрде талқылауға және дәйектеуге әрекет жасайды. Олар әр сөзін ойланып, жүйелеп, салмақтап айтады, яғни алдынала ойластырылған жоспар құрып алып, сөзге мықтап дайындалады. Бұл – олардың табиғи қабілеті, бірақ шешен адамдардың мұндай түрлері бұл қабілетті көп жағдайда пайдаланбайды, олар өз сөздерін көркем, әсерлі, айшықты етіп айтудың жолдарын іздейді, аудиторияны қызықтыру үшін басты ойды дәйектейтін мысалдар қарастырады, осылайша басқа нәрсемен әуре болады. Бұл мінез сангвиник темпераментіндегі адамдарға тән, олар психикалық тұрғыдан белсенді, айналасында болып жатқан оқиғаларға шұғыл түрде ат салысатын, әсерленгіш, сәтсіздіктер мен қолайсыздықтарды жеңіл қабылдайтын, еті тірі, іс-қимылдары айқын, ашық-жарқын адамдар.

**2) Эмоционалды-интуитивті түр.** Бұл типтегі адамдар қызуқанды жандар, олар сөйлегенде жан-тәнімен беріліп сөйлейді, бірақ логикалық қатаң жүйелілікті сақтамайды және сөзінің бас-аяғын құрай алмай қалады. Шешеннің мұндай түрлері уақытқа бағынуды білмейді, алдынала жоспар құрмайды. Ойын шашыратып алады, осылайша тек қызыл сөзді судай сапыратын тантық болып шыға келеді. Көп жағдайда олар айтар ойымды шектейді деп жоспар құрмайды. Бұл адамдар холерик темпераментіндегі жандарға ұқсас келеді. Холерик – күш-қуаты мол, өз ісіне жан-тәнімен берілетін талапты, жылдам, көңілкүйі шұғыл өзгеретін қызуқанды адам.

**3) Философиялық түр.** Бұл суреттеуге қиын жандар, олар қызуқандылық пен жайбасарлықтың ортасындағы адамдар, құбылулары көп. Кей кездері өз жұмыстарын жоғары ұйымдастырушылық қабілетпен істейді, кей жағдайда еш дайындықсыз бір мәселені қазбалап, түбіріне дейін жетеді, өз ойларын мойындатады. Олардың ортақ мінездері – тыңдаушылардың алдында мәселені терең зерттеуге талпынып, салмақты тұжырымдар жасау арқылы көрермендерді тартуға тырысады және соған

қол жеткізеді. Бұлар талдау жасауға бейім келетіндіктен, эмоционалды әрі сезімтал жандар, яғни олар флегматик темпераментіндегі жандар. Флегматик – салмақты, тұрақты, терең сезімнің адамы, сөзі мен ісі тепе-тең, ішкі жандүниесіндегі сезімдерді сыртқа шығара бермейтін жан.

**4) Лирик, сезімтал немесе көркем-бейнелі тип.** Табиғатынан сезімтал жандар бейнелі түрде ойлайды, логикалық категориялар екінші кезекке шегеріледі, бірақ бұл олардың ой-тұжырымдарында қисындылық пен жүйелілік жоқ дегенді білдірмейді. Эмоцияға берілгіштік, сезімталдық, ішкі толқулар, шектен тыс әсерленгіштік – бұл осы топтың адамдарының ерекше сипаттары, бірақ бұл топтың шешендері бір-бірінен қатты ерекшеленеді. Бұлар – меланхоликтер, яғни тез әсерленгіш, іштей үрейленгіш, уайымшыл, жаны тез жараланғыш жандар, сырттай қарағанда бұлар маңайында болып жатқан оқиғаларға аса селт етпейді, сабырлы түрде қимылдайды.

П. Сопер “Основы искусства речи” оқулығында **сөйлеу тілінің өзіндік ерекше сипаттарын** былай жіктейді:

**Бірінші – көңіл көтерушілік сипатта сөйлеу.** Тыңдаушылардың көңіл-күйін көтеріп, жайландыру мақсатында айтылады. Бұл жерде тыңдаушылардың назарын аударып, көңілін көтеру негізгі мәселе емес, сөйлеудің қызықтылық сипаты басты ұстанатын бағыт болуы керек. Мұндай сипаттағы сөздерді банкеттерде, адамдар көңіл көтеріп, жақсы әңгіме айтып, ашық-жарқын сырласу үшін жиналған кездесулерде естуге болады.

**Екінші – ақпараттық (хабарламалық) сипаттағы сөз** – негізгі мақсат тыңдаушылардың құштарлық қабілетін ояту ғана емес, нақты бір мәселе жөнінде тың деректер, ойлар айту. Бұл баяндау, түсіндіру, суреттеу тәсілінде болуы мүмкін. Баяндау – бұл қозғалыс, суреттеу – бір нәрсені бөлшектеп, жіктеп қарастыру, сол арқылы заттың болмысын ашу, түсіндіру – заттың қозғалыстағы сыр-сипатын анықтайды және оның құрылысын көрсетеді. Барлық ақпараттық сөйлеу түрінде осы сипаттамалардың біреуі басым түсіп жатады және ол төмендегідей талаптарға жауап беруі тиіс:

- ешқандай дау тудыратын мәселе болмауы керек;
- адамның ойына қозғау салып, тың ойдың тууына түрткі болуы керек;
- тыңдаушылардың сұраныстарына жауап беріп, қажеттіліктерін қанағаттандырулары қажет;
- ақпараттың өзектілік сипаты басым болуы керек.

**Үшінші – жігерлендіруші сөз.** Жалпы алғанда үгіттеуші сөздерді үш топқа бөлуге болады: жігерлендіру, сендіру және белсенді реакция тудыру мақсатындағы сөз. Бұл үшеуі тәжірибеде бірін-бірі алмастыра береді. Мәселені нақтылап алу, оның маңызын анықтау, тыңдаушыларды қуаттандыру – бұл жігерлендіруші сөздің негізгі мақсаты. Саяси, спорттық жиындардағы сөздер, яғни адамдардың еңбектерін бағалау және атаулы оқиғалар мен құбылыстарды атап өту, қоғамдық және адамгершілік

құндылықтардың маңызын бағалауға арналған кездесулер, өсиет сөздер осы топқа кіреді.

**Төртінші – иландырушы немесе сендіруші сөз.** Сендіру дегеніміз қисынды айғақтармен бір нәрсе жайлы ойды дәлелдеу немесе жоққа шығару. Бұл – таза логикалық міндет. Тәжірибеде бұл үгіт сөз деп қарастырылады, онда логикалық немесе тағы да басқа кез келген тәсілдермен шешен қайшылықты, шешімін таппаған мәселе туралы өз пікірімен көпшілікті келісуге үгіттейді, бірақ нақты іс-әрекет жасауға шақырмайды.

**Бесінші – белгілі бір іс-әрекетке жұмылдыру.** Тыңдаушыны жаңа, ескі іс-әрекетті бастауға, жалғастыруға немесе соңғы нүктесін қоюға шақырады. Бұл адамдардың сенгенін көрсетеді. Іс-қимыл жасауға шақыру тікелей және жанама түрде болады, ол болашақта немесе тез арада іске асуы мүмкін. Бірақ бұл жерде тыңдаушылардың іс-әрекеті туралы ғана сөз болады.

Насихаттық сөздерге тән ерекшеліктер: қажетті әрі нақты дәйектерге негізделген болуы керек, адамның психикалық қабылдауына ықпал етуі қажет, көпшілікті ортақ келісім жасауға итермелеу. Ал ең басты атап өтетін қыры – шешен өзі сұрап, өтініп тұрған мәселенің іс жүзінде орындалу қажеттігіне тыңдаушыларды сендіруі қажет.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. «Аудиториямен байланыс» деген түсінікке анықтама беріңіз.
2. Аудиторияның ықыласын аударудың қандай тәсілдерін білесіз?
3. Шешен мен тыңдаушылардың арасында байланыс орнатуға ықпал ететін негізгі факторларды атап беріңіз.
4. Дұрыс байланыс орнату үшін қандай шарттарды орындау керек?

## 4-ТАРАУ. ДЫБЫСТАЛҒАН СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### 4.1. Сөйлеу аппараты

Дауыспен жұмыс істеуді кәсіпке айналдырған жандар үшін сөйлеу аппараты – өзіндік бір музыкалық аспап болып табылады, оны шебер қылып табиғаттың өзі жаратқан. Сөйлеу аппаратын дұрыс қолдану үшін оның жаратылу болмысын жақсы білу қажет. Ғалымдардың айтуынша, дыбыс шығару энергияның бір пішіні болып табылады. Адамның сөйлеу аппараттарының қозғалысы негізінде пайда болатын энергия үлкен жылдамдықпен тарап, нақты жиілік пен күш негізінде ауа молекулаларының тербелісін туғызады. Дыбыс жоғарылығының деңгейі тербеліс жиілігіне байланысты, ал күші тербеліс шегіне тәуелді. Дыбыстың табиғатын, акустикалық және физиологиялық ерекшеліктерін түсіну үшін сөйлеу аппаратын зерттеп, оның құрылысын біліп, оны өз қажетіңе жарата білу керек. Өйткені сіздің сөйлеген сөзіңіздің табыстылығы дауысқа байланысты болып келеді.

Дыбыстың құралуы үшін ең алдымен ауа керек. Дем алу органдарының көмегімен ауа өкпеге жетеді және қайта сыртқа шығады. Дыбыс күші мен оның ұзақтығы өкпенің көлеміне орай және оның қанша ауаны өзіне сыйдыра алатындығына, одан кейін шығаратындығына байланысты. Дегенмен демді ішке жұтып және сыртқа шығарудан дыбыс құрала бермейді. Өмір сүру үшін адам ұйықтап жатқан кезінде де тыныс алуы керек. Қашан және қалай ауа немесе тыныс дыбысқа айналады?

Адам өз ойымен бөліскісі келген жағдайда дыбысталған сөз пайда болады. Бұл процесс өте күрделі және былайша іске асады: ауа көмей арқылы өтер тұста дауыс желбезегі мен тербеткіштер орналасқан. Олар дыбыстың пайда болу өзегі. Көмейде дыбысты толқындар пайда болады, содан кейін олар резонаторларға барады, бұл дауысты күшейтіп, байытады. Соңғы кезектегі жұмысты ауыз қуысында орналасқан артикуляторлар атқарады, яғни тіл, ерін, төменгі иек, жұмсақ таңдай.

Ең белсенді артикулятор – тіл. Ол өзін ауыз қуысында еркін сезінеді, тіске тиеді, таңдайға көтеріледі немесе көмейге қарай жиырылады. Ана тіліміздегі дыбыстардың айтылуы тілдің қимыл-қозғалыстарына тәуелді.

Артикуляторлар дыбыстарды сөздерге айналдырады. Бұл жерден табиғаттың адамды қандай жетілген, қажетті аппаратпен сыйлағанына көз жеткізуге болады.

Ең басты ескеретін нәрсе – сөйлеу аппараты адамның ішкі жан дүниесіндегі өзгерістермен тікелей байланысты, яғни ол адам сезімінің көзге көрінбес қозғалыстары, психикасымен, мінезімен, тілегімен астасып жатады. Адамның дауысына қарап оның темпераментіне, мінез-құлқына, өмірді сезінуіне, көңілкүйіне және оның шынайы болмысына баға беруге болады. Мәселен, оптимист және көңілі көтеріңкі адамның дауысы ашық-жарқын, көңілді болады, пессимистің дауысы – көңілсіз, сылбыр шығады,

ашуланған адам қатты, дауысын көтеріп сөйлейді, аурушаң адам жай, сөзді бөліп-бөліп, бәсең үнмен сөйлейді.

#### 4.2. Дыбыстау мүшелері және олардың қызметі

Тіл дыбыстарын және олардың артикуляциялық жақтарын түсіну үшін, дыбыстау мүшелері мен олардың әрқайсысының қызметін жете білу қажет. Дыбыстау мүшелері мыналар: өкпе, тамақ, көмей, дауыс шымылдығы, тамақ қуысы, ауыз қуысы, мұрын қуысы, тіл, кішкене тіл, таңдай, тіс, ерін т.б. Дыбыстау мүшелерінің жиынтығы сөйлеу аппараты деп аталады.

Тіл дыбыстары өкпедегі ауаның сыртқа шығуынан жасалады. Бірақ олар өкпедегі ауаның жай ғана шыға салуынан жасалмайды, ол үшін сөйлеу аппаратының қатысуы шарт. Анығырақ айтқанда, тіл дыбыстары өкпедегі ауаның сөйлеу аппаратының қатысуы арқылы сыртқа шығуынан жасалады. Дыбыстау мүшелері ауа жүретін каналдың бойына орналасқан. Өкпеден шыққан ауа тыныс алатын кеңірдектің өкпеге қосылатын тарамдарынан тамаққа, одан көмейге, көмейден жұтқыншақ қуысына келеді, одан әрі ауа не мұрын қуысы, не ауыз қуысы арқылы өтеді.

Дыбыстарды айтуда, әсіресе, дауыс шымылдығы мен тіл айрықша қызмет атқарады. Дауыс шымылдығы көмейде болады. Дауыс шымылдығының керіліп тұруынан діріл пайда болады да, үн шығады. Ал, егер дауыс шымылдығы жиырылып тұрса, онда діріл пайда болмайды, сондықтан да үн де шыға алмайды. Дауысты дыбыстар осы аталған дауыс шымылдығының дірілінен пайда болады.

Көмейдің үстіңгі жағында жұтқыншақ қуысы болады. Ол ауыз қуысы және мұрын қуысымен жалғасып жатады. Дыбыстардың айтылуында ауыз қуысы мен мұрын қуысы резонаторлық қызмет атқарады. Кейбір үнді дауыссыздар (м, н, ң) мұрын қуысы арқылы жасалады. Дыбыстардың басым көпшілігінің жасалуында, әсіресе, ауыз қуысы айрықша қызмет атқарады.

Ауыз қуысындағы мүшелердің ішінде ең басты қызмет атқаратын мүше – тіл. Тілдің бірде ілгері, бірде кейін жылжуынан, бірде жоғары көтеріліп, бірде төмен түсуінен, сондай-ақ оның артқы шені мен орта шенінің немесе ұшының қимылынан әртүрлі дыбыстар жасалады. Мысалы, тілдің ұшы жоғарғы тіске тиюінен тіс (немесе денталь) дыбыстары (т, д...), ал тілдің артқы шенінің артқы таңдайға тиюінен немесес жуықтауынан тіл арты дыбыстары (қ, ғ, к, г) жасалады.

Тіл дыбыстарының артикуляциясына айрықша қатысы бар дыбыстау мүшелерінің бірі – ерін. Еріннің дауысты дыбыстардың (о, ө, у, ұ...) жасалуына да, дауыссыз дыбыстардың (м, п, б...) жасалуына да қатысы бар. Еріннің сүйірленіп дөңгеленуінен еріндік дауыстылар (о, у, ө...) жасалса, екі еріннің өзара жымдасуынан ерін дауыссыздары (м, б, п...) жасалады. Астыңғы еріннің үстіңгі тіске тиюінен немесе оған жуықтауынан лабиаль-денталь дыбыстар (ф, в) құралады.

Сонымен тіл дыбыстары дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Дыбыстау мүшелерінің әрқайсысының белгілі бір қызметі болады. Бірақ олардың қызметі өз алдына жеке-дара болмай, бірінің қызметі екіншісіне бағынышты және өзара тығыз байланысты болады (8, 214 б.).

### 4.3. Сөйлеудің фонетикалық жақтан мүшеленуі

Дыбысталу жағынан алып қарағанда, сөйлеу жік-жігімен айтылған дыбыс шумақтарының тізбегінен құралады. Дыбысталудың шумағы өз ішінде жігі ажырап, кіші топтарға (үзбелерге) бөлшектенеді. Олар (шумақтың үзбелері) **сөйлеудің фонетикалық единицалары** ретінде қаралады. Олар мыналар: 1) фраза, 2) такт, 3) буын, 4) дыбыс.

**1. Фраза** – ең ірі фонетикалық единица. Бір фраза екінші фразадан кідіріс арқылы ажыратылады. Сөйлеуші екінші фразаны айту үшін бірінші фразадан кейін кідіріс жасайды. Пауза жасалғанда, дем ішке тартылады да, екінші фразаны айтқанда, сыртқа шығады. Мысалы, Қонағын сүймеген баласын ұрады (мақал) деген сөйлемде екі фраза бар: оның бірі қонағын сүймеген, екіншісі баласын ұрады. Бұл фразалардың басын біріктірген нәрсе интонация. Интонация – өте күрделі құбылыс. Оны құрайтындар мыналар:

1) Мелодика. Дауыс ырғағыны көтеріліп барып бәсеңдеуі немесе бәсеңдеп барып қайта көтерілуі мелодика деп аталады. Әрбір тілдің өзіне тән мелодикалық кестесі болады. Паузамен бірге мелодика да сөйлеуді мүшелеу тәсілі (құралы) ретінде қызмет атқарады. Сөйлемнің бөлшектері айтылуда дауыстың көтеріліп төмендеуі немесе төмендеп барып қайта көтерілуі арқылы ажыратылады. Хабарлы сөйлемде паузаның алдындағы сөз көтеріңкі дауыспен айтылады да, онан кейінгі бөлшектің құрамындағы сөздерде дауыс біртіндеп бәсеңдей береді. Мысалы, Сіркіреп жауған жауын түні бойы басылмады – деген сөйлемнің мелодикалық кестесі (дауыстың көтеріліп барып бәсеңдеуі) мынадай болады:

Жауын

Түні бойы

Сіркіреп жауған

Басылмады

2) Сөйлеудің темпі. Темп сөйлеудің шапшаң немесе баяу болуы дегенді білдіреді.

3) Сөйлеудің үдемелілігі. Сөйлеудің үдемелілігі айтылудың күштілігі немесе әлсіздігі (демнің қатты немесе әлсіз шығуы) дегенді білдіреді.

4) Сөйлеудің әуені. Сөйлеудің әуені айтылудың мақсатына қарай, «көңілді» немесе «ойнақы», «қапалы (қайғылы)» немесе «қорқынышты (үрке сөйлеу әуені)» болуы мүмкін. Сөйлеу әуені бар да, дауыс әуені деген бар. Дауыс әуені (мысалы, баритон, бас, тенор, сопрано т.б.) мен дыбыс әуені сөйлеу әуенінен басқаша болады. Бұларды бір-бірімен шатастырмау керек.

**II. Такт.** Фраза тактларға ажыратылып бөлшектенеді. Такт – фразаның бір екпінге бағынған бөлшегі. Тіл-тілдегі атауыш сөздердің әрқайсысы бір-бір екпінге ие болғандықтан, өз алдына бөлек такт болып бөліне алады. Ал көмекші сөздер бөлек екпінге ие бола алмайды. Сондықтан олар өз алдына бөлек такт құрай да алмайды. Көмекші сөздер атауыш сөздердің не алдында, не соңында келіп олармен тіркескен калпында бір такт жасай алады.

**III. Буын.** Такт буындарға жіктеліп бөлшектенеді. Буын бір дыбыстан немесе бірнеше дыбыстың тіркесінен жасалады. Кез келген дыбыс буын құрай бермейді. Көпшілік тілдерде буын жасайтын дыбыстар – әдетте дауыстылар. Дауыстылар жеке-дара күйінде де, дауыссыздармен тіркесіп келіп те буын құрай береді. Буын құрайтындар тек дауысты дыбыстар ғана емес, сонымен бірге кейбір тілдерде, мысалы, чех, серб тілдерінде дауыссыз дыбыстар да буын құрай алады.

Сөздердің айтылудағы буын саны мен жазылудағы буын саны әрқашан бір-біріне сай келуі шарт емес. Кейбір сөздердің жазылудағы буын санынан айтылудағы буын саны көп болса (мысалы, литр сөзі айтылуда екі буын сөз болып айтылады), керісінше, кейбір сөздердің айтылудағы буын санынан жазылудағы буын саны көп болады (мысалы, Сарыарқа деген сөздің құрамындағы қатар келген дауыссыздардың алдыңғысының түсірілуі нәтижесінде айтылуында бір буын кемиді).

Дыбыс құрылысы жағынан буын үш түрге бөлінеді: ашық буын, тұйық буын, бітеу буын.

1) Ашық буын. Бір ғана дауыстан болған немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға біткен буын ашық буын деп аталады. Мысалы: а \ ла, ә\ке, қа\ра, да\ла, і\ні, мә\се\ле т.б.

2) Тұйық буын. Дауыстыдан басталып, дауыссызға біткен буын тұйық буын деп аталады. Мысалы: оң, ол, оқ, ақ, ас, ұл, өрт, ұрт, ант.

3) Бітеу буын. Ортасы дауысты болып, екі жағы да дауыссыз дыбыспен тұйықталған буын бітеу буын деп аталады. Мысалы, құс, құм, төрт, қант т.б.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, үш дыбысты тұйық буын мен төрт дыбысты бітеу буынның соңындағы қатаң келген екі дауыссыздың ең соңғы дыбысы қатаң, оның алдындағы дыбыс үнді болып келуі шарт. Мысалы, ант, ұлт, өрт; бұлт, тарт, қант т.б.

**IV. Дыбыс.** Буын дыбысқа бөлінеді. Дыбыс – ең кішкене фонетикалық единица (8, 238 б.).

#### 4.4. Екпін және оның түрлері

Сөз құрамындағы буындардың айтылуы біркелкі бола бермейді. Ол буындардың біреуі, басқаларына қарағанда, айқынырақ ажыратылып, көтеріңкі айтылады. Мұндай қасиетке, әдетте, екпін түскен буын ие болады. Осыған орай, екпін түскен буын **екпінді буын** деп аталады. Екпін

түскен буын басқа буындардан негізгі үш түрлі тәсіл арқылы ажыратылады.

1) Буынның біреуі басқа буындардан айырықша күшті айтылуы арқылы ажыратылады. Екпіннің мұндай түрі лебизді екпін немесе динамикалық екпін деп аталады.

Динамикалық екпін фонациялық ауаның қарқыны, буынның күшімен байланысты болады да, басқа буындардың ішінде бір буынның айырықша көтеріңкі айтылуына негізделеді. Динамикалық екпін көптеген тілдерге тараған.

2) Басқа буындардың ішінен бір буын айтылу тонының ырғағы (высота тона) арқылы, ерекшеленіп, дауыс шымылдығының дірілінің жиіленуіне негізделеді. Екпіннің бұл түрі тоникалық немесе музыкальды екпін деп аталады. Екпіннің бұл түріне ие тілдер: қытай, корей, дүнген, жапон, серб, литва және т.б. тілдер.

3) Басқа буындардың ішінен бір буын өзінің құрамындағы дауыстының созылыңқы айтылуы арқылы ажыратылады. Бұл квантативті (латын тілінің *quantitas* – «сан, мөлшер» деген мағынадағы сөзі) екпін деп аталады.

Кейбір тілдерде, мысалы, түркі тілдерінде, екпін көбінесе арнаулы бір буынға байланып, басқа буындарға жылжи бермейді. Екпін бір буынға телініп тұрақталса, ондай екпін тұрақты екпін деп аталады. Түркі тілдері тұрақты екпінге ие тілдердің тобына жатады. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, екпін көбінесе сөздің соңғы буынына түседі.

Тіл-тілде сөз екпінінен басқа, **фразалық екпін** де болады. Сөйлеу процесінде бір-бірімен тіркесіп айтылған сөздердің әрқайсысы әрқашан дербес екпінге ие болуы шарт емес. Кейбір сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің әрқайсысы өз алдына дербес екпінмен дараланбай, айтылу жағынан жігі жымдасып, бір ғана екпінге ие болады. Мұндай сөз тіркестеріндегі екпін фразалық екпін деп аталады.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, бір ғана екпінге (фразалық) бағынып айтылатын сөздердің тіркесі кездесе береді. Мысалы: ит-құс, ине-жіп, жол-жора тәрізді қос сөздердің тіркесі, сен ғана, он шақты, ай сайын тәрізді негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі, қой көз, бота көз, қыпша бел, ат үсті, ну орман тәрізді тұрақты сөз тіркестері т.б. акцентуациялық жақтан ажырап бөлінбей, бір бүтін ритмикалық топ түрінде айтылады.

Сөйлеу процесінде тізбектеліп айтылған сөздің бірі өзінің екпінінен айрылып, не өзінің алдында тұрған сөздің, не өзінен кейін тұрған сөздің жетегіне еріп, екпін жағынан шегі ажырамай, сонымен қосылып айтылуы мүмкін. Акцентуациялық жақтан жігі ажырамай, бір ғана екпінмен айтылып, ритмикалық бір бүтін топ құраған сөз тіркесінің құрамындағы екпін түспеген сөз екпінді өз бойына тартқан сөздің алдында тұрса, проклитика (гректің *proclino* – «алға иілу, еңкею» деген сөз бойынша жасалған термин) деп аталады да, соңында тұрса энклитика (гректің *egrilino* – «иілу, еңкею» деген мағынадағы сөзінен жасалған термин) деп аталады.

Жөн-жосық, кем-кетік, көл-көсір, мал-мүлік тәрізді қос сөздер мен ән салу, қол қою тәрізді сөз тіркестерінің әрқайсысының алдыңғы сыңарлары дербес екпінге ие бола алмай, проклитикаға айналып тұр. Тіл-тілде энклитикаға айналатындар көбінесе көмекші сөздер. Мысалы, сен ғана, үйге дейін, алыс па, жақын ба, айта ғой тәрізді тіркестердің құрамындағы ғана, дейін, па, ба, ғой деген шылау сөздер өз алдына дербес екпінге ие бола алмай, энклитикаға айналған. Түркі тілдерінде күшейткіш үстеулер мен қос сөздердің құрамындағы күшейткіш буындар екпінді өз бойына тартып, өзінен кейінгі сөзді энклитикаға айналдырады. Мысалы, қазақ тілінде өте жақсы, тым биік, аса зор тәрізді сөздердің тіркестеріндегі өте, тым, аса деген күшейткіш үстеулер екпінді өз бойына тартып, өзінен кейінгі сөздерді энклитикаға айналдырып тұр. Қап\қара, қып\қызыл деген сөздерде екпін күшейткіш буындарға көшкендіктен, негізгі мағыналы сөздер энклитикаға айналған.

Сөздердің энклитикаға ұшырауы тіл тарихында кейбір өзгерістердің жасалуына әсер етуі мүмкін. Мысалы, тұрған деген сөздің тұғын (баратұғын) формасына айналуы бұл сөздердің өздерінің алдындағы сөзбен тіркесіп айтылу барысында өзінің дербес екпінінен айрылып, алдындағы сөзбен бірігіп, ұласып кетуінен болса керек. Сөздердің аффикстерге айналуы.

**Логикалық екпін.** Сөзде белгілі бір буынның екпін түсіп, ерекшеленіп айтылатыны сияқты, кейде сөйлемде бір сөзге айрықша назар аударылып айтылатыны бар. Сөйлемдегі айрықша назар аударылып айтылған сөзде ой екпіні болады да, ол сөз басқа сөздерге қарағанда, ерекше әуенмен айтылады. Мұндай екпін логикалық екпін деп аталады.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, логикалық екпін көбінесе баяндауыштың алдындағы сөзде болады. Мысалы, Болат қаладан кеше келді деген сөйлемде логикалық екпін кеше деген сөзде болса, Болат кеше қаладан келді (басқа жерден емес, қаладан) деген сөйлемде – қаладан деген сөзде. Ал Кеше қаладан Болат келді деген сөйлемде логикалық екпін Болат деген сөзге түсіп тұр. Сөйтіп, қазақ тілінде логикалық екпін түскен сөз баяндауышқа жақындап, тікелей соның алдында тұруға ұмтылады.

Сөйлемнің айтылу сазына қарай, логикалық екпіннің орны да өзгеруі мүмкін. Мысалы, лепті сөйлемдерде баяндауыш сөйлемнің басында қолданылып, оған айрықша назар аударылады да, логикалық екпін сол баяндауыш болған сөзге түседі. Мысалы: Жасасын, Тәуелсіздік мерекесі! Бақытты болыңдар, сүйікті достар!

Жазба тілде логикалық екпіннің қай сөзге түсіп тұрғаны контекстен, оның мазмұнынан аңғарылады. Ауызекі сөйлеуде логикалық екпін сөйлеушінің қай сөзге айрықша назар аударуды қажет санап тұрғанын аңғарып ажыратуға мүмкіндік береді (8, 240-244 б.).

#### 4.5. Тыныс алу және жаттығу

Адамдар көп жағдайда «сөйлеп-сөйлеп шаршадым, демім жетпей қалды, дауысыма күш түсіп кетті» деп шағымданып жатады. Олар мұндай жағдайдың түпкі себебі – дұрыс тыныс алуға әдеттенбегендіктен болатынын біле бермейді.

Кәсіби қызметі дыбысталған сөзбен байланысты адамдарды бірінші кезекте сөйлеу процесіне ықпал ететін фонациялық тыныс алу қызықтырады. Фонациялық тыныс алудың негізгі белгілері:

– белсенділік – тыныс алу сөйлеуіміздің қуатты негізі (энергетикалық база) болып қызмет етеді;

– дем шығарудың ұйымдасқан түрі. Әдеттегідей тыныс алғанда біз дем шығару процесіне, оның қайда бағыттالاتынына мән бермейміз. Фонациялық тыныс алу дыбыстың пайда болуымен және таралуымен тікелей байланысты, сол себепті тыныс алу жүйелі болу керек;

– дем шығаруды реттеу – демді шығарғанда саналы түрде бірнеше бірдей бөліктерге бөліп жіберу шеберлігі. Фонациялық тыныс алу ырғағы әдеттегідей дем алудан қатты ерекшеленеді. Бұл жерде демді ішке жұту сыртқа шығарғанға қарағанда 10-15 есе қысқа. Тыныс алуды реттеген жағдайда демді сыртқа шығару процесінің өзін 20 немесе 30 бөлікке оңай бөліп жіберуге болады, сонда әр сөз толық дыбысталады. Мұндай жаттығуды саналы түрде жасауға болады;

– сөйлеп тұрған сәтте ауаны көптеп жұтуға тырысу. Тыңдаушыларға сездірместен тез әрі жігерлі түрде ауаны ішке жұтып, сәті түскен кідірістерде ауа қорын толтыруға үйренуге жаттығу керек. Тыныс алуға жаттығу психикалық жағдай және қозғалыс сияқты екі маңызды фактордан туындайды.

#### Тыныс алу

Тыныс алу, яғни дем алу – дыбыстың қуат-күші, күре тамыры. Актер, болмаса көркем сөз шеберінің дауысының жарқын да, жайлы, ашық та анық, сұлу да сүйкімді шығуы оның қалай тыныстап, қалай дем алуына тәуелді. Адам өз демін саналы түрде ыңғайына қарай еркімен пайдалана алады. Дұрыс тыныс алу, оның өз заңдылықтарын сақтай отырып машықтану ағзаның қалыпты жұмыс істеуіне көмектеседі.

Тыныс алудың екі түрі бар. Олар: физиологиялық және фонациялық түрлері.

Физиология – ағзаның қызметі және оны реттейтін заңдылық.

Фонация – сөйлеу мүшелерінің қызметі нәтижесінде тіл дыбыстарының айтылуы.

Адам тіл қатпай, үнсіз тұрған кезде тыныс алу аппараттары оны оттегімен қамтамасыз етеді, яғни дем алғанда ол өкпеге барады, ал демін сыртқа шығарған тұста кеуденің көмір қышқылынан босайды. Тыныс алудың бұл түрін физиологиялық немесе газ алмасу деп атаймыз. Әңгіме үстінде дем алмай тұрмаймыз. Дәл осы кезде дем алудың физиологиялық

қызметіне дауыс келіп қосылады. Тыныс алудың мұндай түрін фонационды, яки тіл дыбысының пайда болуы дейміз.

Бұл екеуінің бір-бірінен айырмашылығын Островский атындағы Орал консерваториясының оқытушысы Э.М.Чарели мынадай жүйе арқылы ажыратады:

**Физиологиялық тыныс:**

- Адам еріксіз, автоматты түрде демін алады.
- Демін ішке тарту ұзақтығы демін сыртқа шығару ұзақтығымен тең.
- Тыныстаудың мынадай тәртібін сақтау: демін ішке тарту – демін сыртқа шығару – пауза жасау – демін ішке тарту...

**Фонациялық тыныс:**

– Адам саналы түрде дем алу процесін реттей отырып, өз бетімен тыныс алады.

– Әрі жиі, әрі қысқа ғып демін ішке тарту, ал демі сыртқа шығарған кезде бұған керісінше әрі ақырын, әрі ұзақ тыныстау.

Тыныстаудың мынадай тәртібін сақтау: демін ішке тарту – демін сыртқа шығару – екі аралығында сөз сабақтау – демін ішке тарту... (20, 58-60 б.).

### **Дем алудың үлгілері**

Жалпы, дем алудың баршаға белгілі үш үлгісі бар. Олар: кеудемен дем алу, ішпен дем алу, аралас – диафрагмалық, яғни толық тыныс алу.

**Кеудемен дем алу.** Ауызекі әңгімеде көкірек кере дем алды деп айтыла да береді. Дем алудың бұл үлгісі кеуденің жоғары және орта бөлігінде өтеді. Демді ішке тартқанда кісінің иықтары көтеріліп, кеуде тартылады, яғни кеуде мен иық бұлшық еттері жиырылады, тегінде кеудеме дем алу ауаны артық жұтып, дауысты әлсіретуге әсер етеді.

**Ішпен дем алу.** Тыныс алудың бұл үлгісі кеудеден төменгі тұста өтеді. Демді ішке тарту бауыр еттің төмен түсуі арқылы, ал демді сыртқа шығару оның көтерілуі арқылы жүргізіледі. Мұның бар артықшылығы демді әрі жеңіл алуға болатындығында (20, 65-67 б.).

Дұрыс дем алуды жаттықтыру үшін өлеңдерді, жұмбақтарды, жаңылтпаштарды айтуға болады. Жаңылтпаштар демді ғана жаттықтырмай, дикцияның, сөздің таза шығуына көп әсерін тигізеді.

Жаңылтпаштағы әрбір әріптің анық шығуына баса назар аударыңыз. Дауыссыз дыбыстар анық айтылуы қажет. Мына жаңылтпаштарға ден қойыңыз.

Жорғаң жорға-ақ екен,  
Ордан қорқады екен.  
Жорғаң жорға-ақ екен,  
Желіске шорқақ екен.

Қырық қызыл құйрық,  
Қырық қыл құйрық.  
Қырық қыл құйрық ішінде,  
Ылғи қызыл қыл құйрық.

Осы және басқа да жаңылтпаштарды өте жай, әрбір дыбысты анық, бір деммен (бірінші қатарын), содан кейін қалған екі қатарын екінші деммен, соңында бүкіл жаңылтпашты екі рет бір деммен айтып шығу керек.

Демді пайдалануда шұбыртпа сөздер де аса үлкен рөл атқарады.

Мысалы:

Екі жолын бір деммен айтыңыз:

Бір дегенім – білеу,

Екі дегенім – егеу.

Төрт жолын бір деммен айтып көріңіз:

Үш дегенім – үскі,

Төрт дегенім – төсек,

Бес дегенім – есік;

Алты дегенім – асық.

Енді бес жолын бір деммен айтып көруге тырысыңыз:

Жеті дегенім – желке,

Сегіз дегенім серке,

Тоғыз дегенім – торқа,

Он дегенім – оймақ,

Он бір - кара жұмбақ.

Міне, осы шұбыртпа сөздің 11 жолын бір деммен айтуға болады (20, 75-77 б.).

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Сөйлеу аппараты дегеніміз не?
2. Тыныс алудың қандай түрлері бар?
3. Фонациялық тыныс алудың негізгі белгілерін атаңыз.
4. Физиологиялық тыныс алу дегеніміз не?
5. Дем алудың қандай үлгілері бар?

#### **4.6. Дауыс және оны реттеу**

Дыбыстау немесе үн шығару – күрделі және көп функционалды үдеріс. Адамның ми қабатындағы арнаулы жүйелер ерекше “нұсқау-бағдарламалар” түзеді де, соған байланысты осы негізде адам организмінде бұл процесс автоматты түрде пайда болады. Нақты бір жағдайда адам қандай сөйлеу міндетін көздесе “нұсқау-бағдарлама” соған тікелей тәуелді болады.

Күнделікті сөйлеп жүргенде біздің дауыс аппаратымыз ешқандай қиналысты, талуды білмейді, ал егер көпшіліктің алдында сөз алып, белсенді түрде сөйлеп, оларды бір нәрсеге сендіріп, иландыру қажет болса ше? Мұндай жағдайда сөйлеу мүшелерімізге күш түсіп, тез шаршаймыз. Бұл біздің сөйлеу барысында дыбыстау мүшелерімізді дұрыс, орнымен қолдана алмайтындығымызды, олардың табиғат берген мүмкіншіліктерін

толық дәрежеде пайдалана алмайтындығымызды көрсетеді. Ал бұл қолдай қоятын іс-әрекет емес, дауыс мүшелерін үнемі жаттықтырмай, артық күш түсіріп, қинаудың, қолданудың қарапайым ережелерін білмеудің соңы органикалық дертке шалдығуға әкеп соқтыруы мүмкін. Шешеннің жақсы қойылған дауысы тыңдаушыларға дыбысталған сөздің мазмұнындағы түрлі бояуларын жеткізеді, сөйлеушінің ойын терең ұғынуға жол ашады, нақты сергек көңілкүй тудырып, сөздің жеңіл қабылдануына ықпал етеді. Керісінше, бірқалыпты, қойылмаған дауыс тыңдаушыларды тез жалықтырады, сөздің мәнін толық түсінуге кедергі келтіреді.

Дауысты қалай қоюға болады? Қалай тартымды сөйлеуге қол жеткізуге болады? Көпшілік алдында сөйлеу үшін қандай білім, әдет-дағдыларды меңгеру керек?

**Кәсіби дауысқа тән сапалық ерекшеліктерді былайша жіктеуге болады:**

Бірінші – **дауыстың жеткілікті күші**. Дауыс кез келген аудиторияға дауысты күшейтетін техникалық құралдар болмаса да естілуі керек. Бұл сапалық белгі дауыстың динамикалық диапазоны деп аталады.

Екінші – **дауыстың ұшқырлығы немесе жету күші**, яғни дауыс қажет нүктеге дейін жету мүмкіндігіне ие болып, әр тыңдаушының құлағына жетуі қажет.

Үшінші – **дауыстың икемділігі**, яғни дыбысталу деңгейінің құбылмалылығы, сонда ауызекі тілдің интонациялық-әуендік бояуының құбылу деңгейіне қарай сөйлеуші өз ойын толық түрде және бейнелі түрде жеткізуге мүмкіндік алады.

Төртінші – **дауыстың тембрі (әуені)**. Үн өзінің әуенділік қыры жағынан айқын әрі айшықты болса, тыңдаушылар сөйлеушінің ойын соғұрлым тез ұғынады.

Бесінші – **үннің самғауы**, яғни дауыстың басқа қосымша дыбыстар мен шулардың арасында жұтылып әрі араласып кетпей, айрықша естілу мүмкіндігі.

Алтыншы – **дауыстың шыдамдылық күші**, қайраттылығы, яғни дауыстың тез болдырмауы. Ұзақ уақыт бойы белсенді түрде сөйлегеннің өзінде дауыс айтарлықтай шыдас беріп, өзінің негізгі сапалық құрылымын жоғалтпауы керек.

Дауыспен жұмыс істеудің бірінші кезеңі – сөйлеу мүшелерінің жолдарын ашу, еркін тыныстауға, дұрыс дыбыстауға алғышарттар жасау. Бұл үшін көмей тұсындағы бұлшық еттерге артық күш түсірмеу керек. Ол жерде дауыс желбезегі орналасқан.

Осыдан кейін келесі кезеңге өтуге болады, яғни әрқайсымыз жасанды түрде қолданысқа түсірген немесе әдетке айналдырған әдеттеріміздің қатарынан өзіміздің табиғи, ерікті дауысымызды іздеуіміз қажет. Әр адамның қалыпты дауысы болады, соны арнайы жаттығулар жасай отырып, тауып алып, күнделікті қолданысқа енгізу бағытында жұмыс істеу керек, сонда дыбыстар ешқандай қосымша күш жұмсамай-ақ еркін және жеңіл түрде айтылады.

Тілдік дауысты жаттықтырудың қалыптасқан екі түрлі әдісі бар. Ол:  
– әуезді ән салу;  
– көркемсөз оқу.

Міне, кім осы екі түрлі әдістің қайсысы қолайлы деп есептейді, содан бастағаны жөн. Әуезді ән салу жаттығуы әдтте белгілі биіктікте үнді ұстап тұруға және дауысты қалағанынша жоғарылатып немесе төмендету машығын жеңіл игеруге көмектеседі. Бұл сонымен қатар музыкалық есту қабілетін арттырады. Ал көркемсөз оқу, яки тілдік жаттығуларда табиғи, ауызекі, еркін сөйлеуге төселу қажет. Мұның өзі тілдің қабілетін арттыруға жәрдемдеседі (20, 90 б.).

### Дауыспен жұмыс істеу

Актер өз дауысымен жұмыс істеу үшін төменде берілген жаттығуларды орындауы қажет. Сонымен жаттығулардың түрлеріне назар аударыңыз және онымен жұмыс істеуге талпыныңыз.

Бірінші кешенді жаттығу

№1 жаттығу

Бір орында тұрып, аяқ арасын екі иығыңның мөлшерінде ашып, екі бүйірді таяну. “Бір” деп төменгі іш құрылысы бұлшық еттерін ішке тартып, демді алу (өкпенің төменгі қабырғаға қарай ұлғая түскенін сезіну, іштің жоғары жағымен сәл-пәл \ілгері қозғалу). Демді мөлшерлеп ұста. “Екі” дегенде бір аяқпен, “үш” дегенде екі аяқпен бір орында тұрып секіру. Осылай он рет жайлап секіру. Он рет секіргенше дем шығаруды үзбеу және санауды ойша жүргізу керек.

Осы жаттығу үш рет қайталануға тиіс.

№2 жаттығу

Шалқадан жатып, қолды екі жаныңа еркін ұстау – “бір” деп демінді ішке тартқан кезде екі жағыңды бүкпей тік көтеру. Демінді мөлшерлеп шығарып, ойша он беске дейін санау. Демінді шығарып біткенше аяты әлденеше рет көтеріп-түсіру. Осылай үш рет қайталау керек.

№3 жаттығу

1-жаттығудың бастапқы циклін қайталай отырып, тізеңді жоғарырақ көтеріп, бір орында жүгіру. Қолды ширақ қозғалту. Жүгірген кезде демді есеппен шығару. Ойша мәтінді оқу.

Жүгіру уақыты 20 секундтан бір минутқа дейін.

Бір есте сақтарлық жайт, тыныс алу аппаратын дұрыс шынықтыру үшін кешенді жаттығу барысында бір мезгілде үштен артық жаттығу енгізудің қажеті жоқ.

Демді бір қалыпты алуды үйренуге арналған жаттығуды орындау кезінде бұлшық ет сезінуіне өзінше талдау жасап, тпайымдауынды еске тұт.

Дем алу жаттығуын орындау барысында демді ішке тартқан сәтінде мынаны еске сақта:

– Іш құрылысы бұлшық еттері жиырылып, ішке қарай қабыса және кеудеге қарай тартыла түседі.

– «Тыныс белдеуін» ауа керіп, диафрагма төңірегі, төменгі қабырғалар және қына бел тартылады.

Ал демді сыртқа шығарған сәтінде мына жайды жадында ұста:

– Іш құрылысының бұлшық еттері тарапынан аздап қысым жасалады.

– «Тыныс белдеуінің» төңірегі демді шығару (дыбыстау) кезінде демді ішке тарту қалпын сақтайды. Тыныс аппаратын машықтандыруға байланысты осы арнайы жаттығу гимнастикасынан кейін өзіне-өзі массаж жасап, дауыстың еркіндігі үшін өлең немесе қарасөз оқу керек (20, 93-94 б.).

### **Қара сөзбен жұмыс істеу**

Қара сөзді мәнерлеп оқығысы келетін адам төмендегідей талаптарды орындауы қажет:

- 1) Үнемі ізденісте жүру керек;
- 2) Мәтінді бірнеше бөлімге бөлу. Әр бөлімдегі негізгі айтайын деген ойды ұғынып алу;
- 3) Тыңдаушылардың жас ерекшелігін ескеріңіз;
- 4) Әңгімеде сөз болатын оқиға желісімен, оның мазмұнымен жете танысып, анықтап алу;
- 5) Оқиганың болған уақытын, жерін көз алдыңызға елестете отырып, кейіпкердің іс-әрекеттеріне үңіліп қараңыз;
- 6) Кейіпкермен бірге болып, біте қайнасып, сонымен бірдей күй кешіп, оның өмір жолымен бірге жүріп өткендей сезімде болыңыз;
- 7) Өзіңіз кейіпкер болудан аулақ болыңыз;
- 8) Мәтіндегі әр сөзді түсініп, дұрыс айтыңыз.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Кәсіби дыбысқа тән сапалық ерекшеліктерді атаңыз.
2. Дауыспен жұмыс істеудің қандай кезеңдері бар?
3. Тілдік дауысты жаттықтырудың әдістері.
4. Дауыспен жұмыс істеуге қажетті жаттығулар кешені.
5. Қара сөзбен жұмыс істеу тәсілдері.

### **4.7. Дикция**

Дикция дегеніміз – тілдің дыбыстарын анық айту, тілдің фонетикалық нормаларын сақтау.

Тілдің дыбыстарын анық айту сөйлеу мүшелерінің белсенді түрлері, яғни тіл мен еріннің жаттығу деңгейіне тікелей байланысты, сондықтан дұрыс дикцияны қалыптастыру үшін бұлшық еттерге арналған жаттығуларды жасаудан бастау керек, яғни бұлшық еттердің қажетті топтарын саналы түрде басқаруға мүмкіндік беретін артикуляциялық жаттығулар.

Артикуляциялық жаттығулардың көмегімен дауыс мүшелерінің қозғалысын реттеп алғаннан кейін тілдің дауысты және дауыссыз дыбыстарының дұрыс айтылу әдет-дағдыларын игеруге көшу керек.

Дауысты дыбыстарды айтудың ерекшеліктері бар, яғни оларды жеке-жеке дыбыстауды үйреніп қана қоймай, оларды бір-бірімен салыстыра отырып айту қажет. Өйткені олар фонетиканың заңы бойынша сөйлеу

аппараттарының әр түрлі бөлігінде пайда болады және алуан түрлі позицияда дыбысталады, мәселен біреулері тіске тиіп алдыңғы позицияда, келесілері таңдайдың ішкі қуысында (ортаңғы позицияда), үшіншілері – көмейде (артқы позицияда).

Дауыссыз дыбыстардың жаттығулары сөйлеу аппараттарын дұрыс фонетикалық позицияға қоюдан басталады және әр дыбысты анық айтуға машықтану керек.

Дикция – бұл дыбыстың анық айтылуы. Егер оқушының сөз сөйлеуінде кемшілік (дыбысты анық айтпау) болса, онда ең алдымен әрбір дыбыспен жеке дара дайындалу қажет, яғни дыбыстың дұрыс әрі анық айтылуына ерекше мән берген жөн. Бұл орайда арнаулы жаттығулар бар.

Бұдан соң оқушы басты назарды анық айтылған дыбыстардан құралған сөздерге емес, оның нақты айқындалған мағынасына аударуы керек.

Дикциямен жұмыс істеудің келесі кезеңі – сөйлемдегі сөз. Сөйлеммен жұмыс істеп жаттыққанда, айтылатын ойдың нақты, анық болуын қадағалау өте орынды. Бұл ретте оқушыдан орфоэпиялық және логикалық сауаттылық талап етіледі.

Сөйлеген кезде дыбыс екпіні мен тыныс белгілерінің де ерекше орын алатынын естен шығармау қажет.

#### 4.8. Интонация

Интонация – күрделі құбылыс, ол өзі төрт акустикалық компоненттен тұрады: дауыс тоны, дауыс күші немесе дыбысталу қуаты, ұзақтығы және тембр.

Ең алдымен тілдің дыбысталуына тоқталайық. Акустикалық бірлік ретінде дыбыс айтылу деңгейінен, дыбысталу қуатынан, тембрден және дыбыс ұзақтығынан тұрады. Дыбыс деңгейі – дауыс желбезегі тербелістерінің саны. Ол секунд ішіндегі герцпен өлшенеді: секунд ішіндегі герц көп болған сайын дауыс та күшейеді. Дауыстың қуаты дауыс желбезегінің тербеліс амплитудасына (ауытқу ені) тәуелді және децибельмен есептеледі.

Тембр – негізгі тон мен обертондардың жиынтығы. Обертондар, яғни ауа бөлшектерінің әр түрлі жиіліктегі тербелістері ауыз қуысында пайда болады. Олардың айырмашылықтары дыбыстарды айтқан уақытта өзгеретін ауыздың пішіні мен көлеміне байланысты болып келеді.

Дыбыс ұзақтығы дегеніміз дыбыстың айтылуына қажетті уақыт мөлшері. Бұл жерден дыбыстар мен интонацияның бірдей акустикалық компоненттерден тұратынына көз жеткізуге болады. Себебі дыбыстар мен интонацияның пайда болуы бірдей артикуляциялы-акустикалық процесс. Енді интонацияның акустикалық компоненттерін қарастырайық:

- **Тон** (дыбыстың айтылу деңгейі). Тон гректің *tonos* (керілген жіп, керу, созу, күштену, ширығу) деген сөзінен шыққан. Бұл термин әртүрлі ғылым саласында қолданылады, физикада ауаның кезеңді тербелістерінен

туындайтын дыбыс, музыкада нақты бір деңгейдегі музыкалық дыбыс; суретшілікте түстің түрі мен ашық түсті көлеңкенің бояуы; медицинада жүректің (жұмыс істеп тұрған немесе қозғалыстағы) және оның клапандарының қағысы немесе дыбысы. Ал тіл дыбыстарының тоны дегеніміз мұрын жолды үнді дыбыстар және ашық дауыссыз дыбыстар мен дауыстылардың айтылу, дыбысталу деңгейі. Ауа көмей, дауыс желбезегі, ауыз қуысы, мұрын арқылы өткенде тон пайда болады. Дауыс желбезектерінің тербелістері нәтижесінде дыбыстың негізгі тоны пайда болады, бұл интонацияның маңызды компоненті. Ғалымдардың айтуынша ер адамдар 85-200 герц жиілігінде, ал әйелдер 160-340 гц жиілігінде сөйлейді, бұл сөйлеудің орташа тоны. Ал жоғарғы нотада (үшінші октаваның фа-сында) ән шырқаған әншінің тербеліс жиілігі таң қаларлық, яғни 1397 гц, дауыс желбезегінің мұндай тербеліс жиілігі табиғаттың адамға берген сыйы ғана емес, әншінің қажырлы әрі табанды еңбегінің жемісі. Тонды өзгертудің көмегімен сөйлеудің әуенді суреті пайда болады. Оратордың ғана емес, кез-келген адам сөйлеу мәнерін өзгертіп, оған әуенді бояу қосуына болады.

Баяу сөйлеу үлкен кемшілік болып саналады, мұндай сөйлеу мезетінде дауыс өзгеріссіз, бірқалыпты жағдайда болады. Тон деңгейі сөйлеушінің жағдайымен, сөз мазмұнымен, оның тыңдаушыларға деген қарым-қатынасымен анықталады. Күш-қуаты мол, белсенді, эмоцияға берілгіш ораторлар жоғарғы тонмен сөйлейді, сонымен қатар ашуланған және бір-бірімен айтысып дауласушы жандар да осы іс-әрекетті қайталайды.

Шешеннің міндеті – өз дауысының диапазонын анықтап және әуенділігін өзгертуге тырысу.

**Дауыс күші** – дауыс желбезегінің тербелу деңгейі мен жиілігіне (бұлшық еттердің жиырылуы) байланысты. Тербеліс қарқыны күшейген сайын дыбыстың айтылуы да күшейеді.

Дауыс күшін есту арқылы айыруға болады, ол төмен, орташа, жоғары болады. Дыбыстың айтылу деңгейі өзгермейді (бірқалыпты, сабырлы дауыс), бірақ белсенділіктің бағыты мен мінезі өзгереді, күшейеді, әлсірейді, бұл процесс шұғыл немесе баяу өтуі мүмкін.

Тон мен дауыстың күші дауыстың деңгейін күшейтеді.

Өмірде болатын оқиғалар, адамның психологиялық жағдайы, тәрбиелілігі, айналасындағыларға деген адамның сыйластық қарым-қатынасы оның қандай тонда, қандай мәнерде сөйлейтіндігіне анықтаушы болады. Дегенмен түсіністікпен қарайтын мезеттер де болады. Мысалы, аялдамада, шеруде, парадта таныс адамдар бір-біріне алыс қашықтықта тұрса және маңызды нәрсе туралы айту керек болса, онда қатты сөйлеулеріне болады. Ал егер адам отбасында, достарының ортасында, дәрігердің қабылдауында, бастықтың бөлмесінде, қоғамдық орындарда болып, қатты дауыспен сөйлесе, онда ол тәрбиесіздік, әдепсіздік деп есептеледі.

– **Темп (ырғақ)** – (латынша *tempus* – уақыт деген сөз) тіл элементтерін айтудағы жылдамдық. Екі тәсілмен өлшенеді: дыбыстар мен буындардың саны, белгілі бір уақыт мөлшерінде айтылған немесе дыбысталудың орташа ұзақтығы. Дыбысталудың ұзақтығы секундтың мыңдаған сәттік мөлшерімен, яғни миллисекундпен өлшенеді. Әр индивидуумның сөйлеу темпі ауқымды мөлшерде өзгереді: жылдам сөйлегенде – 60-70 мс. арасы, баяу сөйлегенде 150-200 мс аралығы.

Сөйлеудің орташа темпі минутына – 120-ға жуық сөз айту. А-4 форматында терілген бір бетті 2 немесе 2,5 минутта оқып шығу керек. Сөз темпі сөз мазмұнына қарай, сөйлеушінің эмоционалдық көңіл-күйіне, өмірлік жағдайына қарай өзгереді.

Төмендегі сөйлемдерден темптің неге байланысты екенін анықтауға болады:

- Тез, жүгірейік, үлгермей қаламыз!
- Ол бір аяғын бір аяғына шалыс басып, әрең сүйретіліп келеді.
- Тасбақа сияқты жыбырлауын.
- Бүгін қандай ұзақ және жылаңқы күн!

Бұл жерде сөйлеу жылдамдығы сөйлемдердің мазмұнына байланысты. Біріншісі тез, әрі шұғыл іс-әрекетке шақырады, сол себепті айтылуы да жеделдетіледі. Екінші және үшінші сөйлемдер баяу қимылды көрсетіп тұр, оны нақтылау үшін сөйлеуші дыбыстардың айтылуын созады және сөйлеу темпі баяулайды. Соңғы сөйлемде акцент “ұзақ” және “жылаңқы” деген сөздерге түседі, сол арқылы дауыс бәсеңдеп, көңілкүйді нақтылау үшін дыбыстар созылып айтылады.

Негізінен алғанда қуаныш, шаттану, ашулану сезімдері сөйлеу темпін жылдамдатады, ал көңілкүйдің бәсеңдігі, ойға берілу, керісінше, баяулатады.

Жылдам сөйлеу көп жағдайда түсінікті бола бермейді, бұның себептері әр түрлі:

- Тәжірибесі жоқтықтан сөйлеуші көп мәселені қамтып қалғысы келеді және берілген уақытта бәрін айтуға тиіспін деп есептейді;
- Лектор аудитория алдындағы үлкен жауапкершілікті сезінбейді және осы себепті өз сөзін тезірек бітіргісі келеді;
- Кей кездері сөйлеуші көпшілік алдында сөйлеуге жүрексінеді, өзін еркін ұстай алмайды.

Жай, баяу сөйлеген де дұрыс емес, онда тыңдаушылар өз-өздерімен болып және олардың ықыластары бір арнаға тоғыспайды.

Шешен сөйлеу темпін өзгертуге жаттығуы керек, сөйлеудің өзіндік стильдері болатындығын ұмытпау керек. Мысалы, біз ұстазымызбен “Сәлеметсіз бе?” деп амандассақ, ал құрбыларымызбен “Сәлем, қалың қалай?” деп саулық сұрасамыз. Бұл сөйлеу стилін көрсетеді.

Біз егер ресми жағдайда үлкен аудиторияда сөз алатын болсақ және барлық тыңдаушылардың дұрыс естіп, түсінгенін қаласақ, онда біз сөйлеу темпін баяулатамыз, әр дыбысты, әр сөзді анық айтуға тырысамыз. Мұндай сөйлеу стилі толық мәнерде сөйлеу деп аталады. Ал отбасында

және еркін жағдайларда толық емес, ауызекі стиль қолданылады. Сөйлеу стилі немесе темпі сөйлеушінің өзі сөйлесіп тұрған адамға деген қарым-қатынасынан да хабардар етеді.

– **Тембр (дауыс әуезділігі).** Интонацияның соңғы компоненті – тембр, бұл дауыстың қосымша артикуляциялы-акустикалық бояуы, оның колориті.

Ауыз қуысындағы сөйлеу мүшелерінің қатты және баяу жиырылына және резонатор көлемінің өзгеруіне байланысты обертондар (қосымша дауыс құбылысы) пайда болады, яғни негізгі тонға ерекше мәнер және айырықша өң беретін қосымша дауыс құбылыстары түзіледі. Сол себепті тембрді дауыстың “ түсі, бояуы” деп те атайды.

Дауыс тембріне қарай оның түрлері анықтайды: бас, баритон, тенор, сопрано және т.б.

Дауыс түрі жалпыға ортақ болғанымен саусақтың таңбасы сияқты әр адамның өз тембрі болады.

Дауыс тембрі адамың көңілкүйіне қарай өзгеріп отырады, осыған байланысты сөзге экспрессивті-эмоциялық құрылым беретін тілдің арнаулы бояуларын да тембр деп атайды. Мұндай мағынаға кей кездері тон термині де ие болады, бұл жағдайда тембр мен тон термин-көшірмелер болып есептеледі.

Тембр мінездемесі алуан түрлі болып келеді, ғалымдар оның ерекшеліктерін суреттеу үшін түрлі анықтамалар қолданады, мәселен көру әсерлілігіне қарай – ашық, қараңғы, түссіз, жарқыраған, есту әсерлілігіне орай – қатаң, дірілдеген, сыңғырлаған, сыбырлаған, сезіну жағдайына байланысты – жұмсақ, өткір, жуан, ауыр, суық, жеңіл, құрғақ, қатаң, ассоциативтілік маңызына қарай – алтын, күміс, қоңыр, жез, эмоционалды – түнерген, жабырқаған, көңілді, қуанған, шаттанған, ашулы, тұнжыраған, мысқылды.

Шын мәнінде, әр адамның дауыс тембрін дұрыс суреттеу өте қиын. Дегенмен адамдардың сөйлеу мәнері әр түрлі болғанымен, барлығына ортақ интонациялық ережелер мен бірізді интонациялық конструкциялар болады. Олай болмаған жағдайда адамдардың бір-бірімен тіл қатысу, түсінісуі болмас еді.

Сөйлемдегі тыныс белгілері – үтір, сұрақ белгісі, леп белгісі интонацияны қоюға көмектеседі, бұлар болмаса адам қандай мақаммен, мәнермен оқу керектігін айыра алмас еді. Интонация мәтінді жазып отырған немесе сөйлеуші адамның ойымен анықталады.

### **Интонациялық конструкция**

Кез келген сөйлемнен басты буынды, яғни өзекті тауып аламыз, мысалы “Ұл бала кітапты алды”, бұл жерде “алды” сөзі –өзек. Алдыңғы сөздерді алдыңғы бөлік, өзек сөзден кейінгілерді соңғы бөлік деп атаймыз. Алдыңғы бөлік, өзек, соңғы бөлік қосылып интонациялық конструкцияны құрайды.

Интонацияның түрін анықтағанда тағы да бір ерекшелік бар, мысалы интонациямен бірінші сөзді бөліп алсақ, онда ол өзек болады, қалғандары соңғы бөлікті құрайды, интонация соңғы сөзге түссе керісінше болады.

Сөйлеу мәнерінің өзгеруі де интонациялық конструкцияға өзгеріс әкеледі. Мысалы сұрақ қойсаңыз, сөз екпіні соңғы буынға түседі.

- Еркін қалай ән салады екен? (сұрау)
- Еркін әнді қалай салады? (күмән бар)
- Еркін әнді қалай салады! (шаттану, бас шайқау)

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Дикция дегеніміз не?
2. Дауысты дыбыстардың айтылуындағы тілдік аппараттың жағдайы.
3. Дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы тілдік аппараттың жағдайы.
4. Интонация дегеніміз не?
5. Акустикалық бірлік ретіндегі дыбыстың құрамы.
6. Интонацияның акустикалық компоненттерін атаңыз.
7. Интонациялық конструкция дегеніміз не?

### **4.9. Кідіріс**

Кідіріс дегеніміз (латынша *pausa*, грекше *pausis* – тоқтау, тыныстау, аялдау деген сөзден шыққан) сөйлеудің уақытша тоқтауы, бұл мезетте сөйлеу мүшелері қозғалысқа түспейді, сөйлеу ағымы үзіледі. Кідіріс – бұл үнсіздік, бірақ үнсіздіктің өзі маңызды және айырықша болады. Паузология деген ғылым бар, АҚШ-тың бірінші паузологы профессор О\*Коннор «сөйлеуші адам туралы ақпаратты кідіріс сөзден кем бермейді, сөйлеу барысындағы уақыттың 40-50 пайызы үзіліске кетеді», – дейді.

Кідіріс босқа, уақыт ұту үшін жасалмауы керек, ол адам сезімінің, ойының бір сәттегі қағысын танытуы керек, сөзбен айтып жеткізгісіз кейбір сәттерді ым-ишаратпен білдіретін мезеттер де болады.

Еш мағына бермейтін бос кідірістер күнделікті өмірде көп кездеседі, ойын жеткізе алмайтын, дұрыс сөз таппайтын, сол себепті сөз арасын үзе беретін адамдарды халық “аузынан сөзі түсіп, қойнынан бөзі түсіп” деп келеке етіп жатады.

Әрине, адамдар сөйлеген кезде толғанып, не айтатынын ойланып алу үшін үзілістер жасайды. Бұл дұрыс, бұны ғылымда **хезитация** деп атайды.

Хезитациялы кідірістер саяси, әлеуметтік, ғылыми мәселелерді көпшілік алдында талқылап, нақты шешімді ортақтасып іздестіргенде, шешен өз ойын жария түрде ойластырғанда көп қолданылады. Кідірістер сөйлеушіге өз ойын, ұсыныстарын жинақтап, жүйелеп айтуға және нақты анық пішінде мазмұндауға көмектеседі. Ойлану кідірістері сөйлеудің кез келген тұсында туындайды, қажетті сөйлеу құралдарын таңдауда толғанысты, толқуды айқын көрсетеді. Кей кездері “мысалы”, “дәл айтқанда”, “нақтылап айтқанда”, “бұл жөнінде” деген сияқты сөз тіркестерімен кідірістерді алмастыруға болады. Хезитация кідірістері орынды және қажетті тәсіл.

Сөзіңіз түсінікті және айқын болуы үшін сөз мәтінін дауыстап оқып, бір екпінмен, бір деммен үндесіп, үйлесіп айттығын ырғақты топ құрайтын сөздерді белгілеп алу қажет, сонда кідірістерді дұрыс жасайтын боласыз. Ауызша айтылатын мәтін ырғақты топтарға бөлінеді және сөздердің айтылу заңдылығы өзгеріске түседі. Мысалы:

Құйрұғұжок/ жалыжок/

Құлаңғайтып/ күнгөгерер//

Айағыжок/ қолұжок/

Жылаңғайтып/ күнгөгерер//

Мұндай ырғақты топ жағынан сөздердің бөлінуін **интонациялық-логикалық кідірістер** деп атаймыз.

**Психологиялық кідіріс.** Бұған К.С. Станиславский былайша баға береді: «...в то время как логическая пауза механически формирует такты, целые фразы и тем помогает выяснить их смысл, психологическая пауза дает жизнь этой мысли, фразе и такту, стараясь передать их подтекст. Если без логической паузы речь безграмотно, то без психологической она безжизненна.

Логическая пауза служит уму, психологическая чувству».

Психологиялық кідіріс сөйлеу заңдылықтарына бағынбайды, бірақ сөзге реңк, мән-мазмұн береді.

Интонациялық-синтаксистік кідірістер – жазбаша тілдегі тыныс белгілермен сәйкес келеді, бір-бірінен ұзақтығы жағынан ғана айырылады, ең қысқа кідіріс – үтір қойылған жерде, ұзақ кідіріс – нүктеде.

**Оқиғалық кідірістер** – нақты болып жатқан оқиға барысында еріксіз туындайтын сөз арасындағы үзілістер, мәселен оқушылар диктант жазады, мұғалім мәтінді оқиды, сөйлемдерді оқып, арасында кідірістер жасайды немесе әскери шендегі адамдардың жауынгерлерге берген әскери нұсқаулары: «Сол...ға! Ал...ға екі қа...дам шық!».

**Физиологиялық кідіріс** – өкпеге ауа жетпегенде, жүйке қызметі бұзылғанда, адам деміккенде керек сөз ауызға түспейді, ойынды жеткізу қиынға соғады. Әрине мұндай кідірістің өмірде болмағаны жақсы.

Сөйлеген кезде сөз арасындағы кідірістерге аса сақ болған жөн және өз орнымен пайдалануға үйрену керек.

«Қазақ тілінде сөздерді дұрыс айтудың қағидаларының бірі – сөйлеу үстінде сөздердің екіден-үштен топтасып, бір деммен айтылатындығы.

Қазақ тілінде сөйлем ішіндегі сөздер дауыс ырғағы жағынан әрқайсысы бөлек-бөлек айтыла бермейді, көбінесе екі-екіден немесе екі-үштен бір ырғақты топ құрап, бір екпінмен, бір деммен үндесіп, үйлесіп айтылады» (21, 53-54 б.).

**Сөйлеу үстінде сөздер мынадай сәттерде бір ырғақпен айтылып, топ құрайды:**

– Анықтауыш пен анықталатын сөздер бір деммен айтылады да бір топқа енеді, мәселен қалқан құлақ – қалқанғұлақ, қара қарындаш – қарағарындаш;

– Толықтауыш пен баяндауыш, бастауыш пен баяндауыш, пысықтауыш пен баяндауыш рларына сөз түсірмей қатар келсе, жай хабарлау ретіндегі сөйлемдерде оар бір деммен айтылады. Мысалы: Жолаушы/тезгелді// Менгөрдім/ ұзұңғайың/құлағанын//;

– Қазақ тілінде фраза мен идиома деп аталатын қалыптасқан тұрақты тіркестер бар, олардың көпшілігі екі-үш сөзден тұрады. Бұлар да бір деммен дыбысталатын тұтастық құрап, жымдасып, кірігіп айтылады. Мысалы: ашық ауыз – ашығауұз, көз көрім – көзгөрүм, қарға адым – қарғадым;

– Екі-үш сөзден құралып, бір ғана іс-әрекет атауын білдіретін күрделі етістік дегендер болады, олар да бір ырғақпен айтылады. Мысалы: ала келді – алагелді, оқып отыр – оқыботұр. Күрделі етістіктердің басым көпшілігі бір деммен айтылғандарымен, дыбыстық өзгеріске ұшырамайды, өйткені бұлардың сөз аралығында үндестік заңдарына қарай дыбыс икемделуі жоқ. Мысалы: келе жатыр, бара бер, айтып қой. Күрделі етістіктің екінші тобы есім мен етістіктен тұрады, мысалы: жүрөгжалғады, көзгөргөн, асығатты.

– Ол, бұл, сол, не деген есімдіктермен келген тіркестер де ырғағы жағынан біртұтас болып айтылады. Мысалы: солгезде, олғыз, негерек, бұлғалада.

– О, а, я, е сияқты одағайлармен келген қаратпа сөздер бір дауыс ырғағымен айтылады да, қаратпа сөз қ, к дыбыстарымен басталып тұрса, бұл дыбыстар ғ,г болып айтылады. Мысалы: а құдай – ағұдай, о керемет – огеремет, я қызым – йағызым;

– Біріккен сөздер де бір ырғақтық топ құрайды. Олар қалай жазылған күнде де /түбірерін сақтап немесе сақтамай/ бір-біріне үйлесіп, үндесу заңына бағына айтылады. Мысалы: шекара-шгара, күзді күні – күздүгүнү, Сарыарқа – Сарарқа, ақиық – ағыйық;

– Қос сөздердің сыңарлары да бір деммен үйлесе, үндесе айтылады. Олар көбінесе түбірі сақталып, дефиспен жазылады., мысалы: астан-кестен – астангестен, көзбе-көз – көзбөгөз, келе-келе – келегеле;

– Бір сыңары зат есім, екіншісі етістік болып келетін тіркестер де бір-бірімен үндесіп, бір тыныспен айтылады. Мысалы, жүрек жалғау – жүрөгжалғау, көзі күлімдеу – көзгүлүмдеу;

– Бір сыңары тәуелдік жалғалы сөз болып келген тіркестер, мысалы: бала кезі – балагезі, Алматы қаласы – Алматығаласы, күннің көзі – күннүңгөзү;

– Негізгі сөз бен соған қатысты шылау сөздер, көмекші есімдер бір ырғақпен йтылады. Шылаулардың басым көпшілігі алдыңғы сөзбен бір топ құрағанымен, араларындағы дыбыстарды өзгертуге болмайды: аздан соң, үйге дейін, он шақты, бала ма, қыз ба. Дыбыстық өзгеріс қ,ск дыбыстарынан басталған шылаулар және көмекші есімдер мен дауысты дыбыстар немесе з, л, р, н, м, ұ, й, ң дыбыстарымен аяқталған сөздер арасында болады, яғни қарай, кейін, қарсы, қасында, мысалы: кешкеғарай, үйдүңғасында.

– Әр, кей, бір, еш деген сөздермен келген тіркестер немесе біріккен тұлғалар бір деммен кірігіп айтылады. Мысалы: әрғашан, кейгезде, біргүнү, ешпір.

– Кім, не, қайда, қай, қалай, қайсы сияқты сұрау есімдіктері өздеріне катысты сөздермен бір топ құрайды: қайдагеттің/ незейсің/көнүлүм//;

– Екі-үш сөзден құралып бір ғана түсті білдіретін күрделі сын есімдер, бір санды білдіретін күрделі сан есімдер, мысалы: алғызыл, қарала, қырығалты;

– Екі сөзден құралып, бір заттың, бір құбылыстың, бір іс-қимылдың атын білдіретін күрделі атаулар. Мысалы: ортаңғол, асығжілік, қонағүй (21, 57-63 б.).

### **Орфоэпиялық ережелер немесе сөз сазын келтіру қағидалары:**

1) а) Қазақ тіліндегі қатаң дыбыстардың ұяндайтын жерлері. Алғашқы сөз дауысты а, е, ы, і, ұ, и дыбыстарымен аяқталса, екінші сөз қ,к дыбыстарымен басталса, соңғылар ұяндап, ғ, г болып айтылады. Мысалы: атағонұс, жаңағала.

ә) Бастауыш пен баяндауыш, толықтауыш пен баяндауыш, пысықтауыш пен баяндауыш раларындағы қатаң ыбыстар ұяндап айтылады, өзүгелді, жақсыгөрөд;

б) біріккен сөздердің екінші бөлігінің басында қ,к дыбыстары келіп, алдыңғы компоненттер дауысты дыбыстармен аяқталса, мысалы: алағөз, сарыгөл;

в) Қос сөздерде, яғни қара-құра – қарғұра;

г) шылаулар қ дыбыстарымен басталса, яғни желгеғарсы, үйгеғарай;

2) Алдыңғы сөз з, ж, р, л, м, н, ң, й, ү дыбыстарымен аяқталса, сөз арасындағы қ, к ұяндап, ғ, г болып айтылады, мысалы: Жезғазған, Амаңгелді;

3) Бірінші сыңары қ, к, п деген қатаң дыбыстармен аяқталса, келесі сөз дауысты дыбыс немесе ж, з, р, л, м, н, й, ұ дыбыстарымен басталса, ұяндап ғ, г, б болып айтылады мысалы: шегара, көгорамал, қашығжер;

4) Бір ырғақпен айтылатын сөздердің алдыңғы сыңары с, ш дыбыстарымен аяқталса, келесі сөз ж, ш дыбыстарымен басталса, екі сөз аралығындағы қос шш дыбыстары айтылады, мысалы: сөзшең – сөшшең, жас жаным – жашшаным, ал з дыбысымен аяқталып, ж дыбысымен басталса, қос жж йтылады, мысалы: ғазиз жан – ғазижжан, тоғыз жерде – тоғұжжерде;

5) Алдыңғы сөз з деген ұяң дыбыспен аяқталса, келесі сөз с деген қатаң дыбыспен басталса, онда қос сс айтылады, мысалы: жүз сом – жүссом, сөзсіз – сөссүз;

6) Алдыңғы сөз н дыбысымен аяқталып, келесі сыңары қ, к, ғ, г дыбыстарының бірінен басталса, н дыбысы ң болып айтылады, мысалы: жан қалқа – жаңғалқа, Амангелді – Амаңгелді;

Бір ырғақпен айтылатын сөздердің алдыңғы сыңары н дыбысымен аяқталса, келесі сөз б, п дыбыстарымен басталса, онда н дыбысы м болып

айтылады, мысалы: Құрманбек – Құрмамбек, Күнбағар – Күмбағар (21, 72-80 б.).

## **Тақырыпқа қосымша материалдар**

### **Адаммен әңгімелескенде нені есте ұстау керек?**

Бірінші – әңгімелесіп отырған адамыңды қызықтыратын тақырыпты таңдап ал, сол төңіректе әңгіме қозғауға тырыс;

Екінші – өзің туралы аз айтуға тырыс, өз-өзіңді көрсетіп, сөзшең болма, адамның сөзін бөлмеуге тырыс;

Үшінші – кездескен адамның әңгімесін мұқият тыңдауға үйрен, ол адам әңгімесін тәмамдағанша үзбе, бөлме. Ол адамның не айтқысы келгенін аяғына дейін тыңда да, келіспеген жеріңді содан кейін айт. Адамдардың әңгімесін мұқият тыңдай білсең, олар сені соғұрлым сыйлайтын болады;

Төртінші – дауысыңды қатты шығармай, бәсең үнмен сөйле. Қатты сөйлеген адамнан жай үнмен сөйлеген адам ұтатынын естен шығарма;

Бесінші – егер әңгіме барысында сенің сөзіңді үзіп жіберсе, онымен сөз таластырып, жағаласпа, керісінше оның келіспейтін пікірін мұқият тыңда, үндеме;

Алтыншы – әңгімелескенде қарсы отырған адамға қарап отыр, иықтан қағып, қолынан жұлқып, зықын шығарма. Ең бастысы, адам көңілін қимылыңызбен емес, сөзбен аулай біліңіз.

### **Мәтінді анық, әсерлі оқуға қалай дағдыланған жөн?**

- 1) Мәтінді мұқият оқып шық. Онда не айтылған немесе суреттелген, соны көз алдыға елестетіп, ойша жобалап шық;
- 2) Тақырыбын, айтылатын негізгі ойды анықтап ал және интонацияның қай түрін қолданатыныныңды анықта;
- 3) Мәтінді қандай мақсатпен оқып тұрғаның жайлы және тыңдаушылардың көзін қандай шындыққа жеткізесің, сол жайлы мұқият ойлан;
- 4) Мағынасы барлық ойды ашып тұрған және ой екпіні түсіп тұрған сөздерді белгілеп ал;
- 5) Кідіріс болатын жерлерді белгілеп қой;
- 6) Дауыс мөлшерін, айтылу ерекшелігін анықтап ал.

### **Ауызша әңгімелеуге қалай дағдыланған жөн?**

- 1) Берілген мәтінді қандай мақсатпен әңгімелейсіз, сол жөнінде ойланыңыз;
- 2) Тақырыбын, негізгі ойды анықтап және ауызша айтқанда қандай сөз мәнерін қолданасыз (салтанатты, сұраулы, үгіттеу, күлкілі) соны белгілеп қою;

- 3) Қажетті материалдарды жинап әрі іріктей біл;
- 4) Қандай сөйлеу түрін қолданасың (әңгімелеу, суреттеу, дәледеу), соны шешіп ал және оны неге тандап алғаныңа көз жеткіз;
- 5) Әңгімелеу барысында қандай стиль қолданасың (ауызша, көркем, ғылыми), соны анықта;
- 6) Жоспар құр;
- 7) Әңгімені айнаның алдында отырып айтуға дағдылан, тон, логикалық екіпін, дауысыңның күші, ырғағы, қимылдарыңа мән беріп қара;
- 8) Досыңа немесе жақын адамыңа өзінді тыңдатып көр, оның ескертпелеріне көңіл қой.

Магнитофон қолдан: жазып алып тыңдасаң, өз қателігіңді тезірек танысың әрі жақсы, дұрыс сөйлеуге машықтанасың.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Кідіріс дегеніміз не?
2. Хезитациялы кідіріс дегеніміз не және кідіріс түрлері.
3. Сөйлеу үстінде сөздер қандай сәттерде бір ырғақпен айтылып, топ құрайды?
4. Орфоэпиялық ережелер немесе сөз сазын келтіру қағидалары.

## 5-ТАРАУ. ПОЛЕМИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІҢ НЕГІЗДЕРІ

### 5.1. Сөз сайысы, дискуссия, полемика

Күнделікті өмірімізде туындайтын көптеген мәселелерді тек ашық және жария түрдегі пікіралысулар, ауқымды қоғамдық диалогтар, азаматтық келісімдер арқылы шешуге болады.

Өмірлік маңызы бар шешімін таппаған сұрақтарды ұстамдылықпен және жемісті түрде талқылай білу, өз көзқарасыңды дәйекті түрде дәлелдеп, оған сендіру және оппоненттің пікірін жоққа шығару – мұның бәрі полемикалық шеберлікті игеру деген сөз, ал бұл қабілет кез келген сауатты адамның бойынан табылуы керек.

“Полемикалық шеберлік” деген ұғымға пікірталастың тақырыбын білу, көпшілік алдында сөз сайыстарының мән-мазмұнын түсіну, оның алуан түрлі тәсілдерін білу, пікірсайысу мәдениеттілігінің негізгі талаптарын орындау, өз көзқарасыңды дәлелдей білу қабілеті, оппоненттің пікірін жоққа шығару, полемикалық тәсілдерді қолдану, қарсыласыңның китүрқы тәсілдеріне қарсы тұра білу қабілеті кіреді.

#### **Пікірсайыс дегеніміз не?**

Сөзбен сайысу, екі немесе бірнеше адам нақты бір мәселені талқылайды, әр топ өзіндік пікір ұстанып, соның дұрыстығын дәлелдеуге тырысады. Баспасөзде ғылым, әдебиет, саясат және тағы басқа мәселелерге қатысты пікірталастар (полемика) ұйымдастырылады. Ауызекі тілде пікір қайшылығы, келіспеушілік, сөз қақтығысы деп те жатады.

Жалпы алғанда пікірсайыс дегеніміз – ортақ пікірдің болмауы, келіспеушілік, текетірес деген сөз, қайшылықты пікірлермен алмасу үдерісі, пікірлердің қақтығысы.

Пікірсайыстың синонимдері – дискуссия, полемика, дебаттар. Мысалы дискуссия (латынша *discussio* – зерттеу, қарастыру, талдау деген сөз) дегеніміз – әртүрлі көзқарастарды салыстырып, оның мән-мазмұнын ашу және ақиқат пікірді іздеу, жария ету, даулы мәселенің дұрыс шешімін табу сияқты мақсаттарды көздейтін көпшілік алдындағы сөз сайысы.

**Диспут** (латынша *disputar* – талқылау, *disputatio* – прение) алғашқы кезде пайда болғанда ғылыми дәреже алу үшін жазылатын ғылыми шығарманы көпшілік алдында қорғау деген мағынада қолданылған. Бүгінде бұл мазмұнда қолданылмайды, ғылыми және қоғамдық маңызы бар тақырыпқа арналған көпшілік пікірсайысты диспут деп атайды.

Полемиканың мазмұны тіптен басқаша, оны терминнің этимологиясынан да (шығу тарихы) көруге болады. «*Polemikos*» деген ежелгі грек сөзі, «жауынгерлік, жаугершіл, дұшпандық» деген мағыналарды білдіреді.

Полемика дегеніміз – бұл жай ғана пікір алысу, ой алмасу емес, ол – идеялар мен пікірлердің қақтығысы, екі жақтың көзқарастарының текетіресі, конфронтация. Бұл жерден полемиканы нақты бір мәселеге қатысты қарама-қарсы пікірлердің қақтығысы, өзінің көзқарасын қорғап,

негіздеуді және оппонеттің пікірлерін жоққа шығаруды мақсат еткен көпшіліктің сөз таласы деуге болады.

Полемика дискуссия мен диспуттан өзінің мақсатты бағытымен ерекшеленеді. Соңғы аталған сайысқа қатысушылар қайшылықты пікірлерін ортаға сала отырып, бір ортақ пікірге келуге, жалпы шешім табуға, ақиқатқа жетуге тырысады. Ал полемиканың мақсаты басқаша, яғни қарсыласыңды пікірталаста жеңіп, оған өз көзқарасыңды мойындату, өзіндік позицияңды нығайту әрі негіздеу. Дегенмен, шынайы ғылыми полемиканың мазмұны нақ осы бағытты ұстанады деуге болмайды, полемистер принципті ұстанымдарын алға тарта отырып, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешеді, олардың сөздері қоғамның тиімді дамуына кедергі келтіретін келеңсіздіктерге қарсы бағытталады.

**Полемика** – бұл иландыру, сендіру ғылымы. Бұл нақты бір мәселеге қатысты ой-пікіріңді сенімді және дау тудырмайтын айғақтармен, ғылыми дәйектермен негіздеуге, нығайтуға үйретеді. Жаңа көзқарастар туындап, жалпыадамзаттық құндылықтар, адам құқығы қорғалып жатқан тұста және қоғамдық пікір қалыптасып отырған кезеңде полемикаға ерекше қажеттілік туындайды. Полемика белсенді азаматтық позицияның тәрбиеленуіне қызмет етеді.

Дебат сөзі француздың *debat* – айтыс, жарыссөз деген сөзінен шыққан, орыс тілінің түсіндірме сөздігінде бұған былайша анықтама берілген: «дебат дегеніміз – прения, бір мәселеге қатысты пікірлермен алмасу және дауласу». Ал прения – нақты бір мәселеге орай көпшіліктің пікірталасы және оны талқылау.

Дебат, прения деп жиылыстарда, мәжілістерде, конференцияларда сөйлеушілердің сөздерін, баяндамаларды, хабарламаларды талқылауға байланысты туындаған пікірсайыстарды атайды.

### **Пікірсайыстың классификациясы**

Жоғарыда атап өткеніміздей пікірсайыстың бірнеше түрлері бар. Оларды ғылыми және әдістемелік әдебиеттерде жүйелеу бағытында алғашқы қадамдар жасалынып жатыр, негіздеуге әртүрлі белгілер алынууда, дегенмен бүгінгі күнде ортақ классификация жоқ. Пікірсайыстың қалыптасуына және ерекшеліктердің туындауына әсер ететін негізгі факторларды төмендегідей жіктеуге болады:

- пікірталастың мақсаты;
- пікірсайыс тақырыбының әлеуметтік маңыздылығы;
- қатысушылардың саны;
- сөз сайысын өткізудің пішіні.

Енді осы алғышарттар негізінде пікірсайыстың қандай түрлерін ерекшелеуге болатынын қарастырып көрейік.

### **Пікірсайыстың мақсаты**

Адамдар пікір таластырғанда бірдей мақсаттарды көздей бермейді, әр түрлі ұстанымдарды басшылыққа алады. Мақсатына қарай төмендегідей түрлерін анықтауға болады:

- ақиқатқа көз жеткізу үшін пікірталасу;

- біреуді сендіру үшін;
- жеңіске жету үшін;
- ой таластырып, сөз сайыстыру үшін.

Енді осыларға қысқаша анықтама берелік.

Бірінші – ақиқатқа көз жеткізу үшін пікірталас. Пікірсайыс – шындықты іздестірудің, нақты бір ойды, идеяны тексерудің, оны негіздеудің құралы ретінде қызмет ете алады. Дұрыс шешімді табу үшін полемистер анық бір мәселеге қатысты алуан түрлі көзқарастарды салыстырады. Олар бұл пікірге қатысты қарсылықтарды білу үшін нақты бір ойды шабуылдан қорғайды немесе керісінше, оның сөзіне қатысты дәйектерді білу үшін, жақтас ойларды анықтау мақсатында оппонент айтқан пікірді жоққа шығарады. Мұндай пікірсайыстарда дәйектер мұқият сұрыпталады және талданады, қарсы жақтың ұстанымдары мен көзқарастары салыстырмалы түрде таразыланып бағаланады, бір сөзбен айтқанда, шындық бірлесіп зерттеледі. Пікірсайыстың мұндай түрі сауатты, мәдениетті адамдардың арасында ұйымдастырылады, олар талқыланатын мәселені жан-жақты біліп қана қоймай, оның тиімді шешілуіне мүдделі болулары керек.

Пікірсайыс шындыққа көз жеткізіп қана қоймайды, пайда әкеледі және қатынасушыларға “ой ләззатын” сыйлайды, олардың білімі кеңейеді, толығады, өздерінің зияткерлік мүмкіндіктеріне деген сенімдері ұлғаяды, мұндай ой-пікірлердің жоғарғы деңгейдегі жарыстарында адамның рухани тұрғыдан еңсесі көтеріледі.

Екінші – пікірталастың міндеті шындықты тексеру емес, оппонентті анық бір ойға сендіру болуы мүмкін. Бұл жерде маңызды екі сәтті ұмытпау керек: бірінші – сөз таластырушы қарсыласын өзі терең иланатын, мойындайтын ақиқатқа, жағдайға сендіреді және ол оппонентті бір мәселеге қатысты сену қажеттілігі туындап отырғандығынан хабардар етеді, қызметтік борыш солай міндеттейді немесе нақты жағдай солай туындап тұр деп үгіттейді. Екінші қыры – адам өзі қорғап тұрған жайттың шындығына сенбейді немесе жоққа шығарып тұрған мәселенің жалғандығына иланбайды.

Үшінші – пікірталастың мақсаты зерттеу де, сендіру де емес, қайткенде де ой таласында жеңіске жету. Полемистер жеңіске әртүрлі ұстанымдармен қол жеткізулері мүмкін. Біреулері дұрыс істі қорғап, қоғамдық мүддені алға тартып отырмын деп есептейді, олар өздерінің оң пікірді ұстанатындықтарына күмән келтірмейді және соңына дейін осы қатаң ұстанымда қалады. Ал кейбір адамдарға жеңіс өз-өздеріне деген сенімділіктерін нығайту үшін қажет. Сондықтан да бұл топтағы жандарға сөз таласында жеңіске қол жеткізу, айналасындағылардың өз істеріне берген жоғарғы бағасы, өздерінің зияткерлік мүмкіндіктерін мойындаулары, шешендік қабілеттерін бағалаулары өте қажет және оларға жеңілуді білмейтін полемистің масаттану сезімін бастан кешу, көпшілік алдында сезіну өте маңызды нәрсе. Бұл қатардағы адамдар тек қана жеңіске жеткенді ұнатады, оларға тиімділігі – жоғары жеңіс қана. Олар жеңіске жету үшін әр түрлі айла-тәсілдерді қолданудан именбейді.

Төртінші – пікірталас пікірсайысу, ой таластыру үшін ұйымдастырылады. Мұндай қағиданы ұстанатындар өмірде жиі кездеседі, бұл “өнер өнер үшін”, «спорт спорт үшін” деген заңдылықпен сәйкес келеді. Мұндай пікірсайысқа қатысушыларға кіммен, не үшін, қандай мәселеге қатысты сөз таластыру керектігі маңызды емес, оларға шешендігін, ділмарлығын көпшілікке көрсетіп, ақтың – қара, қараның – ақ екенін дәлелдеу басты мақсат. Егер сіз бір мәселені жоққа шығарсаңыз, олар оны міндетті түрде жақтай бастайды, мұндай адамдар жастардың арасында көптеп кездеседі.

Пікірсайыс түрлерінің жоғарыда келтірілген түрлері мақсаты жағынан шартты деуге де болады, өмірде оларды нақты, өз пішінінде қолдану көп жағдайда мүмкін емес.

### **Мәселенің әлеуметтік маңыздылығы**

Пікірсайыстың мазмұны талқыланатын мәселенің әлеуметтік маңыздылығына қарай да анықталады.

Пікірталастың нысанына жалпыадамзаттық мүддені танытатын мәселелер алынады, яғни экология, адамдардың өмір сүру, тіршілік ету, жер шарында бейбітшілікті сақтау мәселелері кіреді. Сайыс барысында ұлттық мүдделер, қоғамның нақты бір әлеуметтік тобының мүдделері қозғалуы мүмкін. Кей кездері белгілі бір топтардың, яғни кәсіби мамандардың, жеке кәсіпорындардың, мекемелер, ұйым ұжымдарының топтық мүдделерін қорғауға тура келеді, пікірталас кезінде полемистердің отбасылық және жеке басының мүдделері де қорғалады.

Нақты көпшілік пікірсайыста бұл мүдделер бір-бірімен астасып кетеді және олар тығыз байланыста болуы да мүмкін. Талқылау кезінде жалпы, мән-мағынасы айтарлықтай маңызды емес нәрселерді айтып кетпес үшін және өз күшінді екінші, үшінші кезектегі мазмұнға ие мәселелерді шешуге жұмсамас үшін, сайысқа таңдап алынған тақырыптардың әлеуметтік маңыздылығын жете түсіну керек.

### **Қатысушылардың саны**

Пікірсайыстың өзіндік ерекшелігіне талқыланатын мәселеге қатысты адамдардың саны да айтарлықтай әсер етеді. Осы белгі бойынша үш негізгі топты бөліп қарастыруға болады:

Бірінші – пікірсайыс-монолог, яғни адам өз-өзімен іштей пікірлеседі;

Екінші – пікірсайыс-диалог, яғни екі адам сөз сайысына шығады;

Үшінші – пікірсайыс-полилог, яғни бірнеше адамның немесе көпшіліктің пікірталасы. Пікірталастың бұл түрі көпшілікке арналған (залда отырғандардың барлығы пікірталасқа қатысады) және топтық (қатысушылардың тек бір бөлігі ғана даулы мәселені шешуге қатысады) болып бөлінеді. Әрине мұны ұйымдастыру өте қиын жұмыс, бұл сайыс қоғамдық-саяси, діни, ғылыми өмірге қатысты маңызды сұрақтарды шешуде үлкен мән-мағынаға ие болуы мүмкін. Мәселені білетін адамдар, мамандар көбірек қатынасса, кездесу соғұрлым тиімдірек, нәтижелірек болады.

## **Тыңдаушылар бар – тыңдаушылар жоқ**

Пікірсайыстар тыңдаушылардың қатысуымен де, олардың қатысуынсыз да өтуі мүмкін. Пікірталасқа тыңдаушылар ат салыспай жай отырса да, олардың сайысқа қатысушыларға әсері болады. Тыңдаушылардың көз алдында жеңіске жету адамға жайлы, қанағаттанарлық сезім әкеледі, адам бойында масайру сезімі пайда болады, ал жеңіліс керісінше, сөйлеушінің мысын басады, ыңғайсыз сезінуге әкеліп соғады, бірақ “жеңілгенді жер көтереді” деген мәтелді ұмытпау керек. Пікірталастырушылар сайыс кезінде тыңдаушылардың отырғанын және олардың реакцияларын қатты ескереді, қажетті айғақтарды мұқият таңдайды, пікірін қызуқандылықпен дәлелдеп, табандылық танытады.

### **Пікірталасты өткізудің пішіні**

Пікірталасу процесінде пікірлер қақтығысын өткізудің пішіні де айтарлықтай рөл атқарады. Пікірсайыс ауызша және жазбаша (баспасөздегі пішіні) түрде жүргізілуі мүмкін. Ауызша форма нақты белгілі адамдардың бетпе-бет тілдесуін танытса, жазбаша (баспалық, баспасөздік) тіл қатынарудың шартты түрін білдіреді. Ауызша түрдегі сөз сайыстары уақыт жағынан шектеулі және жабық кеңістікте өтеді және конференция, мәжілістер, сабақтар, дәрістер және тағы да басқа мерекелік арнаулы шаралар барысында орын алады. Ал жазбаша түрдегі пікірталас уақытқа бағынбайды, сөз сайысына қатысушылар арасындағы байланыс кеңістікте өтеді.

Ауызша түрдегі пікірсайыста (егер ол тыңдаушылардың қатысуымен өтсе) сыртқы және психологиялық сәттер маңызды орын алады. Сөйлеушінің өзін сенімді ұстау мәнері, қағілездігі, ой ұшқырлығы, тапқырлығы бірінші кезекте бағаланады.

Икемсіз, ұялшақ, ұяң адам өз-өзіне сенімді адаммен салыстырғанда жеңіліске ұшырайды, сондықтан да ауызшаға қарағанда пікірталастың жазбаша түрі шындықты, ақиқатты дәлелдеуге өте тиімді тәсіл болып табылады. Бірақ оның кемшіліктері де бар: олар уақыт жағынан шектеусіз, оқырмандар, пікірталасқа қатысушылар араға уақыт салғаннан кейін кейбір мәселелерді, тұжырымдарды ұмытып та үлгереді және кей кездері сөз сайысы бірнеше басылым беттерінде жарияланады да, оларды жіті қадағалау мүмкін болмайды.

### **Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған пікірсайыстар**

Ұйымдастырылған пікірталастар арнайы мамандардың басшылығымен жоспарланады, дайындалады, өткізіледі. Полемистердің талқыға түсетін мәселелермен алдынала танысуға, өз ұстанымын анықтауға, қажетті деректерді жинақтауға, болуы мүмкін деген оппоненттердің қарсы пікірлеріне жауаптар дайындауға мүмкіндіктері болады. Бірақ сөз таластыру аяқасты, тосыннан да болуы мүмкін, өмірде мұндай жағдайлар көп кездеседі. Мұның ұтымды тұсымен қатар келеңсіз жақтары да бар, яғни пікірталасқа қатысушы адамдардың дәлелдері, айғақтары жеткіліксіз болады, кейде кездейсоқ ұтымды пікірлер,

тұжырымдар айтылады, кейде күткендегідей салмақты, сауатты ойлар жария болмауы мүмкін.

Пікірталастың табыстылығы көп жағдайда полемистердің құрамына да байланысты болады, олардың мәдениеттілік деңгейі, эрудициясы, жинақылық қабілеті, өмірлік тәжірибесі, полемиканың әдет-дағдыларын меңгеруі, көпшілік алдында пікірсайысқа түсудің ережелерін білуі де маңызды рөл атқарады.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Пікірсайыс дегеніміз не?
2. Пікірсайыстың классификациясы.
3. Пікірсайыстың мақсаты.
4. Пікірталасты өткізудің пішіні.

## **5.2. Пікірсайыс мәдениеті**

### **Пікірсайыстың қамтитын тақырыптары**

Сөз сайыстары нақты белгіленген ортақ тақырып төңірегінде өрбуі керек, сонда сайыскерлер өз пікірлерін ортаға салып, талқыланатын мәселе туралы жүйелі әңгіменің тууына себепкер болады. Сонымен қатар шынайы, қисынды ортақ шешімге келуге деген ниет екіжақты болғаны дұрыс.

Ал өмірде керісінше сипаттағы жағдайларға да куә болуға болады, мәселен пікірталастың тақырыбын нақтылап алмай, пікірсайысшылар бір-бірімен сөз таластыра бастайды, бірін-бір жоққа шығарады, өз көзқарастарын білдіруде сөздік қорлары жетпей жатады, әрқайсысы өз ойларын дәлелдеуге тырысып, келесілерінің сөзіне ден қоймайды, санаспайды, тіптен тыңдамайды.

Міне, бұл тізбелеген кемшіліктер сөйлеушілердің пікірталастың қарапайым заңдылықтарын білмейтіндігінің көрсеткіші, жоғарыдағы жағдайға бостан-бос дауласып, даурығу деген сипаттама беруге болады, пікірсайысқа қатысушылардың ешқайсысын нақты қандай тақырып төңірегінде әңгіме болып жатқаны қызықтырмайды.

#### **Пікірталастың тақырыбын айқындау**

Ең бастысы, кез келген пікірталас тек оның тақырыбы нақты айқындалса ғана табысқа жететінін ұмытпау керек. Бұл – пікірсайыс мәдениетінің ең маңызды, басты талабы. Пікірталас тақырыбы дегеніміз қажетті бір мәселеге қатысты түрлі көзқарастармен пікір алмаса отырып және оларды бір-бірімен салыстыра келе, жан-жақты талқылау.

Тақырыпты пікірсайысшылар бірден нақтылап алулары керек. Дегенмен тақырыптардың кей кездері дискуссия барысында және нақты бір мәселені талқылап жатқа тұста белгіленіп жататыны өмірде кездесіп отырады. Сөз сайысына қатысушылар әрқашанда өздерінің келіспеушіліктерінің басты өзегі қайда жатқанын, яғни қандай мәселе төңірегінде әңгіме болып отырғанын анық сезінулері қажет. Алайда өмірде

негізгі тақырыптан ауытқып, кейде тіпті ұмытып кетіп, басқа мәселелерді талқылауға көшіп кету тәжірибесі көп кездеседі, әсіресе тұрмыстағы жағдайларда адамдар сөз таластырудың неден басталғанына көз жеткізе алмай бас қатырып жатады.

### **Пікірталастың тақырыбын жоғалтып алмау**

Полемистерге мынандай маңызды қағиданы, ережені сақтауды ұмытпау керек, яғни дау тудырған мәселенің басты бағыттарын естен шығармау, қызу пікірталас кезінде әңгіменің негізгі өзегін жоғалтып алмау.

Пікірсайыс кезінде полемикаға қатысушылардың бір тобы саналы түрде және айқын мақсатпен өз оппоненттерін талқыланатын тақырыптан ауытқуға итермелейді. Олар осылайша қарсыластарын шатастырғысы келеді, өзекті мәселені шешуге мүдделі болмайды, қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал еткілері келеді, бұл тәсілді идеологиялық қарсыластар көп қолданады.

Пікірталастың тақырыбын жоғалтып алмай, негізгі мәселені шешуден ауытқымас үшін, даулы мәселенің талқылануы жемісті және нәтижелі болып, сөзсайыс бос әңгімеге айналмас үшін полемистер талқыланатын тақырыпты жақсы біліп, күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты меңгерген болулары керек, мәселенің нәзік, шикі және қитұрқы тұстарымен жақсы таныс болып, сонымен қатар сөз таластырушы адамдар білікті, жинақы, салмақты жандар болғаны жөн.

### **Полемистердің ұстанымдарының айқындылығы**

Пікірталастың тиімділігінің қажетті шарты – сөз сайысына қатысушылардың ұстанымдары мен көзқарастарының айқындылығы.

Орыс ұлтының танымал композиторы Д.Б.Кабалевский бұл туралы: «Если мой собеседник (особенно это относится к учителю, лектору) не насилует мою мысль, вызывает меня на размышление и даже на спор – это отлично. Но при этом я хочу видеть у своего собеседника его собственную позицию, ясную и принципиальную. Пусть я с ним не соглашусь; и пусть он не навязывает мне свои взгляды, но если ученики (или просто собеседник, слушатели) не поймут позицию своего учителя, они могут воспринять это как беспринципность и сочтут это образцом для себя. Каждый учитель, естественно, может в чем-то сомневаться, чего-то не знать, и пусть он не боится признаться в том своим питомцам. Но в главном, он должен быть убежден и силой своего убеждения должен воздействовать на аудиторию», – деп жақсы айтқан.

Шын мәнінде сайысшылар үшін анық және принципті ұстанымдарының болуы маңызды нәрсе. Егер даулы мәселені талқылап жатқан тұста оппоненттің көзқарасы айқын болмаса онымен полемика өткізу қиынға соғады. Пікірталас барысында адам бір мәселеге біресе “дұрыс”, біресе “дұрыс емес” деп екіұшты пікір білдіретін болса, біресе бір топтың, біресе екінші топтың ығына жығылса, нақты ұстанымын айтпаса тыңдаушылардың ол адамға деген сенімі жойылады, қазақтар ондай

жандарды “жылтыр”, “жылпос”, “тайғақ” дейді, кейде екі сөйлейтін адам деп бағалап жатады.

Полемикаға қатысушылардың түпкі позицияларында жалпылық, ортақтық сипат болса, шешімін таппаған мәселелерді талқылауға деген түсіністіктің бастапқы алғышарты мен ортақ ниет болса, онда пікірталас жемісті болады. Мысалы, соңғы кездері рок-музыка туралы пікірталастар көптеп туындап жатады. Біреулер саздың бұл түрін даңғаз, мәдениеттің дамуындағы кесел ауру деп бағалап, тек классикалық музыканы мойындайды, ал келесілері тек рок-музыканы ғана тыңдайды. Бұл жерде кейбір жайттарды нақтылап алу керек, яғни рок және классикалық жанрларды бір-бірімен салыстыруға негіз бар ма, бұл дұрыс па? Әрине кез-келген жанрдың өмірден өзіне лайықты орнын алуға құқы бар. Рок – бұл заманның адам миына сыймайтын ырғағын және жылдамдығын көрсететін және біз өмір сүріп отырған қоғам тудырған музыка. Бұл – өте танымал және бірнеше миллиондаған аудиториясы бар жанр. Сондықтан да жанрды жанрға қарсы қоймай, керісінше, жақсы музыка мен жаман музыканы, талантты және сауатсыз музыканы бір-бірімен салыстырып қарастырған жөн. Мұндай тәсіл әртүрлі жанрдағы музыкалық шығарманы дұрыс бағалауға мүмкіндік береді және сөз сайысына қатысушылардың нанымды шешім табуына көмектеседі.

Түпкі позициялардың ортақтығы дегеніміз – талқыланатын мәселе туралы бір ортақ көзқарасты ұстану дегенді білдірмейді, сайысқа қатысушылардың пікірі әртүрлі болуы мүмкін, бірақ дұрыс шешім табуға деген ниет, даулы мәселенің мәнін ашуға деген құлшыныс, шындыққа жетем деген жалпы ортақ мақсат болуы керек.

### **Оппонентке деген сыйластық қарым-қатынас**

Сөз сайысында оппоненттер бірін-бірі сыйлаулары қажет. С.И. Поварнин өзінің «Спор. О теории и практики спора» деген кітабында бұл туралы былай дейді: «Важное условие настоящего, хорошего и честного спора – уважение к убеждениям и верованиям противника, если мы видим, что они искренни... Обычно люди... склонны считать человека который держится других убеждений, или идиотом или мерзавцем и во всяком случае настоящим «врагом»... Опровергать можно самым решительным образом, но не оскорбляя чужих убеждений насмешками, резкими словами, издевательством; особенно – не глумясь над ними перед сочувствующей нам толпой. – Уважение к чужим убеждениям не только признак уважения к чужой личности, но и признак широкого и развитого ума».

Бұл айтылған ережелер өмірде жиі бұзылады. Шынында да, оппоненттіңді түсінуге тырысу, оның сенімдеріне түсіністікпен әрі сыйластықпен қарау жағымды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді және шындықты іздестіруге көмектеседі.

### **Пікірталаста өз-өзінді ұстай білу және сабырлылық**

Психологтардың көз жеткізгеніндей, егер оппонентке оның көзқарасына сәйкес келмейтін пікірді таңуға тырыссаңыз, ол адам қарама-

қарсы пікірді қажетсіз, іске жарамсыз деп қабылдайды. Сондықтан да оппонентіңізбен барлық мәселеде қарсыласа беруге, тұжырымдарын жоққа шығаруға кеңес берілмейді. “Жоқ” деп айтпас бұрын оппоненттің ұсынып отырған дәйектерімен келісіп, “иә” деп айту пайдалы болмақ. Бұл жағдайда тыңдаушылар сіздің талқыланып жатқан мәселені объективті тұрғыдан шешуге деген ниетіңізді таниды. Дәлелдермен келісе отырып, олардың пікірталастың тақырыбына тікелей қатысы жоқ екенін және оппоненттің сөзінің дұрыстығына айғақ бола алмайтындығын баса көрсете білу қажет. Бір сөзбен айтқанда, оппоненттің пікіріне түсіністікпен қарай отырып, оны жоққа шығара білу керек.

Оппоненттің кейбір пікірімен келісе отырып, дегенмен өзіңнің принциптеріңді қорғауды жалғастыру қажет, әрине ақылға қонымды дәйектерге қарсы шығу дұрыс емес және ақымақтық. Пікірталаста өз ойыңды ғана мойындап, қатып қалу, бірбеткейлік таныту ешқашанда жеңіске аспайды. Алғаш естіп, ойға ден қойғанда дұрыс сияқты болып көрінетін қарсыласыңыздың кез келген ой тұжырымдарымен бірден келісе берген дұрыс емес. Өмірде оппоненттің өз ойын дәлелдеу үшін бөтен біреудің пікірін қолдану тәжірибесі көп кездеседі және ол мәселені толық меңгермеген болуы мүмкін, сондықтан қарсыласыңыздың ой-пікірлерін, айғақты шешімдерін жан-жақты тексеріп, олардың негізділігін мөлшерлеу қажет.

**Пікірталаста қызбалыққа салынуға болмайды.** Сырттай бақылағанда бір-бірімен деңгейлес екі полемистің өзін сабырлы және ұстамды ұстайтын біреуінің жеңіске жететіні анықталған. Бұл түсінікті де, өйткені салқынқанды адамның миы анық және салмақты жұмыс істейді. Қызбалыққа салынсаңыз оппоненттің позициясын талдау, қажетті деректерді сұрыптау, материалды мазмұндағанда логикалық жүйелілікті сақтау қиынға соғады.

Сабырлылық таныту – полемиске қажетті маңызды мінез. Пікірталасты ұрысқа айналдыру мәдениеттілікке жатпайды және сөз сайысына қатысушыларға да бедел, абырой әкелмейді.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Пікірсайыс мәдениеті дегеніміз не?
2. Пікірсайыстың тақырыбы.
3. Полемистердің ұстанымын айқындау.
4. Полемистердің өз өздерін ұстау тәртіптері.
5. Оппонентке деген сыйластық.
6. Сөз сайысындағы ұстамдылық пен сабырлылық.

### **5.3. Оппонентті қалай сендіруге болады? Негізгі формальды-логикалық заңдылықтар**

Полемистке пікірталас кезінде тыңдаушыларды өз сөзіне сендіріп, мәселенің мәнін ашу үшін ең алдымен дұрыс ойлай білу, өз сөзін қисынды және жүйелілікпен құра білу қабілеті қажет және сұрақтарға дәйекті түрде

жауап беруге, яғни логикаға сүйенуге және жоғарғы деңгейде ойлай білу мәдениетін игеруге тура келеді.

Дискуссияны, полемиканы сауатты жүргізу үшін **формальды-логикалық негіздегі заңдылықтарды** сақтау керек. Логикалық заңдылықтар өзіндік ерекше мағынаға ие және кез келген танымдық процесте адамның еркінен және тілегінен тәуелсіз іске асады. Мұнда адамның қоғамдық-өндірістік қызметінің неше ғасырлық тәжірибелері жинақталған. Логика заңдары объективті өмірдің заңды процестері мен құбылыстарын көрсетеді. Бұл заңдылықтардың мәні қандай және олар көпшілік алдындағы сөз сайыстарында қалай қолданылады?

**Салтанат құру, асқақтау.** Логиканың бұл заңдылығы былайша құрылады: «нақты бір мәселені талқылау кезіндегі процесте әр ой, әр пікір нақты айқындалған және тұрақты мазмұнға ие болуы керек». Бұл дегеніміз – талдау кезінде тақырыпты өзгертуге болмайды, мәселен, сіз жиналыста өз сөзіңізді оқушының оқу үлгерімі жайындағы тақырыпқа құрдыңыз дейік, егер сіз оның сабақ оқу барысы туралы әңгімелемей, оның музыкалық қабілеті мен спортқа деген қызығушылығы туралы айтсаңыз, онда сіз логикалық қателікке ұрынасыз, негізгі ойдың жүйесі бұзылады.

**Қарама-қайшылық заңы,** яғни нақты бір тақырып жөніндегі бір уақытта алынған, бір бағытта көрсетілген қарама-қарсы екі пікір бір мезетте шындыққа сәйкес келуі мүмкін емес.

Қарама-қайшылық заңы екі қайшылықты пікірдің бір уақытта шындыққа сәйкес келуіне тек белгілі бір жағдайда ғана шектеу қояды. Бұл қандай жағдайлар? Біріншіден, әңгіме тек бір ғана тақырып жөнінде болуы керек, екіншіден, екі пікір де бір уақытта, бір мезетте айтылуы керек, үшіншіден, пікірді бекіту немесе жоққа шығару бір жағдайда ғана қарастырылуы керек, мәнін ашу үшін мысал келтірейік. Бүгін далада жаңбыр жауып тұр, сізге баяндамаға дайындалу керек, ал достарыңыз қаланың сыртына серуенге шығуға дайындалуда. Сіз және достарыңыз ауарайын бағалағанда әр түрлі бағыт ұстанасыздар, сізге күн райы жақсы, қолайлы, ал достарыңыз үшін нашар, қолайсыз. Бұл жерде екі пікір де дұрыс, өйткені ауарайы екі түрлі позициядан бағаланып тұр.

Қарама-қайшылық пікірі өмірдің объективті шындықтары мен біздің санамыздағы шынайы қайшылықтарды жоққа шығармайды. Сондықтан да бұл заңдылықтың екі түрін ажырата білу маңызды нәрсе: біріншісі – тағаттағы және қоғамдағы қарама-қайшылық, екіншісі – ой талқысындағы қарама-қайшылық. Алғашқысы объективті өмірдегі құбылыстар мен заттардың дамуының ішкі өзегіне, бастауына қызмет етсе, логикалық қарама-қайшылық – дұрыс ойлау нормаларының бұзылуының көрінісі. Формальды логика қайшылықты құбылыстар жөнінде де түзу және қисынды ойлауды талап етеді.

Бұл аталған заңдылық бізге жүйелі ойлауды, көзқарасты нақты баяндауды, екіұшты пікірлерден алшақ болуды, дәйектерді талдағанда логикалық қайшылықтардан қашуды үйретеді. Логикалық қайшылықты көпшілік алдындағы пікірталаста қолдануға болмайды.

**Үшінші - қағиданың қисынсыздық заңдылығы.** Біздің жүйесіз және қайшылықты ойлауымызға қарсы үшінші қағиданың қисынсыздық заңдылығы бағытталады, анықтамасы: «нақты жағдайда және бір мезетте айтылған екі қайшылықты пікірдің біреуі шындық немесе ақиқат болып табылады».

Логикада қарама-қайшылық деп екі пікірді аламыз, бірінде бір нәрсе туралы ой тұжырымдалады, келесісінде сол нәрсе жөнінде қарсы ой айтылады, осы себепті екеуі бірдей шынайы және екеуі бірдей жалған болып табылмайды, біреуі ақиқат пікір деп танылады, екеуінің ортасында үшінші пікір туындамайды.

**Жеткілікті дәрежеде негіздеу заңдылығы.** Адамның дұрыс ойлау қабілеті тек қана айқындалған, жүйелі, қайшылықсыз болмауымен қоса, дәлелденген, негізделген болуы қажет. Бұл заңдылықтың анықтамасы: «Кез келген пікір ақиқаттығы дәлелденген басқа да ойлармен негізделген болуы керек».

Жеткілікті дәрежеде негіздеу заңдылығы бізді қоршаған ортаның маңызды ерекшеліктерімен бейнелейді. Табиғатта және қоғамда бәрі бір-бірімен байланысты және өзара сабақтас, шарттас болып келеді. Кез келген құбылыс егер материалдық дамудың алғышарты дайындалмаса пайда болмайды. Яғни өмірде себепсіз құбылыстар, оқиғалар болмаса, онда біздің ойлау жүйеміз де егер тұжырымдарымыз бен жоққа шығаруларымыз негізделсе ғана объективті шындықтың заттары мен құбылыстары туралы пікірлер мен қайшылықты ойлар айта алады.

Бұл заңдылыққа дәлелдемелер сүйенеді, дәлелдеу – ақиқаттылығы мойындалған пікірлер арқылы нақты бір мәселе туралы ойдың дұрыстығын негіздеудің маңызды логикалық тәсілі.

Негізгі формальды-логикалық заңдылықтар дегеніміз – дұрыс, жүйелі ойлау заңдылықтары, олардың қоятын талаптары: талдау айқын, анық және нақты, жүйелі, негізделген, дәлелденген болуы қажет.

### **Дәлелдеу**

Көпшілік алындағы сөзсайысының тиімділігі логикаға негізделуіне және пікірді дәйектеу өнерін меңгеруге тәуелді. Өз көзқарасыңды дәлелдей білу – пікірталас мәдениетінің қажетті шарты. Логикалық операция ретіндегі дәлелдердің мәні қандай?

#### **Дәлелдеу құрылымы**

Дәлелдеу бірнеше ой-тұжырымдардан тұрады, сондықтан полемист бұл құрылымды нақты білуі керек. Кез келген логикалық дәлелдеу үш өзара байланысты элементтерден тұрады:

Бірінші – тезис, яғни шындығын дәлелдеу қажет пікір немесе ой;

Екінші – айғақтар, дәйектер, негіздемелер (тезисті негіздеуге көмектесетін тұжырымдар);

Үшінші – демонстрация немесе форма, дәлелдеудің тәсілі (логикалық талдау, дәйектер арқылы тезисті нақтылауға қолданылатын ой-тұжырымдардың жинақылығы).

## **Дәлелдеудің түрлері**

Тікелей және жанама

Тікелей – тезис қосымша құралдардың көмегінсіз нақты дәйектермен негізделеді.

Жанама – қарама-қайшы пікірлерді жоққа шығара отырып, тезистің шынайылығын негіздеу. Антитезистің жалғандығына байланысты үшінші қағиданың қисынсыздығы заңдылығының негізінде ұсынылған тұжырымдаманың ақиқаттығы туралы қорытынды жасалады.

Полемика кезінде тікелей және жанама айғақтамаларға бірдей сүйенетін жайттар көптеп кездеседі.

Пікірталас кезінде төмендегідей жайттарды ескеру қажет:

Бірінші – салмақты дәйектерді ғана қолдану;

Екінші – деректерді мөлшерден көп қолдануға болмайды;

Үшінші – ой-пікірлердің кімдерге бағытталғанын ескеру керек;

Төртінші – деректерді сұрыптағанда олардың тыңдаушылардың ақыл-ойына ғана емес, сезімдеріне де әсер етуін ескеру керек, яғни сендіру процесінде тыңдаушылардың эмоциялық көңіл-күйлері қатты ықпал етеді.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Негізгі формальды-логикалық заңдылықтар және оларды сөйлеу барысында қалай қолдануға болады?

2. Логикалық іс әрекеттің бір түрі ретінде дәлелдеу тәсілін қалай түсіндірер едіңіз?

3. Логикалық қателіктер дегеніміз не?

4. Дәлелдеу және сендіру тәсілдері.

## **5.4. Полемикалық тәсілдер**

**Дәйектеу ілімі** өз тұжырымдарының шынайылығын дәлелдеуден ғана құралмайды, сонымен қатар оппоненттің көзқарасын жоққа шығарып, қарсыласынның дұрыс емес, қисынсыз пікірлерін айғақтай білу қабілеті. Осыған орай әшкерелеу сияқты логикалық операцияны дұрыс қолдана білу қажет. Бұл дегеніміз – тезис ретінде ұсынылған пікірдің қисынсыздығын, негізсіздігін, шындыққа жанаспайтыдығын дәлелдеу және айтылған дәлелдемелерді жоққа шығару. Айғақтама мен әшкерелеу қарама-қарсы қызметтерді атқарады. Айғақтама нақты бір идеяны негіздеуді көздесе, әшкерелеу дегеніміз сынау деген сөз. Жоққа шығару үш түрлі тәсілмен жүзеге асады: тезис негізсіз деп танылады, келтірілген деректер сыналады, толыққанды дәлелдемелердің жоқтығы көрсетіледі. Енді әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

**Жалған тұжырымдарды дәйектермен жоққа шығару**, яғни оппоненттің айтылған пікірлерге қайшы келетін қисынсыз ойларын шынайы оқиғалар, құбылыстар, статистикалық мәліметтер, тәжірибелік зерттеулердің қорытындылары, куәгерлердің айғақтары негізінде әшкерелеу.

**Оппоненттің дәлелдерін сынау.** Полемист дәйектемелердің қисынсыздығын, негізсіздігін дәлелдеу арқылы тыңдаушыларға айтылған тұжырымдардың дәлелденбегенін көрсетеді, яғни келтірілген деректердің толыққанды еместігін айғақтап береді.

**Оппоненттің масайрауына жол бермеу,** яғни оның тұжырымдарының нақты, қисынды дәйектерден туындамайтындығын көрсетіп беру. Полемистің міндеті – қарсыласының ой-пікірлерін түйіндеудің жолдарын талдап, сөз мазмұнында шынайы логикалық байланыстың жоқтығын көрсету.

Мұның бәрі, яғни сынау тәсілдері дәлелдеудің негізгі құрылымдарын бұзып, тезистің негізсіздігін көрсетеді, бірақ басты тұжырымды жоққа шығармайды. Пікірталас кезінде айтылған, талқылауға ұсынылған тұжырым дұрыс, бірақ сол тезисті алға тартушы адам оны дәлелдеуге қажетті шынайы дәйектемелерді таңдап, сұрыптап ала алмаған жағдайлар өмірде жиі кездеседі.

**Юмор, ирония, сарказм.** Бұл тәсілдер көпшілік алдында сөйлеудегі қажетті психологиялық элементтер болып табылады. Бұлар сөздің полемикалы тонын күшейтеді, оның эмоциялық әсерін, ықпалын арттырады, пікірталастың атмосферасын жайландыруға, полемистерге сөз сайысында табысқа қол жеткізуге көмектеседі.

Қалжыңға, мысқалға сүйеніп айтылған ескертпелер оппонентті сөзден жаңылдырып, қиын жағдайда қалдырып, кей кезде пікірталастың тақырыбына тікелей қатысы болмаса да, дәйектемелерді жоққа шығаруы мүмкін. Бұл жағдайда асып-саспай, өзінді табиға қалыпта ұстау қажет. Егер күлкілі болса, көпшілікпен бірлесе күліп алып, талқыланып жатқан мәселеге қайтып оралу керек.

**Қисынсыздық** – ойды дәлелдеу үшін келтірілген тұжырымдардың немесе дәйектердің еш шындыққа жанаспайтындығын, ойға сыйымсыздығын тәжірибенің өзі көрсететін жайттар.

**Бумеранг тәсілі немесе “кері соққы беру”** – бумеранг деген ағылшынның сөзі, көздеп ататын қаруды білдіреді, шебер атқанда қару қай жерден жіберілсе, сол жерге қайтып оралады. Бұл тәсілдің мәні – тұжырым мен деректер айтқан адамның өзіне қарсы соққы болып тиеді, соққының күші бірнеше есе ұлғайып оралады.

**Сұрақтың астына алу немесе сұрақ жаудыру.** Бұл әдістің мақсаты – оппоненттің жағдайын қиындату, оны ақталуға, қорғануға мәжбүр ету, пікірталас кезінде өзіңе қолайлы жағдай жасау.

Қойылған сұраққа жауап бере беру өзінді соққыға жығумен тең, керісінше қарсы сұрақ қою керек.

## 5.5. Сұрақтарға жауап беру өнері

Дұрыс сұрақ қоя білу қабілеті – адамның ақылдылығы мен көрегендігін танытатын маңызды әрі қажетті белгі болып табылады. Полемистердің сұрақты дұрыс ойластырып және оларға шебер, қисынды

жауап бере білуі көпшілік алдындағы пікірталастың тиімділігін арттырады. Дұрыс қойылған сұрақ оппоненттің көзқарасын нақтылауға, қосымша мәліметтер алуға көмектеседі және оның талқыланатын мәселеге деген қарым-қатынасын түсінуге мүмкіндік береді. Сәтті жауап полемистің өзіндік ұстанымын нығайтады және ұсынған тұжырымдарының дәйектілігін арттырады.

Сұрақ – логикалық пішіннің бір түрі деп есептеледі, ол негізінде нақты білімнің анықталған жүйесіне сүйенеді. Кез келген сұрақ еркін ақпараттан тұрады, ол қондырғы немесе сұрақтың алғышарты деп аталады. Сонымен қатар сұрақта жеткіліксіз әрі қарай толықтыруды қажет ететін және білімді ұлғайтуды керек ететін нұсқау шарты болады. Сұрақ пікір болып есептелмейді, сондықтан ол шынайы немесе жалған болып табылмайды. Сұрақ қою үшін талқыланатын мәселе туралы біраз жайттарды білу қажет. Сұраққа жауап беру үшін де білім керек, сұрақтың мінездемесін және мазмұнын дұрыс бағалау қабілеті керек.

### **Сұрақ түрлері**

**Анықтаушы және толықтыру мәніндегі сұрақтар (жабық және ашық).** Логикалық құрылымға тәуелділігіне байланысты сұрақтар екі түрге бөлінеді. Анықтаушы сұрақтар өз бойында келтірілген пікірдің шынайылығын немесе жалғандығын ажыратуға бағытталады. Мысалы: Биылғы жылы мектептің жанынан жаздық спорттық лагерь ашылатыны рас па? Мұндай сұрақтың жауабы “иә” немесе “жоқ” деген сөздермен шектеледі.

Толықтырушы сұрақтар тындаушыларды қызықтыратын оқиғалар, құбылыстар, тақырыптарға қатысты жаңа білімді, тұжырымдарды анықтаумен тікелей байланысты. Мұндай сұрақтардың грамматикалық белгілері кім, не, қашан, қалай, қайдан, неге және т.б. сұрау есімдіктері болып табылады. Жоғарыда келтірілген жабық немесе анықтаушы сұрақты ашық сұраққа былайша айналдыруға болады: Мектептің жанынан қашан жаздық спорттық лагерь ашылады?

#### **Жай және күрделі сұрақтар**

Ал ашық және жабық сұрақтар құрамына қарай жай және күрделі болып бөлінеді. Жай сұрақтар бөлшектенбейді және бір ғана сұрақтан тұрады. Ал күрделі сұрақтарды екі немесе бірнеше жай сұрақтарға бөлуге болады. Жоғарыда келтірілген сұрағымыз күрделі деп есептеледі, өйткені онда екі мағынадағы сұрақ қойылған.

Полемика кезінде жай сұрақтар қоюға кеңес беріледі.

#### **Нанымды және нанымсыз сұрақтар**

Сұрақтар пішініне қарай осылай бөлінеді. Егер олардың алғышарттары немесе қондырғылары шынайы пікірге сүйенсе, олар ойға қонымды, нанымды сұрақтар деп есептеледі, ал нанымсыз деп негізінде жалған немесе анықталмаған, тексерілмеген ақпараттар, пікірлер кездесетін сұрақтар аталады.

#### **Жағымды және жағымсыз сұрақтар**

Сұрақтар табиғаты жағынан бейтарап, жағымды және жағымсыз, дұшпандық, арандатушылық мәндегі болып бөлінеді. Сондықтан да сұрақтың құрастырылу пішінінен, қоюшы адамның дауыс мәнерінен сұрақтың сипаттамасын анықтап алу керек, сонда ғана өз ұстанымыңызды дұрыс таңдайсыз. Бейтарап және жағымды сұрақтарға сабырмен, ұстамдылықпен жауап беру керек. Егер адам сұрақты дұрыс құрастырмай, сауатты етіп қоя білмесе де, шынайы ықылас танытып, сыпайылықпен көңіл аударыңыз.

Жағымсыз сұрақтарға жауап бергенде оның арандатушылық мәнін ашуға тырысып, оппоненттің позициясын анықтап, онымен ашық сөз сайысына шығыңыз.

### **Өткір сұрақтар**

Нақты бір мәселелерді талқылағанда өзекті сұрақтар да қойылады, яғни олар өмірлік маңызды, принципті мазмұнда құрылады. Полемистен мұндай сұрақтар батылдықты және қажетті психологиялық дайындықты талап етеді. Оған қойылған сұрақтан қашқақтауға болмайды, шынайы түрде, дұрыс мәнде жауап беру керек.

### **Жауап түрлері**

Қандай сұрақ қойсаңыз сондай жауап аласыз. Мазмұны жағынан жауаптар дұрыс және дұрыс емес деп екіге бөлінеді. Егер жауапта сұрақпен логикалық жағынан сәйкестік болып және шынайы пікір болса, онда ол дұрыс деп есептеледі, ал егер жауап қойылған сұрақпен байланысты болып, бірақ негізгі мән-мазмұны шындықты танытпайтын болса, ол дұрыс емес деп танылады.

Берілетін ақпараттардың көлеміне орай жауаптар қысқа және толық мәнде ашылған жауаптар деп бөлінеді. Қандай да бір мәселені талқылағанда толыққанды жауаптар жоғары бағаланады.

Полемистке сұрақтың түріне және сипаттамасына қарамастан қатаң түрде төмендегідей негізгі принципті ұстану қажет, яғни сұраққа оның түпкі мәнін толық түсінгенде және оның дұрыс жауабын білген жағдайда ғана жауап беру. Әйтпесе келеңсіз жайтқа ұшырауыңыз мүмкін. Бұл туралы өмірде анекдотқа бергісіз жайттар болған. Бір адам эзіл үшін “фаргелет дегеніміз не?” деген сұрақты барлық дәріс оқушы лекторларға қойып шыққан. Жаңа танысып жатқан аудиторияның алдында өз беделдерін түсіргілері келмеген лекторлардың әрқайсысы бұл сұраққа өзінше жауап беруге тырысқан. Халықаралық мәселелер туралы дәріс оқушы лектор бұл – «Африканың оңтүстігінде жаңадан ашылған тәуелсіз мемлекеттің атауы» десе, ботаник «жаңа өсімдіктің атауы», ал дәрігер «жаңа дәрінің атауы», – деп жауап берген. Ал бұл олар ойлағандай бас қатыратын нәрсе болмай шыққан, яғни эзілкеш жұмысқа бара жатқанда “телеграф” деген мекеменің маңдайшасындағы жазуды көрген, ал қайтқанда оны “фаргелет” деп керісінше оқыған.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Пікірсайыс кезінде қолданылатын полемикалық тәсілдер.
2. Сұрақ түрлерінің жіктелуі.
3. Жауап түрлері.
4. Дәлелдеу және сендіру.

## **5.6. Пікірсайыс кезіндегі қулықтар немесе қитұрқылықтар**

**Жол беруге болатын жән жол беруге болмайтын қулықтар.** Сайыс кезінде сөз таластырушылар қиын жағдайда қалады және одан шығудың жолдарын іздейді. Мысалы, қарсыласыңыз қиын сұрақ қойды, оған бірден салмақты жауап табу оңайға соқпайды, міне, осы жағдайда сіз “уақыт созасыз” немесе қарсылық көрсетесіз, алыстан орағытып әңгіме қозғайсыз, қарсы сұрақ қоясыз, осылайша ойыңызды жиақтап аласыз да, оппненттің тұжырымдарын жоққа шығарасыз. Мұндай тәсілді қатты қобалжығанда, есіңізге ештеңе түспегенде, ойыңыз шашырап кеткен жағдайда қолдануға болады. Қарсыласыңызға өз жағдайыңызды сездірмес үшін басқа нәрсе туралы салмақты, сенімді дауыспен әңгіме айтқан жөн. Кей кездері оппоненттің айтқан пікірлері алғашында дұрыс сияқты көрінуі мүмкін, сол себепті келісуге асығуға болмайды.

Келесі жағдайды қарастырайық, мәселен даулы мәселені талқылау кезінде полемистің біреуі ойынан жаңылып қалды. Егер қателігін көпшілік сезіп қойса, оның ұстанымына нұқсан келеді, ал егер кемшілігі көзге ілінбесе, полемист қате, дұрыс емес ойдың бастушысы әрі жалған ақпарат таратушы болады. Мұндай жағдайда сөз алушы адам өз қателігін ашық мойындамайды, сол себепті жағдайды түзеу үшін, жұмсарту үшін «Мен оны айтайын деген жоқ едім», «Бұл сөздер менің ойымды дұрыс көрсете алмайды», «Маған өз ұстанымымды, пікірімді нақтылауға мүмкіндік берсеңіздер» деген сияқты сөз оралымдарын пайдалануға болады. Бұл тәсілді қолдану қажет, ол шындықтың мәнін ашуға кедергі болмайды.

### **Жол беруге болмайтын тәсілдер:**

Бірінші – адамды ел алдында қызартып, ұялтуға әрекет ету, яғни кез келген адам өзін көтермелеп көрсетуге тырысады, өз беделін көпшілік алдында түсіруге қорқады. Міне, тәжірибелі полемистер адамдардың осындай әлсіз мінезімен ойнауға шебер болады. Мысалы, олар дәлелденбеген, тіпті қате пікірлерді сөз арасында келтіре отырып, «Сізге әрине, белгілі, ғылым баяғыда мынадай тұжырымдар жасаған», «Сіздің бұл туралы білмеуіңіз мүмкін емес», «Сіз әлі күнге дейін бұл жайында білмейсіз бе?», «Бұл дерек көпке мәлім» деген сияқты сұрақтармен оппонентін сөзбен тұқыртады. Егер адам “білмеймін” деп мойындамаса қарсыласының “тұзағына” түседі және онымен келісуге мәжбүр болады.

Екінші – “дәйек негізінде жағыну”, яғни жеңіл түрде қарсылыққа ұшырасатын, тез жоққа шығарылатын пікірлер қарсыласыңызға деген мадақтау сөздермен астасып айтылады. Мысалы: «Сіз ақылды адам ретінде

мұны жоққа шығармайсыз ғой», «Сіздің шыншылдығыңыз, ұстамдылығыңыз, бірбеткейлігіңіз көпшілікке жақсы мәлім, сол себепті сіз...», «Сауаты жетпейтін адам бұл келтірілген мәліметті бағаламайды, бірақ сіз...» – деген сөздер ретін қолдануға болады.

**Үшінші – жасын, білімін, беделін алға салып сөйлеу.**

Кей сөз сайыстарында адамдар өз ой-тұжырымдарының дұрыстығын мойындату үшін жасының үлкендігін, білім дәрежесін, қызметін алға тартып, өзін көрсеткісі келетін жағдайлар аз болмайды. Мысалы, «Менің жасыма жетіп алыңыз, сосын пікір таластырасыз», «Менің орныма отырасыз, пікіріңізді сол кезде айтасыз», «Алдымен диплом алып алыңыз, содан кейін сөйлесеміз» деген сияқты көзге ілмеушілік әрекеттері немесе сізді мойындамау тәсілі. Бірақ бір есте ұстайтын қағида бар, яғни жасы үлкен, жоғары білімді, үлкен қызмет атқаратын адам әрқашанда дұрыс пікір айта бермейді, ол да шатасуы мүмкін. Сондықтан да бірден артқа шегініп, өз ұстанымыңыздан бас тартуға болмайды, керісінше оппоненттен иландыратын, көңілге қонатын дәлелдер келтіруін талап ету керек.

**Төртінші – әңгіменің ауанын басқа жаққа бұрып жіберу.**

Кей кездері сөз сайысына қатысушылар өз ойын дәлелдейтін деректер таппай, қиналып жатады. Осындай сәтте жеңіліс таппас үшін әңгіменің бағытын өзгертіп, талқыланып жатқан мәселеге еш қатысы жоқ жайттарды баяндап кетеді.

**Бесінші – сөз сайысындағы әңгіменің мазмұнын адамның сөзі мен ісінің қабыспайтындығы туралы бағытқа аударып жіберу.** Сөз таластырып тұрған адамның сөзі мен ісінің бір-біріне қайшы келетінін, көзқарасы мен іс-әрекеттері, өмір сүру ережесінің үндеспейтінін әңгіме өзегіне айналдырып, талқыланып тұрған мәселеден, тұжырымнан ауытқып кету. Оппоненттің дәлелдеп тұрған пікірінің өзінің жасап жүрген істерімен сәйкес келмейтіндігін айтып, оны ұялтып, қиын жағдайда қалдырады, сөйтіп дауға нүкте қояды. Бұл шынайы пікірталаста қолданылатын әдіс емес, керісінше адамды орынсыз тұқыртудың амалы болып табылады.

**Алтыншы – әңгімені шешімі қажет сұрақтардан даулы мәселенің пайдасы мен зияны туралы бағытқа бұрып жіберу.** Бұл да жиі қолданылатын тәсіл, нақты бір мәселені шешудің шынайы жолдарын табудың орнына, оның адамдар үшін пайдасы бар ма, зияндылығы қандай деген сұрақтар алға тартылып, сөз сайысының мәні өзгеріп кетеді. Бұл жерде адамдар болмысының әлсіз тұсы дөп басылады, яғни олар айтылған тұжырымның өздерінің бас пайдасын көздейтінін түсінсе, бірақ өзгелер үшін зиянды тұстары бар екенін білсе де келіседі. Осылайша көпшіліктің келісімін алған сайысшы өз қарсыласын тұқырта бастайды.

**Жетінші – өз-өзіне деген шектен тыс сенімділік немесе өтімді сөйлеу.** Сөз сайыстарында адамдар өздерін шектен тыс жоғары ұстап, айналасындағыларға айбат танытып, сұсты кейіпте қарайды және сесті сарынмен сөйлеп, қарсыластарына қыр көрсететін жағдайлар да жиі кездеседі. Олар психологиялық тұрғыдан адамды тұқыртып, мысын басады. Оппонент өзіне-өзі сенімді болған күннің өзінде, мұндай жағдайда

ойланып, өзінің ұстанымына күдік келтіре бастайды. Егер талқыланатын мәселе туралы жеткілікті дәрежеде білмесеңіз, тіпті қатты ойланасыз және ұнжырғаңыз түсе бастайды. Ал мұндай жағдайда адамға іштей жинақылық, сабырлылық, сенімді сөйлеу мәнері, өзінді салмақты ұстау керек және әңгімені жалпы сөйлеуден нақты істі шешуге бағыттай білу қабілеті қажет.

Мұнымен қоса адамды мысқылдау, сөзін орынсыз бөлу, оның сөздеріне күдік келтіру, айтқан ойларын жоққа шығарып тастау, көңіліне келетін сөз айту сияқты әрекеттер де жасалады.

Мұндай қитұрқылықтарды полемистер жақсы білу керек, бұл – оларды қолдану керек дегенді білдірмейді, керісінше жақсы таныс болу арқылы мұндай әрекеттерге қарсы сауатты тәсілдермен жауап беруге дайын болып, қарсыласың құрған тұзаққа түсіп кетпеуден сақтану керектігін көрсетеді.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Пікірсайыс кезінде қолданылатын қитұрқылықтар.
2. Жол беруге болатын қулықтар.
3. Қитұрқылықтың жол беруге болмайтын тәсілдері.
4. Қитұрқылықтарды полемистер не үшін білуі керек?

## 6-ТАРАУ. СӨЙЛЕУШІ ТҮЛҒАСЫ ЖӘНЕ СӨЗДІҢ ТИІМДІЛІГІ

### 6.1. Сөйлеушінің жеке тұлға ретіндегі образы

Образ қалыптастыруға қажетті мінездер:

- 1) Тартымдылық;
- 2) Артистизм;
- 3) Сенімділік;
- 4) Жылышырайлылық;
- 5) Шынайылық;
- 6) Қызығушылық.

Бірінші – **тартымдылық**. Тартымдылық дегеніміз – адамның табиғи болмысында көрінуі, яғни өзін-өзі игерген, біреуді қайталамайтын, жасандылығы жоқ адам.

Сөйлеуші адамның өзін аудитория бірінші кезекте зерттейді, ал алғашқы бағалау – барлық сынның өзегі болып табылады. Американдық философ, жазушы Ралф Эмерсон: «Я не слышу, что вы говорите, потому что слишком громко кричит то, что вы собой представляете», – деп, адамның сөйлеген кезде өзінің сыртқы келбетіне, өзін ұстасына қатты мән беріп, ал сөйлеп тұрған сөзі осылардың астарында қалып қойғанын меңзеп отыр, ал бұл дұрыс емес. Негізінде адамның сөзі мен ісі бір кезекте бағаланады, сол себепті екеуінің үйлесім тауып, бір деңгейлес болғаны жақсы.

Адам өзінің мінезін, сыртқы кейпін, жүріп-тұру, өз-өзін ұстау мәнерін зерттеп, өзіне-өзі сын көзбен қарауы қажет, осы арқылы тартымдылыққа қол жеткізуге болады.

Екінші – **сөйлеудегі шеберлік немесе артистизм**. Адамдармен сөйлескен кезде табиғи қалпыңды сақтай отырып, ширақ, көңілді қалыпта өз рөліңді ойнай білу қажет. Сіздің рөліңізді сізден басқа кім жақсы ойнай алады, осы жөнінде ойланып көріңіз, әрине тек сіз ғана, сондықтан ешкімге ұқсамайтын меніңізді танытатын қабілеттеріңізді табуға тырысыңыз. Ол үшін «адамдармен араласу мен үшін бақыт, маған адамдармен сөйлескен ұнайды» – деп өз-өзіңді іштей тәрбиелеу қажет, сонымен қатар сауатты сөйлеуге, көпшілік алдында өз-өзіңізді дұрыс ұстауға үнемі жаттығыңыз. Сөйлесу кезінде өзіңіз де, сізбен сөйлесуші адам да риза болуы әрі рахат сезіміне бөленуі керек. Ал бұл оңайлықпен қол жеткізетін шаруа емес, көп тер төгуге тура келеді.

Риторика заңы: “Еліктеудің озық үлгісі - өзіңізсіз», - дейді, яғни әркім ешкімге ұқсамайтын өзінің “менін” табуы керек.

Ойнақы әрі шығармашылық мәнері жоқ тіл қатысу, сөйлесу тартымсыз әрі көңілсіз деуге болады. Бірақ бұл тәсілді тәжірибе жүзінде қоланғанда қалыптасқан әдептен шығып кетпеу керек.

Шешенге аудиторияны өзіне тарту үшін екі қасиет керек:

Бірінші – жеке тұлғалық қасиетіңді танытуға ұмтылу, яғни өзіндік қасиеттерің айшықталып тұруы қажет, тек қалыптасқан әдептен шығып кетпеу керек;

Екінші – адамдардан бөлектенбеу.

Жақсы көріну үшін төмендегідей шарттарды ескеру қажет:

Бірінші – сыртқы келбетіңіз әдемі болуы керек, яғни киім кию, шаш қою, өз-өзін ұстау;

Екінші – әйел адамдарға тән өзіндік сөйлеу, әрі өзін ұстау мәнері мен ерлерге арналған сөйлеу және ұстау мәнерлері сақталуы керек.

Үшінші – **сенімділік**. Сөйлесу кезінде тіл қатысу процесіне қатысушы адамдардың құқығы тең емес, біреуі басымдылық рөлде болады, мәселен, бастық пен қызметкер, мұғалім мен оқушы. Ал көпшілік алдына шығып сөйлегенде жағдай басқаша сипат алады, шешен алдында отырған адамдардың ықыласын өзіне аударып, оларды басқару мүмкіндігіне ие болады. Бұл ең алдымен үлкен жауапкершілік жүктейді, екіншіден – көпшіліктің бар назарын өзіңе аударып, оларды әңгімеге ортақтастыру қажет. Ол үшін ең бастысы – адам өзіне-өзі сенімді болуы керек. Сөйлер кезде толқып, өзіңе-өзің сенбесең тыңдаушылар да саған сенбейді.

Шешенді өнерде «ораторлық үрей» деген термин бар. Ал бұл жағдайда адам төмендегідей стрессті бастан кешеді:

- 1) Қол-аяғы дірілдейді, бір нәрсеге сүйеніп тұрғысы келеді;
- 2) Жағы қарысып қалады: сөзі анық емес, дауыс қатты шығады;
- 3) Аузы құрғап қалады, терлей бастайды;
- 4) Дем алу қызметі бұзылады – кідіріс керек жерінде жасалмайды;
- 5) Көңілі бұзылады, айтатын басты мәселе еске түспейді;
- 6) Артық қимылдар жасалады: біреу қолын қалтасына салады, келесісі басын қасиды.

Стресстен құтылудың басты жолы – себебін анықтау, бойыңызды билеп тұрған қорқыныш па, әлде толқу ма? Үрей – қауіпті, толқу – қажет нәрсе, мәселен атақты әскери қолбасшы Юлий Цезарь солдат таңдағанда кім қауіп төнгенде қызарса, соны жауынгерлік қатарға алған, ал бозарғандарды қабылдамаған. Демек қорқу мен қобалжудың арасындағы айырмашылықты терең түсінсе керек.

Толқудың үрейге ұласуының себебі – шешеннің өзіне көңілді артық бөлуі, яғни үлкен үмітке иек артуы, оқиғаны артық бағалауы, екінші – кездесуге дайындықсыз келу, талқыланатын тақырыпты жетік білмеу.

Стресстен құтылудың жолдары:

Бірінші – сенімді болу, «біреумен өз ойыммен, біліміммен, сезімдеріммен бөлісу мен үшін бақыт, бұл қиын шаруа емес, бұл мен үшін қызықты мәселе» – деп ойлап, нәтижесі жақсы болатынына өз-өзіңді сендіру және алдынала дайындау қажет;

Екінші – жайлы, сәтті байланыс орнатуға дайындалып алып, өзіңіздің бойыңыздағы жақсы, жағымды энергияңызбен аудиторияны жаулаңыз;

Үшінші – аудитория көп жағдайда оратордың толқып тұрғанын сезе бермейді, сырт қарағанда сіз өзіңіз ойлаған жағдайдан әлденеше есе байсалды көрінетіндігіңізді ескеріңіз;

Төртінші – үлкен дайындық қажет;

Бесінші – түріңізде жылылық болсын, жылы қабақ танытуды ұмытпаңыз;

Алтыншы – тыңдаушыларға сеніммен қараңыз.

Төртінші – **жылышырайлылық**. Адаммен сөйлесіп отырып, оның бойынан ол адам сізге ұнамаса да жақсы бір қасиет табуға тырысыңыз. Көпшілік алдында сөйлеп тұрып, аудиторияда өзіңіздің достарыңыз және өзіңіз сыйлайтын адамдар отырғанын естен шығармаңыз. Аудитория бөтен болса да олардың ішінде қызықты әрі ақылды тыңдаушылардың отырғанын ұмытпаңыз.

Алғаш тіл қатқанда достық пейілмен, жылы шыраймен сөйлеңіз.

Бесінші – **шынайылық**. “Ораторлық шынайылық” шұғыл әрі еш қатесіз бағаланатын қабілет. Сөйлеуші өзі сенген жайтқа адресатты да сенуге мәжбүр етуі керек. Сөзінің әсерлілігі мен сенімділік күші шешеннің шынайылық қабілетін анықтайды.

Адамның жасандылығы оның интонациясынан, көзқарасынан, мимикасынан көрініп қана қоймай, өз ойларын дәлелдей алмауынан, келтірген пікірлерінің негізсіздігінен, дайындықтың жеткіліксіздігінен байқалады.

Өзің жете білмеген тақырыпты біреуге түсіндірудің өзішынайылыққа жатпайды, ол – алдау.

Алтыншы – **объективтілік**, яғни басқа пікірлерді де жоққа шығармай, өз ойыңыздың дұрыс екенін толық әрі нанымды етіп көрсетсеңіз сіздің сөзіңіз әсерлі әрі шынайы болып шығады. Қарсы пікір туындайтынын білсеңіз өз сөзіңізге кірістіріп, сөз арасында жауап беріп кетіңіз. Тақырыбыңызды өзіңіз түсінгендей талдап, дәлелдермен өз ойыңызды жеткізіңіз.

Риторика заңы: «Тыңдаушыны құрметтеу керек! Қарсыласыңыздың пікірімен санасыңыз!».

Елдің пікірімен санаспау, оны жоққа шығару дұрыс емес, бұл оратор этикасын бұзу болып есептеледі.

Риторика заңы: «Тыңдаушыны құрметтеу керек! Қарсыласыңыздың пікірімен санасыңыз!».

Елдің пікірімен санаспау, оны жоққа шығару дұрыс емес, бұл оратор этикасын бұзу болып есептеледі. «Мен жалғыз ақылды адаммын» деген пікір мәдениеттілікке жатпайды.

Риторика заңы: «Өзіңізді қызықтырмайтын мәселені айтудың қажеті жоқ». «Мен жалғыз ақылды адаммын» деген пікір мәдениеттілікке жатпайды.

Риторика заңы: «Өзіңізді қызықтырмайтын мәселені айтудың қажеті жоқ».

Сенімділік, жылышырайлылық, шынайылық, объективтілік, қызығушылық сияқты шешенге тән мінездер немесе қабілеттер жұқпалы, яғни маңайындағы адамдарға беріледі.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Сөйлеушінің жеке тұлға ретіндегі образын қалыптастыруға қажетті мінездер.
2. Шешенге аудиторияны өзіне тарту үшін қандай қасиеттер керек?
3. «Ораторлық үрей» дегеніміз не?
4. Стресстен құтылудың жолдары.
5. «Тыңдаушыны сыйлаңыз! Қарама қарсы пікірмен санасыңыз!» және «Мен жалғыз ақылды адаммын!» деген риторикалық заңдармен келісесіз бе?

## **6.2. Үйлесімді диалог құру заңдылықтары**

Бірінші – **диалог үйлесімділігі**, яғни бір адамның екінші біреумен тіл қатысуы. Айтушы және тыңдаушы екеуі де белсенді рөл атқарады. «Общение – дело чрезвычайно трудное, даже когда люди очень хорошо друг друга знают. Я могу произнести слово, в которое вы вкладываете не тот смысл, что я... Мы слышим не то, что говорится, а звуки, которые сами издаем. Расслышать не столько сами слова, сколько их смысл, мгновенно понимая его, – чрезвычайно трудно», – дейді Дж.Кришнамурти.

Орыстың атақты филологы және философы М.М.Бахтин: «Жить – значит участвовать в диалоге: вопрошать, внимать, ответствовать, соглашаться и т.п. В этом диалоге человек участвует весь и всею жизнью: глазами, губами, руками, душой, духом, всем телом, поступками. Он вкладывает всего себя в слово, и это слово входит в диалогическую ткань человеческой жизни, в мировой симпозиум», – деп айтқан (22, 318 б.).

Шешеннің міндеті – әр адамның ішкі түйсігін ояту, адресатпен үйлесімді әрі екі жақты қарым-қатынас орнату. Тыңдаушының ішкі түйсігін ояту жолдары:

1. Кездесуге дайындалғанда ең алдымен тыңдаушының кім екенін, мінезі, талғамы қандай екенін анықтау, мүмкін қозғамайтын тақырыптар бар шығар, оны білу. Бұл жөнінде қазақта мақал бар: «Досың соқыр болса, бір көзінді қысып жүр».

2. Тыңдаушының әлеуметтік портретін сомдап алу, бұл төмендегідей сұрақтар негізінде жасалады:

- а) Тыңдаушының әлеуметтік жағдайы, аудиторияның әлеуметтік құрамы, әлеуметтік рөлі;
- ә) аудитория көлемі;
- б) жас мөлшері;
- в) жеке тұлғалық ерекшеліктері – мінезі, білімі, тәрбиесі, талғамы, мүддесі;
- г) Көпшілік не үшін жиналды? Жиналыстың қорытындысы қандай?
- д) Сіздің хабарламаңыз адресаттың қажеттілігімен, мүддесімен сәйкес келе ме?
- ж) Сізден оратор ретінде не көмек қажет, мүмкін тек ақпарат емес, ұжымның ұйымшылдығы мен бірлігін нығайту немесе көмек қажет шығар? Сіз не ұсыныс айтасыз?

з) Сіз жариялаған мағлұматтар көпшіліктің пайдасына, кәдесіне жарай ма? Жараса қашан және қалай?

Екінші – **жақын байланыс орнату**. Сіздің әңгімеңіздің мазмұны тыңдаушылардың мүддесіне негізделіп және олардың қажеттілігіне жарар болса онда олар мәтінді тез түсінеді. Сондықтан кездесу барысында айтылған хабардың неліктен адресат үшін маңызды әрі оның өмірлік ұстанымдарын анықтайтынын, тікелей қатысы бар екенін жиі айтып отыру керек.

Аристотель: «Слушатели внимательно относятся ко всему великому и к тому, что их лично касается, ко всему удивительному и прятному, поэтому, следует внушать слушателям, что речь идет о подобных предметах» – деген болатын.

Адресаттың өміріне, өмірлік ұстанымдарына сіздің сөзіңіздің мазмұны сәйкес келсе сіз жеңіске жетесіз.

Үшінші – **нақтылық принципі**. Сөзіңізді деректермен жүйелеу үшін мынандай шарттарды орындаған дұрыс:

– мысалдар келтіру, яғни ойыңызды дәлелдейтін, айғақтайтын нақты мысалдар;

– сөздің бейнелілігіне мән беру, яғни теңеулер қолдану;

– жалпылама емес нақтырақ сөйлеңіз, яғни бас киім емес, нақты малақай, транспорт емес автобус, гүл емес раушан гүлі.

– Сөйлеу құрылымы нақты құрылуы қажет, жалпы мазмұнда айту қажет емес, яғни нақты сөйленген сөзді тыңдаушы тез ұғынады, есте сақтайды.

Төртінші – **сөздегі қозғалыстың бағдарын жобалау**, яғни сөздің тиімділігі егер шешен адресатты сөзбен саяхат жасаудың бағдарымен – басынан соңына дейінгі таныстырса арта түседі. Сөйлеушінің міндеті:

1) Әңгіменің жалпы картасымен таныстыру;

2) Бұл картадағы позицияларды хабарлауы;

3) Сөйлеу барысындағы қозғалысты тыңдаушыға сезіндіруі қажет.

Аристотель бұл жөнінде: “Жарысқа қатысушы адам жүгіріп өтетін мәре сызығын көріп тұрса, қалжырау, шаршау деген сезімге бой алдырмайды», – дейді. Яғни әңгіме айтқанда да жалпы не туралы айтатыныңызды, негізгі дәлелдейтін ойыңызды көпшілікке алдынала мәлім етіп қою керек.

Бесінші – **сөздің эмоционалдығы**. Сөйлеуші адам ойланып қана қоймай, өзінің айтып тұрған әңгімесін жан-дүниесімен сезінуі, ол жөнінде толғана баяндауы қажет. Ақыл мен сезім сөйлегенде бірдей қажетті нәрселер. Тек өзің бастан өткерген, өзің жан-дүниеніңмен сезінген жайтты ғана сенімді әңгімелеуге болады, сонда тыңдаушы бей-жай қалмайды.

Алтыншы – **көңіл толу немесе ләззат алу**. Сөз алған адам тыңдаушыларға қуаныш сыйласам, әңгімем ұнамды сипатта өтсе деген мақсат қоятын болса, оның сөйлеген сөзі тиімді болады. Бұл туралы ағылшын лиригі Филиппа Сидни былай дейді: «Пытаясь убеждать или

учить кого-либо, нужно делать это так приятно, чтобы дети оторвались от игры, а старики – от камина», – дейді.

Әңгіменіздің ара-арасында әзіл әңгімелер, тарихи аңыздар, өлеңдерден үзінділер, анекдот айтып тыңдаушыларды сілкіктіріп алып отыру керек.

### **6.3. Тіл қатысу процесіндегі этика**

Сөйлеуші адам мен адресаттың байланысына қойылатын шарттар:

1) Адамға жабысып алмау немесе мезі қылмау, яғни сөйлеуші адам өз пікірін қайшылықты оймен білдірсе, бәрін жоққа шығарса, тыңдаушы соғұрлым келісуге мәжбүр болады, өз ойыңды біреуге таңу арқылы оның өзіндік ойын жоққа шығару дұрыс емес;

2) Серіктесінді мұқият тыңда. Сөйлеушінің сөзі түсінікті әрі қарапайым болуы керек, әңгімелескенде екі жаққа да мәлім мәселелер туралы айтқан жөн, адресаттың білім деңгейін ескеру қажет, сонда ұтымды кері байланыс тудыра аласыз;

3) Кішіпейіл болыңыз. Өзіңізді қарапайым, табиғи қалыпта ұстаңыз және жүзіңізде жылылық болсын.

### **6.4. Байланыс орнатудың стратегиясы**

XIX ғасырда неміс философы Артур Шопенгауэр адамдардың қарым-қатынасы және олардың бір-бірімен сөйлесу кезіндегі өз-өздерін ұстаулары туралы тосын пікір айтқан. Ол адамдарды қыстыгүнгі жайраға (дикобраз) теңейді. Олар тоңады да жылыну үшін бір-біріне жақындағысы келеді, бірақ инелері кедергі келтіреді, сондықтан белгілі бір арақашықтық сақтауға мәжбүр болады. Адамдар да сол сияқты, бір-бірінен бір жағынан жылулық іздейді, эмоционалды байланыс орнатқысы келеді, бірақ екінші жағынан өзіндік «менін» сақтағысы келеді, өзін жоғалтқысы келмейді, яғни тым жақын байланысты қаламайды.

Коммуникативтік байланыс үш негізгі стратегияда көрінеді:

1) Жақындау стратегиясы – эмоционалды қатынас, ашық-жарқын, еркін түрде араласу;

2) Таңдау стратегиясы – байланысты әрі қарай жалғау, әлде тоқтату мәселесін екінші адам шешеді, таңдау құқығын адамның өз еркіне салу;

3) Қашқақтау стратегиясы, яғни жай ғана байланысу.

Білімді адам сөйлесу кезінде қандай ерекшеліктерге көңіл бөлу керектігін жақсы білгені дұрыс, олар:

дискурс тақырыбы: а) сөйлеуші адам қандай тақырыпта әңгіме қозғағанды ұнатады: жалпы, әлде жеке; ә) сөйлеуші бір тақырыптан екінші тақырыпқа тез, әлде жеңіл ауыса ма, қалай байланыстырады; б) өзі жаңа тақырыптар ұсына ма, әлде тек басқалардың бастамаларын қағып ала ма, соны бақылау;

– Дискурстағы баяндау стратегиясы болған оқиғаларды, өмірдегі құбылыстарды, анекдоттарды әңгімеде қолдана ма? Қолданса тыңдаушылардың көңілін көтеру үшін бе, әлде әңгімені жандандыру үшін бе, мүмкін басты тақырып жөніндегі өз тұжырымдарын дәлелдеу үшін, осыны анықтау;

– Дискурс темпіне мән беру: а) сөйлеу жылдамдығы; ә) сөйлеуші мен тыңдаушы рөлдерінің аламасы; б) сөйлеушінің сөз арасындағы кідірістерге деген қатынасы қандай? в) тыңдаушының сіздің сөзіңізді мақұлдауы.

– Дискурс акустикасы: а) дауыстың мөлшері; ә) дауыстың деңгейі; б) жоғарғы деңгейден төмен деңгейге ауысудың мөлшерін анықтау;

– Қозғалыс: мимика, жест, поза: а) қозғалыс жасау деңгейі; ә) көзқарас бағыты; б) сөйлеуші адам мен көпшіліктің арақашықтығы.

## **6.5. Аудиторияны сезіну және коммуникативтілік**

Жазылған мәтінді дауыстап оқып берген жағдайда аудиториямен байланыс болмайды. Мәнерлеп оқу, әдемі дауыс ырғағы, дикция, тіл байлығы, мәтіннің логикалық сауатты құрылуы да көмектеспейді. Керісінше, сөздің әсері егер сіз ойыңызды ауызша жеткізіп әрі аудиториямен шынайы және табиғи байланыста болсаңыз ғана тиімді болмақ.

Тыңдаушының көз алдына айтып жатқан оқиғаларды ойша елестетуге жол ашу, тек соның бір өзіне ғана арнап сөйлеп тұрғандай әсер қалдыру, жанды қатынас орнату, міне, бұл – коммуникативтілік немесе аудиторияны сезіну деп аталады.

### **Әсерлі сөйлеудің негізгі шарттары:**

**Бірінші – ауызша сөйлеу.** Қатып қалған жоспардың болмауы, сөйлеуші мен адресаттың өзара теңдігін сақтау, шынайы, табиғи бейнеңді таныта білу, жан-жақты білімділік, міне бұлар ауызекі тілде сөйлеудің басты шарттары. Бұл деңгейден көріне алсаңыз сіз өзіңізді шешенмін деп есептеуіңізге болады. Әрине кез келген сөйлеуші көпшілік алдында сөйлеуге дайындалып келеді, бірақ ол барлығын табиғи кейіпте, суырыпсалмалық қабілетпен баяндай біледі. Тыңдаушының көз алдында әдемі теңеулер, айқын образдар, тапқыр ойлар сол мезетте туып жатқандай көрінеді, ал бұл сөйлеушінің шеберлігінің бір ғана қыры.

### **Әсерлі сөйлеудің тәсілдері:**

а) Сөз тіркестерінің қысқа, әрі нақты болуына мән беріңіз;

ә) Ресми, әрі іскерлік мәнерде, кітаби тілде сөйлеуден қашыңыз.

Мысалы: «Иттің адамның досы, әрі бірінші жәрдемшісі екенін баса айтқан жөн» дегеннің орнына «Ит – адамның досы және бірінші жәрдемшісі» деген дұрыс болады;

б) Сіз сөзіңізді өзіңіздің жақын досыңызға, танысыңызға арнап тұрмын деп ойлаңыз. Сіз алдыңызда қызықты бір мағлұмат алғысы келетін адамдардың отырғанын ұмытпаңыз.

**Екінші – көзбен ұғынысу.** Трибунаға шыққан адам бір жерге қарап, көз тоқтатқаны дұрыс. Сөйлеушінің сөзінің өз дәрежесінде қабылдануы үшін көзқарасының дұрыс бағытталғаны үлкен рөл атқарады. Сөйлеу барысында көзіңіздің дұрыс бағытталғанына мән беріңіз, арнайы жаттыққаныңыз да жөн болады.

Сөйлеп тұрған адам төмендегідей қателіктерді жиі қайталайды:

- 1) Өзіне есеп бермей төбеге қарайды;
- 2) Еденге немесе аяқ астына;
- 3) Көзінде мағына болмайды, яғни айдалаға немесе бос кеңістікке қарау;
- 4) Көпшіліктің арасындағы біреуге көз тоқтатады.

Сөйлеуші осылайша бір нысанаға көз тоқтатқанмен, ол адамды көрмейді. Бұл жағдайда тыңдаушылардың реакциясын бақылау мүмкін емес, «кері байланыс» жоқ. Сондықтан тыңдаушылардың көзіне тіке қарап, көзқарас алмастырыңыз, бірақ көзіңізді жиі жүгірте бермеңіз, бір адаммен көзбен ұғынысқаннан кейін көзіңізді келесі адамға бағыттаңыз. Әр адамның көзінен оның реакциясын оқуға тырысыңыз.

**Үшінші – жағымды дауыспен немесе жағымды үнмен байланысу.** Адамның дауысы көзқарасымен бірге бағытталады. Өзіңіздің сөзіңіз дұрыс қабылдануы үшін қалыпты дауыс, жақсы мәнерде сөйлеуге жаттығыңыз.

Коммуникативтілікті дамытудың үш тәсілі немесе өз-өзіңді іштей дайындаудың үш тәсілі:

Бірінші – өз-өзіңді іштей табысқа жететініңе сендіру, иландыру: а) тыңдаушылармен арада қатты шекара қоймаңыз, диалог пен монологты табиғи қалыпта құрыңыз; ә) Қалай сөйлеп, өзіңізді қалай ұстайтыныңызға қатты көңіл бөлмей, сөйлеп тұрған тақырыбыңыздың мәнін ашуға ден қойыңыз. Сіз үшін ең бастысы – айтып тұрған мәселеңіз және аудиторияның реакциясы.

Екінші – өз сөзіңді қорыту, баға беру.

Үшінші – өз-өзіңізді бақылау.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Үйлесімді диалог құру заңдылықтары.
2. Тыңдаушының ішкі түйсігін ояту жолдары.
3. Сөйлеуші адам мен адресаттың байланысына қойылатын шарттар.
4. Коммуникативтік байланыстың үш негізгі стратегиясын атаңыз.
5. Әсерлі сөйлеудің негізгі шарттарын атаңыз.

## **6.6. Коммуникативтілікті дамытудың үш тәсілі немесе өз-өзіңді іштей дайындау**

### **Көпшілік алдында сөйлеудің риторикалық эскизін құрастыру**

Эскизді жасамас бұрын сөйлеудегі жалпы және нақты мақсатыңызды анықтап алу керек. Бұл тыңдаушылар үшін емес, ең алдымен сөйлеушінің өзіне қажетті талап.

Жалпы мақсатты анықтау үшін сөйлеудің қай түрін іске асыратыныңызды ойланып алған жөн, яғни тыңдаушыларға ақпарат жеткізейін деп тұрсыз ба, әлде нақты бір нәрсеге сендірейін деп немесе белсенділік танытуға шақырайын деп, әлде олардың көңілін көтеруді, әлде шынайы істерге жұмылдыруды көздеп тұрсыз ба, міне осыны нақтылап алу керек. Әрине бұл бағыттар сөйлеудің кез келген түріне тән, дегенмен бұның біреуі әрқашанда басымдылық танытып тұрады.

Ал нақты мақсат жалпы мақсатты негіздеуден туындайды. Мәселен, жалпы мақсат тыңдаушылардың белсенділігін арттыру болса, онда шешен көпшіліктен қандай істің нәтижесін көретінін алдынала межелеп алу керек.

Егер сіз «Велосипед – адамзаттың ойлап шығарған тамаша туындысы» деген тақырыпта сөйлер болсаңыз және мақсатыңыз тыңдаушыларды иландыру болса, онда ойланыңыз, сіз ойыңыздың дұрыстығына сендіргіңіз келе ме, әлде автомобильдер экологиялық жағынан зиянды деген тұжырымды дәлелдегіңіз келе ме немесе қазіргі күнде адамдар көп қимылдап, денсаулығын нығайтуы керек деген пікірге сендіргіңіз келе ме?

Егер сіздің мақсатыңыз – аудиторияны үгіттеу болса, онда тыңдаушылардан не күтесіз, яғни олардың барлығы велосипед сатып алсын дейсіз бе, әлде машинаға қарсы күресті бастайық дегенді айтқыңыз келіп тұр ма?

Енді риторикалық эскизді құрастырудың тәсілдерін көрсетейік, тақырыбы: «Тарихтың қандай күнін бастан өткергіңіз келеді?».

**Жалпы мақсат:** аудиторияның тарихи санасын жаңғырту.

**Нақты мақсат:** ұлтымыздың тарихы жөнінде ойлантуға мәжбүр ету және ондағы адамның өзінің алатын орны жайлы толғандыру.

<b>Орналасу реті (қайда? неліктен?) Кейбір риторикалық құралдарды қолдану (қалай?)</b>	<b>«Идеялар» қозғалысы (не?)</b>
<p><b>Кіріспе</b> Мақсат – тыңдаушылардың назарын аудару, тақырыпты қабылдауға даярлау Халықтық нақылдарға сүйену</p>	<p>Әр адамның барлық ғұмырының бастауы болатын, кейінгі өмірінің ағымын анықтайтын бір күні болады деп жатады. Осы себепті адам өз өміріне өте мұқият болып, сол атаулы күнді өткізіп алмауы керек. Сонда бұл күн – сіздің алдағы өміріңізді ғана емес, тағдырыңызды шешетін басты шешуші жол болуы мүмкін.</p>
<p><b>Дәйексөз</b></p>	<p>А.Блок: «Кез келген адамның тағдыры болады, ал ақынның тек өмір жолы ғана бар».</p>
<p><b>Салыстыру, аналогия</b></p>	<p>Кез келген халықтың тарихында шешуші күндер болатыны сияқты,</p>

<p><b>Аудиторияға сұрақ</b></p>	<p>бір адамның өмірі үшін де маңызды күн болады. Тарихи дәуірмен салыстырғанда бір күн дегеніміз не? Адам өмірімен салыстырғанда бір күн дегеніміз не?</p>
<p><b>Әңгімеге өтудің бірінші кезеңі</b> /тақырыпты негіздеу/</p>	<p>Оқиғалар жинала келіп бір күннің ішінде уақыт ағымын өзгерте алады. Ол күнде халық тарихының барлық мән-мазмұны жинақталады.</p>
<p>Тақырып</p>	<p>Мен өзімнің басымнан өткергім келетін халқымыздың тарихындағы атаулы бір күн туралы әңгімелекпін.</p>
<p>Негізгі бөлімге көшу</p>	<p>Біздің халқымыздың тарихында шешуші рөл атқарған күндерді көптеп мысалға келтіруге болады, мысалы... Бірақ мен... күн туралы айтқым келеді.</p>
<p>Негізгі бөлім – 1</p>	<p>Ұлтымыздың тарихында уақыт ағымын өзгерткен күндер көп болса да, мен бұл атаулы күнді неліктен таңдап алғанымды айтпақпын... (дәлелдер келтіру)</p>
<p>Негізгі бөлім – 2</p>	<p>Бұл күннің мен үшін маңызы және мен бұл күнді қалай бастан кешіре едім?</p>
<p>Негізгі бөлім – 3</p>	<p>Ал бұл күнді шынайы өмірде адамдар қалай бастан кешкен? (Қысқа және көркем тілмен белгілі тұлғалардың атаулы күнді қалай бастан өткергені туралы баяндап беру)</p>
<p><b>Қорытынды</b></p> <p>Мақсат – сөйлеудің мазмұнына тағы бір шолу жасау және негізгі ойды қайталау</p>	<p>Мен бұл атаулы күн туралы айта келіп, еске түсіре отырып, бастан шынайы түрде өткергендей болдым. Бұл күннің ұлт өміріндегі маңызы... Менің өмірімде де менің жеке тағдырымды халқымның тарихи өмірімен байланыстыратын атаулы күннің болғанын немесе болатынына және бұл күнді бірнеше жылдардан кейін адамдардың ойша бастан кешкісі келетініне сенемін.</p>

Риторикалық сұрақтар  
(аудиторияны ойландыру)

Менің тағдырым үшін атаулы күн  
туа ма? Мүмкін туған шығар, бәлкім  
елеусіз өтіп кеткен болар?

Сөйлеудің мұндай үлгісі адамның нақты бір тақырыпты неліктен алып, сол төңіректе әңгіме айтқысы келіп тұрғаны туралы өз-өзіне есеп беруге және мұндай шығармашылық жұмыспен айналысуға үйренуге алғышарт жасайды, сонымен қатар көпшілік алдында сөйлеудің кәсіби дағдыларын меңгеруге көмектеседі.

Риторикалық эскизді құрастырғанда кіріспені, қорытындыны және бөлімдердің арасындағы байланыстырушы сөйлемдерді толықтай жазуға кеңес беріледі, ал қалғанын жай ғана қысқаша түрде көрсетуге болады.

### 6.7. Кездесуші адамдардың өз-өздерін ұстау принциптері және өзара түсінісудің мүмкіндіктері

Кездесу табысты болуы үшін сөз алған адам өзін қалай ұстауы керек? Қысқаша жауап беріп көрейік.

Біріншіден, кездесуші адамның шеберлігі – өзінің мүдделері мен өзіне деген ықыласты серіктесіне сыйқыр жасағандай етіп аударып білуі және кездесудің тақырыбын да қарсыласының өзі анықтағандай етіп көрсетуі. «Жабық» адамның «ашық» адамнан ерекшелігі – басқа адаммен санаспайды және олардың мүдделеріне қызығушылық танытпайды. Енді осы екі мінездемені салыстырып көрейік, бірінші – «манипулятор адам» немесе монологтың «жабық» мәдениетінің жаршысы, екіншісі – диалог құрудың шебері, қызықты серіктес, «ашық» адам.

«Жабық түр»	«Ашық түр»
<p>1. Басты құндылық – «мен өзім», ең қызықты жан – менмін</p> <p>2. Сөйлеу құқығы – бұл билікке қол жеткізудің құқығы; қайткенде де сөйлеу бастамасын бірінші болып қолға алу, өз тақырыбыңды ұсыну, күресу және жеңу</p> <p>Стратегия – өзіне бағындыру</p> <p>3. Менің серіктесім – өзім бағындыра алатын, айтқаныма жүргізе алатын нысан; әңгімеде мен басым рөл атқарамын, ол бағынады</p>	<p>1. Ең басты құндылық, ең қызықты – ол менің серіктесім және әңгіме тақырыбы</p> <p>2. Кімнің басымдылық танытатыны маңызды емес – менің немесе басқа адамның; Иерархия (басым болу) шынайы қарым-қатынас орнатуға кедергі келтіреді және әңгімені қызықсыз етеді</p> <p>Стратегия – теңбе-тең байланыс орнату, әңгімелесу – сөз сайысы емес</p> <p>3. Менің серіктесім – ерекше тұлға, тәуелсіз жеке әлемі бар ерікті жан және мен оны басқаруға тиіс емеспін. Басты нәрсе – жақсы таныс</p>

4. Өз-өзімді көрсеткім келеді, өз ісіме сүйсінгім келеді, өзімнің сөйлегенім дұрыс	болу: қандай қызықты жайт! 4. Басқа жанды түсінгім, ол жайлы білгім және оның әңгімесін тыңдағым келеді
--	--

Бұл кестеден адамның екі түрі, яғни әртүрлі мінездегі екі портретті көруге болады: біріншісі – өзіне ғана көңіл бөлетін, маңайындағылармен жұмысы жоқ «жабық» адам және екіншісі – әңгімелесуші серіктесіне бар ықыласын аударып, оның сөзіне көңіл қойған «ашық» адам. Бұл жерде ескеретін жайт, кездесуші екі адам да сөйлеу құқығына тең дәрежеде ие болуы тиіс, әрі кезекпен сөз алып, әркім өз ойын толық жеткізуге мүмкіндік алуы керек, біреуінің үстемдік етемін деуі сөйлеу мәдениетін бұзғандық болып есептеледі.

Сөз алған адамның табысқа қол жеткізуінің екінші амалына келейік. Ендігі кезекте адамның екі түріне тән ерекшеліктердің тіл қатысу процесі кезіндегі көрінісін суреттеп көрейік. Кездесу барысындағы олардың сөйлеу стратегиясын әңгіме ете отырып, мінезқұлықтарын салыстырайық.

### Кездесу барысындағы сөйлесу стратегиясы

<b>Монологтың «жабық» стратегиясы</b>	<b>Монологтың «ашық» стратегиясы</b>
<p>1. Ең бастысы – тыңдамау керек, өзім сөйлеуім қажет. Оппонентім сөйлеп отырғанда, ол сөзін бітірген жағдайда немесе сөзін бөліп жіберудің сәті түскенде не айтатынымды ойланып алайын. Амалы келсе оның сөзін бөліп жіберу</p> <p>2. «Менің көңілімді табу керек», мынадай тіркестер қолданылады:  а) мені мынадай жайттар қызықтырады...; мен осыны қалар едім...;  ә) мен былай деп есептеймін...;  б) бұл жайлы сіз білмесеңіз де...;  в) сіз әрине бұл туралы естіген жоқсыз немесе білмейсіз...</p>	<p>1. Ең бастысы – дұрыстап тыңдау. Оппонентімді сөйлеп отырған кезде мұқият тыңдап, оның не айтқысы келіп отырғанын түсінуге тырысу. Жете тыңдап, оның көзқарасын өзімнің ойыммен салыстырып, өз жауабымды оның пікірімен үндесетіндей етіп құрастыру және ол «иә, мен осыны айтқым келген» деп нақтылайды. Мен оның сөзін бөлмеуге тырысамын</p> <p>2. «Сіздің көңіліңізді табуым керек», мынадай сөз тіркестері қолданылады:  а) сізді не қызықтырады? Сіз осыны қалайтын боларсыз...;  ә) сіз бұл туралы не ойлайсыз? Сізге бұл жайлы білу қызық болар...;  б) сіз әрине, бұл туралы білесіз...;  в) сіз әрине, бұл жөнінде</p>

Бірінші кезекте мен өзімнің мүдделерімді, пікірлерімді, тілектерімді алға тартамын және оны сөйлесіп отырған адамыма ашық білдіремін

3. Маған менің оппонентімнің атының кім екені, жалпы қандай адам екені маңызды емес, кездесу барысында «Сіз» немесе «сен» деп қатынас жасай беремін

4. Кездесу кезінде өзімнің ұтымды шыққан сөздерімді, ойларымды қайталап отырамын және одан ләззат алуға тырысамын

5. Мен әрбір сөзімді «Мен» және «жоқ» деген сөздерден бастаймын. Әр ойымды айтар кезде төмендегідей тіркестерді қолданамын: Жоқ, мен былай ойлаймын... немесе Жоқ сіздікі дұрыс емес...; Мен былай деп есептеймін... Менің айтқан сөздерім ғана дұрыс

6. Мен қарсыласыма ол «Жоқ, жоқ, жоқ!» деп жаны шығатындай сұрақтар қоямын

7. Мен бірден өз ойымды үзілді-кесілді етіп айтамын. Сыпайылықтың қажеті жоқ! Мен бәрінен ақылдымын ғой. Бәрі осыны көрсін!

хабардарсыз...

Бірінші кезекке мен кездесуші адамымның мүдделерін, пікірлерін, тілектерін, талғамын қоямын

3. Мен кездесуші адамымның аты-жөнін бірден жаттап аламын, оның атын атаймын немесе есімі мен әкесінің атын атап, байланыс орнатуға тырысамын; Мен оның кәсібі, жасы, мүдделері туралы ұмытпаймын

4. Мен сөйлесуші адамымның негізгі ойларын, жақсы тұжырымдарын дауыстап қайталап айтамын және оны зор құрметпен істеймін

5. Мен қиын болса да әр сөзімді «иә» деген сөзден бастауға тырысамын: Иә, сіздікі дұрыс...; Иә, мен сізбен келісемін, дегенмен... Егер оппоненттің ойы дұрыс болса, оны ашық түрде құптаймын

6. Мен оппонентіме өзімнің сұрақтарымды тұжырымдарыммен келісуге мүмкіндік беретіндей, тіптен келіспеуге болмайтындай жағдай тудыратындай етіп құрастыруға тырысамын

7. Мен өз ойларымды жұмсартып айтуға тырысамын. Мәселен: Сізге бұл былай сияқты емес пе...; Мүмкін былайша ойлайтындардың пікірі дұрыс болар...; Бәлкім, шындығында былай деп есептеген жөн болар... Барлық адамдар жаңылысады ғой: мен де, ол да

<p>8. Мен әңгіме кезінде оппонентімді көтермелегенді дұрыс деп есептемеймін. Оның қажеті қанша? Мүмкін ол ақылды адам шығар, бірақ мен одан гөрі ақылдырақпын ғой! Егер ол жаңылысып кетсе, оны міндетті түрде көзге шұқып айту керек</p> <p>9. Айналамдағыларға және оппонентіме нашар бағаны неғұрлым көбірек қойсам сол әділеттілік болмақ: бәрі нашар, тек мен жақсымын. Міне, осы жөнінде әңгімелеу керек!</p> <p>10. Мен тек өзіме қызықты жайттар туралы ғана айтамын. Мен сыпайылық үшін оппонентіңнің пікірімен санасу керектігін білемін. Оған ойыма түскен кез келген сұрақтарды қоя беремін: әкешешеннің жағдайы қалай? Денсаулық қалай? Жұмысың қалай?</p>	<p>8. Мен ыңғайы келген сәтте оппонентімді көтермелеп, қолдағанды дұрыс көремін. Сөйлесу бұл емтихан емес, мен емтихан алушы адам емеспін. Баға қою менің міндетім емес</p> <p>9. Әрине, айналамызда нашар құбылыстар көп, бірақ жақсы нәрселер де аз емес, міне осы жөнінде әңгімелесу керек!</p> <p>10. Екеуімізге де қызықты болатын ортақ тақырыпты табамын. Оппонентімнің жеке өміріне қатысты сұрақтарды қоймастан бұрын, «ол ренжіп қалмас па екен?», «көңілі түсіп қалар ма екен?» деп ойланып аламын</p>
---	---

Бұл кестеден әңгімеде тартымды серіктес болу үшін тек үйрену, оқу жеткіліксіз, сонымен қатар өзінді үнемі тәрбиелеуге тура келеді: өзіңнің және айналаңдағылардың сөйлеу мәнерін, тіл қатысу процесі кезінде өздерін қалай ұстайтындықтарын үнемі қадағалап және талдап отыру, күнделікті сөйлеу процесінде өз-өзінді сырттай бақылауға үйрену.

Белгілі француз ойшылы Ларошфуко: «Чтобы понравится другим, нужно говорить с ними о том, что приятно им и что занимает их, уклоняться от споров о предметах маловажных, редко задавать вопросы и ни в коем случае не дать им заподозрить, что можно быть разумней, чем они», – деген.

### Сөйлеу әрекетінің және дискурстың түрлері

Сөйлеушінің мақсаты (сөйлеу ниеті)	Сөйлеу әрекетінің түрі	Дискурс түрі
1. Хабарлау, құлақтандыру (ақпараттандыру)	Ақпаратты жария ету	Хабарламалы

<p>2. Өз пікірінді жариялау және дәлелдеу</p>	<p>Иландыру</p>	<p>Айғақтамалық</p>
<p>3. Іс-әрекет жасауға итермелеу</p>	<p>Ой қозғау</p>	<p>Үгіттеу</p>
<p>4. Серіктес адамның көмегімен мәселені талқылау және бірлесе отырып ақиқатты табу</p>	<p>Мәселенің негізгі мәнін табу</p>	<p>Эвристикалық (eurisko грекше табамын)</p>
<p>5. Қайырымдылық пен зұлымдықты, әсемдік пен әдепсіздікті қалай түсінетіндігінді, олар туралы өз көргенінді айту</p>	<p>Баға беру (мадақтау мен жоққа шығару)</p>	<p>Эпидейктикалық</p>
<p>6. Тіл қатысу процесінде өзіңе және серіктесіңе ләззат сыйлау</p>	<p>Ойнақы мәнерде сөйлеу</p>	<p>Гедонистикалық (грекше hedonai шаттанамын, қуанамын) немесе диатрибикалық (грекше diatribon уақыт өткіземін дегенді білдіреді)</p>
<p>7. Эмоция көрсету және тудыру, өз түсінігіндегі «әлемнің эмоционалдық картинасын» ұсыну</p>	<p>Эмотив</p>	<p>Поэтикалық (көркем)</p>

## ҚОРЫТЫНДЫ

Әр журналист үшін сөйлеу мәдениетінің заңдылықтарын білу – ең басты шарттардың бірі, әсіресе телерадиода жұмыс істейтін әріптестеріміз үшін. Телевизияда жүргізушінің сыртқы келбеті бірінші кезекте бағаланады, ал радиода ең бастысы жағымды үн, мәнерлі дауыс қажет десек те, екі жағдайда да журналист сауатты сөйлей білмесе, өз ойын мәнерлеп жеткізе алмаса көпшіліктің көңілінен шығып, кәсіби шеберлікке қол жеткізем деу бос әурешілік. Сондықтан сөйлеудің қарапайым заңдылықтарын білу журналистерге қойылар басты талап болмақ. Осы бағытты алға ұстана отырып жұмысымызда «Сөйлеу мәдениеті дегеніміз не?», «Сөйлеудің негізгі сапалық ерекшеліктері қандай?», «Сөйлеу мәдениетін жетілдірудің қандай жолдары бар?» деген сұрақтарға жүйелі түрде жауап беруге тырыстық.

Қалың көпшілікке тартымды, көркем сөйлеу тәсілдерін ұсына отырып, үлкен қауым алдына шығып сөйлеу үшін қандай дайындық шараларын өткізу керек, сөйлейтін сөзінді құрастырудың жолдары қандай деген бағытта жан-жақты әңгіме қозғаддық.

«Кез келген адам оратор бола ала ма?» деген сұрақ көпшілікті жиі мазалайды, біз де еңбегімізде бұл мәселені жете зерттеп, шешенге қажетті риторикалық әдет-дағдылар мен іскерлікті меңгерген адамның шеберлікке қол жеткізетініне көз жеткіздік. Сонымен қатар шешендік өнердің негіздеріне жан-жақты тоқталдық.

Сөйлеу мәдениеті дегеніміз – тек қана сауатты сөйлей білу ғана емес, ол ең алдымен әдемі сөйлей білу қабілеті, ол үшін ашық дауыс, анық тіл, еркін тыныстай білу қажет. Бұл бағыттағы теориялық тұжырымдарды «Дыбысталған сөз және оның ерекшеліктері» деген тарауда жүйеледік, сонымен қатар дикцияны жетілдіруге, дауысты қоюға, дұрыс тыныс алуға қажетті арнаулы жаттығуларды ұсындық.

«Полемикалық шеберліктің негіздері», «Пікірсайыс мәдениеті», «Полемикалық тәсілдер» деген тарауларда сөз сайысына түсуге қажетті шарттарды, өз тұжырымдарыңды, дәйектемелеріңді ұсынудың жолдарын, пікірсайыс барысында басымдылық танытудың қитұрқы тәсілдерін сөз еттік. Сонымен қатар журналистің жеке сөйлеуші тұлға ретіндегі образын қалыптастырудың бірнеше тәсілдерін әңгімеге арқау етіп, телеэфирдегі имидж жасаудың қазіргі замандағы талаптарына баса назар аудардық.

Қазіргі заманда уақыт қазақ журналистеріне жаңа талаптар қойып отыр. Білімді болу, өз кәсібінің қыр-сырын жетік меңгеру аз, маңайындағы адамдармен ортақ тіл табыса білу қабілеті, халықтың көкейіндегісін дәл таба білетін ұшқырлық, адам жанын толғандырған мұң-мұқтажын сезінетін сезімталдық, ең бастысы – қырағы көз бен сауатты тіл керек. “Көкіректе ой сайрап тұр, құдай тілді байлап тұр” деген жағдайды тіл мамандары, оның ішінде журналистер бастан кешпесе керек. Керісінше, журналистер өз ойын сауатты тілмен жеткізіп, кез келген

тақырыпта шешіле, көсіле сөйлей білетін қабілетке ие болулары керек. Бүгінгі таңда

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,

Қазақтың келістірер қай баласы? –

деп Абай айтып кеткен ғой, бұл да біз қол жеткізе алмайтын меже, сондықтан барлық қазаққа көркем тілде сөйлесін деген талапты қою дұрыс емес, журналистер арасында «сөз шығарушылар көп, бірақ келістіретіндер аз» болуы қалыпты жағдай, кез келген журналист шешен болуға міндетті емес деп жайбарақат күй кешуге болмайды. Журналист болам деген адам ең алдымен сөз өнерінің қарапайым заңдылықтарын меңгеріп алуы керек, ал сөйлеу мәдениетін игеру содан кейінгі кезектегі шаруа.

Әлихан Бөкейханов ағамыз айтқандай қазіргі таңдағы қазақ журналистерінің ең басты міндеті – **ақылды сөз қылмақ**, яғни ел құлақ асарлық, ел ойланарлық көсемсөзді қару ету. Ал ойлы сөзді бұқаралық ақпарат арқылы тарата отырып, оны іс жүзіне асыруға, жүйелі сөзге елді ұйытып, құлақ асуға оның пәрменділігі мен қауқары жетсе журналист кәсібінің шынайы болмысы сонда танылады.

Жүсіп Баласағұн айтқандай журналистер де айтар сөзін ақылмен сайлап алып, жүрек қалауымен тіл қатып, “тіліне ұят сіңген” жандардың қатарынан орын алулары керек, сол кезде ғана нағыз абырой мен беделге қол жеткізеді. Журналистер халық атынан сөйлеу құқығын иеленген маман иелері болғандықтан да бұл қағидаларды үнемі жадыларында ұстаулары керек.

Қазіргідей еліміздің ақпарат кеңістігінде әртүрлі идеологияның қақтығысы, мүдделер қайшылығы толассыз жүріп жатқан кезде күресу керек. Амалымыз білім мен білік болу керек. Құр айғаймен, бос байбаламмен ештеңе істей алмаймыз, «талас-тартыс, ақылмен, шешен сөзбен, көлденең келген көк атты құлағына тағарлық дәлелмен» ұпайымызды түгелдеуіміз керек.

Білім мен білікті қару етіп, бәсекеге түсетіндей қабілеттілік пен намыс, мінезді бойымызға жинап, өмір бәйгесіне түсу қажет, сол кезде ғана өз ұлтымыздың құқығын өзгелерге мойындата аламыз.

«Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратындай» бірлікке шақыратын табанды саясаттың, «досың сүйсініп, дұшпаның күйінетіндей» ұжымшылдықтың және рухы биік, қаймағы бұзылмайтын ұлттықтың іргесін сөгілтпеудің негізгі дәнекершісі – ІРГЕЛІ СӨЗ болмақ! Шынында да, өз ұлтыңды, еліңді жүйелі сөзге ұйытып, осындай қабырғалы өзектен құралған айбарыңмен басқа елдерді мойындатсаң ғана тіршілік етесің.

## Студенттердің сөз маңызын дұрыс түсініп, айтылған сөздің жауапкершілігін сезініп, сөздік қорын жетілдіруіне арналған тапсырмалар

### Бірінші тапсырма

Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы (3-363 б., Ә.Нұршайықов, 1992) бойынша төмендегідей бағытта іздену:

1) Журналистің сұхбат алушы адамы – қазақтың батыры Бауыржан Момышұлымен алғашқы тілдесуінде қандай қиыншылықтар болды? Кейіпкер сұхбат бермеймін десе журналист не істеу керек? Журналистің жүрегі неліктен «май ішкендей шайлықты»? Төмендегі үзіндіні оқып, осы сұрақтарға жауап беру.

«1961 жылы мен Алматыға ауыстым. Сол жылдың жазында Қазақстанның қырық жылдығын тойлау белгіленде де, соған арнап газетіміздің мерекелік қосымша номерін шығармақ болдық. Мерекелік номерге басқа авторлармен бірге Момышұлының да мақаласы жоспарланды. Редактордың орынбасары ретінде қосымша жетекшілік ету маған жүктелген ді. Мақаласын ұйымдастыратын авторларды редакция қызметкерлеріне бөле келгенде жұрттың бәрі Бауыржаннан қашқалақтап, онымен байланыс жасаудан тайсалақтай берді. Мен оның себебін түсінбедім.

– Ол кісімен сөйлесу қиын, – деді партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі ақын Құрманғали Ұябаев. – Көңілі түспесе ұрсып тастайды, сөйлеспей қояды. Жігіттер сондықтан батпай отыр. Ол кісімен өзіңіз сөйлескеніңіз дұрыс.

Ақыры Бауыржанның үйіне менің телефон соғуыма тура келді. Ар жақтан трубкуны әйел алды. Әйелмен сәлемдескеннен кейін мен Баукең үйде ме деп сұрадым.

– Үйде. Бұл қайдан? Мен қайдан екенін айттым. Әйел «қазір» деп трубкуны тастап кетіп қалды.

– Мен тыңдап тұрмын, – деді бір кезде еркек дауыс трубкуны жарып жібере жаздай гүр ете түсіп.

– Сәлеметсіз бе, Бауеке.

– Сәлемет.

– Бұл «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясынан ғой, – дедім мен шапшаңдата сөйлеп, әскери адам жіті, қысқа, нақ сөйлегенді ұнататын болар деген оймен. Содан соң лауазымым мен фамилиямды айттым да, бірден бұйымтайға кірістім. – Мерекелік нөмірге сіздің мақалаңызды жоспарлап едік. Соған...

– Тоқта, фамилияң кім сенің? – деді Бауыржан менің жоғарыда айтқандарыма мән берместен.

Мен фамилиямды қайталап айттым.

– Мен ондай адамды білмеймін, – деді Бауыржан сөзін нығыздай сөйлеп. Мен сізбен сөйлеспеймін...

Бұл күнге дейін мен газет атынан сөйлескен кісіге мұндай жауап берген адамды кездестірген жоқ едім. Аудан, облыс, өлке басшыларымен емін-еркін сөйлесіп, тілек-тапсырмамызды бірден айта беретінбіз. Үлкенді-кішілі журналистермен сөйлеспейтін, олардың өтінішін орындаудан бас тартатын ешкім болмайтын.

Момышұлы маңдайдан тарс еткізіп, екі сөзге келместен, трубканы ілді де тастады.

Абыржып, аң-таң болып мен қалдым» (8-9 беттер).

**2) Адаммен қалай амандасқан дұрыс, қандай талаптарды ескерген жөн? Жазушы кейіпкерінің әлеуметтік портретін қалай сомдайды? Романнан төмендегідей үзіндіні оқып, осы аталған сұрақтарға жауап іздеп көріңіз.**

« – Әй, ашсаңшы, – деп гүр ете қалған зор дауыс естілді менің қоңырауымнан кейін. «Бұл мықтының өзі болды» дедім ішімнен.

Есік ашылды. Үстіне аяғының басына түсе сүйретілген гүлді көк халат киген сұңғақ бойлы, сымбатты әйел қарсы алды. Бұл – Бауыржанның жұбайы Кәмәш. Батырдың әйеліне бас идім де, кіруге рұқсат сұрадым.

– Кіріңіз.

Кірсем, есіктің дәл қарсаңында кухня бар екен. Соның төрінде, таңертеңгі шай үстелінің басында, ескі әскери кительді иығына желбегей жамылған, үстіне қайырма жағалы, омырауы ашық, сарғыш түсті көйлек, жолақты жұқа шалбар, аяғына жасыл тапочка киген Бауыржан отыр екен. Үстел басында еңсесін тік ұстап, еті қашқан иегін сәл көтере түсіп, сырттай кірген кім екен деп, есікке тесірейе қарап отырған бір сәт маған шығыңқылау бет сүйегін, суалыңқылау ұртын, салбыраңқы мұртын, кісіге тайсалмай тіке қарайтын, қарағанда жанарынан ұсақ-ұсақ ине шашырап жатқандай боп көрінетін сәл қысықтау көзін, қара жартастай қасқиып тік жатқан маңдайды шимайлаған жол-жол әжімдерін шебер қол гранитке айқындай қашап, айнытпай түсірген аса бір сұсты, сол сұстылығымен тартымды көрінетін тас мүсінге ұқсап кетті. Табалдырықтан аттағаннан кейін мен оң қолымды кеудеме басып:

– Бауке, сәлеметсіз бе? – дедім.

Бауыржан үндемеді. «Бәлей, бүлдірдім-ау. Ассалаумағалейкум деп айтпағаныма қырсығып отыр ма?» – деп мен де үнсіз тұрып қалдым. Бауыржан өзіне сәлемді қазақша бермеген адамдарды үйінен қуып шығады екен деп естігенім болатын. Және ондайда бірден: «Кругом! Шагом марш!» деп айтады екен деп те еститінмін. Маған да солай етер ме екен деп қатты қысылып тұрдым.

– Мұнда кел, – деді Бауыржан даусын жылытпастан маған тесірейе қараған күйі. Әлі де қуып шығар, шықпасына көзім жетпей сақтана басып қасына барғанымда Бауыржан қолын ұсынды.

– Аман-есенбісің? Отыр, – деп маған арт жағымдағы бос орындықты нұсқады» (9-11 б.).

**3) Журналист үшін сөзден жаңылысу дегеніміз не? Сауатсыз сұрақтар қоюдың соңы неге апарып соғады? Жазушының екі рет**

**сөзден сүрінуі. Шығарманың үзіндісін оқып, өзіндік ой қорытып көріңіз.**

«– Бауеке, денсаулығыз қалай? Аанада, өткен май айында ауруханада жатқандығыңыздан кейін көрісіп отырғанымыз осы, жүдеп қалған сияқтысыз ба? – дедім әңгімені бастардан бұрын.

– Мен салмын, – деді ол сәл бөгеліп барып. Бауыржанның не айтқалы келе жатқанын мен қапелімде аңғара алмай қалдым. «О не дегені? Ақан сері, Біржан сал сияқтымын дегені ме? Оны неге байланысты айтып отыр? – деп ойладым.

– Сал аурудың не екенін түсінесің бе? – Мен ол сөздің мәнісін енді ұқтым да, басымды изедім. Бауыржан сөзін қайтадан жалғады. – Мына асқазан, өкпе, бауыр, жүрек, жұтқыншақ дегендерің тегіс сап-сау. – Ол алдымен кеудесін сипады да, екі қолын бірдей беліне апарып тоқтады. – Ал мына жақ ит боп кетті, жүре алмаймын. Мұның өзі жұлын, жүйкеге байланысты ауру. Мен екі рет ауыр жарақаттанған кісімін. Бірақ екеуінде де саптан шыққамын жоқ. 1942 жылы полк командирі кезімде омыртқама оқ тиді. Санбатқа жеткізгенше ес-түсімді білген жоқпын. Есімді жисам, етпетімнен жатыр екенмін. Бас жағымда дәрігер бірдеңе деп баж-бұж етіп тұр. Бақсам сөзі мен туралы екен. «Бұл кісіні дереу госпитальға жіберу керек» деп безек қағады.

– Сонша не боп қапты? – дедім дәрігерге.

– Омыртқаңызда оқ қадалып тұр, жолдас капитан, – деді дәрігер одан сайын дегбірі кетіп. – Сізді дереу госпитальға жөнелтуіміз керек.

Тістеніп, әрең дегенде қолымды жеткізіп, арқамды сипасам, расында да оқ бар екен.

– Скальпелің бар ма? – дедім дәрігерге.

– Жоқ.

– Өткір бәкің бар ма?

– Жоқ.

– Ұстараның жүзі бар ма?

– Бар.

– Ендеше соны спиртпен шай да, оқ тұрған жердің етін кес!

– Олай етуге болмайды, жолдас капитан...

– Болады! Бұйырамын! Орындамасаң атамын! – деп етбеттен жатқан күйімде оң жақ жамбасымдағы кабураның аузын ағыта бастадым. Батырға да жан керек деген емес пе, дәрігер дереу айтқанымды істеуге кірісті. Ол арқамды кескілей бастағанда пистолеттің сабын сындырардай қысып, тісімді шықырлап мен жаттым.

– Мінеки, жолдас капитан, оғыңыз! – деп дәрігер әлден уақытта омыртқама тірелген оқты алып, алақаныма салды. Жарамды таңдырып алып, арқамнан алған оқты мені санбатқа жеткізген Блоха деген жауынгерімнің қолына ұстата салып, жаумен ауыр ұрыс жүргізіп жатқан полкке қайтадан жеттім. Бірнеше күн қатарынан жаумен жағаласып, жанұшырып жүргенде арқамдағы жараны ұмытып та кеттім. Ол бірде

суланып, бірде қарақотырланып, бірде қыши бастап, өзінен-өзі жазылып та бітті.

– Ол жара арқаңыздың қай тұсында? – дедім ойымда бөтен ештеңе жоқ мен, батырлар жырында айтылатын: «Омыртқада он жара, қабырғада қырық жара» дейтін жолдар есіме түсіп.

Бауыржан маған алая қарады да, жонын беріп теріс айналып кетті. Үстіндегі кительді жауырынының астындағы көйлекпен қоса, жоғары қарай жұлқи тартып, тез көтерді де:

– Қара! – деп зекіді маған.

Мен оның етіндегі жараның орнын тексерейін деп ойлаған жоқ едім. Ол арқасын жалаңаштай бастағанда не істерімді білмей, бөгеліп қалдым.

– Қара деймін! – деді ол даусын одан сайын қатайта түсіп.

Мен амалсыздан оның қоңырқай тәніне көз салып, қолыммен арқасын сипалай бастадым.

– Мына біреу ме? – дедім сегізкөздің тұсындағы титтей тыртықты көріп.

– Жоғары сырсаңшы көйлекті, адам құсап, – деді Бауыржан дегбірсізденіп.

Қолым дірілдеп көйлегін жоғары көтерсем, расында да жауырынынан бір қарыстай төмен, қыр арқасында ақ тыртық бар екен.

– Міне, таптым, – дедім сол жерді тапқанымға қуанып.

Бауыржан көйлегін төмен түсіріп, үн-түнсіз қайтадан бері бұрылды. Мен қызарып кеттім. Сол жарасы бар болғырдың қай жерінде екенінде не шаруам бар еді деп, аузымнан сол сұрақтың қалай шығып кеткеніне өкіндім. Енді оған ойланбай сұрақ қоймаспын дедім ішімнен.

Бірдеңені бүлдіріп алған баладай болып, мен үндемедім. Ол маған мұрты жыбырлап, тесіле қарап отырды да, мойнын ары қарай бұра түсіп, қайтадан сөйледі» (11-16 б.).

«Екінші ауыр жараланғаным 1944 жылы, деді ол сөзін қайтадан жалғап. Комдив болып жүргенде құладым...

– Аттан ба? – депшін мен Бауыржанның жаңағыға шамданып өзімді қуып шықпағанына қуанып, әлгінде ғана енді оған ойланбай сұрақ қоймаспын деген сертімді іштей ұмытып. Деуін десем де, тағы да бірдеңені бүлдіріп алдым ба деп, қыбыжықтаңқырап қалдым.

– Жоқ, жаяу келе жатып, – деді Бауыржан менің бұл сұрағыма шамданбай. Оңбай құладым және жаным шығып кете жаздады. Біразға дейін жығылған орнымда қозғала алмай қалдым. Есімді жиған соң орнымнан тұрсам, жерден шошайып шығып тұрған темір қазыққа тура құйымшағыммен құлаппын ғой. Содан кейін бірнеше күн атқа отыра алмай, шалқамнан жата алмай жүрдім. Бірақ соғыстың қызуымен тағы да госпитальға соқпастан кете бардым.

Бауыржан сәл бөгеліп, сөзін қайта жалғады.

– Мінеки, осының екеуі де жүйкеге тікелей байланысты аса ауыр жарақаттар еді. Оның үстіне мен 207 рет ұрысқа кіріп, 5 рет қоршауда қалған кісімін. Соғыстың әр секундын жүйкеге қадалған бір ине деп

есептесек, сонда менің нерв жүйеме көзге көрінбейтін қаншама жарақат түсті десенші! Жас кезде елеп ескермей жүре бергенмен, соның бәрі тереңге көміп тастаған мина сияқты пәле екен ғой. Міне, алпысқа шығып, қуат кеми бастағанда, сол оқтар сарт етіп шыға келді де, екі аяқтан ала кеп түсті. Мінеки, қарағым, біздің жай осылай.

Бауыржанның соңғы сөздері сәл мұңдылау болып шықты. Оның үстіне басқа адамдардың аузынан естілгенде онша әсері бола бермейтін «қарағым» деген сөз Бауыржан айтқанда соншама жылы сияқты боп сезілді. Қатал адамның аузынан шыққан жылы сөздің жанға ерекше әсері бола ма деп ойладым ішімнен» (16-17 б.).

### **Екінші тапсырма**

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабынан (616 б., Ж.Баласағұн, 1986) төмендегідей тапсырмаларды орындап келу:

- 1) «Тіл өнерінің қасиеті мен пайда-зияны айтылады» деген тарауды мұқият оқып шығып, тілдің қасиеті мен пайда-зиянын нақты мысалдар келтіре отырып жіктеп көрсету (64-67 б.);**
- 2) «Сөздің қадір-қасиеті және турашылдығы, шыншылдығы жайында» деген тарауды оқып, тілдің көрсетілген қабілеттерін нақты мысалдар негізінде жеке-жеке талдап келу (132-139 б.б.);**
- 3) Төмендегі қанатты сөздердің мән-мазмұнына талдау жасау:**

– Тіл – арыстан есік баққан ашулы,  
Сақ болмасаң жұтар, ерім, басыңды!

– Тілесен сен есендікте жүруді,  
Жаман сөзге қимылдатпа тіліңді!

– Көп сөйлесең, “Езбесің” – деп жек көрер,  
Сөйлемесең, “Мылқау” – екен, деп сөгер!  
Бұлай болса, тең ортасы – керегің,  
Тілге ұстамды болсаң, өсер беделің!

– Біліп сөйле, сөзіңде сөл, өң болсын,  
Сөзің түпсіз қараңғыға көз болсын!

– Қос нәрсені шалмас қарттық құрығы:  
Бірі – ізгі сөз, бірі – ізгі құлығы!

– Қалар мұра – сөз, кісіден кісіге,  
Сөзді мұра тұтсаң, пайда ісіңе.  
Кісілерге мирас ата сөзі ғой,  
Ата сөзі – ұқсаң – құттың көзі ғой.

– Білікті сөз – тіні барлық дауаның:  
“Шықпасын тез сауалынан – жауабың!”  
Кім шақырсын – болғаны бір керегің –  
Айтпай ма екен дерегі мен себебін.  
Жөн-жосықсыз сөзге кірмеу – білгенім,  
Жөніңді біл! – десе, – жерге кіргенің.

– Сауал берсе – шеш тілінді, жасырма!  
Сұрамаса – ділмарсыма, тасынба!

– Тән семіртер – нәр ауыздан сіңеді,  
Жан семіртер – сөз құлақтан кіреді.

– Білімдінің бар екі ерек белгісі –  
Жүзі жарқын оны білген ер кісі.  
Тіл мен нәпсі, тия алған бұл екеуін,  
Қолын алар қазынаның жетеуін.  
Білікті жан билер тіл мен құлқынын,  
Бұл екеуін тиған, құлы жұртының!

– Сөз – сыр, сиқыр, - жүгін, ер!-  
Ойға – оны, тілге бірі ілінер.  
Бірін айт та, тый тоғызын, қашпайды:  
Қажетсіз сөз қажеттісін ластайды.

– Айтар сөзді сыйлап алғын ақылмен,  
Жауабың дөп, қатар түссін нақылмен.  
Көп тыңдай біл, аз сөйлеп тез түсіндір,  
Ниет қойып, ой мен сезім күшін біл!

– Тәңірі өзі жаратты сан халықты,  
Тілі барлар сайрап, тілсіз – қамықты.

– Екі нәрсе тірі адамға керегі –  
Бірі - көңіл, бірі – тілдің желегі.  
Көңіл – тілдің иесі, сүйенеді сөз тілге,  
Сөз – күйресе, күйгені көңіл мен тіл, көркің де.

– Қадірлісі – тіліне ұят сіңгендер,  
Жүрек сөзін жүрегімен білгендер!

– Сөйлеп кетсең, шырын тамсың тіліңнен,  
Бек, ұлық, құл бәрі сөзге жүгінген!  
Жылы сөйлеп айдаһарды арбарсың,  
Жылы сөзбен ділді ділге жалғарсың!

– Тіл, жүрегің шырын болсын қайда да,  
Сөз бен есті тектен-текке лайлама!  
Тілі шырын кісі болар жағымды,  
Сөзі сырлы сындырмайды сағыңды...  
Көңіл бұрып, айтқан сөзді ұмытпа,  
Не істесең де, көкірегіңе құлыпта.  
Сырты-іші бірдей болсын ажарлы,  
Тұр-тұрпаты тұрсын арбап назарды.

### Үшінші тапсырма

**Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақ білек» романынан (146-147 б., Ж.Аймауытов, 1989) келтірілген үзіндіні оқып шығып, түсінбеген сөздерді “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен” қарап, мағыналарын ашып келу, мәселен төмендегідей сөздер: мәйек, ая, тұтам, сұңқыл, бейсауат, қапсағай, іңір, жам жол, шұңғыл шатын, сонымен қатар түсінгеніңізді өз сөзіңізбен баяндап беріңіз.**

«Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгеінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күз күзеткен Күршім бар.

Алтай, Күршім – не заманнан қалың найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы қыспақ, жазы самал. Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, **мәйек басып**, мамырласып жатқаны. Қарт Алтайдың қақ басында, **алақанның аясында**, бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлді алқалаған – ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі – Алтай жазы тау еркесі – киік болып, өзге елдерден биік болып, Марқакөлдің самалында сайран етіп жатқаны.

Марқакөлдің суы балдай. Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, **тұтам емшек** жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, **көнек-көнек лықылдайды**; қара саба емізіктеп, қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды. Бір шарасын ішкен адам дәл қор қызын құшқандай боп, бет шикан дуылдайды, **аузы қобыз гүлдейді**, мас болады, жас болады; **жел жетпеске мініп алып**, Алтай тауын дүсірлетіп, таудың тасын күтірлетіп, көкпар, жарыс, алыс-жұлыс, асыр салып жатқаны.

Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Жүзі айтарлық айнадай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы құба талындай боп, былқ-сылқ етіп бұраңдасып, күбірлесіп, көлеңдесіп, езу тартса – есің кетіп, **сұңқыл қақса** – шым-шым етіп, бойың босап, ойың босап, қиялың қия кезеді.

Кеп онда емес-ау, жарандар! Бар, қарандар, құлағың сал! Тыңдаушылар анталаса, кеп құрайын бір тамаша. Ертегі емес, ертеде емес, ұзын да емес, келте де емес, қарапайым қара сөзбен бір әңгіме шертейін. Қысыр сөзді қысқартайын, әңгімеге жол тартайын. **Өлең сөзге олақ едім, күйлі емес деп, қомсынбаңдар!**

Сол Алтайдың бөктерінде **жам жолменен жандамайлап**, ала ат мінген жалғыз адам келе жатыр **бейсауат**. Көтегейі – Күршім жақ, бет алысы – Қаракем **шаты**. Қаракем шаты жартас, дәл аясы – шұңқыр көгал, бір ауызды, тар ауызды **шұңғыл шатын**; мейірімді Алтай түсі қашып, түнде жортқан, жорықшыға соққан ғой. Ажал түрткен мал болмаса, мал алдырған жан болмаса, тереңге кім барған?

Ала ат мінген терең шаттың дәл аузына аттанғанда алақ-жұлақ қаранды да, тоқтады. Тар ауызда тас тасалап, сұр шекпенді, бесатарлы

біреу жатыр бас бағып. Әлгі шекпен ала аттыны көре сала, ақ орамал көтерді, ала ат мінген оны көріп ақ тымағын көтерді. Сөйтті дағы ала ат мінген **қапсағаймен** ат жетелеп, асып кетті ары қарай».

### **Төртінші тапсырма**

**А. Байтұрсыновтың** (464 б., А.Байтұрсынов, 1991) **сөз өнері туралы төменде берілген тұжырымдарын оқи отырып, сөзбен сымбаттау, сөзбен кескіндеу, суреттеу, сипаттауға берілген өлеңдерді жадыңызға түйіп, «Бес ғасыр жырлайды» кітабынан өз мысалдарыңызды алып келіңіз.**

Ғалым өнерді екіге бөліп қарастырады: бірінші – тірнек өнері. Бұл адамның мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан нәрселер, тіршілік үшін жұмсалады (үй салу, ыдыс жасау), тұтыну үшін.

Екіншісі – көрнек өнері. Бұл жылуынан гөрі сұлу болуы көбірек көзделеді, көзге көркем, көңілге жағымды нәрселер, адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселер.

Бес тарау:

- 1) сәулет өнері (архитектура);
- 2) Сымбат (скульптура);
1. Кескін өнері (живопись);
2. Әуез өнері (музыка);
3. Сөз өнері – асыл сөз (арабша әдебиет, европаша литература).

Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадырынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Сөзбен сымбаттауға, кескіндеуге болады:

**Бірінші – әйелді сымбаттау, Абай:**

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,  
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.  
Жіңішке қара қасы сызып қойған,  
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.

**Екінші – күзгі күнді суреттеу, Абай:**

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,  
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.  
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

**Үшінші – Мағжанның толқынды кескіндеуі:**

Толқыннан толқын туады,  
Толқынды толқын қуады,  
Толқын мен толқын жарысад.  
Күңіреніп кеңеспен,  
Бітпейтін бір егеспен  
Жарысып жарға барысад.

**Төртінші – Абайдың ән мен күйді сөзбен сипаттауы:**

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,  
Жүрек тербеп, оятар баста миды.  
Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,  
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.

Сөз өнері – бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады.

Сөзден құрастырып пікірлі әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат – сөздер. Әңгіменің түрлі боып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің түзілуінен. Тілдің дыбысы жаман болса, дыбысының қосылуы жақсы болмаса, сөз құлаққа жағымды болып шықпайтыны рас. Бірақ тізуі жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды. Әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде: жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі, әдемі болып шықпақ.

Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінтін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі тиіс, яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білуі тиіс.

Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді айтамыз.

Сөз өнері

Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі:

- 1) Ақылға;
- 2) Қиялға;
- 3) Көңілге.

Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау.

Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарату. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек.

Өлеңге әркімнің де бар таласы,

Сонда да солардың бар таңдамасы.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,

Қазақтың келістірер қай баласы? –

деп Абай айтқандай, сөз шығарушылар көп, бірақ келістіретіндер аз болады (343 б.).

## **Бесінші тапсырма**

**Бөлтірік шешеннің төмендегі тәлім сөзінің мағынасын ашып, өз өміріңізден мысалдар келтіріңіз.**

Жатқа сөйлеме,  
Жаманға сөйлеме,  
Асырып сөйлеме,  
Батырып сөйлеме,  
Жасқа сөйлеме,  
Масқа сөйлеме,  
Ұрыға сөйлеме,  
Қараға сөйлеме,  
Жаман сөзде жақсы сөз дұрыс,

**Жаманға айтқан сөзден**

**Жақсыға айтқан сөз дұрыс.**

Ойсыз сөзден ойлы сөз дұрыс,

Ойсызға айтқан сөзден

Ойлыға айтқан сөз дұрыс.

Айтылмай қалған сөзден

Айтылып қалған сөз дұрыс.

**Сөйлемес жерді білсең,**

**Сөйлемес жерде сөйлемей қалуды білсең,**

**Бәрінен де сол дұрыс.**

Олай болмаған жерде

Қанша асыл деме –

Сөзіңнің алды бұрыс,

Арты – ұрыс (76-77 б., С.Негимов, 1997).

## **Алтыншы тапсырма**

**О. Бөкейдің «Қасқыр ұлыған түн» шығармасындағы журналистің редакция тапсырмасын орындау барысын қадағалау, Алтайдың қысын жазушы қалай суреттегенін айту және төмендегідей үзінділердің мазмұнын ашу:**

«Өмір деген ғажап дейді, түк те ғажап емес, әншейін осындай автобусқа мініп, белгілі бір аялдамада түсіп қалу, біреудің тойып секіруі, біреудің тоңып секіруі. Әлдекімдер көрер таңды көзімен атқызып, ой қажап ұйықтамайды; әлдекімдер ішегіне тас бүркеніп, уайымсыз тоқ ұйқыға басады. Сайып келгенде, өмір дегеніміз – өзгенің бақытына қызығып өту ғана...».

«Өмір деген тіпті де ғажап емес, Алтайдың қысы секілді қатігез, кімдерге суық, кімдерге ыстық. Дегенмен өмірді лағынеттеп, өкінуге де болмайды-ау».

**Студенттердің “Журналистің сөйлеу мәдениеті” пәні бойынша  
орындаған ең үздік жұмыстары**

**Тапсырма:** «Тарихтың қай күнін бастан өткергім келеді?»  
тақырыбына ауызша сөйлеудің риторикалық эскизін құрастырып келу.

**Динара Ізтілеуова:** «Тарихтың қай күнін бастан өткергім келеді?»

<b>Орналасу реті (қайда?) Қолданылатын риторикалық құралдар (қалай?)</b>	<b>“Идея қозғалыстары”</b>
Кіріспе	Кез келген адам өмірінде болашақ өміріңді айқындайтын күндер болады. Сондықтан өз өміріңді, тағдырыңды анықтайтын күнді жіберіп алмас үшін өз өміріңізге мұқият болыңыз.
Дәйексөз	Марченко: «Сіздің ұл-қызыңыз сіздің ата-аналық көз қуанышыңыз ғана емес, келер елдің тірегі. Демек, сіздің тәрбиеңізде, қолыңызда ертеңгі елдің тізгінін қолына алар азаматтар өсіп жатыр!»
Салыстыру	Әрбір күн әр адам тағдырына бір күн қосып отыратыны секілді, әрбір атаулы күн тарихқа бір парақ қосып отырады.
Аудиторияға сұрақ	Бір күн! Сіз бен біз үшін, тарих үшін маңызды қандай?
Тақырыпқа шолу	Уақыт ағымының болмысын толықтай түбірімен өзгертетін күндер болады. Халық тарихының мәні сонда.
Тақырып	Мен өз ұлтымның тарихында маңызды орын алатын бір күнді бастан кешіргім келеді. Тарихта атаулы күндер көп. Мысалы, қазақ халқының ұлт болып қалыптасып, қазіргі даму дәрежесіне дейінгі тарихнама. Бірақ мен 1991 жылдың 2-қазан күнін ерекше атағым келіп отыр.
Негізгі бөлім	Менің бұл күнді таңдап алу себебім – Байқоңырдан тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің

	ғарышқа ұшқан күні. Бұл – ұлттық мақтаныш, халық арманының, сенімінің ақиқатқа айналуы еді.
Негізгі бөлім – 2	Егер мен сол уақытта қазіргі меңгеріп жатқан кәсібімнің иесі болсам, ғарышқа аттанғалы тұрған Тоқтар Әубәкіровтен сұхбат алып, бүкіл 18 миллион қазақстандықтардың назарын тікелей эфирге бұрғызар едім. Бүкіл әлемнің ақпарат кеңістігіне ғарыш көгіне қазақтардың да самғай алатынын қуана жария етер едім!
Қорытынды	Шын мәнінде бұл күннің тарихта мынандай маңызы бар, яғни бұл күн – дүние жүзіне Қазақстан космонавтикасын мойындатқан күн. Қазақстанның төл ғарыш айлағының тарихтан өз еншісін алған күні. Ең бастысы, қазақтың қара домлақтарының «ұшқыш болам» деген армандарының алыс емес екенін аңғартқан күн болды.

### **Қанат Әбілқайыр «Тарихтың қай күнін бастан өткергім келеді?»**

Менің бастан кешіргім келетін бір күнім, ол – өлетін күнім. Әрине бұл күн тарихи маңызды күн болмақ емес. Болмайды да. Дегенмен тарихи маңызы бар бір күнді басымнан кешіргім келеді деп айтқаныммен, жазғаныммен ештеңе өзгере қоймасы хақ. Ал өлетін күн арқылы талайлардың көкірегіндегі жазылмаған шерлерін тырналап өткім келеді.

Мен өмірден сол күні қайтамын. Әрине екіжүзділік пен әртістік болмыс қалып қояды.

Сонымен, сонымен сырт көз болып туған-туысыңмен, дос-жарандарыңыздың сыртынан қарап тұрасың. Бүгінгі айғайлап, аттандап жүрген ұлттық болмыс, ұлттық идея, мемлекет, мәдениет, тарих, саясат бәрі де сізге керексіз болып қалады. Демек, дүние – жалған. Сол себепті де осы жалғандықты көзіммен көргім келеді. Сіз өзіңізбен сырласып көріңізші. Өлгіңіз келмейді, дегенмен де өлген кездегі жақындарыңыздың қандай әсерде болғанын білгіңіз келеді ғой. Бұл – менің өмірлік танымым. Бірақ шыңғырған шындық.

Келіспессіз. Барлығы да өз еркіңізде.

Бұл – менің пессимистік көзқарасым.

Ал оптимистік көзқарасыма келсек, мен тарих қойнауындағы құмға сіңген – қан, ұлт үшін күресте шыққан – жан, жауға атылған – оқ, дұшпан

жүрегіне салынған – от болғым келеді. Ол қазақ тарихындағы әрбір күнге тиесілі. Себебі мен ел сықылды күннен-күнді бөліп қарай алмаймын, құқым да жоқ. Ал бөліп қарайтыным, тек – өлетін күнім. Ол күні не істейтінімді білемін, себебі өлемін. Ал өткен тарихи күнде ештеңе істей алмасым бесенеден белгілі. Таласпассыз. Жалған эмоцияның керегі шамалы. Бәріне уақыт қана төреші!

**Сәрсебаева Меруерт: «Тарихтың қай күнін бастан өткергім келеді?»**

<b>Орналасу реті (қайда?) Қолданылатын риторикалық құралдар (қалай?)</b>	<b>“Идея қозғалыстары”</b>
Кіріспе	Кез келген адам өмірінде болашақ өміріңді айқындайтын күндер болады. Сондықтан өз өміріңді, тағдырыңды анықтайтын күнді жіберіп алмас үшін өз өміріңізге мұқият болыңыз.
Дәйексөз	П.А. Павленко: “Өткен күндердің бәрі емес, есте қалған күндерің ғана өмір”.
Салыстыру	Әр адам үшін маңызды бір күн болатын сияқты, халық тарихында да атаулы күндер болады.
Аудиторияға сұрақ	Тарихи кезеңдермен салыстырғанда бір күн дегеніміз не? Адам өміріндегі бір күннің орны қандай?
Тақырыпқа көшу	Уақыт ағымының болмысын толықтай түбірімен өзгертетін күндер болады. Халық тарихының мәні сонда жатады.
Тақырып	Мен өзімнің ұлтымның тарихында маңызды орын алатын бір күнді бастан кешкім келеді. Тарихта атаулы күндер көп, мысалы: 9 мамыр – жеңіс күні, 1991 жылғы желтоқсандағы тәуелсіздік күні, т.б. Бірақ мен осылардың ішінен 1945 жылдың 9 мамыр Жеңіс күні жайлы айтпақпын.
Негізгі бөлім	Мен бұл күнді неге тандап алдым? Себебі, 9 мамыр фашизмнің құлап, Ұлы Отан соғысының аяқталған күні. Мен сол күнді Рейхстагқа алғаш болып Кеңес Одағының

	<p>қызыл туын желбіреткен отандасымыз Рахымжан Қошқарбаевтың жанында өткізгім келер еді.</p>
Негізгі бөлім – 2	<p>Мен бұл күнді былай бастан кешер едім: Отан үшін қасық қанын аямаған шын патриоттардың қасында болып, олардың ойларын, армандарын, өмірбаяндарын және күндлікті ерліктерін еш бояу қоспай болашақ ұрпаққа үлгі боларлық тарихи маңызы бар оқиғаларды тізіп жазар едім. Себебі, кешегі күнді білмей, болашаққа нық қадам басу мүмкін емес деп ойлаймын.</p>
Негізгі бөлім - 3	<p>Шын мәнінде, бұл күннің тарихта мынандай маңызы бар: 1945 жылдың 9 мамыры, яғни жеңіс күні болмаса дүние жүзінің даму бағыты мүлдем басқа ағыммен жүрер еді. Жер шарының көптеген мемлекеттерін жаулаған фашистік Германияның Кеңес Одағына шамасы жетпеді. Осы жеңіске жетуге қазақ азаматтарының қосқан үлесі өте зор. Халқы үшін жанын аямаған отандастар болашақ ұрпаққа бостандық пен азаттықты сақтап қалды.</p>
Қорытынды	<p>Сол күннің тарихта болғандығынан біз бүгінгі таңда тәуелсіз, еркін, әрі егемен елде өмір сүрудеміз. Сондықтан қазіргі кездің азаматтары 9 мамырдағы жеңісті жақындатқан батырларға мәңгі алғыс айтып жүруі керек. Сол күнді бастан кешу мүмкіндігі тумағанымен, мен болашақта өз өмірімді ұлтымның тарихымен байланыстыратын атаулы күннің болатынына сенемін.</p>

**Кәрібжанова Сандуғаш: «Тарихтың қай күнін бастан өткергім келеді?»**

Орналасу реті (қайда?) Қолданылатын риторикалық құралдар (қалай?)	“Идея қозғалыстары”
Кіріспе	Кез келген адам өмірінде болашақ өміріңді айқындайтын күндер болады. Сондықтан өз өміріңді, тағдырыңды анықтайтын күнді жіберіп алмас үшін өз өміріңізге мұқият болыңыз.
Дәйексөз	А. Островский: «Адамның ең қымбаттысы – өмірі. Ол адамға бір-ақ рет беріледі. Сондықтан оны «Қайран босқа өткен жылдарым-ай!» деп өкінбейтіндей, барлық күш-қуатын дүниедегі ең тамаша іске, адам болмысын азат ету жолындағы күреске жұмсалады деп айтарлықтай етіп өткізу керек».
Салыстыру	Әр адам үшін маңызды бір күн болатын сияқты, халық тарихында да атаулы күндер болады.
Аудиторияға сұрақ	Тарихи кезеңдермен салыстырғанда бір күн дегеніміз не? Адам өміріндегі бір күннің орны қандай?
Тақырыпқа көшу	Уақыт ағымының болмысын толықтай түбірімен өзгертетін күндер болады. Халық тарихының мәні сонда жатады.
Тақырып	Мен өзімнің ұлтымның тарихында маңызды орын алатын бір күнді бастан кешкім келеді. Тарихта атаулы күндер көп, мысалы: Қазақ хандығының құрылуы, 9 мамыр – жеңіс күні, 1991 жылғы желтоқсандағы тәуелсіздік күні, т.б. Бірақ мен XV ғасырдағы Жәнібек пен Керей бастаған елдің Әбілхайыр хандығынан бөлініп шығуы, яғни Қазақ хандығының қалыптасу күні жайында айтамын.
Негізгі бөлім	Мен бұл күнді неге таңдап алдым? Себебі, бұл күннің күллі қазақ

	халқы үшін маңызы зор. Өйткені қазақ хандығының тарихы осы тұстан бастау алады. Хандық нығая келе, Жәнібек пен Керейге қараған халықтың бәрі қазақ деп атала бастайды.
Негізгі бөлім – 2	Мен бұл күнді есте қаларлықтай өткізер едім. Көрген-білгенімді парак бетіне түсіріп, Жәнібек пен Керейден сұхбат алар едім.
Негізгі бөлім – 3	Шын мәнінде, бұл күннің тарихта маңызы өте зор. Керей мен Жәнібек хандар «Көшпелі өзбектер» мемлекетінен бөлініп шығып, өз алдына хандық – Қазақ хандығын құрған болатын. «Қазақ» сөзі, қазақ хандығының тарихы осы тұстан бастау алады.
Қорытынды	Мен өз өмірімді ұлтымның тарихымен байланыстыратын атаулы күннің болғанына және болатынына сенемін. «Тарихқа құм шашсаң, тарих саған тас атар» демекші, тарихты білу – біздің перзенттік парызымыз.

**“Тарихтың қай күнін бастан өткергім келеді?” тақырыбы бойынша ең үздік дәйексөздер:**

**1) Рысқұлова Әселдің** келтірген мысалы:

Сағаттың шықылдағы емес ермек,  
 Һәмшиә өмір өтпек – ол білдірмек.  
 Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,  
 Өтті, өлді – тағдыр жоқ қайта келмек (Абай).

**2) Хаметжанова Аиданың** жазған мысалы:

Күн артынан күн туар,  
 Бір күн дамыл еткізбес.  
 Ой артынан ой қуар,  
 Желге мінсең жеткізбес (Абай).

## Тақырыбы: Алғашқы махаббатты қалай бастан өткердім?

Авторы: Мамаева Әсем

<b>Орналасу реті (қайда?) Қолданылатын риторикалық құралдар (қалай?)</b>	<b>“Идея қозғалыстары”</b>
Кіріспе	Өмірде барлығы алғаш рет болады. Адам әр қадамын алғаш бастан өткереді, әр нәрседен алғаш әсер алады, оған алғаш мән береді. Бірінші рет жылаймыз, күлеміз, өкінеміз, түрлі сезімдерді алғаш сезінеміз. Сезімдердің ұлысы – махаббат та адамға алғаш келіп оның өмірінде өшпес із қалдырады.
Дәйексөз	Оралғаным сол күндерге, Сағынышты жыр екен. Біз сырласар сол бір жерге, Кімдер барып жүр екен? (Ә. Шегебаев)
Салыстыру	Махаббат жас талғамайды. Оның жолын әлі күнге дейін сарғая күтіп жүрген жандар қаншама? Әкешешем махаббатын 18 жасында кездестірген екен. Ерте ме, кеш пе, махаббат әр пенденің басынан өтеді. Махаббаттың от құшағы арманыңызды арманға жетелейді, қиялдарға қол созады. Өмірге ғашық етіп, сұлулық әлемін алдыға тосады. Жүректі осынша сергелдеңге салған алғашқы махаббат ұмытылмауға тиіс.
Аудиторияға сұрақ	Махаббатсыз өмір қандай болар еді? Өмір мәні неде?
Тақырыпқа көшу	Менің ойымша, адам тек өзі үшін ғана емес, басқа біреу үшін де өмір сүруі қажет. Өзгенің өмірін, сезім әлемін қастерлеу арқылы өз өміріңнің мәнін түсінесің. Өмірдің мәні – сүю, яғни Отанды сүю, анаңды сүю, бауырыңды, жарыңды, перзентіңді сүю. Олар үшін өмір сүру деп ойлаймын. «Махаббатсыз өмір бос» болар еді.

Негізгі бөлімге өту	Әрине, пенде болған соң менің де бастан өткерген оқиғаларым аз емес. Олар мен үшін өте маңызды және өмірімде өзіндік алатын орындары бар. Бірақ бүгін мен сіздерге алғашқы махаббатты қалай басымнан өткергендігім туралы қысқаша әңгімелеп бермекпін.
Негізгі бөлім – 1	Алдымен мен неге басқа емес, осы тақырыпты таңдадым. Осыған жауап берсем. Бұл әңгіме арқылы мен махаббатың келгенде жүрегіңді қос құлыпқа жаппай, сезім есігін айқара аш демекпін. Өз махаббатыңнан безбе.
Негізгі бөлім – 2	Махаббатым бүгін келеді-ау, ертең келеді-ау деп тоспаушы едім. Жігіт атаулы туралы ойым да жүйрік еместін. Бәрі тосыннан болды. Таныстым да ұмытып кеттім. Қайта кезігіп қалдым. Әңгімелестік, серуендедік. Бір қызығы, ол адамға мән бермеппін, тіпті оған ұнаймын деп те ойламаппын. Жай таныс, дос деп қана санадым. Ақыры ол менің еш нәрсеге түсінбегеніме налып, өмірімнен жоқ болып кетті. Ал мен болсам оның орнын сонда ғана сездім. Мен оны шын сүйгенімді мойындамадым, осы күнге дейін ондай сезіммен таныс болмағандығымнан ба, әлде еркіндігімнен айрылғым келмегендіктен бе, түсіне алмадым. Онсыз өмір қызықсыз болып кеткендей көрінді. Бірақ оны іздеуге намысым жібермеді.
Қорытынды	Мен үшін бір нәрсе анық – бұл оқиға елеусіз өткен жоқ. Өйткені мен одан өзіме сабақ алдым. Махаббатсыз өмір қызықсыз екен. Сондықтан сүйе білуге және сүйікті болуға үйренбекпін.

**Тапсырма: Нақты бір сөзді алып, сол сөздің мағынасын ашып келу.**

### **Журналист және студент сөздеріне анықтама**

- 1) Журналист – өзі түсінбейтінді өзгеге түсіндіруші адам.
- 2) Когда молчат журналисты, начинают говорит слухи.

#### **Рушанова Нейля жинастырған:**

- 3) Ойы бар журналист отырмас.
- 4) Дәні бар хабардың – мәні бар.
- 5) Талантты журналистің тақымы суымайды.
- 6) Бәрін жазу міндет емес,  
Әрін жазу - міндет.
- 7) Ұйқысы бұзылған журналистің рахаты мол.
- 8) Журналист жортса табады,  
Жазса шабады.
- 9) Қарымды журналистің ойы да шалымды.
- 10) Газеттің меншікті тілшісі,  
Ел ішіндегі елшісі.
- 11) Тоқсан жол үшін таласпа,  
Тобықтай ойың үшін талас.

#### **Қожамұратова Дина жинастырған:**

(Газет-журналдардан алынған)

12) Студент – ақшасы аз, көңілі жаз, жаңалық десе жарғақ құлағы жастыққа тимейтін, «китайскийден» басқа кимейтін, ақылды емес, соңғы әуендерді сүйіп тыңдайтын сүтқоректілердің ең тәуірі.

13) Студент барға қанағат, жоққа салауат қылатын екі аяқтылардың ең көңілдісі һәм көнбісі.

14) Студент – қанша қиындық, аштық көрсе де арықтығын білдірмес «бөрі».

15) Студенттік өмір – жастық пен егделік арасындағы шыбынсыз жаз.

Өзінікі:

16) Студент анаған да, мынаған да қарап, оң-солына алаңдаған, «кім?» екенін өзге тұрмақ өзі танымаған, дүниеге бір кірпіш болып әлі қаланбаған, десе де соған қарай талаптанған адамның бір түрі.

17) Студент доспен сырласа кететін, ұстазбен тілдесе білетін, ата-ана сенімінен шыққысы келетін, әйтеуір жақсы көрінуге талпыныс білдіретін жұғымсыз халық.

18) Журналист – партиямыздың сенімді қолқанаты (сөздік бойынша).

19) Журналист – халық пен билік басындағылар арасындағы дәнекер.

20) Журналист – түймедейді түйедей, түйедейді түймедей қылушы жан.

21) Журналист жоқтан бар, бардан жоқ жасап, туынды тудырушы.

22) Журналистің құлағы қалқайып тұрады, тілі екі метрге салпайып тұрады.

23) Хабар, хабар, хабар,

Хабарды халық қалар.

Теледидардан барып қарар,

Керегін алып қалар.

24) Халық қауым сақ қарақты,

Жер сатуды жақтамапты.

Жердің дауы нақ талапты,

Премьерді тақтан апты,

Бұл ақпаратты БАҚ таратты.

**Мирсеидова Құралай жинастырған:**

25) Студент – әлін білмеген әлек.

26) Студент – жоғарғы оқу орындары ұстаздарының білім беру және «тартып алу» соғысындағы нысанасы.

27) Студент – сессияның құрбаны.

28) Студент – жұмыссыз БОМЖ.

29) Студент – екі парақ қағаз үшін (диплом) 4 жыл кезекте тұратын төзімді, шыдамды жан.

30) Журналист – «есіңнен танғаша айғайла, мүмкін біреу сені есітер» деген формулаға негізделген қызмет.

31) Журналист – макулатура бөлімінің бастығы.

32) Журналистика негізгі жұмысы «ұнамсыз» шындықты шынайы жазу, айту, хабарлау, ал соңында сол үшін таяқ жеумн шектелетін кәсіп түрі.

33) Бүгінгі студенттің естігені бар, көргені жоқ, оқығаны бар, тоқығаны жоқ.

34) Студент – ата-ана қалтасының қансорғышы.

35) Емтиханға кіргелі тұрған студент жанталаса қаруланған мемлекет.

36) Студент семестрде құтырады,

Сессияда ұтылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

### Негізгі:

1. Аймауытов Ж. Шығармалары. Құраст.: М.Атымов, Қ.Керейқұлов. - Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.
2. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. –312 б.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
4. Баласағұн Ж. Құтты білік (Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктемелерін жазған А.Егеубаев). – Алматы: Жазушы, 1986.- 616 б.
5. Бөкейханов Ә. Шығармалар. - Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
6. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.:, 1979, – с. 318
7. Введенская Л.А. Риторика и культура речи. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2003. – 544 с.
8. Введенская Л.А., Павлова Л.Г. Культура и искусство речи. – Ростов-на-Дону: Феникс, 1995. – 576 с.
9. Гойхман О.Я., Надеина Т.М. Основы речевой коммуникации. – М.: ИНФРА-М., 1997. – 269 с.
10. Жақып Б.Ө. Қазақ публицистикасының қалыптасуы, даму жолдары. – Алматы: Білім, 2004. – 368 б.
11. Жақанова С. Сөйлеу техникасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 47 б.
12. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Рауан, 1993. – 112 б.

### Қосымша

- 13) Иванова С.Ф. Специфика публичной речи. – М., 1978 г.
- 14) Ипполитова Н.Б. Изобразительно-выразительные средства в публицистике. – Саранск: МГУ, 1998. – 79 с.
- 15) Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 16) Казарцева О.М. Культура речевого общения. –М.: Флинта, Наука, 1998. – 495 с.
- 17) Сыздықова Р. Сөз сазы. – Алматы: Санат, 1995. – 120 б.
- 18) Михальская А.К. Основы риторики. – М.: Дрофа, 2001. – 496 с.
- 19) Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Мектеп, 2003. – 189 б. 150-бет.
- 20) Назарбаев Н. Туған елім – тірегім. – Алматы: Рауан, 2001. – 128 б.
- 21) Нұршайықов Ә. Төрт томдық шығармалар жинағы. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1992. – 448 б.
- 22) Негимов С. Шешендік өнер. –Алматы: Ана тілі, 1997. – 208 б.
- 23) Омашев Н. Ақпарат әлемі. 1-том. – Алматы: “Қазығұрт” баспасы, 2006. –344.
- 24) Сыздықова Р. Сөз сазы. – Алматы: Санат, 1995. – 120 б.
- 25) Тұранқұлова Д. Сахна тілі. – Алматы: Білім, 1998. –208 бет.

## Сілтемелер:

- 1) Жақып Б.Ө. Қазақ публицистикасының қалыптасуы, даму жолдары (монография). – Алматы: Білім, 2004. – 368 б.
- 2) Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Мектеп, 2003. – 150-б.
- 3) Назарбаев Н. Туған елім – тірегім. – Алматы: Рауан, 2001. – 128 б.
- 4) Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Оқулық. – Алматы: «Сөздік\Словарь», 2005. – 272 бет.
- 5) Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993. – 112 б.
- 6) Введенская Л.А., Павлова Л.Г. Культура и искусство речи. – Ростов-на-Дону: Феникс, 1995. – 576 с.
- 7) Mizutani O.N. How to Be Polite in Japanese. – Tokyo, 1987. – P.3.
- 8) Аханов К. Тіл білімінің негіздері (оқулық). – Алматы: Мектеп, 1978. – 496 б.
- 9) Зиндер Л.Р. Общая фонетика. – Ленинград: Изд. Ленинградского университета, 1960. – стр. 728.
- 10) Павлов И.П. Физиология высшей нервной деятельности\Полное собрание сочинений, том III, кн. 2. – М.-Л., 1951. – стр. 232.
- 11) Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 348 б.
- 12) Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. - 145 б.
- 13) Сыздықова Р. Сөз сазы. – Алматы: Санат, 1995. – 120 б.
- 14) Бөкейханов Ә. Шығармалар. - Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
- 15) Омашев Н. Ақпарат әлемі. 1-том. – Алматы: “Қазығұрт” баспасы”, 2006. – 344 б.
- 16) Баласағұн Ж. Құтты білік (Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктемелерін жазған А.Егеубаев). –Алматы: Жазушы, 1986. –616 б.
- 17) Нұршайықов Ә. Төрт томдық шығармалар жинағы. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1992. – 448 б.
- 18) Аймауытов Ж. Психология. –Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.
- 17) Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 343 б.
- 19) Мұстафин Ғ. Шығармалар жинағы, 5-том, Ой әуендері. – Алматы: Жазушы, 1984. – 234 б.
- 20) Тұранқұлова Д. Сахна тілі. – Алматы: Білім, 1998. – 208 бет.
- 21) Сыздықова Р. Сөз сазы. – Алматы: Санат, 1995. – 120 б.
- 22) Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М., 1979. – С. 318.

## МАЗМҰНЫ

<b>Кіріспе.....</b>	<b>3</b>
<b>1-ТАРАУ. ТІЛ ҚАТЫСУДЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ЭТИКАСЫ.....</b>	<b>8</b>
1.1. Сөз өнері және журналист.....	8
1.2. Тіл қатысу және оның құрылымы.....	16
1.3. Тұрмыстық тіл қатысу.....	18
1.4. Іскерлік тіл қатысу.....	19
1.5. Адамның сөйлеу кезіндегі іс-әрекеті.....	28
<b>2-ТАРАУ. СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>33</b>
2.1. Сөйлеу мәдениеті дегеніміз не?.....	33
2.2. Сөйлеудің негізгі сапалық ерекшеліктері.....	33
2.3. Сөйлеу мәдениетінің негізі - әдеби тіл.....	37
2.4. Тартымды, көркем сөйлеу тәсілдері.....	41
<b>3-ТАРАУ. ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>46</b>
3.1. Риторикалық әдет-дағдылар мен шеберлік.....	46
3.2. Көпшілік алдына шығып сөйлеуге қалай дайындалу керек?.....	48
3.3. Нақты кездесуге дайындалу.....	51
3.4. Дайындықтың түрлері.....	55
3.5. Өз сөзіңді қалай құрастыру қажет?.....	59
3.6. Аудиторияның ықыласын аударудың тәсілдері.....	66
<b>4-ТАРАУ. ДЫБЫСТАЛҒАН СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....</b>	<b>74</b>
4.1. Сөйлеу аппараты.....	74
4.2. Дыбыстау мүшелері және олардың қызметі.....	75
4.3. Сөйлеудің фонетикалық жақтан мүшеленуі.....	76
4.4. Екпін және оның түрлері.....	77
4.5. Тыныс алу және жаттығу.....	80
4.6. Дауыс және оны реттеу.....	82
4.7. Дикция.....	85
4.8. Интонация.....	86
4.9. Пауза (кідіріс).....	90
<b>5-ТАРАУ. ПОЛЕМИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІҢ НЕГІЗДЕРІ .....</b>	<b>95</b>
5.1. Сөз сайысы, дискуссия, полемика.....	95
5.2. Пікірсайыс мәдениеті.....	101
5.3. Оппонентті қалай сендіруге болады?.....	104
5.4. Полемикалық тәсілдер.....	107
5.5. Сұрақтарға жауап беру өнері.....	108
5.6. Пікірсайыс кезіндегі қулықтар немесе қитұрқылықтар.....	111

<b>6-ТАРАУ. СӨЙЛЕУШІ ТҮЛҒАСЫ ЖӘНЕ СӨЗДІҢ ТИІМДІЛІГІ.....</b>	<b>114</b>
6.1. Сөйлеушінің жеке тұлға ретіндегі образы.....	114
6.2. Үйлесімді диалог құру заңдылықтары.....	117
6.3. Тіл қатысу процесіндегі этика.....	119
6.4. Байланыс орнатудың стратегиясы.....	119
6.5. Аудиторияны сезіну және коммуникативтілік.....	120
6.6. Көпшілік алдында сөйлеудің риторикалық эскизін құрастыру.....	121
6.7. Кездесуші адамдардың өз-өздерін ұстау принциптері және өзара түсінісудің мүмкіндіктері.....	124
Қорытынды.....	129

### **Қосымша**

1. Студенттердің сөз маңызын дұрыс түсініп, айтылған сөздің жауапкершілігін сезініп, сөздік қорын жетілдіруіне арналған тапсырмалар.....	131
2. Студенттердің “Журналистің сөйлеу мәдениеті” пәні бойынша орындаған ең үздік жұмыстары.....	141
Пайдаланылған әдебиеттер.....	151
Сілтемелер.....	152



ISBN 978-625-93467-3-1



9 786259 346731